

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ**

**ХАБАРШЫ
ВЕСТНИК**

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ

СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ

АЛМАТЫ

2006 жылдан бастап шығады
Шығару жиілігі – жылына 6 рет

Қазақстан Республикасының
мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігі

Ақпарат және мұрағат
комитетінде

08.08. 2005 жылы тіркелген
№6204-Ж

Бас редактор

профессор Ш.К. Беркімбаева

Бас редактордың орынбасары
п.ғ.д., проф. Қожахметова К.Ж.

Редакциялық алқа

Тастемірова Л.Ө. - ф.ғ.к., доцент
Таубаева Ш.Т. - п.ғ.д., профессор
Пірәлиева Г.Ж. – ф.ғ.д., проф. м.а.
Хасанұлы Б. - ф.ғ.д., профессор;
Ыбырайым Б. – ф.ғ.д., профессор;
Ермекова Т.Н. - ф.ғ.д., доцент;
Сәтбекова А.А. - п.ғ.к., доцент;
Сейдахметова Р.Г. - ф.ғ.к., доц.;
Сүлейменова Ж.Н.- п.ғ.д., доцент.

Жауапты редактор

педагогика ғылымдарының
кандидаты, доцент

Б.Д.Жұмақаева

Редактор

Ф.ғ.к. Орынханова Ғ.А

© Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЖЕНСКИЙ
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ

ВЕСТНИК
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

№5 (3)

2008

МАЗМҰНЫ

ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

- Әмірәлиев Қ.** СТУДЕНТТЕРДІ НЕМІС ТІЛІ
ПӘНІНЕН ӨЗ БЕТІНШЕ ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ
БАУЛУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕРІ..... 5
- Жұмақаева Б.Д.** ЖАРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫН
ТАНЫТУ ЖОЛДАРЫ..... 7
- Ергалиева Ж.Н.** ИЗУЧЕНИЕ РОМАНА «ВОЙНА
И МИР» В ШКОЛЕ..... 13
- Искакова А.Г.** ОПОРНЫЕ КОНСПЕКТЫ КАК
СРЕДСТВО СИСТЕМАТИЗАЦИИ ЗНАНИЙ ПО
ПРАКТИЧЕСКОМУ КУРСУ РУССКОГО ЯЗЫКА 17
- Исабаева Б.К.** АУДАРМАШЫ СТУДЕНТТЕРГЕ
АРНАЛҒАН ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРИБЕНІҢ РОЛІ 21
- Қошқарбаев Б.Қ.** ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДА
ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ
ПАЙДАЛАНУ..... 24
- Меңдаяхова Қ.** МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ
БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМУДА КӨРКЕМ
ШЫҒАРМАНЫ ГРАММАТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫ-
СЫНА ҚАРАЙ ТАЛДАУ..... 28
- Нұртаева А.Б.** ЕКІНШІ ШЕТЕЛ ТІЛІН
ОҚЫТУДАҒЫ АУТЕНТТІ МӘТІНДЕР-ДІҢ
ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ... 32
- Рахымжанова С.Қ.** ТІЛДІК ТҰЛҒАНЫҢ
ҚАСИЕТТЕРІН МӘДЕНИЕТ АРАЛЫҚ ДЕНГЕЙ-
ДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ..... 35
- Сәлімбаев О.С., Бәйнеш Ш.Б.** ШЕТЕЛ ТІЛІН
ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ АУЫЗ-
ЕКІ СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУ..... 38
- Сүлейменова Ж.Н.** ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА
ТЕХНИКАЛЫҚ ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫН ТИІМДІ
ҚОЛДАНУ..... 47
- Ханина Н.Н.** ФОРМЫ ОРГАНИЗАЦИИ
ДЕТСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРИ ОБУЧЕНИИ
ГЛАГОЛЬНОМУ СЛОВООБРАЗОВАНИЮ..... 51
- Ергашева М.Е.** ИЗУЧЕНИЕ КАТЕГОРИИ РОДА
СУЩЕСТВИТЕЛЬНЫХ НА ЗАНЯТИЯХ ПО
ПРАКТИЧЕСКОМУ КУРСУ РУССКОГО ЯЗЫКА 56

050000, Алматы қаласы,

Әйтеке би көшесі, 99.

Тел. 233-18-32, 233-18-55 (120)

Факс 233-18-35.

ӘДЕБИЕТТАНУ

<i>Ақанқызы Г.</i> Д.ПЕССИНГТИҢ «АЛТЫН КҮНДЕЛІК» РОМАНЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ.....	60
<i>Дәуітұлы Т.</i> ЖАҢЫЛТПАШТАҒЫ ШЕШЕНДІКТІҢ КӨРІНІСІ.....	63
<i>Ержанова С.</i> ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢДЕГІ ПОЭЗИЯНЫҢ ДАМУ ҮРДІСІ.....	65
<i>Жанұзақова Қ.Т.</i> «ҚАРҒЫН» РОМАНЫНДАҒЫ ЖАСЫН БЕЙНЕСІ.....	71
<i>Зайкенова Р.</i> ТАРИХИ РОМАН ТАҒЛЫМЫ.....	75
<i>Каменева М.Б.</i> КОРАНИЧЕСКАЯ КЛЯТВА В ТВОРЧЕСТВЕ РУССКИХ ПИСАТЕЛЕЙ ПЕРВОЙ ТРЕТИ XIX века.....	84
<i>Көшекова А.</i> ЕР КӨКШЕ» ЖӘНЕ «ЖЕЛКІЛДЕК» АРХАИКАЛЫҚ ЭПОСТАРЫНДАҒЫ АТ БЕЙНЕСІ.....	89
<i>Қарынбаева Ұ.Қ.</i> АЙТЫС — ӨНЕР САЙЫСЫ.....	96
<i>Мұхамеджан А.</i> ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ АБЫЗДАР ДӘСТҮРІ.....	99
<i>Пірәлиева Г.Ж.</i> ЗӘКИ АХМЕТОВ – ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУШІ.....	104
<i>Ыбрайым Б.Б.</i> С.МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ҚЫРЛАРЫ.....	109
<i>Ысқақұлы Д.</i> САТИРАНЫҢ САЙЫПҚЫРАН САРДАРЫ.....	118
ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ	
<i>Ашекеева Қ.Н., Толысбай К.</i> АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ РУХАНИ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ТІЛДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	129
<i>Искакова А.Г.</i> СПЕЦИФИКА СИНТАКСИЧЕСКОГО ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ СУЩЕСТВИТЕЛЬНЫХ СО ЗНАЧЕНИЕМ ДЕЙСТВИЯ В СОВРЕМЕННОМ РУССКОМ ЯЗЫКЕ.....	134
<i>Оданова С.А.</i> ФОНЕТИКАДАҒЫ ҮНЕМДЕУ ҚҰБЫЛЫСЫ.....	139
<i>Рысбаева Г.Қ.</i> ЖАРАТУШЫ КҮШТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР.....	142
<i>Сеитова А.Б.</i> ФУНКЦИОНАЛЬНЫЕ, СТРУКТУРНЫЕ, СМЫСЛОВЫЕ АСПЕКТЫ КОММУНИКАТИВНОЙ РАВНОЦЕННОСТИ В ПРОЦЕССЕ ПЕРЕВОДА.....	147
<i>Симбаева С.</i> НОҒАЙЛЫ ДӘУІРІНДЕГІ ЖЫРЛАРДЫҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ҚАБАТЫНЫҢ СИПАТЫ.....	150
<i>Түйте Е., Мажитаева Ш.М.</i> ПСИХИКАЛЫҚ КҮЙДЕГІ НОМИНАНТТАРДЫҢ САНАТТЫҚ БЕЛГІЛЕРІ.....	155
<i>Хасанұлы Б.</i> КОНСТИТУЦИЯ — МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДАМЫТУДЫҢ КЕПІЛІ.....	16

ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

СТУДЕНТТЕРДІ НЕМІС ТІЛІ ПӘНІНЕН ӨЗ БЕТІНШЕ ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ БАУЛУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕРІ

Әмірәлиев Қ. - ф.ғ.к., доцент (Алматы қ., Қазмемқызпу)

Жоғары білімді мамандар дайындау ісі алдына қойылатын талап пен оны орындаудың маңызы күннен-күнге артып келеді. Оқу-тәрбие жұмысының ажырамас бір бөлігі студенттердің, болашақ педагогтардың, өз бетінше орындайтын жұмысы жаңа талап тұрғысынан қаралып, олардың жалпы ой-өрісін қазіргі білім беру бағытына сай дамытып, ойшыл да болжамды, өз пәнін терең де жан-жақты білетін, өз мамандығының нағыз шебері, саналы да белсенді маман тәрбиелейтін, танымдық қабілетін арттыратын амал-тәсіл ретінде қараған жөн.

Студенттердің өз бетінше істейтін жұмыстарын сабақ процесінің барлық кезеңдерінде, яғни сабақ кезінде де және сабақтан тыс уақытта да алып баруға болады. Оны тиімді жүргізу сабақтың мақсатына, өтілетін тақырыптың мазмұнына, студенттердің білім қорына, деңгейіне байланысты да тәуелді болады. Өз бетінше орындалатын жұмыс тақырыбы ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жан-жақты ойластырылған, біртіндеп жеңілден ауырға, қарапайымнан күрделіге көшу принципіне негізделген болуы керек.

Берілген тапсырма оқытушы тарапынан міндетті түрде тексеріліп, орындау дәрежесіне қарай бағаланып, жіберілген қателер дер кезінде түзетіліп және студенттерге түсіндірілуі тиіс. Сондай жағдайда ғана студенттердің өз бетінше жұмысты сапалы орындауға, болашақ мамандығына байланысты қосымша ғылыми және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді оқуға деген ынта-ықыласы артады, жұмысты орындау барысында шеберлігі шыңдалады. Оқытушы осы айтылғандарды оқу жылы барысында ескеруі қажет.

Қазіргі шетел тілдері мамандандыру пәндерінің көлемі, материалдарының көптілігі мен әр түрлілігі студенттерден институтта оқыған жылдарында үнемі үзбей өз бетінше тұрақты жұмыс істеуді талап етеді. Мұндағы негізгі мақсат — сапалы да саналы білім алу, осыған орай, студенттердің неміс тілі пәні бойынша өз бетінше орындайтын жұмысының жүйесі мынадай болса дейміз:

- әрбір студент өзі орындайтын жұмысының мақсатына байланысты неміс тілі бойынша қажетті ғылыми және ғылыми-әдістемелік әдебиеттермен танысу, конспектілеу, тезис түзу;
- оқытушының тапсырмасы бойынша әр түрлі жазбаша жұмыс түрлерін орындау;
- оқу-зерттеу, ғылыми және ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстары бойынша тапсырма алып орындау;
- факультет және институт ғылыми үйірмелерінің жұмыстарына тұрақты қатысу;
- студенттердің неміс тілі пәнінен өткізілетін олимпиадаларына белсене араласу;
- институт студенттерінің дәстүрлі ғылыми-теориялық конференцияларына ғылыми баяндамасымен қатысу;
- өз бетінше орындаған жұмыс материалдарын педагогикалық және өндірістік практика кезінде пайдалану;
- өзі таңдаған тақырыбы бойынша курс, диплом жұмыстарын жазу;

- жиналған материал бойынша карточкалар түзіп, оларды жазбаша жұмыс процесінде әр түрлі мақсатта тиімді пайдалануға дағдылану.

Әрине, бұл айтылғандар әрбір оқытушыға белгілі болуы ықтимал, дегенмен, жас оқытушылар үшін пайдалы болар деп ойлаймыз. Оқытушы студенттердің өз бетінше орындайтын тапсырмасын берілген тақырыптың характеріне, мазмұнына, өзіндік ерекшелігіне қарай жұмыс жоспарын өзінше құруына болады. Өйткені әрбір оқытушы әр факультетте өз бетінше істелетін жұмыстың тақырыбын, оны орындауға қойылатын талаптар мен көзделетін мақсатты өзінше жоспарлауы және соған сәйкес оны орындау әдісін де белгілеуі мүмкін.

Студенттердің өз бетінше атқаратын жұмысы, біздің пікірімізше, мынадай үш мақсатты көздеуі тиіс:

- студенттердің неміс тілі пәні бойынша іскерлік қабілетін дамыту;
- мамандық пәнінің бағдарламасын толық меңгеріп, оны практикалық жұмысында тиімді пайдалана білуге дағдыландыру;
- институтты бітіргеннен кейін де өз пәніне тиісті мәселелер айналасында өз бетінше жұмыс жүргізе білуге төселдіру.

Сондай-ақ, білікті де тәжірибелі оқытушы әрбір орындалатын тақырыптың мазмұны мен табиғатына қарай жұмыс алдына қойылатын мақсатын да өзінше айқындауына болады.

Дегенмен, қандай жағдайда да тақырыптағы проблемалық мәселелерді көріп, тани білуге, жарияланып жатқан ғылыми-әдістемелік әдебиеттермен танысып, ондағы айтылған бағалы пікірлерді қорыта, жинақтай білуге жаттықтыру, жұмыс барысында туатын сұрақтарға жауап табуға үйрету мақсаты көзделуі тиіс.

Мысалы, неміс тіліндегі артикльдердің (бұл сөз табы қазақ тілінде жоқ) септелуі мен қолданылу ерекшелігін, зат есімнің септіктері мен септелу жүйесін т.б. тіл құбылыстарын қазақ тіліндегі осы құбылыстармен салғастыра қарастыру, сондай-ақ, неміс тілі етістігінің шақ түрлерінің қазақ тіліне қарағанда өзіндік ерекшелігі барын біліп қана қоймай, танып қана қоймай, оларды салыстыра отырып, өзінше ой қорыта білу. Немесе неміс тіліндегі сөз таптары, солардың ішінде сын есімдер мен сан есімдер, үстеулер мен одағайларды т. б. қазақ тіліндегі ұқсас құбылыстармен салыстыра үйрену студенттер үшін өте тиімді. Неміс тілі сөз тіркесінен берілген тапсырманы орындау барысында студенттер сөздердің байланысу (тіркесу) жолдары мен түрлері туралы неміс тіліндегі теориялық пікірлерді пайдалана отырып, ол туралы өз шешімін де айтуы тиіс. Неміс тілі жай сөйлемі мен құрмалас сөйлемдерінің қазақ тілінен айырмашылығы мен ерекшелігін ескере отырып, тіл фактілері негізінде талдап, өз болжамдарын айтып үйренуі де болашақ шетел тілі мұғалімі үшін де өте қажет деп білеміз.

Тағы айтарымыз, неміс тілінде бұлардан да басқа өз бетінше орындайтын мәселелер аз емес, оларды таңдау оқытушының жоспарына байланысты. Ал оқытушының негізгі назар аударатын нәрсесі - орындалатын проблемалық тақырыптарды теориялық және ғылыми-шығармашылық ой-пікір негізінде таңдап, зерттей білу. Сонда ғана күрделі грамматикалық мәселелерді жеке-жеке шағын ситуациялар арқылы дәл және айқын ашуға болады. Осындай тұрғыдан алып барылған жұмыс қана нәтиже береді, ал студенттер өз білімін жан-жақты толықтырып, тереңдетуге мүмкіндік алады. Өз бетінше істелетін жұмыстың орындалу мерзімін белгілеп, сабақтан тыс уақытта оның орындалу барысын бақылау, керек кезінде ақыл-кеңес беру, толық аяқталған жұмысты топтың семинар немесе практикалық дәрісі уақытында қабылдап, студент-ізденушінің еңбегінің жетістігі мен кемшілігін көрсетіп отыруға оқытушы баса көңіл аударуы тиіс. Мұндай жағдайда тақырып көпшілік студенттер тарапынан талқыланып, топтағы әрбір тыңдаушы өз пікірі мен тұжырымын ортаға салады. Оқытушы

айтылған пікірлерге қорытынды жасап, жұмысты бағалауда оларды есепке алуы керек.

Егер орындалған жұмыс талапқа толық жауап беретін болса, оны студенттердің ғылыми-теориялық конференциясына қатысуға, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының конкурсына ұсынуына болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Лемберг Р. Г. Методы обучения в школе. Алматы, КазПИ им. Абая. 1958.
2. Кларин М. В. Педагогическая технология в учебном процессе. М.: Знание. 1989.
3. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы, 1991.
4. Рогова Г. В., Рабинович Ф. М. Методика обучения иностранным языкам в средней школе. М.: Просвещение. 1991.
5. Бухвалов В. А. Развитие учащихся в процессе творчества и сотрудничества. М.: Педцентр. 2000.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада студенттердің неміс тілі пәні бойынша өз бетімен атқаратын жұмыстарын ұйымдастыру жолдары мен студенттерді өзіндік ізденіске баулудың кейбір мәселелері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются некоторые вопросы обучения студентов немецкому языку, организация самостоятельной работы и привитие им исследовательских качеств.

ЖАРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫН ТАНЫТУ ЖОЛДАРЫ

Жұмақаева Б.Д. - п.ғ.к., доцент (Алматы қ., Қазмемқызпу)

Көркем шығарма табиғаты күрделі. Көркем шығарманың басты мақсаты — табиғат бейнесін, өмір құбылыстары мен заңдылықтарын көркемдік заңымен бейнелеу арқылы оны қабылдаушының танымы мен түйсігіне көркемдік жолмен ұсыну, әсер ету. Бұл мақсат адамзат мәдениетінің әр кезеңінде өз уақытына сай әр деңгейде жүзеге асырылып келе жатқандығы мәлім. Біздің көңіл аударып отырған нысанымыз көркем дүние мен оны қабылдаушының ара қатынасы туралы болмақ. «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел, сендерге де келейін енді аяндап» дегендей көркем шығарманы қабылдаушы оқырманға бүгінде көркем дүниені танудың, танытудың да өз ережелері мен заңдылықтары, былайша айтқанда «алтын сандықтың кілттері» бар.

Мектепте де, жоғары оқу орындарында да көркем шығарманы талдау - аса маңызды процесс болып саналады. Көркем шығарманы көркем қабылдау мен тануда, әрине, ең әуелі оны оқу аса маңызды болмақ. Көркем дүниенің көркем бейнесін көзбен көріп, ой түйсігінен өткізу, адам миының терең қатпарында оның бейнесін жасау маңызды процесс болып қала бермекші.

Қаламгердің дүниетанымы мен көзқарастары, ұстанымдары мен түйсігінен жинақталып шыққан тұтас дүниені тану, жекелеген із жолдарын саралау тек талдау арқылы жүзеге асады. Талдау — талдап алу, тарату, тарамдау деген ұғым екені мәлім. Онда тұтас дүние талдау арқылы тараталылады, танылады, яғни

жинақтау мен даралау ұғымдары сияқты, синтез бен анализ болып табылады. Тарату қандай бағыттарда жүзеге асуы мүмкін?

Көркем шығарманы әр тарапты талдауға болады. Мысалы, образдар жүйесіне қарай талдау, сюжеті мен композициялық құрылымына қарай талдау, көтерген басты проблемасына қарай, қамтыған жанама мәселелеріне қарай талдау, шығармадағы көтерілген басты тақырып пен жанама тақырыптарға қарай талдау, шығармадағы көтерілген өзекті ойды айқындау, сол ойды ашудағы қаламгер тәсілдерін саралау, модуль бойынша талдау, герменевтикалық талдау, көркем деталь арқылы талдап тану, символ арқылы талдап тану, көркемдік ерекшеліктеріне қарай, шығармадағы көркем компоненттерге қарай талдау, тіл ерекшеліктеріне қарай талдау т.б.

Шығарманы қай тұрғыда талдау керектігі мұғалімнің көздеген мақсатынан туындап жатады. Тек ескеретін бір мәселе талдаудың түрін таңдап алу сол шығарманың ішкі ерекшеліктеріне тікелей қатысты болатындығында. Кез-келген шығарманы композициялық құрылымына қарай талдауға болғанымен, сюжеттік талдау тек эпикалық шығармаларға ғана жүргізіледі. Ал тақырыптарына қарай талдау көлемді шығармалармен ғана жүзеге асады. Көркем деталь арқылы қаламгердің өзекті ойын айқындау, ұстанымын тану әр текті шығармалармен жүзеге асырылады. Символ арқылы талдау да лирикалық, эпикалық шығармаларға ыңғайлы. Шығарма табиғатын еркін ашып, терең үңілуге мүмкіндік беретін талдау герменевтикалық талдау бола тұра, бүгінде бұндай талдау түрі мектепте немесе жоғары оқу орындарында кең көлемде жүргізіліп жүр деуге келмейді.

Көркем шығармаға герменевтикалық талдау оқырманды таным түсінік жағынан байытатын бірден-бір талдау түрі. «Герменевтика — (от греч. *hermeneutikos* — разъясняющий, растолковывающий) — направление в философии, основной проблемой которого является проблема понимания. В педагогике герменевтика начинает использоваться как принцип научного исследования, требующий более осмысленного и глубокого понимания сущности воспитательного взаимодействия и разработки технологий обучения. В образовании одним из основных способов постижения истины является обучение пониманию»/1/. Бұл берілген анықтамадан көрінетіндей герменевтика педагогикалық процесте кеңінен қолданылатын бір әдіс деп танысақ, оны әдістемелік мақсатта да еркін қолдануға мүмкіндік мол екен. Герменевтикалық талдауда көркем шығарманы тудырған дәуірді терең түсінуге, көркем дүниені тудырған тұлғаның болмысын тануға, шығармадағы ойдың терең астарына бойлауға, тереңнен қазып әр құбылыстың байыбына баруға, әр қолданыстағы сөздің астарына үңілуге мүмкіндік туады. Герменевтикалық талдау жүргізуге ауыз әдебиеті үлгілерін, ежелгі дәуір әдебиеті өкілдерінің шығармаларын, хандық дәуір әдебиетінен жыраулар толғауларын, жекелеген ақын-жазушылардың шығармаларын нысан қылып алуға болады.

Жыраулар — басқа тілдік тұлғаларға ұқсамайтын ерекше феномен. Жырау — шығарманы өзі тудырушы, орындаушы, көркем жеткізуші, дәстүр қалыптастырушы, белгілі бір шығармашылық мәдениет қалыптастырушы философиялық болмыс иесі. Сондықтан жыраулар поэзиясын поэтикалық, филологиялық, лингвистикалық, философиялық, теологиялық пайымдаулармен қарастырған абзал. Жыраулар поэтикасында дүниенің сан түрлі бейнесі көрініс береді. Шығармашылық тұлға-жыраудың көркем әлемі діни-мифтік, адамзаттық танымына негізделеді. Олар: «адам болмысы», «дүниенің жаратылуы», «қайғы, мұң, наласы», «жалғыздық сарыны», «өлім-өмір» толғаныстары.

Жарау ұғымы мен жырау тұлғасы XV ғасырға дейін де болған. Дегенмен тарих мұнарынан аршылып шығап, белгілі бір шығармашылық тұлға ретінде танылғандары XV ғасырдан бастау алады. Сол себепті де жыраулар поэзиясының туып қалыптасқан кезеңдері XV-ХУІІІ ғасырлар делінеді. Ол кезеңнің сұранысы мен әлеуметтік күйін, тілдік қолданысы мен сол тұстағы құндылықтарды білу үшін толғаулардағы жекелеген сөздердің мағынасын тануға талаптану керек болады.

Жырау шығармашылығын танытудың күрделілігі оның тіліне де қатысты. Жырау шығармашылығын лингвистикалық, когнитивтік, семантикалық түсінік негізінде салыстырмалы талдау қажет. Жыраулар поэзиясында бүгінде мағынасын түсінуге қиындық туғызатын сөздер толып жатыр. Мысалы, «*Тұсыңдағы болған нартың қорлама*», *Сөз боларсың көлемге*», *Сындырау арқа, сырт соқпақ, Шемшірлігін ноқталап*» (Шалкиіз), «*Көмбідей ару жсаларға, Кірмембес ауыр қолға бас болып*» (Доспамбет) тіркестердегі ойды айқындау үшін сөздердің дербес тұрғандағы мағынасын тану қажет-ақ. Сол сөздердің тіркестегі қолданыс мақсатын білу содан кейін ғана жүзеге асырылады. Ондай сөздер көптеп кездеседі: *көбеген, нараду, мұритін, жұмлә, салп-салпыншақ, байтақ, ұнымы, тебір т.т.*

Жыраулар поэзиясында кездесетін сөздердің мағынасын тану үшін сол тұстағы әдеби тілдің даму бағыты мен қазақ қауымына қызмет еткен тілдің сипаттарын анықтайтын тілші ғалымдардың зерттеулеріне үнілу қажеттігі туындайды /2/.

XV-XVІІІ ғасырлардағы өлең-толғаулар мәтіні бірнеше жинақта жарияланған Атап айтқанда: Арыстанғали Берқалиұлының «Ақын». Қазан, 1912; Ғұмыр Қарашұлының «Шайр яки қазақ ақындарының басты жырлары», Орынбор; Ғабдолла Мұштақтың «Көкселдір, яки бұрынғы мырза ұлы һәм ноғайлы батырлары да ғайри мағыналы жырлар», Орынбор, 1911; Мұқаш Бекмұхамедовтың «Жақсы үгіт», Қазан, 1908;

Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Мұсылманқұл Жиреншин сияқты көне әдебиет үлгілерін жинаушылардың қолжазбалары негізінде жарық көрген басылымдар: XVІІІ-XIX ғасырлардағы қазақ ақындары шығармаларының жинағы. Жалпы редакциясын басқарған Ы.Т.Дүйсенбаев Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы. Алматы, 1962; Ертедегі әдебиет нұсқалары. Алматы, 1967; Алдаспан. Көне қазақ поэзиясының антологиясы. Жинақты құрастырып, алғы сөзін, түсініктерін жазған М.Мағауин. Алматы, 1971; XV-XІІІ ғасырлардағы қазақ поэзиясы. Жинақты құрастырып, ғылыми түсініктерін жазған Б.Ақмұқанова, Ә.Дербісәлин, М.Жармұхамедов т.б. Алматы, 1982; Бес ғасыр жырлайды. Бірінші том. Құрастырушылар: М.Мағауин, М.Байділдаев, Алматы, 1989.

XV-XVІІІ ғасырдағы жыраулар поэзиясы зерттеліп, ғылыми түсініктер жазылғанымен жоғарыда аталған жинақтарда жыраулар толғауларының мәтіні тұрақты бір ізге түскен деуге келмейді. Белгілі бір жыраудың толғауы әр жинақта берілуінде лингвистикалық, мағыналық өзгеріске ұшыраған. Бұл өзгерістер жыраулар поэзиясын оқытуда елеулі қиындықтар туындатады.

Қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеуші ғалым Р.Сыздық: «Талданып отырған кезеңдердегі ауызша сақталған әдеби мұралардың тілін зерттеуде қиындық тудыратын, кейде тіпті зерттеушіні немесе жалпы оқырмандарды шатастыратын келеңсіздік бар. Ол — жеке сөздердің қате берілуі. Бұл мұралардың қай кітапта, қай журналда, қай жылда басылғанын алсаңыз да, бәрінде де қателерді, әсіресе бейтаныс сөздердің жазылуындағы ала-құлалықты кездестіреміз. Ала-құлалықтың бірқатары араб жауымен жеткен кітiптар мен қолжазбалардағы сөздерді қазіргі жазумен көшіргенде, контекске қарай түзетіп жазуға байланысты алшақтықтар. Мысалы, алдыңғы басылымдарда Асан қайғының «Шабылып жатқан халқың бар,

Аймағын көздеп көрмейсің» деген жолдардағы «шабылып жатқан» тіркесі соңғы басылымдарда «жайылып жатқан» деп өзгертілген. Сол сияқты Қазтуғанның бұрын «Билер отты, би соңы» деген тармағын «Билер өтті, би соңы» деп дұрыс оқығандықтан, екі басылымда екі түрлілік бар»/2/, - деп жараулар поэзиясындағы ауысып қолданылып жүрген сөздерді саралайды.

XV-XVIII ғ. Қазақ поэзиясы тіліндегі фразеологизмдерді зерттеуші Г.Боранбаева да: «XV-XVIII ғасыр толғаулар тексіндегі халықтың тарихын, салт-дәстүрін, ұлтық ділін танытатын сөздер мен сөз тіркестерінің түрліше жазылып жүру себебі, біріншіден, араб әрпімен хатқа түскен толғаулардың дұрыс оқылмауынан болса, екіншіден, бұл қолданылмайтын көне образдардың мағынасы түсініксіз болғандықтан деп білеміз» - деген пікір білдіреді /3 /.

Жыраулар поэзиясында кездесетін бейтаныс сөздердің түпкі мағынасын түсіну үшін ғалымдар мағынаның бір ұшығын сол тұста тілге ықпал етуші араб-парсы тілдерінен қарастырса, келесі бір іздестіретін аймақ деп сол тұстағы ортақ мұра болып келген ноғайлы тілі мен әдебиетімен де байланыстырады.

Тілдік мағынаны түсіну талдаудың кіріспесі ғана. Талдау сол мағыналы сөздің қандай мақсатта қолданылғанын анықтаумен жалғасады.

Мысалы, Қазтуған жыраудың «Мадақ жырында» метафоралық қолданыста келген күрделі ұғымдар көп.

*«...Ұстаса қашағанның ұзын құрығы,
Қалайылаған қасты орданың сырығы...
Буыршының бұта шайнар азуы,*

Бидайықтың көл жайқаған жалғызы...». «Қашағанның ұзын құрығы» деген қолданысқа қарағанда қашаған жылқыны ұстайтын құрықтың ұзын болатыны бір аңғарылса, сол қашаған құрыққа балап тұрған тұлғаның «қашағанды», яғни ел ішіндегі бас бұзарларды немесе жауды тырп еткізбес бір қыры танылады. «Қалайылаған қасты орданың сырығы» деген ұғымнан орданың қандай екенін танытатын маңдайына қағылған белгі сияқты елдің бет-бейнесін танытарлық бір қыры ашылады. «Батырын көріп, елін таны» деген ұғымға саяды.

Буыршын — еркек түйенің жасы, жас бура. Оның мұқалмаған тісі бұта шайнауға қаншалықты жарамды болса, сипатталып отырған тұлғаның да неге салсаң тартынбайтын дер шағынан көрініс береді.

Бидайық — торғай, үйрек сияқты көл құстарына түсетін жыртқыш құс. Толғауда «*бидайықтың көл жайқаған жалғызы*» деп беріледі. Жыртқыш құстардың екі балапанының ең мықтысы ғана аман қалатыны, өз ұяласын әлдісі жойып, ата-анасы тасыған жемді үлессіз жеп жетілетіні болады. Ендеше, «*жалғызы*» қолданысы да белгілі бір семантикада берілген. Ал «*көл жайқаған*» тіркесі көбіне “*шайқаған*” яғни қозғаған мағынасымен алмастырылып та ұғынылуы мүмкін. Бұл екі сөз екі мағынада қолданылады. “*Көл жайқау*” көлді аласапыран, астан-кестен ету, бұл әрекет құс қимылын құс характерін білдіреді, сол арқылы сипатталып отырған тұлға Қазтуғанның бір қырын танытады. Бұндай тіркестер жыраулар поэзиясында көптеп кездеседі.

Асан Қайғы толғауында елдің құтты мекені болған жер Ойыл сөзі ерекше қолданыста ұсынылып, терең мағыналық сипат алады. «*Ойыл — көздің жасы еді*» деген жолдар ерекше мәнге ие. Осы толғаудың өн бойына өзек болатын ой да осы тіркестерге өріліп тұр. Толғаудың тақырыбы да, айтар өзекті ойы да елге құт, мекен болған Ойыл, Еділ, Жайық туралы. Жаңа қонысқа тұрақтай алмаған елдің соңына қарайлауы. Асыл ұяны қимаған елдің мұң-зары, құтты мекенді аңсауы, өкініш, наласы. Ойыл — көз қарашығындай сақтар асыл мекен еді, еңірей жылаған елдің көз жасы еді деген өкініші, ел сағынышы танылады. Жекелеген

сөздің мағынасын терең түсіну арқылы бір тіркестің мағынасы кеңіп, жыраудың айтар ойының астары айқындала түседі.

Қазтуған жырауда да осы сипаттас тіркестер ұшырасады. «Алаң да алаң, алаң жұрт» толғауындағы «*Қайран менің Еділім*» тіркесі әр тармақ бойы ерекше екпін түсіріліп айтылатын синтаксистік қайталауда тұрған «*жұрт*» сөзі мен «*жер*» сөзінің барлық жүгін, осы толғаудағы өзекті ойды ең соңында өзіне аударып алып тұр. *Қайран* сөзі елдің көп өкініші мен өксігін, тебіренісі мен аңсарын, жыраудың ішіне қатқан қасіретін күрсінісімен шығарып тұрған сөз болып танылады.

Доспамбет жыраудың «Алғаным Әли ағаның қызы еді» деп басталатын толғауында «маңдайы күнге тимеген», «желге шашын өрмеген», «серпіліп адам бетін көрмеген» «Қосақай, Қосай, Ер Досай» сынды балаларының ардақты анасы сүйген жарының «*қалай белін шешкені*» де түсіндіруді қажет етеді. «Ер Төстік» ертегісінде Кенжекейдің сүйген жарын алыс та қауіпті сапарға шығарып салып тұрып белін таңатыны, ол белдікті «Ер Төстік не өлгенде шешіл, не аман-есен келгенде шешіл» деп серт қылатыны бар. Олай болса, жарын соғысқа аттандырған сүйген жар «жанын шүберекке түюге», тілек тілеп, амандыққа бел бууға серт қылады деп түсінуге болады. Бұл да адалдық пен амандықтың тілекшісі сипатты бір жоралғы болып танылады. Өзі қан майданда жүрген жауынгер жырау Доспамбет «жағдайсыз жаман қалып бара жатқандағы» күйін айта отырып, үйдегі жарының мұңын сезінеді, «қалай да белін шешті екен!..» деп уайым жейді. Жыраулар поэзиясы үшін бұндай нәзік көрініс пен сезімдерді жеткізу — сирек кұбылыс. Осы күнгі тілімізде қолданылып жүрген бір іске бет бұру, орындауға, атқаруға шешім қабылдау ұғымдарында қолданылып жүрген «бел буу» тұрақты тіркесі біз түсіндіріп отырған дәстүр мен салттан туындауы да әбден мүмкін.

*«Сере, сере, сере қар,
Асты кілең, үсті мұз,
Күн-түн қатса жібімес,*

Мен көлікке қосымды артқанмын», - дегенде де сере сөзі көпшілік қауымға түсінікті деуге келмейді. Соғымның қазысын қазақта төрт еліден кейінгі өлшемде «сере шығыпты» дейді. Сонда сере — бас бармақ пен сұқ саусақты кере өлшегенде көрінетін ұзындық өлшемі. Кейбір жинақтарда *сере* сөзінің орнына *сіреу, сіреу, сіреу қар* деп беріліп жүр. Олай болса *сіреу* сөзі (сірескен, қабаттала қатқан) ұзындық өлшемін білдірмей, тығыздықты білдіретін болып шығады. Бұл сөзді қайталай айту арқылы Доспамбет жырау қабат-қабат қар жастанып, мұз кешкен жорықтарынан көрініс береді. Бұл ой келесі толғауында да айқын көрінеді:

*Ағарып атқан таңды ай деп,
Шолпанды шыққан күндей деп,
Май қаңбақта ағалардың аты жусан жатыр деп,
Ақ шаңдақты құрып қойған шатыр деп,
Жазыда көп-ақ жортқан екенбіз
Арғымақтың талдай мойнын талдырып,
Үйде қалған арудың
Ал иіндігін аударып.*

Махамбет толғауларында *Түн қатып жүріп түс қашса*, Доспамбет толғауларында күн мен түннің ара жігін ажыратқысыз сарсаң жүріс, *шолпанды күн деп, ағарып атқан таңды ай* деп біліп, ес қашқан *жазыда көп жортқан* жорықшылардың жай күйін танытады. Келесі тармақта айтылатын *Арғымақтың талдай мойнын талдару* да ұзақ жорықтың нышаны. Түзде көп болудың тағы бір белгісі — үйдегі арудың *иіндігін аудару*, аңсату, әбден зарықтыру.

Шалкиіз толғауларының тақырыптары әр алуан болып келеді. Көркемдік тәсілі жағынан да жырау толғауларының бағасы жоғары. Шалкиіз «Би Темірге бірінші толғауында»:

*Аспанды бұлт құрсайды —
Күн жауарға ұқсайды,
Көлдеге құлар шулайды —
Көкшіліден ол айуан
Соққы жегенге ұқсайды,
Көп ішінде бір жалғыз
Көп мұңайып жылайды —
Күйбеңдескен көп жаман*

Сөзі тигенге ұқсайды..., - деп толғайды. Параллелизм тәсілімен береліп отырған жалғыздық сарыны. Көп ішінде жалғыздыққа қамап отырған *күйбеңдескен көп жаманның* сөзі. Толғаудағы күйбең сөзінің мағынасы да әдеттегіден өзгеше. Күйбеңдеу, күйбең тірлік ұсақтықты білдіреді. «Күйбеңдескен көп жаманның» әрекеті педелик қызғанышты, жымысқылықты, ұсақтықты танытады.

*Туырлықсыз қара үйге
Ту байламақ не керек!
Туганы жоқ жалғызға
Көп ішінде суырылып,
Жауға шаппақ не керек!*

Бұл талғауда да «*туырлықсыз қара үй*» тіркесі өзекті ойға қызмет етіп тұр. Керегенің сыртынан жабылатын киіз, туырлық, болмаса үйдің жылу сақтамасы, аңғал-саңғал болары белгілі. Оның үстіне қара үй болса, тіпті де кішкентай, жұпыны болғаны. Қазақта үйдің кереге-қанатына байланысты шаруашылыққа тігілетін көлемі шағын қара үйден бастап, он екі, он сегіз қанат ақ ордаға дейінгі атаулары бар. *Қара үй* тіркесі осы ерекшеліктерге қатысты қолданыс тапқан. Ту байлау тіркесі де мағыналық жағынан кең түсіндіруді керек етеді. Осы айтылғандар сияқты герменевтикалық талдауды керек ететін жырау толғауының ішкі астары, сөздер мен тіркестер, мағыналар көптеп кездеседі.

Көркем шығарманы талдап тану үлкен дайындықты керек етеді. Бұл әдетте оқытушы басшылығымен жүзеге асырылатын процесс. Шығарманы жете түсінгенде ғана одан белгілі бір дәрежеде эмоциялық әсер алу мүмкіндігі туады. Шығармадан оқылатын өмір сабақтары да мазмұнды, мағыналы болып, оқырман көңіліне берік орнайды, өмір тәжірибесіне жарамды «құрал» бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Г.М.Коджаспирова, А.Ю.Коджаспирова. Педагогический словарь М., Академа, 2005.
2. Р.Сыздық. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, «Арыс». 2004.
3. Бес ғасыр жырлайды. Алматы, «Жазушы» 1989.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада мектеп пен жоғары оқу орындарында жыраулар поэзиясын оқыту мәселесі қарастырылады. Жыраулар поэзиясын оқытуда жыраудың тілі мен сөз қолданыс ерекшеліктерін, көркемдік қырларын танытудың бірден-бір жолы талдау екендігі басты мәселе ретінде көтеріледі.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы преподавания поэзии жырау в школах и в высших учебных заведениях. При этом выявлена роль анализа художественного текста как одного из эффективных способов изучения поэзии жырау.

ИЗУЧЕНИЕ РОМАНА «ВОЙНА И МИР» В ШКОЛЕ

Ергалиева Ж.Н.- к.ф.н. и.о. доцент (г., Алматы Казгосженпу)

Изучение романа «Война и мир» в школе сопряжено с рядом трудностей, связанных как с объемом романа, так и со сложностью философско-нравственных проблем, структуры, жанра произведения.

Главным методом изучения «Войны и мира» мы предлагаем урок-анализ художественного текста. Поэтому неукоснительным требованием учителя должно быть обязательное полное прочтение текста романа. Для проверки усвоения прочитанного текста можно порекомендовать небольшие контрольные пересказы того или иного эпизода. Учителю русской школы удобнее проверить знание текста небольшой письменной работой-пересказом. Но в школах с нерусским языком обучения с недостаточным уровнем грамотности учащихся придется заменить письменную работу выборочным устным пересказом, используя для этой цели уроки по развитию устной речи. Для контрольного пересказа мы предлагаем на выбор учителя один-два из следующих эпизодов: Именины Ростовых (Т.1, ч.1, гл.8); Болконский в Аустерлицком сражении (Т.1, ч.3, гл.10-19); Дуэль Пьера с Долоховым и его разрыв с женой (Т.2, ч.1, гл.4-6); Поездка Болконского в рязанские имения и его знакомство с Ростовыми (т. 2, ч. 3, гл. I-III); Ферапонтов во время наступления французов на Смоленск (т. 3, ч. 2, гл. II-V); Кутузов во время Бородинского сражения (т. 3, ч. 2, гл. XXX-XXXV); Пьер в плену у французов, знакомство с Платоном Каратаевым (т. 4, ч. 1, гл. IX—XIII); Долохов и Петя Ростов в партизанском отряде (т. 4, ч. 3, гл. I-XI).

Приступая к анализу романа Толстого, учитель должен так организовать систему уроков, чтобы раскрыть перед учащимися, во-первых, историю создания романа, во-вторых, важнейшие проблемы и образы его, в-третьих, композиционно-художественные и жанровые особенности. Разрешение этих задач потребует самых различных методов и типов уроков: лекции, беседы, составления характеристик, устных пересказов, диспута и т. п.

На 1-м уроке учитель лекционным путем должен передать историю создания и печатания романа, дать общую характеристику структуры и жанра «Войны и мира» как романа-эпопеи. Закончить урок следует постановкой вопросов, на которые ученики должны будут отвечать на следующем уроке. Например: Расскажите о замысле романа и его изменениях в процессе работы Толстого. Каков охват действительности в романе? Какие исторические события отражены в романе? Почему «Войну и мир» относят к жанру романа-эпопеи?

Со второго урока начинается кропотливая работа над текстом романа. Ведущими методами должны стать чтение, комментирование и беседа, сопоставительный анализ, составление планов к характеристике персонажей и обязательное обобщение учителя.

На 2—3-м уроках учащиеся должны увидеть жизнь различных групп дворянского общества в начале XIX века. Для этого они должны заранее

перечеть и сопоставить сцены: «Вечер у Анны Павловны Шерер (т. I, ч. I, гл. I-VI); «Именины Ростовых» (гл. VIII-XI, XIV-XVII); «Князь Андрей в Лысых Горах» (гл. XXII-XXV). Чтобы учащиеся поняли фальшь, пустоту, неискренность, царящие в великосветском салоне А.П.Шерер, следует задать им такие вопросы: По какому поводу и как собралась фрейлина Шерер гостей? Кто присутствует на вечере? Как принимает гостей Анна Павловна и как руководит их «разговором»? Как говорит и что думает князь Василий Курагин? С чем сравнивает Толстой салон А.П.Шерер? Однородно ли собравшееся общество? Расскажите об отношении к светскому обществу Андрея Болконского? Каково отношение Толстого к петербургской знати? Анализируя сцену именин Ростовых, следует в противоположной атмосфере салона А. П. Шерер подчеркнуть искренность, доброжелательность, простоту, любовь, царящие в семье Ростовых. С этой целью можно задать вопросы: Как встречает граф Ростов своих гостей? По какому поводу они собрались? Как ведет себя молодежь? Показав разницу вечера в салоне Шерер и именин Ростовых, учитель, обратившись к эпизоду «Князь Андрей в Лысых Горах», должен подчеркнуть сходство Ростовых и Болконских, так как дети обычно воспринимают старого князя как человека сухого, лишённого чувства, даже жестокого. Следует показать, что такие черты, как взаимная любовь, доверие, естественность поведения, честность, чистота внутреннего мира свойственны и семье Болконских, и семье Ростовых. Для выяснения этого можно предложить учащимся такие вопросы: Как относится князь Андрей к своему отцу? Каковы отношения брата и сестры Болконских? Чем похожи отец, сын и дочь Болконские? В то же время необходимо оттенить «ум сердца» Ростовых и «ум ума» Болконских. Большой материал дают эти сцены для характеристики портретной живописи Толстого. Предложив учащимся описать внешность Пьера, Андрея Болконского, Наташи Ростовской, следует спросить, какую главную деталь портрета выделяет Толстой при обрисовке внешности героев. Какие черты внутреннего мира героя выявляются уже во внешнем портрете?

На 4-м и 5-м уроках анализируется изображение войны 1805-1807 годов. В школах с нерусским языком обучения учителю следует самому во вступительном слове напомнить учащимся исторические факты, рассказать о взглядах Толстого на войну, на роль личности в истории. А затем конкретно остановиться на анализе Шенграбенского и Аустерлицкого сражений. Приведем ряд вопросов, которые должны подвести учащихся к выводам о том, кто является главной силой в сражениях, что такое настоящая храбрость, как понимает Толстой характер героического подвига: Что говорят солдаты о войне, и как относится к ней Кутузов? (по сцене смотра в Браунау – т. 1, ч. 2, гл. II.) Как ведет себя во время первого сражения Николай Ростов? (ч. 2, гл. IV, VIII, XV.) Кто проявляет истинный героизм во время сражения, а кто показной? Кто настоящий герой Шенграбенского сражения? (т. 1, ч. 2, гл. XIV-XXI).

Чтение и комментирование отрывков, изображающих Аустерлицкое сражение (т. 1, ч. 3, гл. X-XIX), должно раскрыть перед учащимися, с одной стороны, чуждость русским солдатам готовящегося сражения, показной характер смотра и военного совета перед ним. С другой стороны, сцены Аустерлицкой битвы раскроют перед учащимися честолюбивые мечты князя Андрея, его героизм во время боя и разочарование в своих прежних мечтах и идеалах. Учащимся можно предложить следующие вопросы: Каково отношение Кутузова к предстоящему сражению и к предложенной диспозиции? Расскажите о поведении князя Андрея перед Аустерлицким сражением, о его мечтах о собственном Тулоне (ч. 2, гл. III, XII, XX, XXI). Чем объясняет Толстой поражение в Аустерлице? Как ведет себя князь Андрей во время сражения? Его думы после

ранения. Чему научили князя Андрея Шенграбенское и Аустерлицкое сражения? Уроки по изучению войны 1805-1807 годов можно закончить либо обобщением учителя о толстовском понимании героизма, либо небольшим диспутом учащихся о том, кого же можно назвать истинным героем – Долохова, или Тушина и Тимохина.

На изучение материала 2-го тома учителю следует выделить 2-3 урока, которые должны подвести учащихся к пониманию, что считает Толстой настоящей жизнью. На материалах отдельных глав второй и третьей части второго тома следует выявить состояние Андрея Болконского и Пьера Безухова в мирный период, их деятельность в то время. Для этого учащимся нужно задать следующие вопросы: Каково состояние князя Андрея после Аустерлица и смерти жены? Чем он занимается в Богучарове и в Петербурге? (т. 2, ч. 2, гл. VIII-X; ч. 3, гл. IV-VI); Как чувствует себя Пьер после дуэли с Долоховым и разрыва с женой? (т. 2, ч. 1, гл. IV-VI). Почему Пьер вступает в масонское общество? (т. 2, ч. 1, гл. I-V).

Во втором томе и главные, и второстепенные герои показаны Толстым в любви. Проблема любви интересует учащихся, и беседы учителя должны носить глубоко воспитательный характер. Для бесед можно взять такие вопросы: Что нас привлекает в любви Наташи и князя Андрея? Способна ли Элен Курагина любить? Любил ли Берг Веру Ростову? Как объяснить измену Наташи?

Настоящая жизнь не мыслится Толстым без природы, поэтому нужно спросить, какое влияние оказывает природа на героев романа, привлекая с этой целью сцены охоты, поездки князя Андрея в Отрадное и др. Учащиеся должны понять роль пейзажа как важнейшего средства раскрытия внутреннего мира героя, «его диалектики души». Кроме того, сцены охоты Ростовых, пляски Наташи у дядюшки так же, как сцены ряженных, должны подчеркнуть близость помещного дворянства к народу, к народной жизни.

8 – 9-й уроки посвящены анализу войны 1812 года по материалу 3 и 4 томов. Учитель в процессе беседы, чтения, пересказа должен раскрыть общенациональный, народный характер Отечественной войны 1812 года, единство русских людей перед лицом захватчиков (т. 3, ч. I, гл. II, ч. 2, гл. IV, VI, VIII-XIV, ч. 3, гл. XV-XVII), выявить важнейшее значение Бородинской победы для России (т. 3, ч. 3, гл. XIX-XXXIX). Важно, чтобы учащиеся поняли композицию описания Бородинского сражения и роль пейзажа. В систему вопросов можно включить: Каковы ощущения Пьера перед Бородинским сражением? Что чувствует и говорит князь Андрей о предстоящем сражении? Как Пьер убедился в справедливости слов старого солдата: «Всем народом навалиться хотят»? Что чувствуют и как ведут себя Кутузов и Наполеон? (т. 3, ч. 2, гл. XXXII-XXXV). Почему Толстой, как и Кутузов, считает Бородинское сражение победой русских войск? Почему Кутузов приказывает отдать Москву неприятелю без боя? Расскажите, как чувствует и как ведет себя Кутузов во время совета в Филях?

На 10-м уроке на материале 3 и 4 томов следует разобрать тему партизанской войны и дальнейшей судьбы героев романа. Можно предложить учащимся подготовить небольшие сообщения о том, как встретили жители Смоленска нашествие французов? Как и почему оставляли русские люди Москву? Следующие вопросы учителя помогут учащимся выявить святой, хотя и жестокий, характер народной войны: Когда и как зародилось партизанское движение? (После взятия французами Смоленска, стихийно – т. 3, ч. 2, гл. XV—XVI.) Расскажите о начале разгрома французской армии (Тарутино – т. 4, ч. 2, гл. I-X). Расскажите о партизанском отряде Денисова. Почему Тихон Щербатый оказался «самым нужным человеком» в отряде? Как ведет себя Петя в

партизанском отряде Денисова? Чем отличается партизан Денисов от партизана Долохова? (т.4, ч. 3, гл. I-XI).

В заключение работы над четвертым томом учителю следует рассказать о дальнейшей судьбе героев по эпилогу. Завершающие уроки по изучению романа (их количество определяется имеющимся запасом времени после работы над текстом) должны быть посвящены составлению характеристик главных героев. Уже известный учащимся материал обобщается, вводятся сцены и детали, на которые раньше не обращалось внимания. Приведем вопросы для раскрытия темы «Кутузов и Наполеон в изображении Толстого»:

Соответствуют ли исторической правде образы Кутузова и Наполеона в романе? Почему Толстой резко отрицательно относится к Наполеону и с любовью к Кутузову? Почему Кутузов в 1805 году уклоняется от сражений, но дает Шенграбенское? Почему он спит во время военного совета перед Аустерлицем и находит в себе силы противодействовать воле царя непосредственно перед сражением? Почему Кутузов был избран главнокомандующим в 1812. году? Как он относится к солдатам и они к нему? Как действует Кутузов во время Бородинского сражения? Претендует ли он на роль героя в истории? Как оценивает Кутузова Андрей Болконский? Как характеризует Кутузова сам автор? (т. 3, ч. 2, гл. XVI). Что верно в этой характеристике и что требует уточнения? Как воспринимался в начале романа Наполеон Пьером и Андреем Болконским? Когда и почему происходит резкое изменение их отношения к Наполеону? Как Толстой рисует внешность Наполеона? Каково отношение Наполеона к солдатам и офицерам своей армии? Претендует ли Наполеон на роль героя истории? Что чувствует и как ведет себя Наполеон в покинутой русскими Москве? Какие черты характера Наполеона прямо противопоставляются чертам Кутузова?

Приведем ряд вопросов для анализа образа *Наташи Ростовой*.

Опишите внешность Наташи, когда она впервые появляется в романе. Каковы ее отношения к близким? Как она относится к Соне, к Николеньке, Борису, к Пьеру? В каких поступках проявляется ее доброта, чуткость, искренность? Как она относится к природе? Каково ее отношение к простому народу? Красива ли она? Умна ли она? Только ли в музыке проявляется ее одаренность? В чем прелесть Наташи, что об этом говорит Пьер? Каково влияние ее на окружающих людей? Чем она руководствуется в своих поступках, умом или сердцем? В чем причина совершенной ею ошибки и измены князю Андрею? Как развивается характер Наташи после разрыва ее с князем Андреем? В чем проявляется патриотизм Наташи Ростовой? Как она поступает с русскими ранеными, которых думали оставить в Москве «на милость победителей»? Почему Толстой поступки Наташи во время войны считает такими же важными, как и действия солдат? Какие поступки Наташи свидетельствуют о ее способности самозабвенно любить? Расскажите, как заботилась Наташа Ростова о раненом Андрее Болконском? Думала ли она в это время о личном счастье? Считаете ли вы естественным изменение Наташи в эпилоге, вытекает ли оно из ее характера? Каков взгляд Толстого на роль женщины в обществе? С чем вы согласны с Толстым по этому вопросу и что вызывает возражение?

Изучение романа Толстого завершается письменными работами. Они должны, во-первых, выявить знание учащимися художественного текста, понимание идейно-художественного содержания произведения, во-вторых, должны развить навыки идейно-художественного анализа. Рекомендуем давать самые разнообразные виды сочинений: сочинение-миниатюра на материале небольшого отрывка, сочинение-описание природы, внешности, развернутые итоговые сочинения, свидетельствующие не только о знании идейно-

художественного содержания романа, но и о чтении критической и биографической литературы о Толстом.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются методы изучения романа «Война и мир» в средней школе.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада орта мектептерде «Соғыс және бейбітшілік» романын оқыту жолдары қарастырылған.

ОПОРНЫЕ КОНСПЕКТЫ КАК СРЕДСТВО СИСТЕМАТИЗАЦИИ ЗНАНИЙ ПО ПРАКТИЧЕСКОМУ КУРСУ РУССКОГО ЯЗЫКА

Искакова А.Г.- ст. преподаватель. (Казгосженпу)

Опорный конспект (ОК) – это грамматический материал, который в систематизированном виде или блоками представляет теоретическую основу языка. Методика ОК были разработаны педагогами-экспериментаторами В.Ф.Шаталовым и Ю.С.Меженко. Опорные конспекты - это своеобразные таблицы, которые помогают закрепить знания. Опираясь на теорию и методику учёных (В.Ф.Шаталов, Ю.С.Меженко и др.), мы разработали ОК по определённым темам: «Словосочетание и предложение», «Главные и второстепенные члены предложения. Предложения распространённые и нераспространённые», «Тире между подлежащим и сказуемым» и др. Но в сравнении с теми, которые были разработаны Ю.С.Меженко, в наших ОК включено небольшое количество условных обозначений, что облегчает студентам воспроизведение и повторение материала, позволяет избежать лишней нагрузки на их память.

Например, весь теоретический материал по синтаксису сложного предложения можно объединить в пять блоков: «Сложные предложения», «Виды сложноподчинённых предложений», «Сложноподчинённые предложения с несколькими придаточными», «Бессоюзное сложное предложение», «Сложные предложения с различными видами связи». По каждой теме нами составлен опорный конспект и контрольные вопросы, соответствующие грамматическому материалу.

Продуктивны и целесообразны разного рода памятки, которые снабжены ОК. К примеру, такие, которые рассчитаны на самостоятельную работу студентов: «Как работать дома с опорными конспектами», «Порядок синтаксического разбора простого предложения», «Порядок синтаксического разбора сложного предложения», «Как работать над ошибками». Вот некоторые из них:

Как работать дома с опорными конспектами.

- С помощью опорного конспекта вспомни содержание работы на практическом занятии, объяснение преподавателя.
- Внимательно прочитай материал учебника, сравнивая его с опорным конспектом.
- Перескажи материал с помощью опорного конспекта и без него.
- Запиши опорный конспект по памяти.
- Сравни написанный тобой конспект с образцом.
- Если допустил ошибки, исправь их.
- Выполни упражнение.

Как работать над ошибками.

Работа над орфографическими ошибками.

- Выясни лексическое значение слова (по толковому словарю).
- Определи, к какой части речи оно относится.
- Разбери слово по составу и укажи, в какой части слова допущена ошибка.
- Выясни, на какое правило допущена ошибка.
- Повтори правило.
- Исправь ошибку в работе.
- Графически обозначь орфограмму (▭ ▯ ▸ ▹ ▻ ▽ ▾ ▿ ▾ ▿ ▾ ▿).
- Проверь написание слова по словарю.

- Запиши слово на карточку, обозначь орфограмму, приведи примеры.
- Положи карточку в конверт в соответствии с орфографическим правилом.
- Выполни упражнение на это правило.

Работа над пунктуационными ошибками.

- Выполни предложение, в котором была допущена ошибка.
- Подчеркни пунктограмму.
- Повтори пунктуационное правило и запиши пример.
- Выполни упражнение на это правило.
- Помни: работать над ошибками надо систематически!

В процессе использования ОК следующим этапом работы является обогащение словарного запаса студентов, где мы применяем электронные карточки, на которых записаны новые для национальных групп студентов слова. Электронные карточки основаны на грамматическом материале и специально подобранных дидактических разработках. С каждой электронной карточкой работаем 2-3 занятия, выполняя следующие задания: *выяснить лексическое значение слова, объяснить и запомнить особенности его произношения и написания, составить с этим словом предложение.* Активизирует словарную работу «электронный мешочек», который расположен на интерактивной доске, где записано по одному из изучаемых слов. Студент при опросе открывает карточку с написанным на ней словом, объясняет его значение и правописание. Роль преподавателя в данном случае может выполнить любая из студенток, комментируя и исправляя ответ своей однокурсницы, демонстрирующийся в электронном варианте.

Предлагаемые формы наглядности помогают студентам лучше усвоить материал, требующий не только осмысления, но и прочного запоминания.

При составлении опорного конспекта на графическое кодирование материала накладывает отпечаток личность преподавателя, его видение материала, его профессиональный уровень... Поэтому первое желание, которое испытывает, начав работать, преподаватель, - часть из этих опор модернизировать для данной специальности и знаний студентов. Это вполне объяснимое желание. Вопрос в другом: даётся понятие опорного сигнала как ассоциативного символа, заменяющего некое смысловое значение, символа, помогающего вспомнить понятое ранее, осмысленное, а не бессмысленно выученный материал. Главным остаётся словосочетание «опорный сигнал», а не «сигнал» и «конспект», которые сужают понятия «опорный конспект» и «опорный сигнал». Поскольку, опорные сигналы – это что-то вроде алгоритмов, структурно-логических построений, способствующих концентрации внимания и творческого осмысления.

Вся суть в том, что создаются опоры как «наглядность» на занятиях по практическому курсу русского языка, благодаря которым усиливаются оперативные функции ОК. То, что наглядность помогает лучшему восприятию через зрительные каналы, лучшему осмыслению цельности материала, не вызывает сомнений. Но что мы понимаем под оперативными функциями? Возможность их использования в практической деятельности, направленной на отработку практических навыков и умений, т.е. перевод теории в практическую плоскость. Электронной наглядности мы дополнительно придали и важнейшую функцию обратной связи. С помощью опорных конспектов осуществляем проверку знаний студентов. Для этого концентрируется материал и достигается сверхконцентрация в особых графических формах, именуемых опорными сигналами.

Конспекты далеко не идеальны. Они идеальными никогда не будут: создать идеальный, оптимальный вариант невозможно, потому что сколько преподавателей, столько и подходов. Более того, нам видится в ближайшем

будущем возможность создать дифференцированные опорные сигналы, рассчитанные на работу в слабом, среднем и сильном звене. На работу в национальных группах, где есть свои сложности.

Но чем больше конспекты совершенствуешь, тем яснее понимаешь, что главное – не столько их качество, сколько технология и система работы с ними. Необходимо преподавателю указать на то, что лежит на поверхности грамматического материала. Взяв опорные сигналы как часть методики и неудачно наложив их на свою работу, можно не получить результатов. Поскольку каждый преподаватель акцентирует внимание студентов на разных ОК. В целом, необходимо разработать собственную методику применения ОК и создать систему в их использовании.

Технологию работы с опорами многие недооценивают. В своей работе Ю.С.Меженко вспоминал о том, что Виктор Фёдорович Шаталов был готов отказаться от опорных сигналов. Многие этому не поверили, потому что сами видели, какое это благо - сигналы. А он имел в виду, что можно простой традиционной системой работы привести обучающихся к хорошему результату. Хотя такой путь сложнее, труднее, продолжительнее. Мы используем конспекты как наглядность, не более. Потому что синтаксис - это и есть графика. Поэтому даже без опорных конспектов можно работать в традиционном шаталовском понимании этого слова. Сам В.Ф.Шаталов преподавал один год без опорных сигналов, пытаясь доказать вот эту нашу «аксиому».

Опора - это значки, каждый из которых очень много значит. Минимум графических средств при максимуме заложенного в них теоретического материала. Это - алгоритмы, способствующие кодированию информации по грамматике русского языка.


Ю.С.Меженко указывал, что данную методику могут взять в основном две группы преподавателей. Первая - методически сильные, понимающие, что традиционная методика - это тупиковый путь. И те, которых никакие методики не спасут. Они слышали, что есть какие-то опорные конспекты, вот и хватают их, начинают «работать»... Это дискредитирует идею, потом появляются откровения типа «Пробовал, но не получилось...». (1)

Практически все методики строятся на дидактическом принципе доступности. И это кажется правильным: обучать студентов надо на доступном уровне, иначе что ж объяснять то, чего они не понимают... Но современная методика – это методика интенсивного обучения. В исследованиях психологов, в частности Льва Семёновича Выготского, главы психологической школы, сделано гениальное открытие: обучение должно идти в зоне ближайшего развития. Не в той зоне, в котором ребёнок уже делает первые шаги, а обязательно с перспективой. (5)

Мы охватываем целые разделы, создаём свою структуру курса. Л.С.Выготский говорил, что обучение должно идти в зоне ближайшего развития, то мы полагаем, что оно должно идти и в зоне перспективного развития студента. Нужно видеть материал во всех его взаимосвязях.

В ОК определяющим синтаксическую тему необходимо указать схематически главные структурные компоненты: члены предложения, роль частей речи в предложении и т.д. Синтаксическая роль существительного - подлежащее, дополнение; оно способно выполнять роль определения, обстоятельства, употребляться в составе именного сказуемого. А в нашем конспекте одна линия, отделяющая один блок от другого, говорит то же самое. Здесь не слова - линия несёт огромную смысловую нагрузку.

В качестве примера приводим один из ОК по теме: «Главные и второстепенные члены предложения. Предложения распространённые и нераспространённые».



Использование ОК позволяет разнообразить практические занятия. Система образования очень однообразна даже при том, что разные, казалось бы, занятия - физика, математика, литература не активизирует работу студентов. Но структура их одинакова: опрос, объяснение нового, закрепление, оргмомент. В этой ситуации любое новшество, будь то опоры или что-нибудь другое, мгновенно срабатывает, повышает интерес к преподавателю и к изучаемой дисциплине. Это мы называем «эффектом стартового взрыва».

При использовании опорных конспектов на занятиях практического курса русского языка в национальных группах отмечается эффективность обучения и оценка знаний студентов по методике В.Ф.Шаталова – карточки взаимоконтроля, который в итоге приводит к систематизации знаний и отличным результатам студентов.

Образец карточки взаимоконтроля для картотеки студентов и преподавателя.

2. КазГосЖенПИ Физико-математический факультет (информатика) 1 курс (102 группа) ПКРЯ	Карточка взаимоконтроля по теме: «Главные и второстепенные члены предложения. Предложения распространённые и нераспространённые».						Оценка	
	Вопросы по блокам						О С	П
	1	2	3	4	5	6		
Байгалиева И.	A	A	B+	A	A	A	A	
Студент-консультант Ст. преподаватель						Отарова Н. Искакова А.Г.		

ЛИТЕРАТУРА

1. Ю.С.Меженко. Русский язык и литература. №№ 6,7. К., 1995г.
2. В.Ф.Шаталов. Эксперимент продолжается. – М.: Педагогика, 1990г.
3. В.Ф.Шаталов. Точка опоры. – М.: Педагогика, 1997г.
4. В.Ф.Шаталов. Педагогическая проза. Из опыта работы школ г.Донецка - М.: Педагогика, 1992г.
5. Л.С.Выготский. Психология ранней юности. М., 1993г.
6. Учебник русского языка для общеобразовательных учреждений. Авторы: С.Г.Бархударов, С.Е.Крючков, Л.Ю.Максимов, Л.А.Чешко. - М. «Просвещение», 2007г.
7. Учебник русского языка для общеобразовательных учреждений под редакцией академика, д.ф.н. Н.М.Шанского. - М. «Просвещение», 2002г.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена опорным конспектам (ОК), как основному средству передачи систематических знаний используемых на занятиях по практическому курсу русского языка.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала практикалық орыс тілі сабағында тірек конспектiлердiң бiлiм беру жүйесiнiң негiзгi құралы ретiнде қолданылуына арналған.

АУДАРМАШЫ СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРИБЕНІҢ РОЛІ

Исабаева Б.К. – (Алматы қ., Қазмемқызпу)

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтының Шетел тілдері факультеті 050207– «Аударма ісі» мамандығы бойынша 3 курс студенттері өндірістік тәжірибесін Алматы қаласындағы “Фараби ЛТД”, “Парфюм ЛТД”, “Чайный Двор”, “Фуд Мастер”, “GBS Grand” және жеке шаруашылық өндіріс компанияларында өткізді.

Өндірістік тәжірибе басталғанға дейін бір ай бұрын шетел тілдері факультеті компанияларымен келісім шарт жасасып, күнтізбелік кестесінің жоспарын тағайындады.

Өндірістік тәжірибе басталардан 2–3 күн бұрын шетел тілдері факультетінде студенттермен конференция өткізілді. Онда өндірістік тәжірибенің міндеттері, мақсаттары түсіндірілді, өтілетін орны және уақыты айтылды.

Өндірістік тәжірибенің мақсаты – аудармашы студенттердің институттан алған теориялық білімдерін тәжірибеде қалай пайдаланғанын зерттеу.

Өндірістік тәжірибенің міндеттері:

1. Аудармашылар тәжірибесін зерттеу барысында олардың компаниялардағы істерімен, іс–құжаттарымен танысу;
2. Нақтылы тақырып бойынша жүргізілетін тәжірибелік бағдарламаны талдау;
3. Аударма жұмыстарын жүргізудің күнтізбесін және оны жүзеге асырудың барысында қолданған тәсілдермен танысу;

4. Қолданған тәсілдерге қандай құралдар қолдану арқылы жеткенін талдау;
5. Компаниялардың жұмыстарына араласу және олардың тапсырған жұмыстарды тиянақты орындау.

Аудармашы ертеден келе жатқан және дәрежесі биік, адамдарды біріктіру үшін ынталандырылған мамандықтардың бірі. Маңыздылығын жаһандану ғысыры ХХІ ғасырда тұрмыстық, саясаттық, әлеуметтік, мәдени дәрежеде орын алған таптырмас мамандық.

Өндірістік тәжірибе кезінде студенттер ауызша және жазбаша аудармашы мамандығының қыр сырымен танысады, оргтехникамен жұмыс істеуді үйренеді, кәсіби іс қағаз жүргізудің үлгілерімен танысады. Өндірістік тәжірибе тұрақты шет ел әріптестерімен іскерлік байланысы бар ұйымдарда, мекемелерде өткізіледі.

Шет тілін кәсіпті пайдалану оны жетік оқып білу керек. Студенттер де оны түсінуде. Шет тілінде аз–маз түсінісе алатын адам аудармашы бола алады деген пікір жұмыс берушілер арасында тараған қате пікір. Содан мәтіндерде, мысалға, “Still life with Peaches” дегенді қазақ тіліне тікелей тәржімаласақ, “Шабдалмен тыныш өмір” болып шығады да, неше түрлі қате баламасы пайда болады. Әрине, дәл осылай атамайтынымыз анық, десек те, жаңадан барған жас маман осылай жауап берсе не болады? Ал негізінде «Шабдал қосылған натюрморт» деп аударған дұрыс. Сондықтан да қалай болса солай аударма салмай, мағынасына жуық, сәйкес келетін сөздерді қарастыру қажет. Кез келген маман әсіресе аудармашы дүниетанымының кең болуына ұмтылуы шарт.

Іс жүзінде қарасақ, сапалы аударма, ауызша және жазбаша болсын көп білімді, тәжірибе және кәсіптілікті қажет ететін қиын жұмыс. Барлық грамматикалық ережелерді жаттау және сөз қорын жинау ол үшін аз. Шет тілі елінің тарихын, қазіргі жағдайын қоса білу керек. Жай ғана хабар жеткізу аз, аудармашы міндеті басқа елдің мәдениетімен таныс емес адамға хабарды түсіндіріп жеткізуде.

Аудармашы ең басты жұмыс тәжірибесімен бағалы, содан ынтасы бар студенттер бірінші оқу жылынан бастап тәжірибеленеді. Тәжірибені көбейтуге көп мүмкіншілік табылады, оларға көптеген көрмелерде, семинарларда, конференцияларда, фестивальдарда жұмыс табылады.

Аудармашы студенттер сондай–ақ мемлекеттік және коммерциялық мекемелерде кәсіптік тәжірибе өтуіне болады. Олар радиостанциялар, телекомпаниялар, газет, журналдар редакциясы, жарнама агенттіктер және халықаралық компаниялар болуы мүмкін.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты өз студенттері үшін көптеген шет елге оқу бағдармаларын ұсынады. Студенттер бір неше ай шетелде сабақ алу үшін мемлекеттік мекемелерде ең үлгілі студенттердің бірі болып көп жұмыс атқарады. Қандай тілді оқуына байланысты, студенттер Қытай Халық Республикасына немесе Корей Республикасына және басқа да елдерге баруға мүмкіндік алады. Әр жағдайда оқу шарты мен ақысы бөлек. Кейбір бағдарламалар әріптес–университет дипломын қосымша алуына мүмкіндік береді.

Курс қалың бұқара тыңдаушы студенттерге арналған, негізгі мамандығы бойынша жұмыс кезінде шетел әдебиетін түсініп, екі жақты аудару, шет ел тілінде кәсіптік әңгіме жүргізу сияқты тәжірибе алуға көмектеседі.

Бағдарлама өз алдына студенттердің аудармашылық ісі негізін және ауызша, жазбашаға бейім мамандық қабілеттерін дамытуға міндетін қояды. Аудармашы курсының негізі студенттердің ағылшын тілінің нормативтік грамматикасын жетік білуі болып саналады.

Аударма курсы ғылыми–техникалық, экономикалық, саяси хабар беретін мәтіндерді ағылшын тілінен ана тіліне және ана тілінен ағылшын тіліне ауызша

және жазбаша аудару айналасында шығармашылық және тәжірибелік қабілеті бар мамандарды дайындауды көздеп отыр.

Өндірістік тәжірибе өту барысында студенттер төмендегідей жұмыстармен танысады:

– ауызша, жазбаша жазылған әлеуметтік–саяси және қаржы–экономикалық мазмұнды мәтіндерді аудару;

– халықаралық–құқық, экономикалық, ғылыми–танымал, ғылыми – техникалық мәтіндердің мазмұнына жалпы сипаттама беріп, қысқаша баяндау;

– іс қағаз жүргізу, әр түрлі мәтінді хаттарды жазу (қызмет бабындағы хат, хабар, өтінім, өмірбаян және т.б.).

Жоғарыда көрсетілген мақсаттармен сәйкес аударма курс мазмұны аударманың теориялық негізімен танысу және тәжірибелік қабілеттерді дамыту болып табылады.

Материалды терең мағынада түсіне білу және студенттердің мықты қабілеттерін арттыру үшін аударманың түріне қарай осы курсты оқытуда ағылшын тілінен ана тіліне және ана тілінен ағылшын тіліне жазбаша аударма аспектісін бөліп шығаруға болады.

Бұл аспектіге аудармаға редакция жасау, жалпы сипаттама беру және қысқаша баяндау, ауызша аударма (екі жақты, ілеспе аударма), арнайы аударма (арнайы мақсатқа арналған ағылшын тілі, ғылыми– техникалық аударма қоса) және іс қағаздарды жазу жұмыстарын жасау кіреді.

Өндірістік тәжірибе барысында студенттер аударма жасау кезінде мынадай қиыншылықтырға кездесті: тақырыптар бойынша кездесетін терминдерді аудару, сөздікпен жұмыс істеген кезде кездесетін көпмағыналы сөзден керегін таңдап алу. Өсіресе келісім шартты аударғанда кездесетін термин сөздерді сөздіктен іздеп табуға көп уақыт жұмсалды.

Студенттерде қиыншылық тудырған аударма ол шарттарды аудару болды, өйткені көлемді іс қағаздарды аудару жұмыспен алғаш рет тәжірибеленді. Іскерлік терминологиясын білмегендіктен, сөздіктерде сөздердің мағынасын, аудармасын іздеу көп уақыт алды. Сонымен қатар, көптеген синондік қатардан мәтінге мағына бойынша келетін сөзді тауып жазу, шарт жазуда тәжірибесі аз болғандықтан қиынға соқты. Мәселен, «Тауар жеткізу құжаты» – «Goods transportation invoice», «Сауда өндірістік палата актісі» – «Trade Industrial Department Act», «Салық төлеушінің тіркеу нөмірі» – «Registration number of taxpayer» деген кейбір сөздерді тікелей аудару арқылы қолданып жазуға тура келді. Бірнеше проблема «выставленность» сияқты кейбір сөздердің аударылуының қиыншылығына әкеліп соғып отыр. Бұл сөздің баламасы ешқандай сөздіктерден табылмады. Сондықтан да оны мазмұны жағынан жақын басқа сөзбен «availability of product in full assortment» деп аусытыруға тұра келді.

Десе де, осынау қиыншылықтырды жеңе отырып, өндірістік тәжірибе кезінде студенттер мәтіндерді аудару мен іс қағаздарын ағылшын тілінде жазуға іс жүзінде толықтырып, тәжірибеден өтті. Сонымен қатар, студенттер жаңа ағылшын сөздерімен қоса іс қағаздарды аударуға байланысты терминдермен өз сөз қорын байытты. Олар сөздікпен жұмыс істеуге жаттықты, тапсырманы шұғыл орындайтын болды.

Студенттердің өз ісіне жауапкершілігі артты.

Өндірістік тәжірибенің қорытындысы бойынша, студенттер шетел тілін оқыту әдістемесі кафедрасында есеп тапсырды, кафедра меңгерушісінің жарлығымен құрылған комиссия алдында қорғалды. Есепті қорғау қорытындысы кредиттік жүйе бойынша бағаланды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Пантелеймонов А.Б., Рыженов В.М. «Производственная практика и стажировка молодых специалистов», М. 1987.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада аудармашы студенттерге арналған өндірістік тәжірибенің маңыздылығы туралы айтылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается роль производственной практики в процессе подготовки переводчиков.

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Қошқарбаев Б.Қ – оқытушы. (Алматы қ., Қазмемқызпу)

Еліміздегі дүбірлі өзгерістер, қайта жаңғыртулар білім беру жүйесінде де айтулы реформалар мен мақсаттар әкелді. Білім стандартының жасалуы, төл оқулықтарымыздың жазылуы, мектептерді жаппай компьютерлендіру, инновациялық технологиядан іздену, білім мазмұнын байыту, әлемдік білім кеңістігіне ену мақсатындағы жұмыстар сол өзгерістің куәсі. Қазіргі кезде инновациялық технологиялар жайлы көп сөз болып жатыр.

«Технология» грек сөзі, яғни, өнерпаздық, шеберлік, іскерлік деген ұғымды білдіреді. Ғалым-педагог, психологтар пайымдауына жүгінсек, Беспалько өзінің «Слогаемые педагогические технологии» деген еңбегінде оны «оқу процесінің алдын ала жүйелі түрде жобалануы, оның тәжірибеде жүзеге асуы, яғни белгілі бір педагогикалық жүйенің тәжірибеде жүзеге асатын жобасы» деп қарастырады. Беспалько педагогикалық жүйені педагогикалық технология негізі деп тұжырымдайды. Педагогикалық жүйемен берілетін білім балалардың таңдайтын мамандығына бағытталуы тиіс.

Мақсатты білім беру - технологияның басты белгісі. Педагогикалық жүйе ретінде бір-бірімен байланыстыратын әдістер мен тәсілдер іс-әрекеттің жеке тұлғаға бағытталуы мақсатты, бағытты, педагогикалық әсерді алады.

Технология инновациялық іс-әрекет оқытудың жаңа формалары амалдарынан іздей отырып белгілі бір уақытта алдыға нақты мақсат қоя отырып, жоғарғы нәтижеге жетуді талап етеді. Жаңа педагогикалық технология ұғымы тың, белгісіз, жаңа оқыту амалдары, іс-әрекеттерінен ізденуді, жаңа әдістерін оңтайлы пайдалану, сол арқылы жоғары көрсеткіштерге жету деген сөз.

Қазіргі кезде оқыту технологиясы туралы екі түрлі пікір қалыптасып отыр. Бірінші, технология – өнер, шеберлік деген ұғымның синонимі ретінде аталады, яғни педагогикалық шеберлік деген ұғымды білдірсе, екіншіден, білім беру ісін технологияландыру, сол арқылы сапалы өнім алу, ғылым мен өнердің синтезі деген мағынаны білдіреді.

Педагогикалық технология үшін баланың жеке бас ерекшелігін білу-білімді соған қарай бағыттай беру деген белсенді, жан-жақты дамыған, өзіне сенетін, өмірге икемді тұлға қалыптастыру болып табылады. Сондай-ақ ізгілікті

педагогика тұлғаға бағыттала отырып, оның мінез-құлқы, адами қасиеттерін, іскерлік дағдысын, өз беттерімен өмір сүруге бейімділігін, кез-келген жағдайлардан жол таба алатын, өз пікірін ұсына және қорғай алатын гуманист-азамат қалыптастыруды мақсат етеді.

«Оқыту технологиясы» терминін алғаш рет АҚШ-та қолдана бастады. Польшаның белгілі дидакторы У.Куписевич пен Ф.Янушкевич оқыту технологиясы жалпы дидактиканың бір бөлігі ретінде оқытудың оңтайлы жолын анықтайтынын терең түсіну керектігін қолдады.

Оқыту технологиясының анықтамасын Скиннер былай деп берді: «Оқыту технологиясы психология жетістіктерін педагогикалық практикада қолдану» немесе «Оқыту технологиясы – оқытудың тиімділігін арттыру мақсаты мен білім беру үрдісін жүзеге асыру және бағалау, бағдарламалаудың жүйелі тәсілі» (2).

60-жылдарда шетел зерттеушілері «педагогикалық технология» терминін енгізді.

Педагогикалық технологияға В.Л.Беспалько «практикада іске асатын нақты педагогикалық жүйе, жоба» деген анықтама береді. Ал педагогикалық жүйені тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін арнайы ұйымдастырған, мақсатты, бір-бірімен өзара байланыстағы әдіс-тәсілдер деп қарастырады.

П.К.Селевко педагогикалық технологияларды мәнділігіне, қолданылуына, ұйымдастырылуына қарай төмендегідей топтарға бөледі:

1. *Қолдану деңгейіне қарай* (жалпыпедагогикалық, пәндік, жеке әдістемелік, модульдік)

2. *Философиялық негізіне қарай* (материалисті, идеалистік, диалектикалық, метафизикалық, ізгілікті, ғылыми, т.б)

3. *Психикалық дамудың жетекші факторына қарай* (биогендік, социогендік, психогендік)

4. *Ғылыми тұжырымдамасына қарай* (ассоциативті-рефлекторлық, дамытушылық)

5. *Тұлғалық құрылымдарға бағыттылығына қарай* (ақпараттық, әрекеттік, сезімдік, эвристикалық, қолданбалы, өзін-өзі дамытушы)

6. *Құрылымдық және мазмұндық сипатына қарай* (білімдік және тәрбиелік, жалпы және кәсіби бағытты, технократтық және гумандық)

Оқытудың жаңа технологиясы дегенде ең алдымен педагогикалық технология деген ұғымды түсіну керек.

Оқыту, білім біру тәжірибесі педагогикалық үрдістің сапасын үнемі арттырып отыруды талап етеді. Осыған байланысты ғылым мен тәжірибеде педагогикалық үрдістің сапасын көтерудің бай тәжірибесі жинақталған.

Сонымен, педагогикалық технология-оқыту үрдісін түгелдей қолдану және бағалау, сол сияқты, білімді адамдар мен техника ресурстарын ескеру арқылы білімді игеру, білім берудің тиімді түріне жету үшін оларды жоспарлаудың жүйелі әдісі ретінде түсіндіріледі.

Сабактарда оқытудың әр түрлі технологиясын қолдануға болады. Әсіресе, дамыта оқыту технологиясы мен проблемалы оқыту технологиясының пайдалы екенін тәжірибе көрсетіп отыр. Дамыта оқыту технологиясының авторларының (Л.С.Выготский, Л.В.Занков, В.В.Давыдов, Д.Б.Эльконин т.б) пікірінше, бұл технология жеке тұлғаның барлық сапаларын тұтас сәйкестікте дамытуға бағытталған жүйе. Оның нәтижесінде әр оқушының өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, соған лайықты жағдайлар жасалады.

Осыған орай оқышылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың маңызы өте зор. Өйткені сол арқылы оқушылардың іс-әрекетінің дербестігі артады.

Бұл туралы А.Байтұрсыновтың пікірінше, бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек. Мұғалімнің қызметі - оның білімінің, шеберлігінің ұзақ жолды қысқарту үшін, ол жолдан балалар оңай, қиналмай өту үшін, керек білімді кешіктірмей, кезінде беріп отыру үшін, балаға жұмысты әліне қарай шағымдап беру мен бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп отыру керек.

Оқушылардың өзіндік жұмыстарының мән-мағынасы, оны ұйымдастырудың тәсіл-амалдары педагогикалық әдебиеттерде әр түрлі пікір айтылады.

Дамыта оқытуды ұйымдастыру балаға ақыл-ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру керек. Дамыта оқыту - сабақтағы ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым-қатынас. Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы, бағалаушы ғана емес, танымдық іс- әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана баланың интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады. Ерте кезден бастап, ойшылдар білім мен ақыл-ой тәрбиесінің арақатынасын, олардың тұлға дамуына әсерін зерттей бастаған. Бізге белгілі алғашқы дидактиктердің бірі Квинтилиан оқытудың алдына баланың қабілеттеріне, ақылдың қасиеттеріне, мінез-құлық ерекшеліктеріне сүйене отырып, оның ойының және тілінің дамуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қойған .

XVII ғасырдағы Я.А.Коменскийдің дидактикалық жүйесінің негізгі қағидаларының бірінде де тұлғаның ақыл-ой күшін, қабілеттерін дамыту олардың білімге деген құштарлығын оятып, лаулата түседі деген.

И.Т.Песталоцци тұлғаның ақыл-ойының, барлық қабілет-қасиеттерін дамыту идеясымен арқауланған оқыту әдістемесін жасау керек деді.

Дамыта оқыту ұлы неміс педагогы А.Дистервегтің әйгілі «Неміс мұғалімдерінің білім беру ісіне басшылық» атты еңбегінің негізі болып табылады. «Дамыта оқыту» деп ол баланың білім алуға әрекет етуін ұйымдастыратын оқытуды атаған. «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді»- деген.

Орыстың ұлы ағартушысы К.Д.Ушинский де өз дидактикалық еңбектерінде балаларды оқыта отырып дамыту мәселелеріне ерекше тоқталып, арнайы әдістеме жасаған.

Осылай бола тұрғанымен, «дамыта оқу» деген терминге көзқарастар мен пікірлер әр түрлі және «дамытпайтын оқыту бола ма?» деген сұрақтар жиі қойылады.

Алайда дәстүрлі оқыту бала дамуына тек қондырғы болып, дамуға стихиялы әсер етсе, «дамудың соңында жүрсе», ал екінші жағдайда «оқыту дамуды өзімен бірге алып жүреді» деген Л.С.Выготскийдің пікірінен көп нәрсе аңғаруға болады.

Дамыта оқытуда баланың ізденушілік-зерттеушілік әрекеттерін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, оқуға әрекеттенеді. Сабақ мұндай жағдайда төменгідей 3 құрамдас бөліктен тұратын болады:

1. Оқу мақсаттарының қойылуы
2. Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру
3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу

Дамыта оқыту сабақтарында жаңа материалды талдауға зор көңіл бөлінеді, өйткені талданбаған шығарма бала жүрегіне жетпейді деп есептелінеді. Талдау-бірлескен ізденіс. Ізденіс барысында мұғалім әр баланың көңіл- күйін бақылауға, ой-пікірін байқауға мүмкіндік алады. Интеллект деңгейін анықтай алады. Әсіресе оқу сабақтарындағы материалды талдау арқылы шығарманың айтар ойы, идеясы

бала жүрегіне жетіп, талдау арқылы ар-ұят, қайырымдылық, әдептілік сияқты тамаша қасиеттерді дарытады.

Бұл жүйедегі баланы ойлауға үйрететін тәсілдердің бірі-салыстыру әдісі. Салыстыру деген не? Философиялық сөздікте «салыстыру объектілер арасындағы ұқсастық пен айырмашылықты анықтау, қорытудың алғы шарты», - делінеді. талдау, жинақтау қызметінің маңызды жағы заттар мен құбылыстарды салыстырмайынша олардың елеулі белгілерін анықтау мүмкін емес.

Айналаны тануда салыстырудың мәні зор. Бұл туралы К.Д.Ушинский: «салыстыру — ойлаудың және қабылдаудың негізі»- деген.

Дидактикада салыстыру негізгі тәсіл болып табылады. Заттарды салыстыра отырып түсіну тек адамға ғана тән. Мұғалім салыстыру әдісімен сабақ жүргізе отырып, оқу материалын оңай, көрнекі етіп ұсынуға мүмкіндік алады. Баланың қиялын дамытады. Салыстыру белгілі мен белгісіз арасындағы көпір сияқты, оқушыларға өмірінен тысқары білімді меңгеруге көмектеседі. Салыстыра отырып, оқушы заттар мен объектілердің байқалмай, көрінбей қалатын белгілерін анықтауға үйренеді. Баланың байқампаздығы артады. Ал байқампаздық - баланың жалпы дамуындағы негізгі психологиялық компонент болып табылады. Оқушы салыстыра отырып, бұрынғы өтіп кеткен материалдар мен жаңа білім арасындағы логикалық байланыстарды анықтауға үйренеді. Неғұрлым салыстыру жұмысы тиімді ұйымдастырылса, соғұрлым білім алуудағы формализм жойылып, ең негізгісі оқуға деген қызығушылық арта түседі.

Заттарды салыстыра отырып тек ұқсастығы мен айырмашылығын тапқызып қоймай, олардың себептерін айқындатудың бала дамуы үшін маңызы зор. Біріншіден, заттардың әр түрлі белгілерін таба білуге үйренсе, екіншіден қабілеттері дамиды.

Байқау — қоршаған ортамен байланысу деген сөз. Ол қарау, қабылдау арқылы іске асады. Дегенмен практикада байқампаздыққа үйрету көп жағдайда үстірт жүріп жатады. Мәселен серуенге шығып тұрып, табиғаттың тек сыртқы белгілерін атаумен шектелеміз. Ал, алысырақ, қалтарыста тұрған көзге көріне бермейтін детальдары назардан тыс қалып қалады. Осыдан барып қарап тұрып өмірде ешнәрсені байқамайтын адамдар қалыптасады. Мұндай кемшілік олардың рухани өмірінің кедейленуіне әкеп соғады. Ондай адамдар көп жағдайда ұтылыста қалады. Белгілі ақындар мен ғалымдардың, суретшілердің байқампаздық қабілетінің жоғары болуы тектен-тек жағдай емес. Мысалы, өзі туралы Чарльз Дарвин өмірбаянында «... мен басқалардан ерекше ақылдылығыммен, ой жүйріктігіммен емес, кейбір адамдар көре бермейтін назардан тыс нәрселерді байқап, талдай алуыммен ерекшеленемін», - деп жазған екен. Сабақтарда баланың байқамай қалуынан жіберілетін қателер қаншама. Бұл сияқты қасиеттің болмауы не төмендігі олардың шығармашылық қабілеттерінің дамуына да нұқсан келтіретіні анық.

Дамыта оқыту жүйесінің маңызды тағы бір ерекшелігі сынып оқушыларын «жаман», «жақсы» оқушылар деп бөлмей, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызуды мақсат тұтады. Нашар оқушының өз шамасы келгенше, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуі ойластырылған. Сол арқылы ол да өзін мүмкін дәрежеге дейін дамыта алады. Бұл жолда оның қателесуі, жаңылуы әбден мүмкін. Тек мұғалім тарапынан көрсетілген сабырлылық, байсалдылық оның өз күшіне деген сенімін арттырып, алға жетектейді деп есептелінеді.

Дамыта оқыту жүйесінде мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас жаңа қағидаларға негізделеді. Олар ынтымақтастық, өзара сыйластық, түсіністік сияқты қасиеттер. Баланың өз ойын қорықпай, сеніммен айта алатындай ахуалда болуы басты назарда ұсталынады. Ол үшін оның әрбір жауабы мұқият тыңдалып,

дұрысы мақталып, қатесі еппен түзеліп отырады. Оқушыны кішкентай бала деп қарамай, оның да пікірімен санасып, көзқарасын құрметтеу оның дамуына орасан зор әсер ететіндігі дәлелденді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбдікәрімұлы «Білім берудегі педагогикалық технология» Қазақстан мектебі, № 4,03.
2. Аманашвили Ш. « Психологие основы педагогики» Киев 1991.
3. Б А Тұрғынбаева «Дамыта оқыту тнхнологиялары».
4. Ф.Я.Вассерман «Үшінші мыңжылдықтың мектебі» жобасы.
5. Г.К.Селевко «Современные образовательные технологии».
6. Ж.Қараев «Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы».
7. Джангельдина Т.Т. «Коммуникативно- когнитивные подходы в обучении второму иностранному языку» ИЯШ №4 2003.
8. Ешімбетова З.Б. « В чем различие между методикой и технологией» ИЯШ № 1 (3) 2004.
9. Пассов Е. Н. « Коммуникативный метод обучения иностранному языку» М. Арсти, 2000.
10. Есенина Е.И. « О проблемах воспитывающих и развивающих методов обучения иностранному языку» ИЯШ 1990 №1.
11. Хайруллина С.А « Инновационные технологии обучения немецкому языку» ИМИ в школах Казахстана, №2 (14) 2004.
13. Афанасьева А.Н. Ринатулин Р.И. « Модель урока для развития мышления» ИЯШ. № 2, 2003.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада шет тілін оқытуда жаңа технологияларды пайдалана отырып, оқытудың тиімділігін арттыру мәселесі қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются новые технологии в процессе преподавания иностранного языка.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУДА КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ГРАММАТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫНА ҚАРАЙ ТАЛДАУ

Меңдаяхова Қ.М.- п.ғ.к., доцент (Алматы қ Қазмемқызпу)

Грамматикалық мағыналар – бұл сөз арқылы білдірілетін қарым-қатынастар мағынасы, яғни логикалық қатардың тілдік мағыналары. Тілді түсіну үшін оны құрайтын сөздердің лексикалық мағыналарын білу аз, сонымен бірге осы сөздердің арасындағы грамматикалық қатынастарды түсіну керек. Егер балаға грамматикалық тұлғаның мағынасы түсініксіз болса, ол сөйлемдегі айтылған ойды да түсінбейді.

Көркем шығарма тілі – бүкіл халыққа үлгі, соның ішінде балабақша, мектеп балалары үшін нақты үлгі. Балабақша балаларының тілін дамыту, оларды

байланыстырып сөйлеуге көркем шығарма тілінің үлгісі арқылы үйретіледі. Бұл мақсатта көркем шығарманы жасанды сөйлеу ортасы деуге де болады. Көркем шығарманың тілі – балаларды байланыстырып сөйлеуге үйретуі нақты, анық үлгі. Көркем шығарма – көркем сөз шеберлерінің әдеби тілде жазылған шығармалары. Сондықтан көркем шығарманың тілі-нақты әдеби тілдің үлгісі. Демек, ол үлгі бойынша балаларды әдеби тілде сөйлеуге, балаларды байланысты сөйлеуге үйретудің құралы етуге толық болады. Көркем шығарма тіліміздің грамматикалық тұлғаларын дұрыс қолданудың нақты үлгісі, сол тамаша үлгі арқылы байланысты сөйлеуге үйренуге де, үйретуге де болады.

Бірақ балабақша бағдарламасында, балабақша балаларын көркем шығармамен таныстыру мәселесін зерттеушілер еңбегінде көркем шығарманы грамматикалық тұлғаларды үйретудің құралы ретінде құралмаған. Көркем шығарманы әдеби тілдің үлгісіне жаттықтыру құралы ретінде пайдалану туралы балабақшада бала тілін дамыту әдістемесінде арнайы ешқашан сөз болған емес. Осыған орай, жұмыста көркем әдебиет арқылы балаларды байланыстырып сөйлеуге үйретудің әдістемесін жасау мақсат етілді.

Барлық бағдарламаларда балабақша балаларын көркем шығармамен таныстыру мәселесі үнемі жоспарланып келеді. Бірақ көркем шығарманы балаға әңгімелету керек дегеннен басқа еңбектерде жұмыстың түрлері көрсетіліп жүрген жоқ. Көркем шығарма арқылы баланы байланыстырып сөйлеуге үйрету мәселесі әлі сөз болған емес.

Ал көркем шығарма үлгісі арқылы баланы байланыстырып сөйлеуге үйретуде, тілдің грамматикалық құрылысын меңгертуде көркем шығарма орасан зор қызмет атқарады.

Әрине, көркем шығарманың тәрбиелік мәні, адамгершілікке тәрбиелеудегі қызметі, баланың ақыл-ойын дамытатыны, ойын дамытатыны сияқты маңызды мәселелер арнайы зерттелді. Ол жұмыстар өз қызметін атқарды және олар пайдалы. Бірақ ол еңбектерде көркем шығарма тілін байланысты сөйлеуге үйретудің құралы ету мәселесі сөз болмаған. Біздің еңбегімізде көркем шығарма балабақша балаларын әдеби тілде сөйлеуге, байланысты сөйлеуге үйретуде үлгі, ерекше бір жасанды тілдік орта, байланысты сөйлеуге үйретудің құралы деп саналады.

Осы пікір мынадай жұмыстар арқылы жүзеге асырылмақ:

- Көркем шығарманы грамматикалық құрылысына қарай таңдау.
- Көркем шығармадағы грамматикалық тұлғаларға сай мақал-мәтел, тақпақ, жұмбақ, жаңылтпаш, қатысымдық ойындарды қолдану.
- Грамматикалық тұлғаларға сай деректерді техникалық құралдар арқылы, қайталау, бекіту.

Көркем шығарманы сабақта қолдануда грамматикалық құрылысқа мән берілу керек. Тілдің грамматикалық құрылысы өте күрделі, бала оның бәрін бірден меңгере алмайды. Сондықтан грамматикалық тұлғаларды бірте-бірте меңгерту жоспарына сай көркем шығарма таңдалу қажет. Яғни жүргізілетін грамматикалық жұмысқа көркем әдебиеттің тілі сай болуы тиіс. Ол туралы профессор Нұржамал Оралбай басқа ұлтқа қазақ тілін оқыту әдістемесіне арналған «Мәтінмен комплексті жұмыстың әдістемесі» деген мақаласында мынадай пікір айтқан:

«Мәтінмен комплексті жұмыс жасау үшін, мәтін таңдауға мына шартты ұстанымдар қойылады:

- Сабаққа мәтін таңдауда кездейсоқтық болмау керек, сабақта кез келген мәтінді қолдану тіл үйретуде жақсы нәтиже бере алмайды.

-Сабақта өтілетін грамматикалық материал мәтінмен байланысты болуы керек» /3/.

Ғалымның осы пікірімен біз толық келісеміз және ұстанымды балабақшада баланы байланысты сөйлеуге үйретуде көркем шығармамен байланысты қолдану тиімді деп санаймыз. Оған мынадай себептеріміз бар:

- Балабақшада көркем шығармамен жұмыс аз жасалады: тәрбиеші оқиды (бірнеше рет), балаларға әңгімелетеді, бірақ ол өте аз.

-Көркем шығарма белгілі бір грамматикалық тұлғаларды қолдануға үйретуге лайықты таңдалмайды.

- Көркем шығармадағы грамматикалық тұлғалар елеусіз қалады. Яғни көркем шығармамен грамматикалық тұлғаларды қолдануды қалыптастыру жұмысы жүргізілмейді.

- Көркем шығарма мен тілдің грамматикалық құрылысының байланысы ескерілмейді.

Мұның бәрі көркем шығарманы байланысты сөйлеуге үйретудің күшті құралы деп санамаудан туған. Осы жағдайлар ескеріліп, әдістеме іліміндегі мәтінмен кешенді жұмыс істеу деген жаңа әдіс көркем шығарманы балаларды байланысты сөйлеуге үйретудің күшті құралына айналдыратын әдіс ретінде қабылданды.

Ал жалпы әдістеме ілімінде бұл жаңа әдісті бірінші ұсынған ғалым – Нұржамал Оралбай. Бұл оқыту әдістемесінде жаңа әдіс болғандықтан, ол туралы ғалым пікіріне толығырақ тоқталайық.

Н.Оралбай жаңа әдістемені алғаш мәтінмен комплексті жұмыс деп, кейін мәтінмен кешенді жұмыс деп атаған /3/.

Бұл әдісті Н.Оралбай орыс тілді адамға қазақ тілін оқыту үшін, қазақша сөйлеуге үйрету үшін ұсынған және әдістемені университеттердің орыс бөлімінің студенттеріне арналған тұңғыш көлемді еңбек (453 бет). «Қазақ тілі» оқулығында қолданған /4/.

Осы жаңа оқулықта Нұржамал Оралбай жаңа әдіс туралы былай деп жазған: «Оқулық бұрын-соңды қолданылмаған жаңа әдістеме негізінде жазылды. Ол әдістеме мәтінмен кешенді жұмыс, яғни тілді оқыту жұмысының бәрін мәтін арқылы жүргізу деп аталады. Бұл әдістеде бұрынғыдай ережені үйрену үшін жаттығулар қолданылмайды.

Мұнда мәтін жаттығу қызметін де атқарады. Мәтінге қатысты барлық жұмыстар толық жан-жақты жүргізіледі. Әр грамматикалық жұмыстар үшін мәтінге қайта оралып отыру қажет, ол жұмыстар мәтінде ауызша, жазбаша түрде кездеседі. Осыған байланысты жасалған әр түрлі жұмыстар мәтіннің толық меңгерілуіне қызмет етеді. Бұл тілді үйренудің сапасын арттырады» /4, 3-4 б.б./.

Көркем шығарма байланыстырып сөйлеуге қызмет ету үшін, оны тыңдаудың, қолданудың өз заңдылықтары бар, ол сақталуы керек:

1. Алғаш балаға таныстырылатын шығарма тілі грамматикалық құрылысы жеңіл болуы керек. Оның келесі сатысында шығарма тіліне грамматикалық тұлғалар бірте-бірте қосылып отыру керек. Баланы көркем шығармамен таныстыруда, шығармада осы ерекшеліктер ескеріліп таңдалады. Бұл ұстаным тілдің грамматикалық құрылысын бірте-бірте меңгерту үшін, баланы байланыстырып сөйлеуге бірте-бірте қалыптастыру үшін қажет.
2. Көркем шығарма балаға қолданылуы үйретілетін грамматикалық тұлғаларға сай таңдалуы керек. Бұл грамматикалық тұлғаларды қолдануға баланы үйретуге көркем шығарманың қызмет етуі үшін қажет. Мәселен, баланы тәуелдік жалғауын сөзді байланыстырып сөйлеуде қолдану дағдысын қалыптастыру қажет болса, шығарма құрамында тәуелдік жалғаулы сөз мол

болуға тиісті. Осы мәселені іске асыру үшін, қанша көркем шығарма қажет болса, бұл заңдылық олардың бәріне қатысты.

3. Байланыстырып сөйлеуде грамматикалық тұлғаларды бір ғана шығармамен дағды қалыптастыру мүмкін емес. Бір үлкен шығарма алып, баланы зеріктіруге болмайды. Ол үшін қайталау керек. Еңбекте қайталау әр түрлі шағын шығармалар және қатысымдық ойын арқылы жүзеге асырылды.
4. Шығарманың түрін таңдауда бағдарламада көрсетілген шығарманың түрлері қолданылды. Бағдарламаларда тақпақ, мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш баланың сөздік қорын дамыту үшін, сөздерді дыбыстық жағынан дұрыс айтуды қалыптастыру үшін, көркем шығарманың әр түрімен баланы таныстыру үшін берілген. Біз көркем шығарманың осы қызметтерін сақтай отырып, оған тағы бір қызмет жүктейміз. Ол қызмет грамматикалық тұлғаларды қолдануды қалыптастыру. Ол үшін көркем шығарманың бұл түрлері көркем шығармадағы грамматикалық тұлғаларға сай таңдалады да, олар көркем шығармадағы грамматикалық тұлғаны бала есінде бекіту, қолданылуын түрлі тілдік жағдайда қалыптастыру қызметін атқарады.

Демек, бірнеше түрлі көркем шығарма бір грамматикалық тұлғаны байланыстырып сөйлеуде қолдану дағдысын қалыптастыруға қызмет етеді. Мәселен, өткен шақ тұлғаларын қалыптастыру қажет болса, бірнеше әр түрлі шығарманы қайталау, бекіту, қалыптастыру үшін қолданылса, олардың бәрінде өткен шақ тұлға мол болуы шарт. Бұл бір мақсатта қолданылатын көркем шығармалар грамматикалық жағынан бір типтес болады, бірақ ол тек бір түрлі грамматикалық тұлға бола алмайды, басқа тұлғалар да араласады.

5. Осы мақсатта барлық дидактикалық тіл дамыту әдістері қолданылады. Дидактикалық барлық әдістер қолданылып, шығармадағы грамматикалық тұлғаны қолдану дағдысы қалыптастырылады. Яғни байланыстырып сөйлеу дағдысы қалыптастырылады. Бұл жаңа әдістемелік әдіс балабақшада баланы байланыстырып сөйлеуге үйретуде бірінші рет ұсынылып, қолданылып отыр. Түсінікті болу үшін «Қазақ тілі» оқулығынан бір мысал келтірейік: Мәтін «Менің отбасым». Мәтінде жасалатын грамматикалық жұмыста мынадай тапсырма берілген:

1. «Тәуелдік жалғаулы сөздерді мәтіннен теріп жазыңыз.

2. «Ілік жалғаулы және тәуелдік жалғаулы сөзден құралған сөз тіркестерін мәтіннен теріп жазыңыз» /4, 33 б./.

Мұнда алдымен мәтін тәуелдік, ілік жалғауына байланысты таңдалған. Екіншіден, тәуелдік ілік жалғаулы сөздер мен сөз тіркестерін табу үшін мәтінді тағы оқиды. Сабатқа берілген өздік жұмыста басқа да грамматикалық жұмыстар берілген. Оларды орындау үшін мәтін тағы оқылады. Алдымен мәтінді, жаңа сөздерді аудару үшін, мәтінді әңгімелеу, мазмұнын түсіну үшін мәтін бірнеше рет оқылады. Сонда әр жұмыстың түрі үшін, мәтін қайта-қайта оқылып отырылады. Бұл мәтінді толық есте сақтауға, ондағы сөйлемдерді еркін қолдануға мүмкіндік береді. Сол арқылы барлық мәтінді меңгеру нәтижесінде қазақша еркін сөйлеуге үйренеді.

Бұл әдістеме басқа тілді үйретуге арналған, оның балабақшаға қандай қатысы бар деген заңды сұрақ туатыны орынды. Бірақ басқа тіл өкілдері мен балабақша да бала да тіл үйренушілер. Сондықтан екі түрлі әдістемеге жатқанымен, тілді үйрету, сөйлеуге үйрету, тіл дамыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету мақсаты – екі әдістемеге де ортақ мақсат. Бұл жаңа әдістемемен балабақшада баланы көркем шығарма арқылы байланыстырып сөйлеуге үйретуге қолдану ұтымды болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Тихеева Н. Развитие речи детей. М., 1972.
- 2.Таубаева Г. Мектепалды дайындығында оқу-тәрбие үрдісінде балалар әдебиетін пайдалану. Автореферат, п.ғ.к. Алматы. 2005.
- 3.Оралбай Н. Мәтінмен комплексті жұмыс әдістемесі. Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру-әрбір азаматтың наразы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Орал, 2006.
- 4.Оралбай Н., Құрманәлиев К.А. Қазақ тілі. – Алматы, 2006.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада мектеп жасына дейінгі баланың тілін дамытуда көркем шығарманың мәні және көркем шығарма арқылы грамматикалық тұлғаларды талдау жолдары қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы формирования грамматического строя устной речи детей дошкольного возраста через художественное произведение.

ЕКІНШІ ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ АУТЕНТТІ МӘТІНДЕРДІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Нұртаева А.Б.- оқытушы (Алматы қ., Қазмемкызпу)

Мәтін – екінші шет тілін оқыту мазмұнының маңызды бір құрамды бөлігі болып келеді. Мәтіндердің әдістемеді екі түрін ажырататыны белгілі: аутентикалық мәтіндер және оқу мәтіндері.

Қазіргі таңда екінші шет ел тілін оқытудың мақсаты мәдениеттер диалогында тілді шынайы тілдесім құралы ретінде қолдана білу дағдысын қалыптастыру болғандықтан оқытуда қолданылатын мәтіндер аутентикалық сипатта болуы маңызды.

Аутентикалық мәтін дегеніміз тіл иелерінің шынайы өнімі, яғни шынайы жағдайда пайда болған сол тілге, өмірге, күнделікті әрекетке тән мәтіндер.

Аутентикалық мәтіндерді бейімдеуге болады, алайда, ол өзінің аутентикалық сипатын жоғалтып алмауы қажет.

Оқу процесінде оқушыларға танымдылық жағынан құнды және тілін оқып жатқан елдің өмірін, тұрмысының ерекшеліктерін, мәдениетін бейнелейтін әр түрлі мәтіндерді ұсынған дұрыс /2/.

Арнайы әдебиеттерде аутентикалық мәтіндердің келесі түрлері ажыратылады:

1. Оқытуға бейімделген аутентикалық (дидактивизированный);
2. Жартылай аутентикалық;
3. Квази аутентикалық;
4. Аутентикалық.

Гальскова өз оқулығында аутентикалық мәтіндерді былай жіктейді:

1. Прагматикалық мәтіндер – телехабар тізімі, жарнамалар т.б;
2. Эпистолярлы – жеке және іскерлік хаттар, шақыру және құттықтау қағаздары және т.б;
3. Көркем әдебиеттен үзінді - өлеңдер, әңгімелер, сқақтар, эссе т.б;
4. Газет-журналдардан мақалалар.

Біз бүгінгі мақаламызда газет мәтіндерін оқыту жайлы сөз қозғаймыз.

Газеттің негізгі міндеті – қоғамдық сананы қалыптастыру.

Біз газет материалдарын оқуды тілдік бірліктерді меңгеруге арналған құрал ретінде қарастырамыз.

Газет оқудың көптеген тиімді жақтары бар.

- Газеттерді күнделікті оқу тілдің материалды есте сақтауға, сөздің қордың көбеюіне және де ауыз екі сөз дағдыларының дамуына септігін тигізеді.

- Газет тілдің қазіргі қалпын бейнелейді, газетте әдеби және ауыз екі сөздің тоғысуы көрініс табады .

- Газет жаңа хабардың көзі. Мазмұны өте кең, мәтіндерінің тақырыптары әр алуан. Кез келген оқырман өзіне қызықты, құнды болып келетін мәліметті таба алады.

- Аутентикалық мәтін түрлі болғандықтан газет мәтіндерінің лексикалық құрамы да әр алуан. Газетте қоғамдық-саяси терминалогиялық дамыған жүйесі, кәсіби терминдер, идиома, метафора, метонимия , эпитеттер, фразеология, қысқыртулар, кірме сөздер, геологизмдер және әр түрлі терминдер болуы мүмкін.

- Газет әр түрлі оқырмандармен жұмыс жасауға бейімделген. Сондықтан мазмұндық, стилистикалық жағынан да әр оқырманның көңілінен шығатындай болуы қажет.

- Алайда газет оқудың бұндай басым тиімді жақтарына қарамастан, тәжірибеге сүйенетін болсақ көптеген мұғалімдер газетпен жұмыстан аулақ жүруге тырысады. Бұның себебі тілдің және мазмұндық құрамының күрделілігі оқушылардың газетті оқып түсінуіне қиын соғады /4/.

Бұрын - соңды естімеген адам, жер-су аттары, белгісіз, түсініксіз тақырыптар т.б. Бұл бір жағынан дұрыс та. Себебі, газет – аутентикалық материал. Ол оқушылардың тілдік деңгейіне, дайындығына, елтанулық біліміне дағдыландырылмаған оқу құралы. Бірақ оның бұл ерекшелігі оның бір жағынан қайталанбас құндылығы, тиімді жағы болмай ма? Мазмұнының кеңдігі, газет тілінің ерекшелігі мұғалімге оқушының лексикасы мен грамматикасын толықтырып, ауыз екі сөзінің, оқу, аудару дағдыларын дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Шет ел тіліндегі газетпен жұмыстың тағы бір тиімділігі ол белгілі бір қоғамның өз тілінде, сол қоғамның мәдениеті жайлы сөз қозғайды, ойын білдіреді. Яғни мәдениет тілде бейнеленеді. Мәдениет тілде адам, жер – су аттары, әдет – ғұрпын сипаттау т.б арқылы өз көрінісін газет мәтінінің автордың өмірлік тәжірибесін, білімін, құндылықтар мен сенімдерін, қарым- қатынасы мен сезімдерін өз мақаласында білдіруінен табамыз. Сонымен, газет – бұл түрдегі әлеуметтік – мәдени хабардың құнсыз қайнар көзі болып табылады. Студент газетті көбірек оқыған сайын бұл әлеуметтік – мәдени мағынаны тереңірек түсініп, тілін оқып жатқан елдің мәдениетінің және өмір ағымының ерекшеліктеріне араласа түседі.

Оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, мазмұны да, формасы жағынан да оқытудың мақсаты мен жағдайларына сәйкес келмейтін жасанды оқу мәтіндерін қолдануға бағдарлануға жол бермейді. Ал шынайы мәтіндерді оқытуда қолдану оны әсерлендіреді және шынайы тілді шынайы меңгеру жағдайын жасауды қамтамасыз етеді. Шынайы аутентикалық газет мәтіндерін оқытудың әдістемесін тиімді және нәтижелі құру бұл мәтіндерді сапалы іріктеуге де байланысты/5/.

Екінші шет ел тілін оқытуда аутентикалық газет мәтіндерін іріктеу шарттарының негіздері:

1. Газет мақаласын мазмұндық жағынан ескіріп қалмайтындай көп жыл қолдануға мүмкіндігі;

2. Мәтіндердің хабарлығы;
 3. Мәтін тақырыптарының әр түрлігі;
 4. Газет мәтіндердің жанрларының ерекшеліктерінің ескерілуі.
- Газет жанрының келесі түрлері ажырытылады:

1. Хабар;
2. Корреспонденция;
3. Коментарий;
4. Репортаж;
5. Интервью.

Хабар – бұл хабар уақыт шеңберімен шектелумен, бүгінгі күнге қашан да өзекті бір мәлімет жайлы жариялау. Мазмұндық жағынан әр түрлі – елдің планетаның бүгінгі күнгі ресми хабарлары, жаңалықтары, хабарландырма, жарнамалар, радиотелехабарлар тізімі т.б. Әдетте газеттің соңғы беттеріне немесе қосымшада болады. Хабар мәтіні қысқа немесе кең түрде болуы мүмкін, хабарлау және сипаттау сөз формалары басым келеді, фразеологизмдер қолданылмайды, ең басты мәліметтің дәлдігін жеткізуге байланысты. Кей кезде хабардың тақырыбы (заголовок) берілмеуі мүмкін. Алайда соңғы кезде қандай қысқа хабар болуына қарамастан кез-келген мәтінге тақырып қою қалыпқа еніп жатыр. Тақырып 3 түрлі қызмет атқарады: тақырыпты жеткізеді, ойды білдіреді, тақырыпшалар жасайды. Графикалық безендіру (сөздерді ерекшелеу, астын сызу, түсін ерекшелеу т.б.) ұсынғанда автордың ойын, өз бағасын білдіру қызметін де атқарады/1/.

Хабар мәтіндерін оқыған кезде мұғалім автор мен оқушы арасындағы делдал ретінде роль атқарып, хабардың маңызды, негізгісін бөліп алуға көмектеседі.

Хабар мәтінінің ерекшеліктерін ескере отырып оқушы бойында мынадай дағдыларды қалыптастыру қажет:

1. Мәтіннің аты және бірінші сөйлемі бойынша хабардың тақырыбын, оқиғаның уақыты мен орнын, кейіпкерлерін анықтай білу дағдыларын;
2. Қысқа хабарда сөйлемдерді және кең хабарда мәтінді мағыналық бөліктерге бөліп және олардың мәтін аты арасындағы байланысты анықтай білу.

Газет мәтіндерін оқуға үйреткенде, сонымен қатар лексикалық қиындықтарды байқамау, сөздің қолдану қажетті мәліметті таба білу дағдыларын қалыптастыру да маңызды.

Газет мәтінің оқуды бастамас бұрын мұғалім мәтіннің бұл түрінің ерекшеліктерін тоқталып өту керек және мазмұның жалпылай қамту түріндегі оқуда мәтіндегі негізгі хабарды бөліп алып, не жайлы екенін түсіну жеткілікті. Ал жеке бөлшектерін, мазмұнын түсінуге қиындық туғызбаса қалдырып кетуге болады. Сонымен қатар, құрамында көптеген бөгеттер кездесетін мәтіндерді де оқуды үйрету маңызды. Бұл жағдайда сөздіктің көмегімен негізгі мазмұнды түсінуге қажетті сөздердің мағынасын біліп алу жеткілікті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Государственный общеобязательный стандарт образования Республики Казахстан. Министерство образования и науки Республики Казахстан. Официальное издание, Астана, 2004.
2. Бим И.Л. Концепция обучения немецкому языку как второму иностранному (на базе английского) – М.: Издательство МИПКРО.
3. Бим И.Л. Некоторые особенности обучения немецкому языку на базе английского. II Иностранные языки в школе, 1997, №4.
4. Гальскова Н.Д. Книга для учителя к учебнику «И так, немецкий!» по немецкому языку как второму иностранному для 7-8 кл.

- 5.Денисова Л.Г., Соловцова Э.И. Второй иностранный язык в школе. Иностранные языки в школе, 1995, №3.
- 6.Щепилова А. В. Концепция обучения французскому языку как второму иностранному (на базе английского). – М.: Издательство ДИСК
- 7.Щепилова А.В. Когнитивный принцип в обучении второму иностранному языку.//Иностранные языки в школе, 2003, №2.
- Hufeisen B/ Deutsch als zweite FS.In: Deutsch als zweite FS. 1999,Н.20.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются лингвистические особенности аутентичных текстов в изучении второго иностранного языка.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада шет тілдерін оқытуда аутентті мәтіндердің лингвистикалық ерекшеліктері қарастырылған.

ӨЗАРА ТІЛДІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ МІНДЕТТІ ШАРТЫ РЕТІНДЕГІ ЕКІНШІ ТІЛДІК ТҰЛҒАНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІН МӘДЕНИЕТ АРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Рахымжанова С.Қ. – оқытушы (Алматы қ., Қазмемқызпу)

Заманауи оқыту үрдістерінің мәнін ұғыну үшін, екінші тілдік тұлға концептінің сипаттамасына тоқталып кету қажет. Тілдік тұлға тілді саралауға деген /лингвистикалық/ көзқарастың және лингвистикалық зерттеулер идеологиясының өзгеруіне байланысты соңғы жылдары ғана назарға ілікті.

Екінші тілдік тұлға ұғымының мәнін неғұрлым толық және жан-жақты етіп Гальскова Н.Д. /1/, ал тілдік тұлға ұғымының өзін Караулов Ю.Н. /2/ қарастырады. Лингводидактика адамның басқа тілдік қатынасқа және оны қалыптастыру тәсілдеріне қабілеттілік механизмдерінің қызмет етуіне қатысты жалпы заңдылықтарды қалыптастырады. Ал біз әдіскерлер ретінде лингводидактикалық заңдылықтарды негізге аламыз да, оларды педагогикалық заң тұрғысынан алып, оқу үрдісінде жүзеге асырамыз /жаттығулар жүйесінде, оқулықтарда, оқыту құралдарында және т.б./.

Қазіргі лингводидактика өзінің орталық категориясы ретінде қайталама тілдік тұлға концептін ұсынады, мұндай концепт адамның басқа мәдениет өкілдерімен аутентті қатынас жағдайында тілдік әрекеттерді «өндіруге» дайындылық қабілеттерінің жиынтығы ретінде ұғылады.

Дайындылық қабілеттерінің мұндай жиынтығы шет тілді меңгерудің мақсаты да, нәтижесі де болып табылады. Сол себепті, оның шет тілдерді оқытудың қазіргі әдістемесі үшін де түбегейлі мәні бар.

Лингвистика шет тілдерді оқытудың әдістемесіне қатысты базалық ғылым болып табылатыны баршаға мәлім. Әдістеме осы күнге дейін негізгі лингвистикалық ұғымдар мен заңдылықтарды пайдаланып келді және одан әрі пайдалануда. Қандай да болмасын әдістемелік жүйе лингвистикалық ғылымның дамуының әрбір нақты кезеңіндегі тілдің бейнесінде құрылады.

Тілдік тұлға категориясы мәнінің ашылуы лингвистикалық ойдың даму тарихында көрініс табады.

Оның іргетасы 70-ші жылдардан бастап қаланды. Лингвистикалық зерттеулерде басым жүйеліліктен бас тартып, процессуалды, әрекетшіл лингвистиканы таңдау байқалады. Лингвистерді тілдің қатынас құралы екендігін жай констатациялау ендігәрі қанағаттандырмайтын болды /соссюрлік «өзінің ішіндегі және өзі үшін зат»/. Оларды қызықтыратын мәселелер аясына тілді әлеуметтік қарымқатынас барысында пайда болатын алуан түрлі мақсаттарға жету үшін қолданудың механизмін зерттеу қосылды /1/.

Яғни, ғылыми зерттеулердің негізгі мақсаты болып тілдің құрылысын ашу /ұғыну/ емес, оның қызмет етуі болып табылады.

Бұл бағытты қолдаушылар тілдің функцияларын коммуникативті актіге қатысушының тұрмысының, өмір сүруінің контексті мен ситуативті фактілердің /нақты коммуниканттың тілді нақты жағдайларда қолдануы/ түгелдей жиынтығы ескерілген жағдайда ғана анықталатындығы жөнінде шешімге келген. Қатынас жасау қабілетінің дамуы тек тілдік құзіреттің дамуымен, яғни тілдік құралдар мен әрекет жасау ережелерін білу немесе нақты тілдегі заңдарға сәйкес, шектеле алмайтындығы жөнінде тезис қалыптасқан. Қатынас жасау қабілетінің дамуы түрлі жағдайларда өзара әрекеттесулердің түрлерін анықтау, бағалау, қатынас жағдайын саралау, өзінің коммуникативті шамасын субъективті түрде бағалау және қажетті шешім қабылдау мақсатында тілдік құралдарды қолдану қабілетінің дамуымен байланысты.

80-ші жылдардан бастап, тілді саралау мен тілдік коммуникацияға деген көзқараста психологиямен байланыс күшейе түседі, ал бұл жаңа «тілдік тұлға» категориясының қосылуына әкелді.

Қазіргі лингводидактикадағы тілдік тұлға тілдік қабілеттердің, біліктердің, бір жағынан - тілдік қызмет түрлеріне қарай /сөйлеу, тыңдау, жазу және оқу/, екінші жағынан – тіл деңгейлеріне, яғни фонетика, грамматика, лексикаға қарай бөлінетін түрлі дәрежелі күрделілігі бар тілдік әрекеттерді жүзеге асыруға дайындықтың көпқабатты және көпкомпонентті жиынтығы түрінде көрініс табады /1/.

Тілдік тұлға ретінде жеке тұлғаның жай тілдік қабілеттері емес, адамның тілдік айтылымдарды жасауы және ұғынуы, тілмен қолдану қабілетінің өзі тайпалық қасиет ретінде /homo sapiens түрінде/ ұғынылады.

Төменде Караулов Ю.Н. берген тілдік тұлға моделі көрінісінің үш тәсілі келтірілді /2/:

I. Тілдік тұлға моделінің үш деңгейлі көрінісі:

1. Вербалды-семантикалық немесе құрылымдық-жүйелік деңгей; тілдік семантика, сөздердің ұғымдық байланысы; олардың тіркесуі мен лексико-семантикалық қатынастары деңгейінде өзіндік ерекшелікті көрсетудің мүмкіндіктері әлі де жоқ, бұл деңгей тұлға үшін нольдік, мәнсіз болып табылады, дегенмен оның қалыптасуы мен қызмет етуінің міндетті алғышартын құрайды. Оған екінші тіл туралы сөз қозғалған кезде, назар аударыла бастайды.

2. Лингвокогнитивті немесе тезаурустық деңгей; бұл деңгейде оның әлем картинасындағы, тезаурусындағы мәндер мен құндылықтардың анықталуы мен қалыптасуы жүзеге асырылады. Бұл жерде автордың баса көрсететіні: өзіндік тілдік тұлға нольдік деңгейден емес /ол вербалды-семантикалық деңгейді осылай анықтайды/, бірінші деңгейден /осы, яғни лингвокогнитивті деңгейді осылай анықтайды/ басталады, себебі тек осы деңгейден бастап жеке таңдау, бір ұғымнан екінші ұғымды артық көру және т.б. мүмкін бола алады, ал нольдік деңгей – сөздер, вербалды-грамматикалық жүйе, тіркесімдер нақты орын алған нәрсе болып қабылданады.

3. Ең жоғары – тілдік тұлғаның құрылысының мотивациялық деңгейі оның /тілдік тұлғаның/ дамуын, тәлімін алға жылжытатын, оның мәтін жасауымен басқаратын себептері мен мақсаттарының айқындалуы мен сипатталуын қамтиды. Яғни, ол жеке өзіншеленуге бейімделген, құрылымы жағынан тым айқын емес.

II. Тілдік тұлға моделінің екінші көрінісі тілдік тұлғаның біліктер жиынтығына немесе тілдік тұлғаның әртүрлі сөйлеу-ойлау қызметін жүзеге асыруға және түрлі коммуникативті өрістерді орындауға дайындығына сүйенеді.

III. Үшінші жолы тілдік тұлғаны үшдеңгейлі кеңістікте жасау әрекетін көрсетеді а/ тілдің деңгейлік құрылысы жөніндегі мәліметтер /фонетика, грамматика, лексика/б/; тілдік қызмет түрлері /сөйлеу, тыңдау, оқу, жазу/; в/ тілді меңгеру дәрежелері.

Шетел тілін оқытуға қатысты екінші тілдік тұлға ұғымына Гальскова Н.Д. былай деп анықтама береді: «адамның мәдениет аралық деңгейде шет тілде қатынас жасауға қабілеттерінің жиынтығы, бұл басқа мәдениет өкілдерімен өзара барабар қатынасты білдіреді. Ол оқытылатын тілдің вербалды-семантикалық кодын меңгеруден, яғни осы тіл тасушыларының өздері үшін жаңа әлеуметтік болмысты түсінуге мүмкіндік беретін «әлемнің тілдік картинасынан және әлемнің «ғаламдық» картинасынан қалыптасады».

Үйренушінің бойында оны мәдениет аралық коммуникацияның тиімді қатысушысы ететін екінші тілдік тұлғаның белгілерін дамыту шет тілдерді оқытудың стратегиялық мақсаты болып табылады.

Екінші тілдік тұлғаның қалыптасу үрдісі шет тілінің үйретілетін вербалды кодын меңгерумен және оны тәжірибе жүзінде қолданумен ғана емес, сонымен қатар нақты деңгейде оның санасында сол тілдің тасушысына тән «әлем картинасын» қалыптастырумен де байланысты болғандықтан, шет тілін оқыту үйренушіні өзге қоғамның концептуалды жүйесіне тартуға бағытталуы тиіс. Оны мәдениет аралық деңгейде өзара түсінісу мен барабар қатынас жасасуға қажетті зор көлемді тілден тыс ақпаратпен қамтамасыз ету, сонымен қатар оның бойында өзге мәдениет өкілдерімен тікелей және жанама қатынасты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қасиеттерді дамыту қажет.

Айырмашылықтарды түсіну және басқа құндылықтар жүйесі орын алған өзге қауымдастыққа қарасты тұлғаның себептері мен ұстанымдарын айқындау және түсіндіре білу өте маңызды.

Ең бастысы оқытылатын тіл елінің нормалары мен құндылықтары тұрғысынан тәрбиелеу мен мәдениеттану фактыларын құр жаттап алу емес, оқытылатын тілде сөйлейтін халықтың әлеуметтік-мәдени тәжірибесін өз тәжірибесімен салыстыра алу болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гальскова Н.Д. Межкультурное общение: проблема целей и содержания обучения иностранным языкам. // Иностранные языки в школе – 2004. №1, стр.3-8.
2. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. Москва, 1987.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада шетел тілін мәдениетаралық деңгейде меңгеруде екінші тілдік тұлғаның қасиеттерін дамыту қажеттігі қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается необходимость развития качеств вторичной языковой личности в овладении иностранным языком на межкультурном уровне.

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУ

Сәлімбаев О.С. - п.ғ.д., профессор,
Бәйнеш Ш.Б. - п.ғ.к., доцент (Алматы қ., Қазмемқызпу)

Білім - адамзат қазынасы, халықтың білімділігі-елдің байлығының ең маңызды бөлігі. Тәрбиелеу мен оқыту жүйесінде білім арқылы ең озық мәдениет пен дүниетаным қалыптасады. Мәдениет, дүниетаным, білім молайған сайын халық байлығы артып, дамыған елдер қатарынан орын алады. Ал керісінше болған жағдайда еңбек ету мен тәртіп төмендеп, экономика әлсіреп, әлеуметтік тұрақсыздық өріс алады.

Сонымен бүгінгі таңда тәжірибелер, зерттеулер нәтижесі бізге шетел тілінен берілетін білім мазмұны мен оқыту әдістерін жаңалау қажет екендігін үнемі алға тартып отыр. Өткен ғасырдың соңында көптеген оқулықтар мен оқу құралдары коммуникативтік негізде жасалып, көптеген ғылыми-зерттеу еңбектері жарық көрді. Кеңес дәуірінің соңында кеңестік ғалымдардың әдістеме саласындағы қол жеткізген үлкен жемісі болып саналатын тиімді тәсілдерінің бірі - шетел тілін оқытудың коммуникативтік бағдары. Бұл тәсіл шетел тілін оқытуда өз маңызын әлі де жойған жоқ, сондықтан да біз оған жеке тоқталуды жөн көріп отырмыз.

«Коммуникативтілік» деген сөздің мағынасы үлкен энциклопедиялық сөздікте «қарым-қатынас жасай алу қабілеті, көпшіл, ашық болу» дегенді білдіреді делінген.

Ал осы мәселе жөнінде, яғни шетел тілін оқытудағы коммуникативті біліктік деңгейді Германияның оқу бағдарламасын жасаған неміс ғалымдары Г.Нойнер, Г.Хунфельд былай түсіндіреді: «коммуникация тіл және іс-қимыл (күлу, дауыс ырғағы сияқты) әрекеттер арқылы болады. Ол алдын-ала жоспарланған, дайындалған болуы немесе жоспарланбаған болуы мүмкін. Сабақ үстінде әдетте дайындалған, жоспарлы сөйлеу коммуникациясына көңіл көп бөлінеді. Оқушылардың сабақта айтылған хабарлардың мағынасын түсінуі, олардың түпкі мақсатын танып білу және өзінің жеке мақсатын іске асыруы өте маңызды іс. Осы біліктілік коммуникативтік біліктілік деп аталады».

Коммуникативтік біліктілік төмендегідей оқу мақсаттарын қамтиды:

1. Когнитивті мағыналық мақсат, яғни оқушы коммуникативтік жайттарды, әңгімелесу, сөйлесу, қарым-қатынас туындайтын жағдайларды таба білу керек. Ол өзінің коммуникативтік іс-әрекетінің, сөйлесуінің, қарым-қатынас жасауының барысында осы жайттарды ескеруге дағдылануы, үйренуі қажет.

2. Әлеуметтік мақсат, оны жүзеге асыру кезінде оқушы өзін өзі қалай ұстайтынын біле отырып, өз іс-әрекетіне жауап бере алады. Алға қойған мақсатына басқалармен бірге жетуге ұмтылады, сондай-ақ қарым-қатынас жасайтын әріптесімен жеке тұлға ретінде тең жағдайда болуға тырысады.

3. Лингвистикалық біліктілік мақсаты. Бұл мақсатқа сәйкес оқушы ойларын, іс-әрекетін сөйлеп жеткізе алуға ынталы болады.

Бұл үш компонент бөлек-бөлек емес, керісінше өзара тығыз байланыста болады деп пайымдайды Г.Нойнер.

Осы аталған коммуникативтік біліктілікке қалай қол жеткізу жолын іздестіруші әдіскерлердің бірі Е.И.Пассовтың пікірі бойынша шетел тілін оқыту мына жайттарды ескергенде коммуникативтілікке ие болатынын байқаймыз:

1. коммуникативтік сипаттағы оқыту тәсілдерін пайдалану;
2. арнайы жаттығулар жасау;
3. бүкіл оқу процесін мақсатты түрде ұйымдастыру.

Коммуникативтік әдістің жаңалығы неде, ол оқыту ісін қалай ұйымдастырады дегенге келсек, оның төмендегідей ерекшеліктері бар.

1. Коммуникативтілік оқу процесіндегі білік, дағдыны жетілдіруге бағытталады. Шетел тілінде үнемі сөйлеу оқушылардың тілді білмеймін-ау деген қорқынышын, күмәнін сейілтп, оқуға қызықтыра түседі. Ол үшін барлық жаттығулар сөйлеуге жетелейтін мақсатты көздеуі керек.

2. Коммуникативтік бағытта оқыту оқушының жеке бас ерекшелігін ескеруді көздейді, яғни шәкірттің бойындағы барлық жеке қасиеттері ескерілуі тиіс. Бұл оқушының белсенділігін арттырып, оқуға ұмтылу үшін ең басты, нақты құрал болып саналады.

Шетел тілін оқыту барысында оқушыны сөйлету үшін сабақта берілетін тапсырма оқушының қызығушылығына сай болуы тиіс. Сондықтан оқушының жеке басындағы қызығушылығын, неге бейім екендігі сияқты т.б. қасиеттерін ескеру керек. Дәл осындай пікірді Германиялық ғалым У.Брайд-Клайдер де айтады. Тек осы жағдайда ғана оқушының ішкі белсенділігін арттыруға мүмкіндік туады. Оқушының ішкі белсенділігі артқан кезде ол өзі-ақ сөйлеуге, сөйлесуге, қарым-қатынас жасауға бейім тұрады. Оқушының жеке басындағы қасиеттерін ескеруді аталған ғалымдар оқытудың заңдылығына жатқызады.

3. Коммуникативтілік функционалдықпен де байланысты, өйткені кез келген сөз коммуникация процесінде белгілі бір қызмет атқарады.

Қазақ орта мектебін бітірген оқушылар сөздерді, грамматиканы біле тұра оларды сөйлегенде еркін пайдалануы әлі де кемшін түсуде. Оның себебін оқыту тәсілдеріндегі кемшіліктен, сөздерді меңгеріп, оларды сөйлегенде қалай қолдануды үйрету ісінің нашарлығынан іздеу керек. Оқушы тілді үйренудің басынан бастап сөздерді іс жүзінде сөйлеу барысында қолданып жаттықпаса, кейін оларды есіне түсіре алмайды, сондықтан да дұрыс қолдана да алмайды.

Коммуникация жағдайына сай материалдарды таңдап алу төмендегі ұстанымдарға сүйене отырып іске асырылады.

- а) материалдар оқушыға қажетті коммуникация аумағына сай көлемде таңдалады;
- ә) лексика минимумға жиі қолданылуы бойынша емес белгілі бір ситуацияға қажетті сөйлеу мақсатына қарай енгізіледі;
- б) тіл материалдары белгілі бір тақырыптарға ғана байланысты тар ауқымда емес, адамдар арасындағы түрлі қарым-қатынас проблемаларын талқылау үшін таңдалып алынады;
- в) тілдік материалдар негізінен шетел тілі еліне байланысты емес, оқушының еліне, жеріне байланысты проблемалар жайлы айтуға, әңгімелесуге сай таңдап алынғаны дұрыс. Яғни тілдік құралдар жүйесі мен материалдарды тақырыптар мен грамматика төңірегінде емес, ситуация мен сөйлеу мақсатына қарай пайдаланғанда ғана коммуникативтілікке қол жеткізіледі.

Лексика, грамматика және фонетика тілдің бөлінбес үш аспектісі. Ал сөздің лексикалық, грамматикалық және айтылу сияқты үш жағы бар. Бұл үшеуі өзара тығыз байланысты. Олардың бірінсіз бірі жеке-дара меңгерілуі тілді функционалдық бірлігінен айырады. Сөз де, сөз тіркесі де тілдік бірлік ретінде меңгеріледі.

4. Коммуникативтілік, коммуникативті бағытта оқыту әдісі оқытудың ситуативті болуын талап етеді. Себебі, ситуативтілік сөйлеу дағдысының табиғи қасиеті болып табылды. Ситуативтілік болмаған жерде үйренген сөздер мен грамматикалық материалдар қажетті кезде қолданылмай, оқушының есінде бір қалтарыста қала береді. Ситуативтілік сөйлеуге ынталандырудың бір түрі ретінде, сөйлеу біліктілігін жетілдіретін әдіс ретінде әрі белгілі бір мақсатқа, нәтижеге

жетуге бастайтын қасиетімен де құнды екендігі бұрыннан-ақ әдіскер ғалымдардың көптеген еңбектерінде қаралып келеді.

Сөйлеуге үйрету үшін қажетті ситуацияларды мынадай жолдармен жасауға да болады:

- а) «көз алдына елестетіп көр» және «қиялдап көр» деген сияқты т.б. тапсырмалар арқылы ситуациялар құру;
- ә) белгілі бір ситуацияны жасайтын сурет немесе ситуацияны дамыта, күшейте түсетін суреттер тізбегін қарап, соның көмегімен сөйлеу;
- б) оқушыны қоршаған күнделікті өміріндегі болып жатқан жағдайына ұқсас, сәйкес келетін нәрселерді сипаттау. Ситуацияны бұлайша шектеу оны оқушыны ойландыратын тапсырмаларға айналдыруға мүмкіндік береді. Ал бұрынғы оқыту әдісінде оқушылардың өздерін ойланту мәселесі көбінесе ұмыт болып қалып келгені рас.

И.В.Рахманов «заттық ситуация» мен «қарым-қатынасқа байланысты ситуацияны» бөліп қарау керек деген пікір айтқан. Ол негізінде осындай ситуациялардың тақырыптарымен бірге бағдарламаға енгізуді ұсынған болатын. Заттық ситуациялар оқушылар өз жанұясын, үй ішін т.б. өзіне жақын нәрсені суреттегенде пайда болса, қарым-қатынас ситуациялары шәкірт бір нәрсеге, біреуге өзінің жеке көзқарасын, қатысын білгенде жасалынады. Бұндай ситуациялар бір нәрсе жайлы ойлап, өз ойын білдіргісі келген жағдайда құралады. Сабақта әсіресе қарым-қатынас ситуацияларын пайдалану, практикалық міндеттерді іске асыруға мүмкіндік жасайды, өйткені олар белгілі бір проблеманы қозғап, соған арнайы құрылады. Сабақ үстінде ситуациялар құру, әсіресе қарым-қатынас ситуацияларын пайдалану, практикалық міндеттерді іске асыруға мүмкіндік жасайды, өйткені олар белгілі бір проблеманы қозғап, соған арнайы құрылады. Бұл қазіргі неміс ғалымдары М.Вальдегер мен М.Мюллердің «Kontaktschwelle Deutsch als Fremdsprache» атты еңбектерінде іске асырылған. Олар ситуацияларды «заттық, қарым-қатынастық» деп бөліп қана қоймай, оларға қатысты тақырыптарды да нақты көрсетіп берген. Ғалым И.В.Рахмановтың көзқарасын кеңестік ғалымдар ішінде Е.Пассов жетілдіре түседі. Ол оқытудың ситуативті болуы сабақ үстінде айтылатын сөздердің барлығы оқушы мен оқытушыға, оқушыларға олардың қарым-қатынасына байланысты қарастырылуын талап етеді. Оқытудың ситуативті болуын дұрыс түсініп, дұрыс қолдану қажеттігін айта келе Е.Пассов «ситуация-өзара әңгімелесетін, сөйлесетін кісілердің бір-бірімен қарым-қатынас» екендігіне назар аударады. Яғни қарым-қатынас неғұрлым терең әрі жан-жақты болса, соғұрлым сөйлеуге дайындалу процесі жеделдетіліп, оңайлана түседі, өйткені сөйлеу негізінде белгілі бір контекст тұрады. Ол контекст қарым-қатынас жасайтын адамдардың іс-әрекеті. Әдетте оқулықтарда қолданылатын «көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойыңдар», «етістіктерді қажетті шақта қойыңдар» деген сияқты жаттығуларда ешқандай ситуация жоқ, олар, әрине, сөйлеуге жетелемейді, дағдыландырмайды.

Ал сөйлеу үшін ең алдымен, оқушыларды тіл арқылы қарым-қатынас жасауға ситуациялар арқылы үйрету керектігін негізге ала отырып, Е.Пассов мынадай байлам жасайды: біріншіден, оқушылардың өзара іс-әрекет жағдайын ескергенде ғана сөз әрекеті іске аса алады; екіншіден, ситуацияларды үнемі өзгертіп жаңалап отырғанда ғана оқыту нәтижелі болады; үшінші, ситуация оқушыны өз бетімен ізденуге мәжбүр етеді, себебі ол ес, ойлау сияқты жеке бас қабілетіне сүйенеді.

Оқытудың ситуативтілігі оқушылар мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасқа негізделген жағдайда ғана сабақ үстінде қатынас ситуациясы пайда болады. Е.Пассов өзінің ұзақ жылдар бойы жүргізген ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде коммуникативтік оқытуда «ситуация» мен

«ситуативтілікті» анықтап алу қажет екеніне көз жеткізген. «Ситуация – дегеніміз, қарым-қатынас жасаушылардың, сөйлесушілердің санасында қалыптасқан өзара қарым-қатынасының жүйесі»; ал «ситуативтілік дегеніміз – осы қарым-қатынастармен байланыс» деп қорытынды жасайды. Ол іс-әрекеттерде өзара қарым-қатынастарда мынадай жетекші факторлар болады деп көрсетеді:

а) статустық; ә) рольдік; б) іс-әрекеттік; в) ізгілік.

Статустық (дәрежелік) факторға келсек өзара қарым-қатынас жасайтындар қоғамның түрлі саласында еңбек ететіндер (жұмысшы, дәрігер, студент т.б.), әр түрлі жастағы кісілер т.б. болуы мүмкін. Осында әлеуметтік статустар олардың қарым-қатынасын қандай бағытта, не жайлы болатынын анықтайды.

Қарым-қатынас пен іс-әрекет тығыз байланысты екендігін айта келе, А.Н.Леонтьев сөзді «мынау қасық», «мынау нан» деп емес, киіндіру, ішіндіру сияқты эмоциялық іс әрекет арқылы үйрету керектігін айтады. Яғни оқытуда іс-әрекеттің барлық түрін пайдалану қажет.

Қарым-қатынас процесі оқытудың мақсатына, жағдайына мүмкіндігіне қарай үнемі өзгеріп отырады. Сөйлеуші сол жағдайларға байланысты қарым-қатынастағы барлық өзгерістерді ескеріп отыруына тура келеді. Оқушыларды қарым - қатынастың әр түріне дайындау үшін материалдарды әрдайым түрлендіріп отыру керек. Осы ұстаным бойынша тілдік дағдылар өзгертіліп отырылуы тиіс. Бұл оқушылардың сөйлеу біліктілігін жетілдіріп, айтқысы келгенін басқаша жеткізуге, тез сөйлеуге көмектеседі. Сонда ғана оқушылар жаңа материалды іс жүзінде қолдануға тезірек төселеді. Материал жаңа болуға тиіс, сонымен қатар қайталау кезінде сол қалпында емес, басқа контекстерде түрлендіріп берілуі керек, солай еткенде ғана оқушылардың білік, дағдылары бірте-бірте дамып отырады.

Соңғы жылдары шетел тілінде сөйлеуді продуктивті түрде меңгеруге, басқаша айтқанда арнайы дайындықсыз сөйлеуге дайындау ісіне ғалымдар көп көңіл бөлуде. Оған қол жеткізу үшін материалдар әрі жаңа, әрі қызықты болуы тиіс. Жаңа материалдар оқушыларды қызықтырса, екінші жағынан тиімді тәсілдерді қолдана отырып оқыту да олардың ынтасын арттырады. Қызығушылық пайда болу үшін материалдардың жаңа болу ұстанымына мынадай факторлар әсер етеді:

- 1) материалдар мазмұнының жаңа болуы;
- 2) сабақ түрлерінің жаңа болуы;
- 3) сабақ үстінде істелінетін жұмыстардың жаңа түрінің көп болуы;
- 4) сабақта сөйлесетін әріптестердің өзгеріп отыруы;
- 5) жұмыс тәсілдерінің жаңа болуы;
- 6) жұмыс түрлерінің жаңа болуы: сабақтан тыс, үйірме, дәстүрлі емес сабақ, факультатив т.б.;
- 7) оқытудың техникалық құралдарының жаңа, түрлі-түрлі болуы.

Материалда әрқашан жаңа бір ақпарат болуы өте пайдалы. Бір материалды бірнеше рет өзгеріссіз қайталау жаңалық әкелмейді, әлі коммуникацияға жатпайды. Осы пікірді неміс тілін шетел тілі ретінде оқыту әдістемесімен айналысатын Германиялық ғалымдардың еңбектерінен де кездестіреміз. Коммуникативтік оқыту Германияда жетпісінші жылдардың басында басталып, қазір әрі қарай дамытылуда.

Бұл мәселеге өте үлкен көңіл бөлініп, кейін көптеген оқу-әдістемелік құралдар дайындалған. Шетел тілі коммуникация құралы болуы үшін оқушыға не қажет деген пікірталастар болып, коммуникативтік оқыту әрі қарай зерттелуде. Қазір Германияда білім беру, оқыту ісі негізінен коммуникативтік бағытта жүргізілуде.

Коммуникативтіліктің қандай жағдайда нәтижелі болатынына мұғалімнің тигізер ықпалы үлкен және оқыту барысындағы білім сапасына да мұғалімнің үнемі көңіл бөліп отыруы аса маңызды. Шетел тілі пәнін оқыту коммуникативті бағытта болуы үшін оқудың, оқытудың, белгілі бір талпындырушы күші болмаса оқытуда нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. «Талпындырушы күшсіз іс-әрекет болмайтынын» А.Н.Леонтьев те айтады. Ал ондай ұмтылыс жоқ жерде коммуникативтілік бар деп айтуға да болмайды. Шетел тілін оқытуды бастаған алғашқы күннен-ақ ақыл-ой, ес, сөйлеуді жетілдіру барлығы ескеріліп отырған жағдайда ғана оқыту нәтижелі болмақшы.

Шетел тілін оқуды бастағанға дейін оқушылар ана тілін меңгеріп, сөйлеу механизмдері жетіліп келеді. Бірақ бұл жағдайды мұғалімдер орта мектепте кейде ескермей, ана тілі мен шетел тілін меңгеру арасында көп айырмашылық бар деп қателеседі. Оқытудың коммуникативтік тәсіліне зерттеу жүргізген А.Н.Леонтьев те бұл тәсілдің бұрынғы Кеңестер Одағында орта мектептерде орыс тілін коммуникативті бағдарда оқыту 1982 жылдан бастап қарқынды іске асырылғанын айта келе коммуникативтік әдіс өзіне артылған сенімді толығымен ақтап шыққанына, орыс тілін шетел тілі ретінде оқытудың нәтижелі болғанына тоқталады. Бірақ ол осы әдісті ғана бірден бір дұрыс жол деп, басқа әдіс - тәсілдерді жоққа шығаруға болмайтынын айтады. Бұл пікірді коммуникативтік оқыту әдісіне арнайы зерттеу жұмысын жүргізген М.К.Кабардов та мақұлдайды.

Қазіргі кезде ақпарат хабарлар ағымы және оларды беретін, халыққа жеткізетін әдіс-тәсілдер, техникалық құралдар өте көп. Орта мектепте хабарлар негізінен ауызша және жазбаша түрде беріледі де, техникалық құралдар хабарларды жеткізуге көмектеседі.

Хабарларды беру, жеткізу процесі коммуникация деп, ал оған пайдаланылатын, қолданылатын заттар жиынтығы коммуникацияның (жүйесі) құралдары деп аталады. Коммуникация өзінің пайда болуы, шығуы, дамуы, жағынан қоғамдық көрініске жатады. Коммуникацияның мақсаттары әлеуметтік болып табылады, әрі қоғамдағы өзгерістер оған ықпал етіп, әсерін тигізіп отырады дейді О.Л.Каменская. Бұл көзқарасты Б.В.Забавников пен Г.В.Колшанский де өз еңбектерінде толықтыра түседі. Қарым-қатынас жасау, өзара сөйлесу барысында кім сөйлеп тұр, кіммен сөйлесіп тұр, не жайлы айтып тұр, қай тілде, не үшін, қандай жағдайда сөйлесіп тұр, оның нәтижесі қандай деген сияқты факторлардың маңызы үлкен деп есептейді.

Сөйлеуші белгілі бір ситуацияда өз ойын айту арқылы тыңдаушының көзқарасын немесе тәртібін т.б. өзгертуге, оған ықпал етуге талпынады. Айтылған сөздің негізінде сөйлеушінің коммуникативтік көз-қарасы жатады. Сөз белгілі бір адресатқа, тыңдаушыға бағытталады, яғни сөйлеуші, тыңдаушыға ақпарат хабар беріп қана қоймайды, сондай-ақ оған ықпал етуді де көздейді. Адамдардың сөйлеу мәнеріне олардың әлеуметтік жағдайы, мәдениеттік деңгейі, адамгершілік, этикалық нормаларды игеруі, жасы, мінезі т.б. сияқты жеке бас қасиеттері, ал кейде белгілі бір ситуацияда адамдардың сол кездегі психикалық және физикалық жағдайы, көңіл-күйі, қызығушылығы т.б. да әсер етеді екен. Осы жайттарды ескере келіп коммуникацияның тиімділігін арттыратын мынадай жағдайларды атап көрсетуге болады:

1. Автордың интенциясы – яғни сөйлеуші ақпарат хабарды жай ғана айта салмайды, ол өз сөзін, айтар ойын белгілі бір мақсатты көздеп барып құрастырады. Яғни сөйлеушінің коммуникативтік қарым-қатынасы тыңдаушының коммуникативтік деңгейіне сай болуға тиіс.
2. Прагматикалық бағдар бойынша айтылатын ой, сөздің дұрыс берілуі тыңдаушыға дұрыс жетуіне, сөздердің қаншалықты дұрыс немесе бұрыс таңдалып алғанына тікелей байланысты болады.

3. Коммуникация өзара сөйлесушілердің, қарым-қатынас жасаушылардың жалпы білім, білік деңгейіне әлеуметтік тәжірибесіне, тілді қаншалықты білетіндігіне негізделеді.

Г.В.Колшанский коммуникативтік интенцияларды төрт түрге бөледі:

1. Белгілі бір тақырыпқа бағытталған (өз дәлелдерін келтіріп, әріптесінің көзін жеткізу, хабардар айту, өз пікірін білдіру);
2. Іс-әрекетке бағытталған (тыңдаушының белгілі бір іс әрекетті тудыруы, өзінің іс - әрекетін түсіндіру);
3. Көңіл-күйіне бағытталған (көңіл-күйін білдіруге ұмтылу: жек көру, қуану, ашулану т.б.);
4. Қарым-қатынас орнатуға бағытталған.

О.Л.Каменскаяның пікірінше коммуникация екі топқа бөлінеді. Бірінші топқа – бұқаралық ақпарат құралдары: радио, теледидар, түрлі басылымдар, әдеби шығармалар жатады. Коммуникацияның екінші тобына ол адамдар арасындағы өзара қарым-қатынасты жатқызады. Бұған телефон, телеграф, почта қызметі, әңгімелер, емтихандар, сөйлесу т.б. қарым-қатынастар жатады. Осы пікірді басқа да ғалымдар өз зерттеулерінде қолдайды. Коммуникация көбінесе ауызша (радио, теледидар, кино) және жазбаша (пресса) түрде іске асады. Екі жағдайда да коммуникацияның негізінде мәтін жатады.

Соңғы кезде коммуникацияның тағы бір түрі пайда бола бастады. Ол – «адам –ЭЕМ» немесе, толығырақ айтсақ, «коммуникацияның адам мен машиналық жүйесі». Көптеген ғалымдар коммуникациялық хабарлар негізінен мәтіндер арқылы берілетінін айтады. Мәтін көпшілік коммуникация да, өзара қарым-қатынас коммуникациясында да қолданылатын универсалды құрал болып табылады. Ал орта мектеп жағдайында оқушылардың сөйлесуі, хабарлар алып, әңгімелер айтуы т.б. көпшілік коммуникация түрінде де, өзара қарым-қатынас коммуникациясы түрінде де, сондай-ақ «адам-ЭЕМ» түрінде де жүзеге асырылады.

Сонымен, ілгеріде көрсетілген көзқарастарды талдай, қорыта келгенде, оқытудың коммуникативтік әдісінің мынадай тиімді жақтарын атауға болады екен:

- оқытудың сөйлеуге жетелеуі;
- баланың әлеуметтік және жеке бас ерекшелігін ескеру;
- оқытудың адамгершілік қасиетке негізделуі;
- шетел тілінің балаға күнделікті өмірде керек екендігін түсіндіру.

Елімізде білім беру саласын, мектептерді қайта құру, жаңалау ісі жүріп жатыр. Мектептегі демократия мен ізгілік, ынтымастық, педагогтардың кәсіби шеберлігі мен мамандық дәрежесін арттыру, шығармашылық ізденісіне жол ашу – кезек күттірмейтін шаралар. Мектеп тәжірибесінде шетел тілін қыту процесінің тиімділігін арттырудың, оқыту түрлерін жетілдірудің әдістері кеңінен қолданыла бастады. Сол әдістердің бірі оқытудың коммуникативтік тәсілі. Біз өз зерттеу жұмысымызда тілді коммуникативтік мақсатта қолдануға қандай талаптар қойылатынын да назардан тыс қалдырмауды жөн көрдік. Осы мақсатпен атақты әдіскер ғалымдар бұл мәселеге қандай еңбектер, зерттеулер арнағанымен таныстық.

И.В.Рахманов оқушы өзі оқып жүрген шетел тілін коммуникация құралы ретінде қолдануына мынадай кедергілер бар екендігін айтады:

Біріншіден, оқушы шетел тілін өз ана тілін толық меңгергеннен кейін оқи бастайды. Ал ана тілі шетел тіліне оқушының еркінен тыс тиімсіз ықпал ететіні белгілі. Екіншіден, шетел тілін табиғи ортадан тыс жерде үйренгенде оқушыда сол тілді үйренуге талпыныс тым аз болады. Қазіргі орта мектепке табиғи емес

ортада шетел тілін үйреніп жүрген оқушының өз білімін болашақта қолдана алатынына кейде нақты көзі жете бермейді, анық білмейді. Бұл жағдайдан шығар жолды табуды соңғы кезде ғалымдар қолға алуда. Олар сабақты неғұрлым қызықты ету үшін, оқу-әдістемелік кешен, оқыту тәсілі, әсіресе бастапқы сатыда, ауызша сөйлеуге арналған жаттығулардың көптігі көмектесетініне баса назар аударуда. Ал шетел тілін табиғи ортада үйренген жағдайда сөйлеуге деген шынайы талпыныс еріксіз пайда болады.

И.Л.Бим мен А.А.Голотина т.б. көптеген ғалымдар, орта мектепте сабақ беретін мұғалімдер де шетел тілін меңгеруге кедергі келтіретін тағы бір себеп - оған бөлінетін сағат санының аздығынан деп біледі. Өзі табиғи ортадан тыс оқылып жатқан пәнге бұл жағдайдың нұқсан келтіретінін ғалымдар үнемі айтып келеді. Тілдің табиғи ортасында тіл үйренуші уақыт жағынан шектелмейді, күні бойы сол тілдегі сөзді естиді, сол тілде сөйлеседі. Ал табиғи ортадан тыс, мектепте тіл үйренуші аптасына екі-төрт сағаттан артық бұл тілді қатынас құралы ретінде қолдана алмайды. Бірқатар ғалымдар (И.В.Рахманов, Н.И.Гез, О.И.Маскальская т.б.) орта мектепті бітірген оқушы жеткілікті сөз қорын игеріп, білім, білік дағдыларын дұрыс пайдалана алуы үшін көп жаттығулары керек деп ой түйеді. Ауызша сөзді жетілдіру үшін жасалатын жаттығулардың көбісі тіл және сөз жаттығулары ретінде беріледі және ондай жаттығуларсыз оқушыларды сыныпта сөйлету мүмкін емес. Шетел тілінде меңгерілетін лексикалық материалдардың бағдарламаларда рецептивті және репродуктивті болып бөлінуінің маңызы зор. Оқушылар ана тілін жақсы білетіндіктен, тілдік материалдар рецептивті меңгеруден репродуктивті меңгеру сатысына қиындықсыз өте берсе, шетел тіліндегі тілдік білім, білік дағдылардың жетіспеуінен бұл құбылыс өзінен-өзі бола салмай, арнайы жаттығуларды қажет етеді. Алайда, бара-бара білік дағдылары жетіле келе, дұрыс сөз үлгілерін көптеп ести келе оқушы өзінің сөз қорын байытады да, рецептивті түрде меңгерген сөздері репродуктивті түрде қолданылатын сөздерге айналады.

Оқушылардың сөйлеген сөзі жатық болуы үшін олар тақырыптарға байланысты емес бірталай басқа сөздерді де білулері керек. Ондай сөздер қатарына сәлемдесу, әдептілік ишараттарын, өтінішті, баға беруді білдіретін сөздер жатады. Мысалы, «Сәлеметсіз бе?», «Қайырлы кеш», «Рұқсат етіңіз...», «Бұл қызық екен, түсінікті, жақсы...» т.б.

Коммуникативтік қарым-қатынас үшін оқушының сөздік қорында зат есімдер мен етістіктердің, есімдіктер мен көмекші сөздердің болуының маңызы үлкен. Мысалы, Sache, Ding, Frage, machen, tun, es, und, in. Бұндай сөздердің көмегімен көп нәрсе жайлы білуге, түрлі ойды білдіруге болады. Сондай-ақ көмекші сөздердің ішінде nicht, niemals, niemand, nirgends деген жоққа шығаратын сөздердің; заттың қайда екенін шамамен білдіретін, іс-әрекеттің санын немесе мезгілін білдіретін: da, links, rechts, unten, oben, ungefähr, damals; сөздерінің sicher, wohi, vielleicht, wahrscheinlich модальды сөздердің; сондай-ақ істің, қимылдың басталуын, аяқталуын, жалғасуын білдіретін сөздердің т.б. да алар орны ерекше.

Ал осы сөздерді қамтитын ілгеріде аталған тақырыптарға келсек, оларға қатысты ситуацияларға тоқталмай кету мүмкін емес. Ситуациялар негізінен мынадай болады: Барлық әңгімелер біздің елімізде болады да, ал сөйлесетін әріптестер – шет елдіктер болады. Мұндай ситуациялар заттарға және қарым-қатынастарға байланысты болуға тиіс. Сонымен бірге суреттеу пікірталас ситуацияларын да атаған жөн. Мысал келтіре кетелік.

Заттарға байланысты ситуациялар: а) Мектепте: Германиядан келген оқушылар біздің оқушылардан қандай кітаптар, пәндер оқитындарын сұрайды. Бұған табиғат т.б. туралы суреттеу де кіреді. ә) Көшеде: шет елдікпен көшеде, метрода кездесу. Шет елдік біздің қалада алғаш рет болғандықтан жол сұрайды.

Қарым-қатынас (пікірлесу) ситуациясы. а) Мектепте: отбасы туралы фильмді талдау. ә) Көшеде: автобуста шет елдікпен әңгіме. Суреттеу ситуациялары. 1. Оқушы шет елдікке көшеде жол сілтеп, қаланы суреттейді. 2. Германиядан келген мұғалім оқушылардан мектеп туралы сұрайды.

Пікірталас ситуациялары. 1. Оқушы қызыл шамға қарамай көшеден өтеді. 2. Оқушы үш күн бойы сабаққа келмей қалады.

Оқытудың бастапқы сатысына арналған ситуациялар арнайы құрылуы тиіс. Ол келешек зерттеулердің міндеті.

Лексиканы коммуникативтік мақсатта қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін ең әуелі оларды қандай әдіс - тәсілдер арқылы үйрету керек деген сұрақ туады.

Е.И.Пассов сөздерді коммуникативтік мақсатта қолдану үшін мынадай жайттарды ескеру керектігін айтады .

а) қажетті сөзді еске түсіру;

ә) сөзді өзіне қажетті ситуацияға сәйкес басқа сөздермен байланыстыра сөйлем құрап, дұрыс қолдана алу.

Енді осы аталғандарды ескере келе жаңа сөздерді пайдалану дағдыларын қалыптастыруда кедергілер барына тоқталайық.

Бірінші, оқушы басқа сабақтан шетел тілі сабағына келгенде ол әлі де сол сабақтың әсерінде болғандықтан жаңа сөзге мән бермейді.

Екіншіден, алдымен жеке сөздерді жаттап, оларды содан соң қолдануға үйрету оқушылардың белсенділігін арттырмайды. Оның үстіне сөздерді сөз әрекеті түрлерінде қолданып, жаттығуға мүлде аз ғана уақыт қалады. Ал сөздерді есте сақтай отырып, бір мезгілде қолданса, дағды жеңілдірек қалыптасады.

Үшіншіден, сөзбен істелетін жұмыс оның мағынасын ашумен шектелмеуге тиіс. Өйткені сөзді қолдануда оның мағынасын емес, тіркесуінің атқарар қызметі үлкен. Сөзді дұрыс меңгере алу оның міндетін, қызметін жетік білуді талап етеді.

Бір жағынан оқытудың бастапқы кезеңінде оқушылардың өз беттерімен өздерінің күнделікті өмірлеріне байланысты проблемаларға саяси және моральдық мәселелерге қатысты көзқарастарын айтып жеткізу қабілеті онша дамымаған, жетілмеген болып келеді. Ал, мұғалім бұл жағын жетілдірсе, сөзқоры жетіспей жатады. Осы қиындықтан шығатын жолды іздестірген В.С.Коростелевтің пікірінше, тілді коммуникативтік мақсатта қолдану үшін ең әуелі екі проблеманы шешіп алу керек: бірінші, оқушы жаңа сөзді қажет ететіндей жағдай туғызу, екіншісі ол сөзді оқушы қолдана алатындай ыңғайлы етіп беру қажет .

Бұл аталған проблемаларды шешу үшін біз Н.П.Бехтереваның және В.С.Коростелевтің зерттеуіне сүйендік. Н.П.Бехтерева зерттеуінің нәтижесіне қарағанда, шәкірт сөзді есте сақтау үшін ол сөз оның эмоциясына әсер ететіндей аса мәнді болуы керек. Сонда ғана оқушы сөздерді есінде сақтап, оларды өз ойын жеткізу барысында дұрыс қолдана алады. Осы міндетті шешу үшін Н.Бехтерева сабақтың басында үш, төрт минуттық үзінді фильм көрсетіп, содан соң жаңа сөздерді таныстырады. Сол арқылы сөздерді меңгерудің талпындырғыш негізін жасайды. Егер арнайы фильмдер жоқ болса, балалар мен жас өспірімдерге арналған фильмдерден үзінділер алуға болады немесе сюжетті суреттер тізбесін пайдаланады. Үзінділер балалардың жас ерекшеліктеріне сай, оларға әсер ете алатындай, өз пікірін, ойын айтуға итермелейтіндей, қызықтыратындай болғаны жөн деп есептейді ғалым.

Б.Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясы басшылығының СОРОС – Қазақстан қорымен тікелей жүргізіліп отырған байланысы арқасында бірталай Қазақстан ғалымдары Бельгиялық ғалым К.Рожьенің біліктілікті оқушы бойына

қалай қалыптастыруы жайлы, Австралия ғалымы С.Виллистің, Финляндия ғалымы П.Тунниаянаның 2002-2003 жылдардағы ғылыми семинарларына қатысып, олардың еңбектерін, мақалаларын және интернет сайттардағы шетелдік методика бойынша жинақталған материалдарды талдап, зерттеу барысында әлемдегі шетел тілін оқытудың жаңа тәсілдерін өз елімізде қолданылып жүрген жаңа әдістермен салыстыруға мүмкіндік алдық.

Осы әдебиеттерді, тәжірибелерді талдау барысында көз жеткізгеніміз, бүгінгі ғалымдар оқыту процесінде дидактикалық мақсатты шешуде оқытудың белсенді формаларына бет бұруда. Сондай-ақ, ілгеріде аталған ел ғалымдарының түпкі нәтижені алдын ала жоспарлай отырып оқытуды көздейтін зерттеулерімен танысуға мүмкіндік болды. Ол зерттеулер жас жеткіншектерді алған білімін өмірде кездесетін түрлі ситуацияларда қалай дұрыс қолдану, дұрыс әрекет етуге құзырлы болуға баулу қажеттігін мақсат етеді.

Құзыр, білік:

- жалпы алғанда қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау;
- тіл мен психолінгвистикада тілдің базалық, абстрактілі ережелерін меңгеру.
- Бұл жерде құзыр мен сөйлеуде тілді қолдану дегенді айыра білу керек.

Қазіргі заман талабы кез-келген оқушы әр сабақ кезінде жаңа білім алып қана қоймай, соны көбіне өзі игеріп, ізденіп, талдап, пікір таластыру деңгейіне жетіп, үнемі даму үстінде білікті болуын қалайды. Соған сай әлемдегі озық педагогикалық бағыт - дамыта оқыту идеясын басшылыққа алу керектігін міндеттейді.

Ілгеріде аталған міндеттерді орындау барысында біз алдымен теориялық тұрғыда талдау жасалынды, әдістемелік, педагогикалық, психологиялық еңбектермен танысып, оқыту мәселесіндегі ғылыми жаңалықтар, бағдарлар анықталды. Осы орайда өз еліміздегі, ТМД елдеріндегі және де алыс шет мемлекеттердің білім, ғылым саласындағы үрдістер, білім берудегі көзделер түпкі нәтиже, білім сапасы мен сатылары сияқты т.б. мәселелерге баса көңіл бөлінді.

РЕЗЮМЕ

В данной статье авторы рассматривают вопросы обучения детей школьного возраста коммуникацию на немецком языке, дают научные анализы исследованиям зарубежных ученых и отечественных исследователей, учителей-практиков. А также в статье даны современные требования к речи учащихся на иностранном языке.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада неміс тілін қатысым әрекеттері арқылы мектеп оқушыларына оқыту мәселесі көтерілген. Аталған мәселе төңірегінде отандық зерттеушілер мен шетел ғалымдарының, практик мұғалімдердің ізденістеріне ғылыми сараптама жасалған.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ТЕХНИКАЛЫҚ ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Сүлейменова Ж.Н.-п.ғ.д., доцент (Алматы қ., Қазмемқызпу)

Қазақ тілін оқытумен байланысты техникалық құралдарды қолдану әдістемесі жөнінде еңбектер көп емес. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілі сабақтарында ТОҚ-ты қолданудың жүйесін алғаш жинақтап айтқан ғалымдардың бірі – Б.Құлмағанбетова. Ғалым «Қазақ тілі сабағында техникалық құралдарды пайдалану» атты (1984) еңбегінде қазақ тілі сабақтарының мазмұнын жетілдіру мақсатында графопроектор, эпидиаскоп, диапроректорларды қолданудың, сондай-ақ лингофон кабинетіндегі жұмыстар мен ТОҚ кабинеттерін ұйымдастыру істеріне көңіл бөлген. Автордың бағдарламалап (программалап) оқытуға байланысты оқушы білімін тексеруде тәжірибеде қолданылған «Ласточка», «Экзаменатор» машиналарымен жүргізген сабақтары да назар аударарлық, себебі білімді тексеру және бағалау үдерісінің дидактикада өз шешімін таппай келе жатқаны белгілі. Сондай-ақ қазақ тілі сабақтарында ТОҚ-ты қолдануға қалам тартқан ғалымдарды атап өтсек, Ә.Құрышжанова, Қ.Қадашева, Р.Шаханова, А.Қыдыршаев, Ш.Бектұров, Г.Бектұрова, С.Дүйсенова т.б.

Қ.Қадашева еңбегі студенттің оқу - танымық белсенділігін арттыруда техникалық оқу құралдарын, оның ерекше түрі компьютерді тиімді қолдануды әдістемелік қырына негіздеген.

Р.Шаханова зерттеулерінде де электронды оқулықтарды қолданудың әдістемелік жүйесі біршама қарастырылған /1/, Г.Бектұрова орфографияны оқытуда электрондық оқу құралы қолданудың жолдарын көрсеткен /2/.

Орыс тілді дәрісханаларда қазақ тілін оқытып -үйретумен байланысты ТОҚ-ты қолдану әдістемесін арнайы қарастырған С.Дүйсенова /3/. Ол ТОҚ-ты қолданылу ерекшеліктеріне қарай төмендегідей топтайды: 1) дыбыстық ақпараттар (электройнатқыш, магнитофон, лингофон кабинеті, күйтабақ, грамжазба); 2) Проекциялық ақпараттар (статикалық, динамикалық). Статикалық түріне диаскопиялық (диапроректор, диаскоп), эпидиаскопиялық (эпидиаскоп, графопроектор) деп бөлінеді. Сондай-ақ динамикалық ТОҚ-қа кинопроректор, бейнемагнитофонды жатқызады. Сонымен қатар автор компьютерлік сабақ үлгілерін көрсетеді. Ол студенттердің қазақ тілінен дәрісханадан тыс өздік жұмысына арналған компьютерде оқыту бағдарламасының жобасын жасап ұсынған.

Жоғарыда аталған еңбектерге талдау – сипаттамалар жасай келе, Қазіргі қазақ тілі морфологиясын оқытумен байланысты оқыту тәжірибесінде ТОҚ-тың мына түрлерін қолдандық:

1. Проекциялық құралдар (диапроректорлар). Бұл құралдар арқылы 24x30 мм. өлшемдегі слайд (диапозитивтерді) транспоранттарды көруге болады. Кейінгі кездері (диапозитивтің орнына компьютерге қосылған электрондық проекциялы панелі бар) арнайы диапроректорлар қолданыла бастады. Бұл компьютерлерге арналған проектор немесе мультипроректор деп аталады. Компьютердегі ақпарат материалдарын осы мультипроректор арқылы экранға үлкен етіп шығаруға болады. Лекция мен семинарларда қолданылатын электронды слайдтар үшін Power Point бағдарламасын қолдануға болады (бұл Microsoft Office пакетінің қосымшасы болып табылады).

Графопроектор – оқыту үдерісінде жиі қолданылатын аппарат. Қолдануға өте ыңғайлы, қарапайым, 24x24 см. өлшеміндегі фолья арқылы (түссіз пленкада

көрсетуге болады. Бірінің үстіне бірін қойып, тілдік материалды үнемдеп динамикада қозғалыста көрсете беруге болады. Фолияға аранайы фламастермен жазу арқылы немесе алдын ала терілген мәтін т.б. оқу материалын принтерден шығарып көрсетуге мүмкіндік береді.

Графопроектор - оқыту үдерісінде жиі қолданылатын, қолайлы, оңтайлы тиімді техникалық оқу құралы. Бұл оқу құралы дәрісхананы қараңғылауды өте қажет ете бермейді. Мұның ерекшелігі түссіз полиэтиленге жазылған мәтін немесе өрнектелген сызба, кесте, сұлба, сурет т.б. үлкейтіп көрсетуге болады. Сондай-ақ түссіз транспорттарды бірінің үстіне бірін қою арқылы тілдік құбылыстардың күрделі мәселелерін қамтуға болады. Транспорттардағы жазуларды алдын ала компьютерге теріп, принтерден шығарып та алуға болады. Графопроекторды дәріс оқу барысында да тиімді қолдануға мүмкіндік бар. Мысалы, қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдарды түсіндіруде грамматикалық жинақ кестесін (слайд) пайдалануға болады. Оның үлгісі келесі бетте көрсетілген. Мұндай кестелер студенттің морфологиялық ұғымдар туралы түсініктерін жүйелейді, оқу материалын санасында берік сақтауға мүмкіндік береді. Қазақ тіліндегі шылауларды қайталау барысында студенттерге мектеп оқулықтарында осымен байланысты берілген лексика-грамматикалық оқу материалдары бойынша даярланған сұрақтармен жұмыс жүргізіледі. Осы тұрғыдан мектеп оқулықтарындағы ережелер мен жаттығулар проекцияланып, лекция материалдарымен салыстырылып, талданып, ұжым болып талқылап жұмыс істеуге мүмкіндік болады. Лекция арасындағы логикалық байланыстарды жүзеге асыруда көрнекіліктерді проекциялап көрсету алдымен сабақ уақытын үнемдейді, сондай-ақ дәріс мазмұны проблемалық сипат алғанда, қойылған сұрақтарға дұрыс жауап беруге, теориялық материалды жинақтап, білімді жүйелі етіп беруге мүмкіндік береді. Нақты тілдік материалды түсіндіргенде, оқытушы сөзі мен көрнекіліктің үйлесім табуы білімді қабылдау, ұғу сапасын арттыратынын психологиядан белгілі, осымен байланысты слайдтар мен транспорантарды бірінен соң бірін көрсетіп, тілдік материалды үнемі қозғалысты динамикалы етіп ұғындыру студенттердің тілдік категорияларды терең түсінулеріне көмектеседі. Графопроекторды студенттердің өзін-өзі тексеру жұмысын орындағанда да тиімді қолдануға болады. Өзін-өзі тексеру әдісі оқытудың модульдік жүйесінде жиі қолданылады. Студенттердің өзін-өзі тексеруін жүзеге асырудың мазмұны әртүрлі. Мысалы, тапсырма беріліп, жауабы бірінің үстіне бірі, арасына қара қағаз (көшіру қағазы) қойылған паракқа жазылады. Тапсырма орындалып болған соң, үстінгі бетін оқытушы жинап алады да, астыңғы көшірмесі студент қолында қалады. Сонан соң оқытушы жауабы жазылған транспорантты графопроекторды арқылы көрсетеді. Студенттер сол арқылы жауаптарын тексеріп, қателерін анықтайды да оқытушыға тапсырады. Оқытушы жауаптарды салыстыра отырып, студенттің өзін-өзі бағалауын бақылайды.

2. Дыбыстық - бейне құралдары (магнитофон, ұнтаспа жазбалары бейнемагнитофон-бейнетаспа жазбалары, бейнекамера, теледидар) аталмыш оқу құралдарының атқаратын қызметі, негізінен, оқыту процесін жеңілдетте отырып, оқу уақытын үнемдеу, сондай-ақ сабақ мазмұнының интерактивтілігін күшейту, мол ақпарат беру оқытушы мен студенттің оқу әрекетінің тиімділігін қамтамасыз ету.

ТОҚ-ты жоспарлы түрде пайдалануда дидактикалық талаптарды орындау назардан тыс қалмауы қадағаланады. Олар оқу материалының мақсат, мазмұнына сәйкес құрылуы; сабақтың қай буында қолданылатындығы, қаншалықты тиімді екендігін айқындылығы. Қазіргі қазақ тілі морфологиясы курсынан ұйымдастырылған дәріс, тәжірибелік, зертханалық сабақтар мен дәрісханадан тыс

орындалатын студенттердің өздік жұмыстарының орындалуы барысында магнитофонға арналған дыбыстық ұнтаспалар, графопроекторге арналған оқу слайдтары, транспарантар, бейнемагнитофонға арналған бейнетаспалар (педпрактика барысында түсірілген оқу фильмдері), теледидар компьютер материалдары (электронды оқу құралы) қолданылады.

Ұнтаспа жазбаларын қолдану. Дәріс – жоғары оқу орындарында оқытуды ұйымдастырудың негізгі түрі ретінде ғылыми курстан ақпарат берудің көзі. Дәріс мазмұнын қызықтық, көрнекі етіп игертуде ұнтаспаларды қолдану тәжірибемізде нақты көрініс тапты. Қазіргі қазақ тілі морфология курсынан «Морфологиялық мағына мен грамматикалық форма сәйкестігі», «Морфологиялық мағына түрлері, ерекшеліктері», «Морфологиялық тұлғаның белгілері, түрлері», «Морфологиялық категория, мағыналық құрылымы», «Сөздің грамматикалық формалары», «Нөлдік морфема мен нөлдік форма», «Болымдылық болымсыздық категориясы» т.б. күрделі тақырыптардан дәріс оқу барысында ұнтаспа жазуларын қолдану оның тиімділігін арттырады. Лекция кіріспесінде студенттердің зейінін мақсатты түрде шоғырландыруда жағымды уәж тудыру үшін, тақырыптың болашақ кәсібіне қатыстылығына назар аударту маңызды. Мысалы, лекция тақырыбының практикалық мәнін арттыру мақсатында ұнтаспадан педагогикалық практика кезінде жазылып алынған (түсірілген) оқушылардың шақ түрлеріне құрылған сөйлемдерін оқытып аудару сәті тыңдалады. Үзіндіні тыңдату мақсаты – қазақ тілінде жиі кездесетін етістік сөздердің жіктелуін бір-бірінен ажырата алу біліктерін бақылау, тексеру, талдау. Студентер мысалдарды тыңдау барысында оқушылардың сөйлемді дұрыс түсінген-түсінбегенін және қателердің болу себептері неде екендігіне назар аударады. Бұл әрекет студенттің белмегенді білуге деген ұмтылысын тудырады. Сондай-ақ тәжірибелік зертханалық сабақтарда ұнтаспаларды тыңдатып, тілдік құбылыстарға талдау жасату да тиімді. Тәжірибелік зертханалық сабақтарда ұнтаспамен мынадай жұмыс түрлерін жүргіздік: мәтінді тыңдата отырып, морфологиялық сөздік, грамматикалық терме шығармашылық диктант жаздыру; мәтіннен сөз түрлендіруші жұрнақ жалғанған сөздерді теріп жазу, сөйлемдегі етістік тұғаның шағын өзгерту, заттанған сөздерді теріп жазып, сөз табына ажыратып, грамматикалық сипатын түсіндіру, көмекші есімдерді тексеріп тұрған сөзімен бірге теріп жазу, көлемдік септік тұлғаларындағы сөздерді теріп жазу; мәтінді тыңдау отырып, шылауларды алып тастап жазу ондағы стильдік ерекшеліктерді түсіндіру т.б. Сондай-ақ грамматикалық тапсырмалары бар бақылау жұмысын да аудиожазба негізінде тиімді етіп жүргізуге болады. Білімді бақылау, тексеру – негізінен семинар, зертханалық сабақтарда жүзеге асатын үдеріс. Алынған білім үнемі бақылауда болып жіберілетін қателер уақытында түзетіліп (коррекция), бағаланып отырудың тілбілімдік, тәрбиелік маңызы да бар. Бұл біріншіден, білімді жүйелі, берік етеді. Екіншіден, студенттердің оқуға жауапкершілігін арттырады, тиянақтылыққа, жинақылыққа үйретеді. Әдетте, тәжірибелік – зертханалық сабақтарда 20-25 студенттің немесе бір уақытта көп студенттің білімін бақылап, тексеру мүмкін емес (бағдарламалап, дидактикалық тесті негізінде тексеру) білім жүйелі түрде тексерілмесе, кері байланыс үдерісі әр сабақта жүзеге аспаса, білім-білік бағаланбаса, оқыту тиімділігі білім сапасы төмендейді. Кейінгі кезде білімді бағалаудың рейтинг жүйесін тәжірибеде қолданудың қолайлы үнемді әдіс болып кең тарауы да студенттің сабақта жүзеге асатын әрбір оқу әрекетінің бағалануына байланысты екені тәжірибеде дәлелденді.

Бейнетаспа жазбаларын қолдану. Тәжірибелік-зертханалық сабақтарда бейнекамера арқылы арнайы түсірілген оқу фильмдерін көруге болады. Қазіргі қазақ тілі сабағында оқытудың болашақ кәсібіне сәйкес құрылу ұстанымын

қамтамасыз етуде көбіне педагогикалық практикада түсірілген сабақтардан грамматикалық тақырыптарды түсіндіру кезеңіндегі үзінділерді көрсету тиімді болады. Мысалы, №128 қазақ орта мектебі мен №15 тіл гимназиясының №95 орыс орта мектебінің 6-7-сыныптарында практикант студенттердің жүргізген сабақтарын көрсете отырып, ондағы негізгі мәселелерді сабақта көрсету арқылы оқыту мазмұнын тиімді етуге болады. Педагогикалық практика оқу тәрбие үдерісінің құрамдас бір бөлігі болып табылады. Педагогикалық практиканың негізгі міндеттеріне студенттерді болашақ кәсібіне икемдеу, әдістемелік- кәсіби даярлығын қалыптастыру, мамандығын тани білуге, болашақ кәсібіне қызығушылығын оятуға, теориялық курсты практикада қолдану, бекіту, орта білім мен жоғары білім арасында сабақтастық орнату, қазіргі оқу тәрбие жағдайларынан хабардар ету. Практиканың негізгі кезеңіне пән бойынша сабақты ұйымдастыру және оны өткізу кіреді. Грамматиканың морфология саласы қазақ мектебінің 6-7 сыныптарының бағдарламасына жоспарланған, ал басқа ұлт мектептерінде оқу материалының мазмұны концентрациялық ұстанымға негізделіп құрылған. Сондықтан оқулықта морфологиялық ұғым сөйлеу қажеттіліктеріне қарай шашыраңқы, аралас түрде беріледі. Практикант студенттің міндеті – аталған пәннен оқу бағдарламасы мен жұмыс бағдарламаға сәйкес тақырып бойынша оқушыларға білім, іскерлік, дағды қалыптастырудың амал – тәсілдерін, әдістерін, құралдарын іздестіру, озық тәжірибелерді бақылап – байқап, жинақтау, қорыту қолдану, мектепте қазақ тілі пәнін оқытудың тәжірибесін жинақтау, соған қатысты оқу – тәрбие жұмыстарымен, жоспарларымен танысу т.б. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін практикант студент өз тәжірибелерін қолдана отырып, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырушылардың бірі ретінде сабақ, факультатив сабақ, сыныптан тыс оқу - тәрбие жұмыстарын ұйымдастырады. Студенттердің морфологиядан өткізген сабақтарының кейбір бөліктерін (фрагменттерін) түсіріп, семинар, зертханалық сабақтарда тиімді қолдануға болады. Мысалы, «Зат есімнің грамматикалық категориялары» тақырыбына дәріс пен семинар сабақтарында мектептегі жалғауларды қайталауға арналған бекіту сабағынан түсірілген бейнеүзінді көрсетіледі. Бұл әрекет білімнің кәсіби ұстанымы негізінде берілуін жүзеге асырады, себебі студент өз білімін практикада жүзеге асыру жолдарын нақты мысалдар арқылы көріп, материалды оқушыларға игертудің әдіс-тәсілдерін меңгереді. Бейнематериалды көру барысында мынадай сұрақтар қойылады: 1. Мұғалім шақ түрлерін дұрыс бекітті ме? 2. Келтірілген мысалдар жеткілікті ме? 3. Бекітуге арналған жаттығу, тапсырмалар тілдік жағынан мазмұны дұрыс құрылған ба? 4. Шақ түрлерін меңгертуді жетілдіруге байланысты қандай ойларың, ұсыныстарың бар? Мұндай жұмыстар сабақты талдауға, яғни оқу материалын түсіндіру, бекіту, қорыту, жаттығу жұмыстарын жүргізу, көрнекіліктерді (кесте, өрнек, сызба, сурет, т.б. сондай-ақ ТОҚ материалдары) қолдану әдістемесін талдап, пікірталастар, сұхбаттар құруға негізделеді. Сондай-ақ тілге қатысты телехабарлардың (бейнетаспаға көшірілген) үзінділерін көрсетіп, талдау-сипаттау жұмыстары жүргізіліп отырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шаханова Р.Ә. Техникалық жоғарғы оқу орындарында орыс бөлімдерінде қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Пед. ғыл. докторы... дисс. афторефераты. А., 2002. – 50 б.
2. Бектұрова Г. Обучение орфографии с помощью ЭВМ. Кан. дис... пед. наук. А., 1999.
3. Дүйсенова С. Жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілін оқытуда техникалық оқу құралдарын қолдану. Пед. кан...дис. А. 1999.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала жоғары мектептің оқу үрдісінде техникалық оқу құралдарын қолдану әдістемесіне арналған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются проблемы эффективного использования ТСО в учебном процессе вуза.

ФОРМЫ ОРГАНИЗАЦИИ ДЕТСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРИ ОБУЧЕНИИ ГЛАГОЛЬНОМУ СЛОВООБРАЗОВАНИЮ

Ханина Н.Н.- к.п.н., ст.преподаватель.
(Жетысуский государственный университет им. И.Жансугурова)

Развитие речи и обучение родному языку в дошкольном возрасте является важной стороной умственного воспитания ребенка, которая тесным образом связана с расширением его ориентировки в окружающем и общении со взрослыми.

Говоря о больших потенциальных возможностях детей 5-7 лет, А.В.Запорожец указывал на то, что при современном состоянии практики воспитания эти возможности используются лишь в незначительной мере. Эти положения можно отнести ко многим сторонам воспитания и обучения детей, в частности, к речевому развитию детей 5-7 лет. Общая задача развития речи состоит из ряда специальных задач, одной из которых является совершенствование грамматического строя речи детей (Ф.А. Сохин).

Чтобы понимать родную речь, мало знать лексическое значение слов, из которой она состоит, надо еще понять грамматические отношения между этими словами. Понимание смысла грамматических значений родного языка есть процесс становления и развития интеллекта растущего человека. Ребенок, который не усвоил в практической речи грамматического строя родного языка до школы, испытывает затруднения в усвоении учебного материала.

Формирование глагольного формо-и словообразования происходит в общем русле освоения детьми грамматического строя языка (морфологии, синтаксиса). Поэтому знания закономерностей усвоения детьми способов грамматического структурирования высказывания, позволяет глубоко понять также и закономерности освоения ребенком глагольного слова в единстве с формами словоизменения и словообразования.

Глагол сложен и труден для усвоения. Но вместе с тем, глагол, как никакая другая часть речи соответствует психике ребенка. Речь ребенка динамична, предикативна, можно сказать «глагольна». И тем большее искусство требуется педагогу, обязанному отыскать наиболее рациональные пути обучения детей глаголу, обеспечить такой уровень формирования, при котором будут использованы все возможности ребенка для наиболее полного усвоения.

Указывая на «глагольность» детской речи, К.И.Чуковский отмечает, что в существительном ребенок ощущает скрытую энергию глагола. По его словам, почти все исправления, вносимые ребенком в нашу «взрослую» речь, заключаются именно в том, что он выдвигает на первое место динамику. Многие

существительные ребенок превращает в глагол по причине недостаточности тех отыменных глаголов, которые дают им взрослые, например: «часикают», «балалай», «задверил», «замолоточь», «откнопкалась», «лодошкаются», «лопатить» и др.

Вопросы детских ошибок описаны многими авторами (В.И.Ядэшко, А.М.Бородич, Г.А.Фомичева, С.Н.Цейтлин и др.).

Так, В.И.Ядэшко считает, что неточности, которые наблюдаются при обозначении ребенком действий или состояний происходят в основном по двум причинам.

Во-первых, потому, что один и тот же предмет, название которого хорошо известно ребенку, может восприниматься им в моменты, когда он подвергается различным действиям, находятся в различных состояниях. В зависимости от этого действие, производимое над предметом, в каждом отдельном случае требует соответственного словесного выражения. Помимо того, одно и то же по своему характеру движение, но производимое различными субъектами, требует также соответственного выражения в слове, в каждом отдельном случае. Такое разнообразие действий и многозначность обозначения их в слове, по словам автора, представляют большую трудность для детей при овладении этой группой слов и свидетельствуют об отсутствии тонкой дифференциации смыслового значения слова.

Как отмечалось, характерной особенностью речи детей является глагольность. Глаголы занимают второе после существительных место в словаре дошкольников и составляют в старшем дошкольном возрасте 32%, в младшем - 25,7%. Выделяют несколько групп глагольной лексики. Основную группу составляют глаголы движения. Вторую - глаголы, обозначающие трудовые действия. Самую малочисленную группу составляют глаголы, обозначающие действие органов чувств, состояние человека.

Исследователями детской речи изучен широкий спектр средств педагогического воздействия на формирование грамматического строя речи во взаимосвязи с развитием познавательной сферы детей (Н.Ф. Виноградова, М.С. Лаврик). Это наблюдения в природе, решение логических задач, обследование предметов и их деталей, установление связей и отношений, создание особых речевых ситуаций. Особое внимание педагоги уделяют игре, прежде всего игре дидактической.

Специальная словесная дидактическая игра определяется как одно из основных средств формирования грамматического строя речи. Поэтому обратимся к анализу дидактической игры как средства развития умственной и речевой сфер детей 5-7 лет.

Игровая мотивация, побудительная сила которой очень велика, имеет для детей огромное значение. Особо важна роль игры в обучении детей дошкольного возраста, когда произвольность психических процессов и основывающиеся на этом предпосылки учебной деятельности находятся в стадии формирования. Значимость дидактической игры как средства образовательной работы в этом возрасте определяется еще и тем, что упор делается на самостоятельность детей. В дидактической игре обучение направляют правила игры, игровые действия, в учебно-игровых заданиях-инструкция для выполнения такого задания, в дидактическом материале-способ действия с ним. Ребенок самостоятелен в рамках предложенного. В дидактических играх функцию контроля выполняет сами дети, взрослый может действовать только наравне с играющими детьми, то есть в рамках правил игры и игровых действий. В учебно-игровых заданиях - за взрослым остается разработка и содержания, контроль за их выполнением и индивидуальные объяснения в случае затруднений детей.

Важное значение для развития речи детей 5-7 лет, имеют словесные дидактические игры. Все словесные дидактические игры способствуют решению одной из главных задач умственного воспитания, а именно развитию речи детей: пополняется и активизируется словарь, формируется правильное звукопроизношение, развивается связная речь, умение правильно выражать свои мысли. В этих играх ребенок должен решать самостоятельно разнообразные мыслительные задачи, описывать предметы, отгадывать по описанию, по признакам сходства и различия, группировать предметы по различным свойствам, признакам, находить алогизмы и суждения, самому придумывать рассказы. Игры характеризуются оригинальными сюжетами, многообразием вариантов игр.

Игры и упражнения являются важным средством формирования грамматической правильности речи. Однако, на наш взгляд, такие авторы как О.И.Соловьева, А.М.Бородич, В.В.Гербова недооценивают их роль, рассматривая их как средство «затверживания» той или иной трудной единичной грамматической формы. Смысл имеет, прежде всего, активный поиск ребенком правильной грамматической формы, своеобразный лингвистический эксперимент, со словом, осуществляемый ребенком в процессе этого поиска. Мы рассматриваем эти игры как основу для языковой игры в сфере формо - и словообразования.

Основная задача этих игр - привлечь внимание ребенка к звучанию слова и его частей.

Игра «Кто и что делает?» проводилась с целью закрепления умения образовывать глаголы на материале звукоподражания животным. Основное правило игры - животное появляется только тогда, когда правильно названы кто это? и что делает? Игра требовала самостоятельного образования глаголов с неизменной основой слова и суплетивным способом (ржет, лает).

Педагог устанавливал ширму. За ширмой слышались голоса животных и птиц. Педагог в начале игры называл голоса птиц и зверей, которые хорошо известны детям. От этих звукоподражаний глаголы образуются простым способом с неизменной основой слова. «Ква-ква -кто это?» (лягушка). Лягушка «ква-ква», что делает (квакает). (Корова - мычит, кошка - мяукает, гусь - гогочет, утка - крякает, свинья - хрюкает, ворона - каркает, воробей -чирикает, кукушка - кукует, тигр - рычит). Далее шло усложнение - дети образовывали глаголы со сменой основы слова (конь - ржет, собака - лает). Основное правило игры обращало их внимание на грамматическую правильность речи, т.е. возникали оценочные ситуации. Так, если слово называлось неверно - то животное не появлялось, и педагог спрашивал:

«Почему же кукушка не появляется, ей не понравилось ваше слово. Как можно иначе сказать?» Дети искали правильный вариант ответа. В заключение игры каждый ребенок мог поиграть понравившейся игрушкой.

Задача образования глаголов совершенного вида приставочным способом решалась в игре «Трудолюбивая Поночка». Игра проводилась в вербальном плане. Педагог рассказывал детям, что однажды дядя Дональд дал своим племянникам и Поночке задание. И сказал, что если они все сделают хорошо и быстро их ждет подарок. Обрадовались Билли, Дилли и Вилли. Их-то было трое, а Поночка одна. Но Поночка была трудолюбивым и терпеливым утенком и все делала быстрее. «Давайте расскажем, что сделала наша Поночка». Если Билли моет пол, то Поночка уже... (помыла). Если Дилли трет стекло, то Поночка уже... (протерла). Если Вилли вытирает пыль, то Поночка уже... (вытерла).

Предлагались такие пары слов: складывает - сложила, сушит - высушила, выносит - вынесла, готовит - приготовила, .делает - сделала, читает - прочитала, смотрит - посмотрела.

Закрепление этого материала осуществлялось в игре «Пушок и Пушинка».

Педагог начинал игру с чтения стихотворения: Жили на свете два милых котенка: Братец Пушок и Пушинка - сестренка. Славно жилось котяткам вдвоем, Но вот захотелось построить им дом. Столько вещей нужно сразу собрать, Но только не хочет Пушок помогать. Ленился братец. Пушинка одна Трудится, трудится, все строит сама. Ребята, Пушинке и вы помогите. Все, что она сделала, вы назовите.

Далее педагог называл глаголы несовершенного вида, дети образовывали совершенный вид этих глаголов (несет - принесла, идет-сходила, кладе-сложила, готовит - приготовила, моет - помыла).

Проведенные нами игры видоизменялись по мере усложнения содержания, а использование различного наглядного материала позволяло не только разнообразить игру, но и сделать ее привлекательной для детей.

Дидактические игры с грамматическим содержанием сохраняли свойственным играм занимательный и эмоциональный характер, благодаря чему повышалась работоспособность детей. Темп, продолжительность игры, оценка детских ответов, спокойная, доброжелательная реакция на ошибки детей, правильное образование грамматических форм контролировались и направлялись педагогом. В этих играх ярко видны радость от усилий, активность и упорство в преодолении трудностей.

Знакомство с многообразием способов приставочного (отглагольного) образования проходило также в играх «Научи Мишку делать гимнастику» и «Обезьянка- шалунья». Развитию умений формо и словообразования глаголов была посвящена дидактическая игра «Мы попросим, а вы сделайте». В этой игре (помимо задач развития словаря и обучения связной речи) стояла задача на материале наименования игры на музыкальных инструментах показать детям способ образования глаголов при помощи суффикса. Игра была организована на речевом занятии. К детям пришли зверята (зайчик, лисенок, бельчонок) с музыкальными инструментами (барабаном, дудочкой, трубой, гитарой, гармошкой). Звери сказочные, они могут играть на различных музыкальных инструментах: на барабанах-барабанить, на дудочке-дудеть, на трубе-трубить, играть на гармошке и гитаре. Надо только попросить вежливо и правильно.

Помимо задач обучения способам словообразования в играх решались задачи формирования грамматической правильности речи, точности образования глагольных форм (повелительного наклонения). Здесь использовалось игровое правило, побуждавшее детей говорить правильно (если ошибся, задание не выполняется).

В процессе игры роль взрослого была неодинакова. При объяснении педагог сообщал детям знания грамматического характера, образец правильных просьб и наименований действий. По ходу игры педагог выполняет действия по моделированию игровой ситуации и контролирует правильность речи, но не прямо, а через игровое правило.

В конце игры детям задавались проблемные вопросы: «Что будет делать этот зайчик, если он взял в руки барабан?» «Что будет делать бельчонок, если он взял в руки дудочку?» «Что будет делать лисенок, если он взял в руки трубу?» Вопросы подводят детей к тому, что со всяким музыкальным инструментом можно что-то делать, и это действие имеет свое наименование. Это обобщение после детских ответов было словесно сформулировано педагогом.

Закончилась игра разрешением зверят поиграть на музыкальных инструментах. Ребенку предлагалось выбрать наиболее понравившийся музыкальный инструмент и ответить на вопрос, что он будет делать.

Игра «Волшебный зоопарк». В детский сад приехал зоопарк. Он состоял из волшебных клеток, волшебных зверей и представлял собой 12 картин с изображением животных, птиц, зверей, закрытых другими листами бумаги, на видной стороне которого изображен фасад клетки. Клетка открывалась только после того, как дети правильно отгадают загадку. Педагогом загадывались загадки, подобранные таким образом, чтобы в их тексте был мотивированный глагол по звукоподражанию (мурлычет, мяукает, лает, крикает, гогочет, чирикает, рычит, жужжит, фыркает, воет, квакает, кукарекает и кукует). Когда все клетки были открыты, педагог предложил послушать волшебных зверей. Указывая на отдельную клетку и звукоподражая животному, которое в ней находится, детям задавались вопросы: «Что делает...?» После ответов, делается акцент на то, что звери волшебные и умеют подавать свой голос по - другому, затем следовало звукоподражание не свойственное животному (зверю или птице), указанному педагогом, и предлагалось ответить на вопросы: «А что теперь делает (лев)? Он (рычит), как кто?».

Задание такого типа закрепляли предыдущий материал и создавали условия для творческого применения опыта.

Содержанием игры «Оркестр» опять создавалась сложная ситуация: приехавшие музыканты (зверята) из лесного оркестра забыли, как называется музыкальный инструмент, на котором каждый из них играет, но помнят его описание. Педагог предлагает помочь зверятам, (детям загадываются загадки о музыкальных инструментах). После сообщения дошкольникам знаний о том, что в оркестре каждый играет на том музыкальном инструменте, на котором у него лучше всех получается, детям загадывались вопросы оценочного характера: «Почему зайчонок взял себе барабан? Почему бельчонок взял дудочку? Почему у лисенка труба?»

Игра «Помоги капитану». Цель: учить детей образовывать повелительное наклонение глагола.

Детям читалось стихотворение: «Из космоса к нам пришел странный сигнал: Команды свои забыл капитан. Корабль его скоро вниз упадет. Ну кто ж капитану на помощь придет? Ребята, давайте поможем ему. Команду: «Взлетай!»- я ему говорю. «Смотри, капитан, корабль летит», Но впереди - метеорит. Команды ему: «Курс поменяй». «Внимательно слушай» и «не зевай». Ну, вот пролетел метеорит, Но, кажется, где - то планета горит. Скорей, капитан, планету «спасай!» Ребята помогут, ты это знай. А вот и планета, нужна нам вода. Из бака «достань», «заливай» вот сюда. Пожар потушили - в дорогу пора. Налево «Сверни», ответь, как дела? «Держись», капитан, по курсу звезда. Ты с ней «не столкнись». Случится беда. Ну вот, капитан, теперь «возвращайся». Команда тебе: на Землю «спускайся». Ракета, ребята, уже приземляется. И путешествие наше кончается. Наш капитан долетел хорошо. Мы все ему помогли. Но, чтобы он снова ничего не забыл Команды ты все повтори».

Стихотворение читалось повторно, дети самостоятельно образовывали формы глагола повелительного наклонения.

Игра «Почтальон принес открытку». Цель - образование формы глаголов настоящего времени (рисует, танцует, бежит, скачет, лакает, поливает, мяукает, лает, бежит, гладит, барабанит, трубит и т.д.).

В данной игре используется материал виде открыток, на которых изображены люди и животные, выполняющие различные действия.

Перед началом игры воспитатель показывает детям открытки. - Ребята, нам почтальон принес открытки. Давайте их рассмотрим все вместе. Посмотрите, кто на этой открытке? Что он делает? Эта открытка адресована Диане. Диана, запомни свою открытку. Когда рассмотрим все открытки, я ее тебе отдам. Запомнила? Все, запоминайте свои открытки. Вот эта открытка адресована Вите. Кто здесь? Что он делает? Запомнил, Витя, свою открытку?

Таким образом рассматриваются 4 -5 открыток. После этого воспитатель спрашивает:

- Запомнили каждый свою открытку? «Девочка поливает цветы» - чья открытка? «Ежик лакает молоко из блюдца» - чья открытка? И т. д. игра проводится с небольшой группой детей. После просмотра открыток детям предлагается нарисовать действия людей и животных, изображенных на их открытке.

Игра проходила в веселой атмосфере дети, отвечали на все вопросы без особых затруднений. Все формы глаголов настоящего времени детьми были названы правильно. Таким образом, обучение с помощью игр и упражнений обеспечивало формирование и главное закрепление правильности речи в отношении словоизменения и словообразования глагольных форм.

Грамматические игры и упражнения являются важным средством стимулирования языковых игр детей, их поисковой активности в сфере грамматики. Задача формирования грамматической правильности речи актуальна для детей дошкольного возраста и успешно решается при опоре на развитие лингвистического отношения к слову.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются формы организации детской деятельности при обучении глагольному словообразованию.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада етістік сөзжасамды үйрету барысында балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың түрлері қарастырылады.

ИЗУЧЕНИЕ КАТЕГОРИИ РОДА СУЩЕСТВИТЕЛЬНЫХ НА ЗАНЯТИЯХ ПО ПРАКТИЧЕСКОМУ КУРСУ РУССКОГО ЯЗЫКА

Ергашева М.Е. - ст.преподаватель (г., Алматы, казгосженпу)

При изучении языка рассматривается его строение, включающее в себя систему и структуру языка. Сравнивая казахский (агглютинативный) и русский (флективный) языки необходимо указать грамматические категории каждого языка. В отличии от русского языка в казахском языке категория одушевленности более ограничена. К ним относятся только существительные, обозначающие людей, также отсутствует категория рода.

В русском языке категориальное значение рода у имен существительных – важнейший, внутренне присущий только этой части речи постоянный грамматический признак. Во всех учебниках по русскому языку справедливо

утверждается, что существительные не изменяются по родам, а имеют (за редким исключением) устойчивую родовую принадлежность.

Студентам, изучающим русский язык как иностранный, (в отличие от коренных носителей русского языка, у которых знание родовой принадлежности подавляющего большинства общеупотребительных русских существительных прочно закрепилось в языковом сознании с младенческих лет), для избежания ошибок необходимо знание следующих основных способов определения рода существительных:

1.Лексический (по значению слов) : *отец-мать, конь-лошадь*.

2.Словообразовательный (по суффиксам): *трактор-ист*.

3.Морфологический (по окончаниям): *луна, месяц, солнце*.

4.Синтаксический (по окончаниям согласуемых слов и местоимениям, которыми можно заменить слово): *мой брат, брат - он, моя сестра, сестра - она*.

При изучении грамматической категории рода, как и одушевленности студентами неязыковых специальностей часто допускается искажение логической причинно- следственной связи, когда студенты вслед за преподавателем определяют род существительного с помощью родовых форм местоимения 3-го лица *он* или лично – притяжательного местоимения *мой*: *институт(он мой)- м.р., аудитория (она моя) – ж.р., тестирование(оно мое) – с.р.* Эта методическая ошибка остается «неизживаемой», потому что преподаватель не видит истинной причинно- следственной связи, не задумывается о том , что правильная подстановка местоимений *мой, моя, мое* возможна лишь в том случае если студент знает лексическое значение слов или может определить род по окончаниям, суффиксам существительных, по окончаниям согласуемых слов.

Студентам неязыковых специальностей на занятиях по практическому курсу русского языка при определении рода целесообразно в первую очередь знать, какое это существительное - одушевленное или неодушевленное, поскольку в основу распределения одушевленных существительных по родам лег признак пола. Если слово называет лицо или животное, то род обычно определяется по половому признаку: *студентка, девушка, госпожа, львица, Нефертити*- женский пол и род.; *студент, юноша, слон, тореро, Золя*- муж.р. и пол. Особо рассматриваются существительные, обозначающие лиц обоих полов, имеющие окончания –а, –я : *неженка, соня, сирота, рева*.

Несклоняемые заимствованные названия животных вне контекста принято относить к мужскому роду, за исключением слов *колибри, иваси и цеце*, испытывающих сильное влияние более общих обозначений *птица, рыба, муха* и поэтому относятся к женскому роду. (Лексический способ).

Если же существительное неодушевленное, то важнейшим становится формальный показатель т.е. характерное родовое окончание, которое по аналогии переносится нами с лексем, обозначающих одушевленных существ, на слова, называющие неживые предметы и явления. Таким показателем у существительных мужского рода в начальной форме служит нулевое окончание, а у существительных женского рода – флексия –а: *волк, лес- м.р., мама, звезда- ж.р.* Средний род с его окончаниями –о, –е традиционно занимает условную промежуточную позицию. К нему относятся в основном неодушевленные существительные: *озеро, море, объединение*. (Морфологический способ).

Однако окончание не всегда является показателем родовой принадлежности существительного. Например есть немногочисленная группа слов мужского рода с «женским» окончанием –а, –я : *папа, дедушка, дядя*,

мальчишка, юнга, юноша, и т.п. В подобных случаях необходимо воспользоваться лексическим способом определения рода существительного.

Также не может быть окончание критерием родовой принадлежности у существительных первого субстантивного склонения – таких, как *умишко, ножище*, с характерными флексиями среднего рода. У таких существительных род определяется по производящей основе: *ум, нож* – мужского рода, следовательно, в произведенных от них с помощью суффиксов субъективной оценки *-ишк* и *-ищ-* слова сохраняется та же родовая принадлежность.

Многочисленная группа существительных, род которых можно безошибочно определить по характерным суффиксам, с помощью которых они образованы, т.е. морфологическим способом. Такими словообразовательными суффиксами существительных мужского рода являются суффиксы *-тель-, -ник-, -ач-, -иш-, -чик-, -иц-* и др. (*выключа-тель, пар-ник, тяг-ач, мяк-иш, счет-чик*), а у существительных женского рода такими родовыми показателями стали суффиксы *-изн-, -ость-, -ет-\от-, -знь-, -ниц-, -ель-, -лк-* (*крут-изн-а, юн-ость, ниц-ет-а, болезнь, гриб-ниц-а, мет-ель, суши-лк-а* и др.)

У существительных 3-го склонения с основой на шипящий (*ночь, ложь, тушь*) в письменной речи род определяется по характерному графическому признаку – мягкому знаку в конце начальной формы слова. Только мягким знаком, указывающим на принадлежность каждого первого из сопоставляемых слов к женскому роду, отличаются на письме лексико-грамматические омофоны в парах *тушь* (краска) и *туш* (короткое тожественное музыкальное приветствие), *вещь* (предмет) и *вещ* (краткая форма прилагательного *вещий*) и т.п.

В контексте устной и письменной речи категория рода существительных (прежде всего несклоняемых заимствований и аббревиатур) очень часто проявляется в синтаксической связи данного слова с другими лексическими единицами в словосочетании и предложении. (Синтаксический способ).

Например в предложении *В Жодино поставлен памятник матери, потерявшей на войне пятерых сыновей* род существительного *Жодино* определяется по форме единственного числа прошедшего времени глагола-сказуемого *поставлен*.

Несклоняемые звуковые, буквенные, слоговые и смешанные аббревиатуры-такие как *АГУ, ВДНХ, КНБ*, категорию рода которых следует определять по главному слову, расшифровав эти аббревиатуры. Так в аббревиатуре *КазНТУ* (*Казахский национальный технический университет*) ключевым словом является *институт*- м.р.; в аббревиатуре *ВДНХ* (*Выставка достижений народного хозяйства*) ключевым словом является *выставка*- ж.р.; *КНБ* (*Комитет национальной безопасности*) ключевое слово *комитет* - м.р.

Показателем рода сложносоставных существительных типа *кресло- качалка, ракета- носитель*, в которых каждое слово склоняется, главным словом является более значимое слово *кресло* - с.р., *ракета*- ж.р. В сложных существительных типа *плащ- палатка, штаб- квартира* род определяется по склоняемой части, если другая половина составного наименования во всех падежно-числовых формах остается неизменной (*палатка* – ж.р., *квартира* - ж.р.)

Следует отметить, что при определении категории рода существительных возможно использование одновременно нескольких из вышеназванных методов и не столько для определения, а подтверждения, грамматического

обоснования родового статуса того или иного слова.

Упражнение 1. Определите род данных имен существительных. Назовите признаки, указывающие на их принадлежность к определенному грамматическому роду. Выделите слова, соотносимые по роду пары и несоотносимые. Назовите слова общего рода.

День, осень, мать, путь, радость, мозоль, тюль, лето, прудишко, домище, топорщице, кофе, насекомое, шоссе, шимпанзе, знамя, дедушка, фамилия, сирота, юноша, умница, гостиница, жюри, леди, дэнди, алиби, инженер, император, доктор, педагог, летчик, каменщик, малинка, пальтецо, платьице, горюшко, перышко, собачонка.

Упражнение 2. К данным именам существительным подберите согласованные определения и укажите род существительных.

Сочи, Капри, Баку, Борнео, Колорадо, Миссури, Миссисипи, кофе, такси, интервью, попури, меню, кенгуру, колибри, пони, шимпанзе.

Упражнение 3. Составьте предложения с названиями лиц мужского и женского пола, употребив как слова общего рода, так и слова мужского рода.

Невежда, инженер, шофер, задира, врач, скряга, доцент, недотрога, умница, растяпа, сирота, неряха.

Упражнение 4. Укажите признаки, по которым определяется грамматический род данных сложносокращенных слов.

КазНТУ, КазНУ, АГУ, роно, вуз, ООН, ЧП, ЦСУ, США, ТЭЦ, НИИСтройдормаш, Гидродорнии, Промтрансниипроект, ВДНХ.

ЛИТЕРАТУРА

1. Розенталь Д.Э. Справочник по русскому языку. М: Мир и образование, 2002.
2. Ильенко С.Г. Сборник упражнений по современному русскому языку. (Учебное пособие)- М.: Просвещение, 1997.
3. Ахметова А.П., Симонова Н.Ф. Из опыта преподавания русского языка и литературы в вузах Казахстана: Учебное пособие. Алма-Ата, 1978.
4. Благочина Т., Сагалаева Л. Корректировочный курс русского языка. Алматы: Санат, 2003.
5. Турсунов Т.Д., Жаналина Л. К., Скибина М. П. Проблемное обучение русскому языку студентов-нефилологов: Учебное пособие. Алматы: Рауан, 1992.

РЕЗЮМЕ

Категориальное значение рода у имен существительных – важнейший, внутренне присущий только этой части речи, постоянный грамматический признак. В статье рассматриваются основные способы определения категории рода имен существительных в русском языке для студентов неязыковых специальностей.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада орыс тіліндегі зат есім категорияларының түрленуі қарастырылған.

ӘДЕБИЕТТАНУ

Д.ПЕССИНГТІҢ «АЛТЫН КҮНДЕЛІК» РОМАННЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Ақанқызы Г. – оқытушы (Алматы қ., Қазмемқызпу)

Кешегі модернистік прозадан бүгінгі постмодернистік прозаға жалғасқан осы замандық прозаның қайнар көзі Сервантестен басталды деп қарасақ қателеспейміз. Себебі, осы замандық прозаның ең бір айшықты ерекшелігі шығарманы қалай жазуға, шынайы өмірді қандай формамен жеткізуге бас қатыру. Ал бұл ерекшелік «Дон Кихоттан» басталған болатын. Сервантестің осы романын оқыған адам бірінші кітапты аяқтап, екінші кітаптың бетін ашқанда аз тосырқап қалады (қазақ тіліне «Дон Кихоттың» бірінші кітабы екі том етіп аударылып басылып, екінші бөлімі аударылмай қалған). Өйткені, кітаптағы кейіпкер Дон Кихот өзі туралы жазылған шығарманың (бірінші томдағы) жұрт арасындағы аңысын ет құлағымен естіп, онда айтылған кейбір түсініспеушілікке бола мазасыздана бастайды..., бір сөзбен айтқанда, бүкіл романның алғашқы әуені өзгеріп сала береді.

Осы қайнар бұлақтан шабыт алып, өзгеше жолға түскен осы замандық романдардың барлығының көксейтіні шынайылықты қалай тану және оны қандай формамен тиімді бейнелеу мұраты болып есептеледі. Бұл мұрат көбінде шығармашылық санада форма мен мазмұнның тартысы болып көрініс табады. Соған дейін бұндай талас осы замандық (модернистік) поэзияда кеңінен талқыланып өткен болатын. Осы замандық ақындар мазмұнды форма белгілейді; қатып қалған дүниеге байлана беру сананың өрісін шектейді; формалық үздіксіз өзгеріс арқылы мазмұнның жаңа қырларын ашып отыру керек дегенге тоқтаған болатын. Бұл таныммен кейіндеп прозиктер де келісті. Олар да мазмұнды қалай жеткіземіз дегеннің жаңа жолдарын іздестіре бастады. Үңіліп қарасақ, мазмұнды жеткізудің мұндай ерікті жолын іздестіру саналылығы дегенің жазушының дүниеге көзқарасы мен эстетикалық көзқарасының жаңалануынан (соған дейінгі дәстүрге салыстыра айтқанда) дерек береді. Жазушылар енді соған дейін қалыптасып қалған дүниелерді — түсінік, ой, танымды — қағазға көшіріп, оқырман қауым біліп-түсініп болған дүниелерді қайталап жаңғыртып ежіктеп беруден бас тартуға тиіс; қайта, оның орнына Дон Кихотты мазалаған дүниеге ұқсаған, әлдеқалай өзін мазалаған дүниелердің не екенін (әсіресе ішкі жандүниесінің нақты жағдайын); неліктен мазасыз күй кешетінін; сол мазмұнды дәл сол мазасыз күйінде бейнелеп берудің жолдарын іздестіру сапарына шығуы керек.

Түптеп келгенде прозадағы бұл жаңа беталыс мазмұнды ерікті бейнелеуге деген ұмтылыс болып көрініс тапқанымен, оның тамырында адамның (жазушының) өзін тануы, тану барысында өз санасының түкпіріне терең бойлау және сол түсінікті төкпей-шашпай жеткізіп беру сияқты сұраныс жатыр. Жазушының бұл қадамынды бірінші ұшырасатын дүниесі ең әуелі шынайылық деген ұғымды тану болмақ. Бір сөзбен айтқанда, адам (жазушы) өзін танымаған күннің өзінде, ең әуелі өзін қоршаған шынайылықты тануы керек.

Адамзаттың таным тарихынан қарағанда шынайылықты тану ежелден жеңіл болмаған. Адамзат бірнеше мың жыл бойында ерікті таным назарын жасауға тырысқанымен, сандаған философтар «шынайылық деген - мынау» деп өздерінше кестелегенімен шынайылық бәрібір түгел танылып болған жоқ. Қайта, адамзаттың

таным назарының біртіндеп кемелденуімен бұрынғыдан күрделене түсті. Бұл күрделілік біздің дәуірімізге келгенде бұрынғыдан да айқындалып отыр.

Күрделі, құбылмалы болып келетін сыртқы дүние — шынайы болмыс. Көзінді ашсаң сен шынайы болмысқа кез боласың. Айналады қоршағанның бәрі шынайы өмір, шынайы болмыс. Сен оның, сірә, НЕ екенін білесің бе? Көзінді жұмсаң болды, шынайы өмір суреті саған көшеді немесе сенің жандүниенің сол сыртқы болмыстың түрлі-түсті көшірмесінің астында қалады. Сыртқы болмыс сенің жандүниенің кеңістігінде өмір сүреді. Уақыт ұзара келе, сен үшін көзінді жұмғаныңдағы ішкі дүниенің шынайы екені, әлде көзінді ашқаныңда кездестірген сыртқы дүниенің шынайы екенін айыру маңызды мәселеге айналады. Міне, бұл — бүгінгі қаламгерлердің шешуге тиісті бірінші мәселесі. Бұл оңай емес. Оның оңай емес екенін біз модернизмнен бері жалғасқан жазушылардың шынайлық танымына назар аудару арқылы бірден байқаймыз.

Өткен 12 қазан күні, Швеция әдебиет академиясы осы жылдың Нобель сыйлығын Англия жазушысы Д.Пессингке берілгенін жария етті. Д.Пессингтің 1962 жылы жарық көрген «Алтын күнделік» романына осы пайымдау негізінде назар аударсақ, шығармаға біршама тереңірек бойлай аламыз.

Ең әуелі, «Алтын күнделік» романы жазылған дәуірге тоқталып өтейік. Себебі романға дәуірдің көлеңкесі қою да қанық түсіп тұр. Ол кезеңде: АҚШ –та кең ауқымда коммунистерді қуғындау науқаны жүріп жатты; Кеңестер Одағындағы 1937 — 1939 жылдардағы сұмдық қырғыншылықтың беті ашылды; батыс пен шығыстың ортасында қырғи қабақ соғыс ресми басталды; Корея түбегінде соғыс болып өтті; Ядролық соғыс тұтанып кету алдында тұрды; Хрущев ХХ құрылтайда аты шулы баяндама жасап, Сталиннің екі аяғын көктен келтіріп, онымен қоймай өзге елдердегі коммунистердің басын да дағдартты; Англия мен Франция Суеиш каналы үшін Мысырға соғыс ашқан — кезең болды. Міне, осы ірі оқиғалардың бәрі де романда өз орнымен көрініс тапқан.

Романда жоғарыдағыдай сыртқы шынайы өмір көлеңкесіндегі бір әйелдің өмірі мен рухани дүниесінің болмысы жазылған. Бас кейіпкер Анна Африкада туып өскен әйел. Анна Африканың сол тұстағы қоғамдық жағдайына бір кісідей қанық. Африкадағы отар елдердің бостандығы мен тәуелсіздікке ұмтылуын Анна құптайды, қуаттайды. Аннаның Англия коммунистерінің қатарына өтуіне де осы сана-сезім түрткі болған. Романдағы оқиға болып жатқан күндерде, Хрущев ХХ құрылтайда аты шулы баяндама жасап, коммунизм дүниесіне үлкен соққы беріп, ондағы жалғаншылықтың бетін ашады. Соған ілесіп коммунизмге сенген біраз адамдар сенім тұрғысынан далада қалғандай күй кешеді. Саяси сенімінің аспанын қара бұлт бүркеген бұндай күй Аннаның басында да бар еді. Анна романда жазушы ретінде ортаға шығады. Ол сол күндерде «Соғыстың қыл үстінде» деген шығармасын жазу үстінде болатын, бірақ, ол қалай тырысса да романын жалғастырып жаза алмайды. Оған себеп біреу: сыртқы дүние бөлшектеніп, ыдырап, кетеуі кетіп тұр; Аннаның жандүниесінің өзі де дәл сол сыртқы дүние сияқты шым-шытырық, быт-шыт болудың аз-ақ алдында тұрған еді. Аннаның сүйіспеншілік өмірінде де үлкен ауытқышылық туған. Қорытындылай келгенде, Анна рухани жағынан күйреудің шегінде тұрған еді. Роман, міне, осы кейіпкердің болмысынан өріліп шыққан.

Романның алдыңғы төрт бөлімі “қара күнделік”, “қызыл күнделік”, “сары күнделік” және “көк күнделік” делінген төрт күнделіктен тұрады; бесінші бөлім қысқалау болып, оған “алтын күнделік” деген тақырып қойылған; романның ақыры “еркін әйелдер” деген тақырыптағы шағын әңгімемен аяқталған.

Бұдан байқайтынымыз романда бөлшектік сипат бар. Бұл модернизмнен постмодернизмге өту қарсаңындағы өнер эстетикасының негізгі ерекшеліктерінің

бірі. Өткен ғасырдың 60-жылдарындағы ағылшын тілінде жазатын жазушылардан, айталық, С.Беккет, И.Миллер, т.т. -дан біз осындай қолтаңбалар кезіктіре бастаған болатынбыз.

Романның “қара күнделік” бөлімінде Аннаның жазушылық өмірі мен соған қатысты ойлар берілген. Мұнда кітап кейіпкері өзі жазып жатқан романына қатысты Африкадағы өмірі мен жазушылықта кездескен мәселелері туралы таным-түйсігін пайымдайды. Біз ауыз сөзбен айтқанда, романның бұл бөлімі тарихқа бағытталады.

“Қызыл күнделікте” Аннаның қоғамдық саяси өмірі ашып көрсетіледі. Кейіпкердің Англия коммунистерінің қатарына өтуі мен одан кетуі де осы бөлімде көрініс тапқан, сондай-ақ осы барыстағы Аннаның жандүниесі кеңінен ашылған. Енді бір сөзбен айтқанда, бұл бөлімде автор өз кейіпкерінің саяси өмірін жазған.

“Сары күнделікте” Аннаның сезім дүниесі — махаббаты сөз етіледі. Бұл тарау да кейіпкер өмірінің, жандүниесінің маңызды бір парағын тағы бір қырынан аша түседі.

“Көк күнделік” бөлімінде Аннаның жоғарыдағыдай күй кешіп жатқан жандүниесі көрінеді. Бұнда күрделі рухани дағдарысты бастан кешіп, солардан өтіп келген Анна ақыры жан ауруы дәрігеріне жүгінуге бел буады, осылайша тығырықтан шығатын жол іздейді. Бұл тараудың ерекшелігін біз Аннаның дәрігердің көркем безендірілген бөлмесінде тұрғанда айтқан мына сөзінің табиғатынан аңғарамыз. Анна сонда: “менің жандүниемде мына бөлмедегідей көркемдіктің бірде-бірі жоқ”, “менің өмірім қарадүрсін, бейберекеттігімен ерекшеленеді, мен соларды ұстап қалуға тиіспін” – дейді.

Романның алдыңғы төрт бөлімінде басынан түрліші жағдайды өткерген кейіпкер дағдарыс пен толқуда жаңа бір рухани биіктікке қарай талпынады. Қорыта келгенде, бұл тараулар ішкі жандүние мен сыртқы шынайы өмірдің ара қатынасынан; жеке адам мен көптің ара қатынасынан сөз қозғай келіп, кейіпкердің рухани дүниесіндегі аласпынан төңкеріс пен жүйеліліктің, тәртіптің арпалысын көркем бейнелейді деуімізге болады.

Романның бесінші бөліміне “алтын күнделік” деп тақырып қойылған. Бұл бөлімде жоғарыдағыдай дағдарыстарды бастан өткерген Аннаның бостандыққа бет алып, жаңа бір биікке көтерілген сәтгіне куә боламыз. Бір сөзбен айтқанда, “Алтын күнделік” тарауында Анна шынайылықты “танып”, ақиқатқа жетеді. Тағы бір айта кететін жағдай, бұл бөлімде автор Аннаның 1954 жылы 15 қыркүйек күні бір күнде басынан кешкен ойларын қағазға түсірген. Бұл Ж.Жойстың «Улиссес» романындағы кейіпкер Л.Блумның бостандыққа толы сапарын бастағанына (1904 жылдың 16 маусымы күні) дәл елу жыл толған кез болатын. Автор мұнда Ж.Жойстың бостандыққа ұмтылған әйгілі кейіпкерін меңзеу арқылы осы бөлімде өз кейіпкерінің де дәл сондай бостандыққа шыққанын елестеткен.

Романның соңғы бөлімі “бостандықтағы әйел” атты әңгімеде Анна мен оның досы Моллидің — жалғыз басты әйелдердің өмірі туралы жазылады.

Роман жарық көрген соң, әйелдер теңдігі қозғалысын дәріптеуші кейбір тұлғалардың романды өздерінің “киелі кітабы” санайтыны да осы соңғы тараудың себебінен туындаған. Алайда, жазушы романды тек “әйелдер ме ерлер арасындағы қақтығыстың бетін ашқан туынды” деп қарауға өзінің қосылмайтынын, шығармада көтерілген өзге тақырыптарға салыстырғанда әйелдер мәселесі қосымша нәрсе болып қалатынын ашып айтқан.

«Алтын күнделік» романын өн бойында постмодернистік романдардың ерекшелігі бар және сол ерекшелік негізінде өз дәуірін толық күйде, кең ауқымда жеткізген сүбелі шығарма деп қарауымызға болады. Оның оқырман санасында

өшпей ұзақ қалып, уақыт сынынан өте алуының сыры да, міне, осында жатса керек.

Жоғарыда «Алтын күнделік» романының біраз ерекшелігі туралы тоқталып өттік. Ондағы шынайлық пен қиял, тарих пен бүгінгі күн, шынайы өмір мен миф, болмыс пен түс сондай-ақ өзге де тақырыптар туралы болашақта арнайы тоқталып кең айтуға болады.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада 2007 жылғы Нобель сыйлығының иегері Д.Песингтің шығармашылық өмірі мен ғұмырлық ұстанымы және жазушының айтулы шығармасы «Алтын күнделік» романының көркемдік ерекшелігі туралы сөз болады.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматриваются творческие принципы обладателя Нобелевской премии, писателя Англии Д.Пессинга и история создания его известного романа «Золотой дневник».

ЖАҢЫЛТПАШТАҒЫ ШЕШЕНДІКТІҢ КӨРІНІСІ

Дәуітұлы Т.- аға оқытушы (Алматы қ., Қазмемқызпу)

Шешендік өнердегі басты талаптардың бірі — жүйелі ойды мәнді де сәнді етіп, мүдіріссіз, іркіліссіз шебер жеткізу. Сол себепті шешен сөйлеуге қазақ фольклорындағы жаңылтпаштың тигізер пайдасы мен атқарар рөлі зор.

Шешен әуел баста сөйлеп жаттығуы шарт. Халқымызда «Көре – көре көсем болады, сөйлей – сөйлей шешен болады» деген мәтел бар. Бұл кемел ойлы көрікті сөз тегін айтылмаса керек. Бала тілі шыққаннан бастап әрнені бір айтып, сөйлеуге жаттығады. «Бала тілі — бал» дегендей мұны қызық көрген ата-анасы оларға бір ауыз сөз, бір жол ән-өлең мәтіндерін әуенімен үйрете бастайды. Осыдан бастап сөздік қоры молайып, көптеген әріптер мен сөздерді дұрыс айтқанымен, буындарында «р» мен «ң» әрпі бар сөздерді көп бала дұрыс айта алмайды. Кейде «р» дыбысын «л» немесе «й» десе, енді бірде «ң» дыбысын «н» деп айтып шатасады. Бұл, әрине, көбінде дыбыстау мүшелерінің дыбыс шығару заңдылығын толық меңгермегендіктен туындайтын жайт. Балабақшаны тамамдап бірінші сыныпқа барғанда балалардың басым көпшілігі аталған қателікті түзетіп дұрыс сөйлеуге дағдыланады. Ішінара бірді-екілі, тіпті одан да көп балаларда бұл үрдістің сақталуы сөзсіз. Бұл қаталық дер кезінде түзетілмесе дағдылы «шүлдір» мен «сақаулыққа» әкеліп соқтыруы әбден мүмкін. Сондықтан баланың балғын, тілінің балдыр кезінен бастап дұрыс сөйлеуге дағыдыландыру үшін жаңылтпаштың рөлі өте зор.

Баланы балабақшада, одан қала берді бастауыш сыныптарда жаңылтпаштың көмегімен тілін ұстартып, дұрыс та анық, әдемі сөйлеуге машықтандырсақ, ол орта мектеп, жоғары оқу орындарында да, тіпті қоғамдық қызметте де сарқылмас рухани азық болары айдан анық.

Шешен көп жағдайда ойын ашық, анық, айқын жеткізуге тырысады. Әрине, елді өзіне сендіріп, иландыру үшін нақты дәлелдермен көзге ұрар шындықпен бетпе-бет келуге тура келеді. Осы арқылы тыңдаушының сеніміне ие болады. Кей кездерде ортаға байланысты тұспалдап, астарлап та сөйлейді. Тіпті кейде ым, ишарамен ойын жеткізіп, емеурін танытуға болады немесе аудиторияны өзіне қарату үшін ішкі ойын юморлы әзілмен, қызықты жаңылтпаштармен де жеткізу шешеннің танымдық тапқырлығына байланысты.

Жоғарыда аталған тақырыптардың айтпақ ойын жаңылтпаш арқылы жеткізу тыңдаушыға қызықты да әсерлілігімен, көкейге қонымды болып қарапайым зілсіз жеткізіледі. Мысалы:

Асан бақша жақтан, ақ сабақ асқабақ әкелді,
Басқа жақтан, басқарақ асқабақ әкелді.

Мұнда Асанның өз мандай терін төгіп, еңбек еткен бақшасынан алынған асқабақ пен басқа жақтан қандай жолмен тапқаны өзіне аян, әкелген асқабағын әдемі де астарлы, зілсіз де мінсіз, ұтқыр да тапқыр жаңылтпашпен шебер жеткізіп отыр.

Шақшасыз ақшалы, ақшандай сөйледі,

Шақшалы ақшасыз, шапшандай сөйледі, – деп келетін тоқ ұйқасты бұл екі жолдың құрылысы өте шымыр. Айтпақ ой – болар-болмас қана астарланып, айқын, әдемі әрі жеңіл жеткізіліп, ақшалы мен шақшалы арасындағы психологиялық тартыс өте шебер шешендікпен жеткізіліп тұр.

Арзан алып көк қасқаны,

Қымбаттатып көп қақсады, – дегендегі сегіз буынды жыр үлгісіндегі бұл жолдарда арзан мен қымбаттың арасындағы қарама-қайшылық, арзан алып пайда табам деп, қымбаттатып зиян тартып жүрген қызылқұлақ делдалдардың тіршілік көрінісі «көк қасқаны», «көп қақсады» деген ұйқастармен жеріне жете шенеліп отыр.

Алыстан Арыстанбай арыстандай көрінді,

Арыстанмен Арыстанбай алысқандай көрінді.

Бұл жолдардағы шешендік шеберлік әсерлі теңеу арқылы ой көркемдігін айқындайды. Әр жолдағы «А» дыбысынан басталған үш сөз өзара бір-бірімен тығыз қабысып, әрі үндесіп, «Арыстанбай, арыстандай және алысқандай» сөздері өзара алмаса келіп, «көрінді» сөзінің екі қайталануымен шымыр ұйқасып, Арыстанбайдың кісілік келбетімен тіршілік тынысын көрікті оймен көркемдеп, шебер шешендікпен жеткізіп тұр.

Көп жағдайда қарапайым жаңылтпашта біз ескере бермейтін көрікті оймен көмкерілген астарлы мағынаның жататынын терең үнілсек аңғару аса қиын емес.

Біз шешендіктегі көптеген шеберліктің қайнар көзі жаңылтпашта екенін жете түсінбегендіктен, балаларды бүлдіршін кезінен балабақшадан бастап дұрыс сөйлеуге, әр дыбысты өзінің қалыпты нормасымен айтуға жаттықтыру жұмысына мән бермейміз. Жаңылтпашты жиі айтқызу арқылы балалардың тілін ұстарту, жаңылтпаш арқылы көркем ойды жеткізу, оның ішкі мазмұны арқылы тәрбиелеу жұмыстары өз дәрежесінде жүргізілмейді. Соның салдарынан бүгінгі қоғамымыздағы ұрпақтарға білім беріп жүрген ұстаздар мен теледидар, радио арқылы күнделікті ақпаратты жұртқа жария ететін дикторлар мен журналистер қауымы арасынан «р» мен «ң» дыбысын дұрыстап айта алмай «р» дыбысының орнына тілін бұрап «ар» немесе «и» деп, «ң» дыбысының орнына «н» деп немесе сөздердің орфоэпиялық заңдылығын сақтамай «шегара» деп айтылуға тиісті сөзді жазылуы бойынша «шекара», «көгөніс» деп жұмсартылып айтылатын сөзді «көкөніс» деп құлаққа түрпідей тигізе сөйлейді. Бұл — жеке адамның сөйлеу дағдысының қалыптаспағанынан әлдеқайда күрделі қоғамдық мәселе. Олардан сабақ тыңдап, әдеби, мәдени жаңалықтарды қабылдап отырған, мемлекеттік

тілімізге енді ғана ауызданып келе жатқан жас буын солардан естігені бойынша қаз-қалпында қабылдайтыны сөзсіз.

Ұстаздар да, журналистер де, дикторлар да бүгінгі қоғамның шешендері саналады. Олар өзіндегі осы кінәраттарды алдымен өздері сезінуге тиіс. Өздері сезінбеген жағдайда мәдениет және ақпарат министрлігі тіліміздің бұлайша шұбарлана беруіне селқос қарамағаны жөн.

Қорыта айтқанда, ұлт, заман атынан сөйлейтін би-шешендердің шешендік мұрасын қаймағын бұзбай келесі ұрпаққа табыстауы үшін сөз өнерпаздары өзінің жан-жақты білімімен дауысының әдемілігі, кең тыныстылығы және жағымдылығымен ардақты. Сөзді анық, түсінікті ажыратып айтуға, гармониялық келісім тудыруға, сөйлемнің ырғағын, екпінін, өлшеуін өзгертіп, көркемдеп түрлендіруге күш салады. Әрбір сөз бен сөйлемнің өз орайында әр алуан ырғақты үн, тиісті әуен, музыкалық сазы болады. Сондықтан әрбір сөзді, сөйлемді, сөз тіркесін айтылмақ ойдың мазмұнына сәйкестендіріп айту — сөйлеу тілі мәдениетінің басты талабының бірі болмақ.

Шешендік шеберлікті шыңдауда мақамды жетілдіріп, оған сүйкімділік дарыту үшін жаңылтпашты балабақша, мектеп, басқа да оқу орындарында оқыту, үйрету, жаттап жаттығу өте қажет.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада жаңылтпаштың баланың дұрыс сөйлеу дағдысының қалыптасуына, шешендік өнердің дамуына тигізетін ықпалы қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается влияние скороговорок на формирование речевых навыков ребенка, а также на развитие ораторского искусства.

ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢДЕГІ ПОЭЗИЯНЫҢ ДАМУ ҮРДІСІ

Ержанова С.– ф.ғ.к., доцент (Алтамы қ.,Қазмемқызпу)

Уақытты қабылдау призмасы арқылы қарай отырып әдебиеттің даму ағымындағы дәстүр және жаңашылдық мәселесіне соқпай кету мүмкін еместігін ерексіз мойындаймыз. Бұл ретте Абайдың ақындық дәстүрінің дамуына тоқталған қазақ әдебиеттану ғылымының азулы академигі З.Ахметов «Абайдың ақындық әлемі» атты еңбегінде дәстүр мәселесі жөнінде: «...жеке тақырып, сарындар, өлең өрнектері мен сөз қолданыстарындағы жақындық, ұқсастықтар жайында айту аздық етеді. Олардың да мәні бар екенін жоққа шығармай, керекті жерінде тиісті мөлшерде назар аудара отырып, алдымен тарихи-әдеби процесі тұтастай алып қарастыру, әдебиет майданына Абайға ілесе шыққан ізбасар ақындардың шығармашылық тұлғасын анықтау жағынан олардың әрқайсысы қай бағытта ізденіс жасап, қай қырынан келіп әдебиетке жаңалық әкелді, өзінше жол тапты деген тұрғыдан сөз қозғау ұтымдырақ...», - дейді.

Сонымен қатар әдебиеттің дамуына сол кездегі сыртқы және ішкі факторлардың әсер еткенін білеміз. Бұл ретте қоғамдық қоршаған ортаның маңызы өте зор. Сыртқы факторлар ретінді жалпылық тұрғыда ата-бабамыз

ертеден аңсаған мемлекеттік егемендікті белгілеуін, халықтың рухани жаңғыруын алуға болады. Ал ішкі факторлар олар саяси-әлеуметтік жағдайдың тұйыққа тірелуі, адамдардың, соның ішінде шығармашылық субъектілерінің өздерінің әлеуметтік жағдайларының нашарлауы тәуелсіздіктің ішкі жағындағы кедергілерді көрсетсе керек. Шығармашылықта бұл екеуі де қатар орын алды. Ақындарымыз сыртқы факторларды сіңіре отырып, олардың трансформациялануы арқылы жаңа туындыларды дүниеге әкелді. Осыдан барып жалпы поэзиялық шығармаларды жайлаған мұңлы сарын, қиналыс пен күйзелісі, қатулы қабақ-күй пайда болды. Біз тануға тиіс шындықтар көркем шығармалардан тіпті қоюланып көрініс алғанын байқаймыз. Бұл әлеуметтік шындық, қоғамдық орта қалыптастырған өмір шындығы. Мысалға Ш.Әбдікәрімовтің «Ел көшті» өлеңіндегі қазіргі қазақ елінің тағдыры суреттелген:

Сол сұрақ...
Сол бір сұрақ ырықты алып,
Шыбықтай тұрып кетем сынып барып.
Шықпайды көкейімнен жауабы әзір,
Тобықтай тамағымға тұрып қалып.
Дертіңді жұрмесе де елеп ешкім,
Мен сезем,
Көзі соқыр көр емеспін.
Тау асқан Алан жұртың аз ба саған,
Ана-жұрт,
Ата-жұрттан неге көштің?

белгісіздеу бір бөлшегі ел-жұрттың туған мекеніне қоныс аударуына баса назар аударады. Туған жер қазақ халқы үшін қашанда ыстық, қашанда қымбат. Алайда адамның ол жерден ауа көшуі қазақ баласының басына төнген ауыртпашылықты көрсетсе керек. Ақын өзі тұрған Байқоңыр қаласының қазіргі геосаяси жағын ақтарып, ұрандаудан гөрі елдің ауа көшуін айту арқылы қоғамға, халыққа ой тастайды.

Әдебиетке 80-інші жылдардың соңы 90-ыншы жылдардың басында араласқан буын өкілдері қазақ әдебиетіне нағыз тәуелсіздік рухын алып келді десек қателесе қоймаспыз. Ол буыннан бөле-жарып Т.Әбдікәкімұлын, Н.Мәукенұлын, С.Нұржанды, Г.Салықбайды, Ж.Әскербекқызын, М.Райымбекұлын, одан кейінгі толқыннан Ж.Сәрсекті, Б.Бабажанұлын, Б.Алдиярды, Д.Берікқажыұлын атауға болады. Бұл буын Кеңестік дәуірдің соңғы қыспағын көрді және тәуелсіздік отының тұтануына оттық болған желтоқсан оқиғасына кейбіреулері куә болса, көрмегендері лебін сезінді. Шығармашылық қуаттарының енді қалыптаса бастаған шағында қоғамда болып жатқан өзгерістердің аталған буынның ақындық амбицияларын ұштап, жаңа бастауға жол ашқанын байқаймыз. Қоғам өз-өзінен қожырап, ұранға айналған құндылықтар өзін-өзі жоққа шығара бастаған кезде, жаңа арна тауып ағуға ұмтылған шығармашылық тасқынын белгілі арнаға түсіре білген таланттар бұл күнде әдебиет айдынан өздерінің жүзу алаңын жасай білді. Ойлау әлеміндегі шаблондарды бұзып, жария жайдақтықтан бөлек сыры терең, ойы нәзік, рухы қуатты лирикалық туындыларды дүниеге әкелді. Поэзиялық шығармалар ішкі қуатқа, ішкі кеңістікке ие болды. Шығармашылық субъектісінің дүниетанымы өзгеріп, танымдық құбылыстардың да басқа қырлары ашыла бастады. Яғни «өмір құбылыстарының ішкі сырын, мәнін терең ашып беретін, олардың сипат-қасиеттерін, типтік тұрғыдан саралап көрсететін» шынайы өмір мен көркемөнер арасындағы байланыстың нәзік желілері айқындала бастады. Осы орайда біз әдебиеттегі күллі жақсыны жоғарыдағы буынға таңып, оларды әшекейлей түсуден аулақпыз. Айтайын дегеніміз олардың алдындағы буынның өкілдері мойынсұна

бастаған жария ұран, жасанды тамсанудың жойылғаны, адам мен өмірдің бетпепет келіп, лирикалық кейіпкердің ішкі толғанысы, күрсінісі арқылы, ақын бұрынғыдай жадағай сурттеуден арылып, сол оқиғаға тікелей арласушы ретінде байқалғаны. Алдыңғы буын шығармашылығына қатысты бұл ойды Тұрсынжан Шапай «Ой түбінде жатқан сөз» /10/ кітабында білдіріп, мәселені сол уақыттың өзінде өткір қоя білген болатын. Талантты сыншының іздегені жерден табылып, жаңа буынның қалыптасқанын бәріміз көзімізбен көрдік. «Лирикалық поэзияға жан беретін - көркемдік ойдың қуаттылығы, сезімнің оттылығы, нәзіктігі» /10: 32/ сияқты көркемдік элементтер тәуелсіздік жылдарындағы әдебиеттен көрінгені рас. Қоғамның ащы шындығын баса айту кеңінен орын алып, адамзат мәселесіне бұрынғыдай космостық масштабта аралсу тыйылып, жеке адам ретіндегі түсініктер орын ала бастады. Бұл буынды бағалаған ғалым-сыншы Б.Майтанов «Сөз сыны кітабында» «... қазақ ақындарының да жан сырын жаулаған мәңгілік ақиқат құпиялары, ұлттық өлең өнеріндегі өзгеше жаңа құрылым, болмыс мазмұнына тән ғарыштық тегеурін, ғажайып сұлулық аспандағы жұлдыздармен жарасым іздеуде», - дейді.

Сөзіміздің дәлелі ретінде Тыныштықбек Әбдікәкімұлының келесі өлеңіне назар аударалық. Жалпы, Тыныштықбек қазақ әдебиетіне ерекше леп әкелген ақындардың бірі. Оның діни-танымдық, философиялық шығармашылығына дейінгі жазылған таза поэтикалық туындыларында көркемдік бояу тұтасқан, ойы жеткізуі нақты, образдары соны болып келеді. Әр жылдары жарық өрген «Ақшам хаттары» мен «Ырауан» жыр жинақтары соның дәлелі. Соңғы жылдары жарық көрген «Хас сақ аңқымасы» еңбегін ақынның қазақ әдебиетіне қосқан үлкен танымдық зерттеу еңбектерінің бірі ретінде тануға болады.

*Сезетінді сезбейтіндей жылым иш,
Естіместей құр құлақ.
Басынамыз бірімізді біріміз,*

*Басымыздан ұрғылап.
Ұят құшқан үміт бар ма үкілі?
Сен де - таза, ол да - аппақ?..
Армандатқан әнімізге түкіріп,
Азамызды ардақтап,
Әбігерміз.
(Келешегім кеше гөр!..)
Кеудемізді соғамыз!
Жыртып алып, жат астына төсеген -
Өзіміздің жағамыз!..
Бұл тірліктің нендей гана заңы бар?..
Қалдырар ма сезім із?
Жылап тұрып мұң шағамыз соңынан
Өзімізге өзіміз.*

Соңғы кездері әдебиетші қауым жиі сөз етіп жүрген модернистік ойлау жүйесінің негізгі дәлелі болатын өлең. Бұл буында модернистік үлгі бар екенін Б.Майтанов та айтып өткен. Негізінен алғанда модернизмді тәуелсіздік жылдарынан кейінгі әдебиет ағымынан табу үрдіске айналып барады. Себебі аталмыш ағым біздің әдеби арнамызды анықтауға мүмкіндік беріп, шығармашылық иесінің негізгі ой-орамын тануға жол ашады. Жоғарыдағы өлеңінде ақынның жауыздық пен адамдықтың арасындағы өмір күресін суреттеуі көрінеді. Ақынның лирикалық мені өз атынан сөйлегенмен жалпыадамзаттық мәселені айтуға тырысады. Өлеңнің алғашқы екі тармағы жеке түрде

басталғанымен алғашқы шумақтың соңғы екі жолы көп адамдардың қимыл-әрекетіне «бірін-бірі ұрғылауына ұласады». Үміті үзілген лирикалық кейіпкер ме, жоқ әлде адамзат атаулы ма ол жағы белгісіздеу. Ақынның суреттеу объектісіне қатыстылығы жағынан алғанда қоғамда орын алған бассыздыққа деген ақынның шошына қарағаны байқалады. Келесі шумақтан жоғарыдағы «ұрғылаудан» туындаған істің салдары көрініс тапқан. Қоғамдағы пенделік қарым-қатынас философиясының негізгі орамы жыртқыштық инстинкті оятатынын көрсетеді. Алайда кінәліні қайдан іздейміз, себебі «сен де - таза, ол да - аппақ?..». Бұл жолда қоғамға тән психология бар - бәріне кінәліні алыстан іздеу.

Келесі шумақтың алғашқы тармағында ақын «келешегім кеше гөр!..», - деген сөзді айтады. Өзіне өзі айтады. Келешектің алдында күнәлі болған қоғам үшін кешірім сұраған ақынның азаматтық тұлғасы, өнердің қоғамды ізгілендіру мұраты айқын байқалады. Ол жолдардың жақшаға алынуы да келешектің көрінбейтінін мегзесе, әрбір адамның өз ішінен өз істеген ісіне ертең жауап беретінін білдіріп кетеді. Бірақ оны ешкімде мойындағысы келмейді, жай ішінен күбірлеп айтады.

Кейінгі шумақтарда лирикалық кейіпкердің қайта сол дүрмекке қосылып кеткенін көреміз. Лирикалық сюжеттің шарықтау шегінде «кеуде соғу, жаға жырту» сияқты қимыл-қозғалыстар көрініс алады. Шешімі ақынның баяндауы тұрғысынан айтылады. Өкіну мен опыну.

Бұл буынның келесі бір талантты өкілі - Нұрлан Мәукенұлы. Ғұмыры қысқа болса да талантты мен дарынының арқасында әдебиет тарихынан орын алған шығармашылық иесі. Ақынның философиялық дүниетанымы, зерлі тілі, жыраулық арыны оның өлеңдерін замандастарынан даралап тұрады. Жыраулық дәстүр бұған дейінгі ақындарда көрінгенімен олардың айқындаушы стилі ретінде қалыптаса қойған жоқ. Ал Н.Мәукенұлының шығармашылығында жыраулық дәстүр стилі қазақы қара өлеңнің дәстүрлі сипатымен жалғасып, жарасым табады. Нұрлан өмірдің өткіншілігін жалынды жас шағында-ақ түсінген ақын. Сондықтан оның өлеңдерінде жыраулық стиль орын тапқанмен олардың романтикалық сарыны жоқ. Бұл дегеніміз ақынның өмірсүйгіш рухын жоққа шығару емес, айтқымыз келгені оның өлеңдерінде көрініс тапқан қоңыр мұңның төркіні болатын.

*Бақалы көлге түскенмін,
Балдырлы суын ішкенмін.
Бойлауығын жұлғанмын,
Балығына ау құрғанмын.
Тарғыл бір тауға шыққанмын,
Тасының сырын ұққанмын.
Қынасын жиып жүргенмін,
Сары даланы кезгенмін,
Жаңғырық болып күлгенмін.
Бөкен боп белде безгенмін.
Ерменнің дәмін алғанмын,
Елжіреп жүрек қалғанмын.*

Бұл шумақтарды оқығанда ең басты көзге шалынатын нәрсе, ақынның табиғаттың тілін жақсы түсінетіні. Ақын табиғаттың өзіндік гармониясын бұзбай, ол күйінде өлеңге көшіре білген тәрізді. Ұйқастарды табу үшін «ойдан қырға, қырдан тауға секірмейді». Әр табиғи ерекшеліктің өзінің сырларын өз ішінен тани біледі. Бірінші шумақ суда, екіншісі тауда, үшіншісі далада өтетін процесстер. Яғни ақын ұйқастың өзін табиғи гармониядан таба білген. Көлге түсу, суын ішу, бойлауығын жұлу, балығына ау құру сияқты суға қатысты іс-әрекетке бір шумақты арнап, оған басқа табиғи ерекшелікті қоспаған. Бұл ретте ақынның көрсеткісі келгені атам қазақтың табиғатпен арасындағы байланысының

тығыздығы болатын. Сол көшпелі елдің табиғат анамен етене жақындығын бұзбай, сөзбен ғана емес, суретпен сала білген. Үшінші шумақтың соңғы жолы ғана дала көрінісіне қатысы жоқ. Бірақ ол жаңа идеяны бастау үшін жалғастырушы тармақ болып табылады. Табиғат ананы сүюді ол жалғыз ғана жүректің «елжіреуімен» береді. Өлеңде халықтың негізгі тегін іздеу, технологиялар туындатқан жаңалықтардың адамзатты түп-төркінен бөліп, тамырынан алыстап жатқанын жеткізу бар. Өлең негізінен алғанда екі бөлімнен тұрады. Алғашқысы біз атап өткен үш шумақта, екінші бөлім - жоғарыдағы ұлттық тамырды іздеу идеясын нақтылы айтатын шумақтар. Өлең құрылымы да ерекше, соңғы үш шумақ үш жолдан тұрады және екі жолдары ғана бір-бірімен ұйқасып үшінші тармақтары қайталау үлгісінде беріліп отырады, өлеңді түйіндейтін «құлағың шалсын даусымды» жолымен ұйқасып келеді. Сондай-ақ екінші бөлім нақтылы талап-тілек үлгісінде айтылады. Өлеңнің сюжеттік-композициялық құрылымы өте серпінді және жасандылықтан ада.

Замандастарымен қатар «алғашқы қадамынан-ақ поэзияда қалыптасқан қасаң, шаблондық көру жүйесіне, канонға айналған образ-өрнектердің мызғымастығына дау айта келген» ақынның бірі - Гүлнар Салықбай. Поэзиясындағы бейкүнә шарасыздық пен нәзік сезімдердің ағымы ақын шығармашылығындағы лирикалық тұлғаның рухани жаңа сапасын танытады.

*Айналамда
Аңыраған жел,
Есіркеген, мүсіркеген ел.
Маған дегің келмесе егер: «Өл!», -
кел.
Мені ұшырған бақыт, әлде
сор,
тоқтата алмай ешбір темір
тор.
Құлау үшін кетіп барам көр.
Сенен ешкім сұрай қоймас
құн.
Тек бір рет жыла сонда
шын.
Айналамда
Аңыраған жел.
Түн.*

Гүлнар өлеңдерінің құрылымдық жағы да аса ерекше. Ол негізінен алғанда ұйқас қуып, сөз ойнатуға аса ұмтылыс білдірмейді. Мысалға келтірілген өлеңнен байқайтынымыз, ақын өлең тармақтарын белгілі бунақтардан «сындыру» арқылы, композициялық құрылымның өзгеше түрін жасақтаған. Екінші жаққа бегісіз біреуге қарата айтылатын ойдан лирикалық кейіпкердің басындағы драматизмді көреміз. Белгісіз образ немесе бейне бұл - ақын шығармашылығындағы идеал-тұлға сияқты. Оның құтқарушы күш екені айдан анық. Алайда ол жаратушы тұлғасынан жетпейді, адам тұлғасынан биік тұрады. Ондай идеал-образ (сен, сіз) Ж.Әскербекқызының да шығармашылығынан орын алған. Сірә, бұл ақындардың нәзік жандылар санатына жататындығынан болар. Қыз ақындардың физиологиялық ерекшеліктеріне қарап, бұл ретте оны нақтылы ер адам ретінде қарау әбестік болар. Алайда олардың нәзік жандары, сезімтал жүректері ер-азаматқа қарағанда дүниені басқа қырынан қабылдайтыны анық. Идеал-образ дегенде ақындардың оларға табына қарауы немесе оларды аспани қасиеттермен көмкеруі жоқ. Идеал-тұлға - ол ақынның тұтас шығармашылығынан

орын алған, лирикалық кейіпкерімен тіл табысатын объекті ретіндегі бейне. Лирикалық кейіпкер онымен қоянқолтық араласып кеткен, жанына жақын да сол, одан тым алыс та сол.

Гүлнар өлеңіндегі лирикалық кейіпкердің нәзік болмысына «аңыраған жел» тіркесі эмоциялық сипат үстеп тұр. Біз айтқан тұлғаның назарын аударғысы келетіндей ме, оған өз жанының жарасын жеткізгісі келетіндей ме?! Әйтеуір, лирикалық кейіпкердің өзіне ғана белгілі бір жағдай бар.

Бір буыннан тұратын ұйқастардың жеке жолға жазылуынан лирикалық кейіпкердің оларға екпін түсіретіні байқалады. Сол арқылы ойын нығарлап жеткізгісі келетіндей. Сол бунақтарды өлең тармағының бір жолына жазып қалдыратын болсаңыз, өлең көркемдігінің әлсірегенін және композициялық құрылымның босаңсығанын байқайсыз. Жел мен түн тұспалдау арқылы беріліп, қоғамдық ортаны көрсеткенімен образ дәрежесіне көтерілмеген. Лирикалық кейіпкердің ішкі әлемінің сыртқы дүниені қабылдауы жел мен түннің сипатынан байқалады. Жалпы табиғат құбылыстары тәуелсіздік жылдарындағы поэзиялық шығармаларда анимистік сипатқа ие болып, оның образдық айқындаушы күшіне айналғаны белгілі. Негізінен алғанда Мағжан ақынның шығармаларынан бастау алатын бұл үрдіс қазіргі уақытта белсенді қолданысқа енгенін көреміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н. Келімбетов «Ежелгі дәуір әдебиеті», Мектеп баспасы 1986 жыл
2. Современный философский словарь Издательства «Одиссей» 1990 года г. Бишкек
3. Күлтегін жыры
4. А. Қыраубаева «Ежелгі дәуір әдебиеті» 2001 жыл «Елорда» баспасы, Астана қаласы
5. Л. Гумилев «Көне түріктер», «Ана тілі» баспасы, Алматы қаласы 1994 жыл
6. Жеті ғасыр жырлайды, Алматы, «Жазушы» 2004 жыл
7. Ә. Қоңыратбаев «Қазақ фольклорының тарихы», Алматы, Ана тілі 1991 жыл
8. М. Әуезов «Әдебиет тарихы» Алматы «Ана тілі» 1991 жыл
9. Қ. Жұмалиев «Егеулі найза», Жазушы, Алматы, 1979 жыл
10. О. Тұржан «Махамбет өлеңдерінің поэтикасы»

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада тәуелсіздік кезеңдегі поэзияның даму үрдісі қарастырылған. Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиеттің даму бағыты туралы сыншы-ғалымдардың пікірлері сараланып, ақындардың шығармаларымен дәйектелген.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена рассмотрению развития поэзии в период независимости. Также в ней содержатся высказывания ведущих литературоведов и критиков о путях развития литературы в эти годы, проиллюстрированные примерами из текстов.

«ҚАРҒЫН» РОМАНЫНДАҒЫ ЖАСЫН БЕЙНЕСІ

Жанұзақова Қ.Т.- ф. ғ. к. (Алматы қ., Қазмемқызпу)

Дулат Исабеков 2007 жылы «Қазақ әдебиетіне» берген бір сұхбатында: «Қарғынды жазғанда мен де романтик болатынымын. Жазушы көп те, суреткер аз. Суреткер өмірін, болмысын өзімше танытқым келіп еді. Жастар Жасынды идеал тұтса, жазушы ретінде бір мақсатымның жүзеге асқаны болар. Ал мына заманда балаңды романтик етіп тәрбиелеуге қорқасың. Өйткені, ертең ол ортаға қосыла алмай, шеттеп қалады. XX ғасырмен бірге романтика да кеткен сияқты көрінеді маған» - деп жазыпты.

Кеңестік әдебиеттануда «социалистік реализмді» қалай мадақтасақ екен деген желеумен жүргенде басқа әдеби дәстүрлерді сұйылтып алдық. Кеңестік әдебиеттану ғылымы реализм мен өршіл романтиканың жымдаса бірігуі социалистік реализм болады деп анайылау түсіндірді. Романтизм дәстүрі қазақ әдебиетінің тарихында ақын-жазушылардың шығармаларында сақталып келді. XX ғасырдың екінші жартысында әдебиетте романтизм айқын көріне бастады. Алайда бұл құбылысқа жете назар аудармай, социалистік реализм дәстүріне дақ түсірердей сезінген кездер де болды. Соған қарамастан романтикалық сыңайда жазылған шығармаларда көркемдік ізденістер, соны ой мен ұтқыр образдар кездесіп отырды.

XX ғасырдың екінші жартысындағы (60-80 жылдар) қазақ прозасы үлкен көркемдік ізденістерге қол жеткізді. Осы кезеңде жарық көрген тақырыптық жағынан әралуан туындылардың басым көпшілігінде романтикалық бояу анық байқалып отырды. Сондай шығарманың бірі – Д.Исабековтың «Қарғын» романы.

«Қарғын» романында жазушы өмірдің, тұрмыс-тіршіліктің эпикалық тынысын беруге емес, адамның рухани дүниесіне үңіле отырып рухани әлем қатынас-қақтығыстарына ден қояды. Д.Исабековтің «Қарғын» романындағы Жасын бейнесі сол кезеңдегі қазақ әдебиетіндегі реалистік негізде жасалған белсенді күрескер коммунистің бейнесінен мүлдем өзгеше. Ол сол кезеңдегі шығармаларда орын алған мінсіз, «жағымды» кейіпкер де емес. Жасын – оқыған, білімді, іштей еркін, терең түйсіктің, сарабал да сыншыл мінездің адамы. Бірақ оның бойынан айналасына бейжай, селқос қарайтын мінезін де байқаймыз, табиғатында циник, тіпті өзімшілдігі де жоқ емес. Өзге түгілі, кейде өзін-өзі де түсінбейді.

Жасын социалистік реализм үлгісіндегі замандастың бедерлі бейнесінен бөлек сомдалған. Бұл шығарманың кезінде көп сынға ұшырап, сыншылар мен жазушылар тарапынан әралуан, қайшылықты пікірлер тудырғаны да сондықтан болар. Сыншы Т.Тоқбергенов «Жасын – ойлы, білімді, өнерлі жастың образы» екенін, бірақ оған «күрескер мінездің» жетпей жатқанын баса айтты. Ол: «Дулат осы кейіпкерінің қай заманда тіршілік кешіп отырғанын жеткізе ойланды ма, қоғамдық тұрғыдан, бүгінгі күн тұрғысынан ойланды ма? Жасындағы өзімшілдік, нигилистік пиғылға себеп ашылды ма – ол арасына ой жіберді ме? Бір кездегі Рудин, Базаровтар сондай болса, өз тұсының әлеуметтік шындығы қол байлау болды емес пе? Ал Жасынның ашылмайтыны несі? Адам мінезінің, қаракет-тірлігінің жұмбақ күйде қалуы түйткіл сала береді» /1,10/ - десе, жазушы Д.Досжанов романға айтқан пікірінде: «Жасынның өмірдегі көзқарасы, ұстанған беті қайсы, кімдерге кереғар келіп жүр, жиырмасыншы ғасырдың Онегині мен Печорині секілді пұшайман хал кешуіне жол болсын? Оған басты себеп-салдар қайсы? - Міне, осы сауалдарға дәйекті жауап болғаны жөн еді-ау» - дейді.

Романды салқын қабылдаған сыншылар көбінесе Жасын бейнесін сол заманның әлеуметтік тынысы, шындығы тұрғысынан бағалады. Ал романның табиғатын, көркемдік құрылымын тану, ең алдымен осы Жасынның болмысын тап баса білумен байланысты.

Жоғарыда Д.Досжанов тізбелеген сауалдарға жауапты біз шығарманың өн бойынан табамыз. Ол үшін Жасынның мінез-құлқына, адамдық болмысына баса назар аудару қажет. Шығарманы сынай отырып, Д.Досжанов Жасынның бойынан ХІХ ғасырдағы орыс әдебиетіндегі романтикалық Онегин, Печорин бейнелерімен ортақ ұқсастық көріп отыр. Романтикалық кейіпкердің заманының әлеуметтік жағдайына көңілі толмауы, айналадағы өмірге сын көзімен қарауы, әсем идеал мен болмыс арасындағы ымырасыздық, субъективті әлемге ден қою - жалпы романтизм эстетикасына тән. Осы кейіпкерлер секілді Жасын да беймаза күй кешіп, торығып, тыныштық таба алмайды. Неліктен? Мұның бір ұшығы Жасынның өз ортасына, әлеуметтік шындыққа көңілі толмай, қанағат таппауында жатыр. «Замандастарымыздың жарқын бейнесін» жасап, «жарқын өмірді» суреттеген шығармалар ғана мақталып, Жасынның жаңа романы сынға ұшырайды. Белгілі бір қалыпқа сыймаған шығармаларға қара бояу жаққан сын өресінің аласалығы жазушының жанын ауыртады. Идеология әдебиетке, көркем шығармаға теріс ықпалын тигізген қоғамға Жасынның ішкі наразылығын көреміз. Жасын қоғамды жайлаған тоғышарлыққа, өз ортасының моральдық институттарына кереғар келеді. Жазушы романда жеке тұлғаның ішкі рухани әлеміне үңіліп, тұлға мен оның өмір сүрген ортасы, қоғам арасындағы арабайланысты алтын арқау етеді.

Өзіне де беймәлім нәрсені шарқ ұра іздеп, беймаза күй кешкен кейіпкер жалғыздығынан жапа шегеді. Өйткені адам жаны неғұрлым нәзік, терең болған сайын – жанды қанағаттандыруға деген ұмтылысы, жан айқайы соғұрлым күшті болмақ. Жасын үшін Бағила – тазалықтың, пәктіктің көзі. Оның қызбен рухани туыстығының, жан жақындығының негізінде өзара сүйіспеншілік туындайды. Қызбен жолыққаннан кейін ол өз бойынан бұрын-сонды байқап көрмеген ерекше сезімді байқайды. Ол үшін Бағила – «сұлулық пен ынтызарлықтың символы» /2,175/. Өз кезегінде Жасын да балғын, өмірлік тәжірибесі аз қыздың іштей есеюіне, рухани толысуына, оның жеңгесі Мәликенің де жан дүниесінің жаңғыруына әсер етеді.

Жасын – күрделі тұлға. Қалыптасқан қағидаға, догмаға жаны қас оның кез келген нәрсеге өзінің жеке тәуелсіз ойы бар. Рухани ішкі еркіндікті, шығармашылық дербестікті бәрінен жоғары қоятыны да сондықтан. Сырттай қатал да қатыгез көрінуге тырысқанымен жаны нәзік Жасын сергелдеңге түсіп, қызға деген ыстық ықыласынан, сезімінен шошиды. Ол іштей өз-өзімен егесіп бақса да, Бағиланы өз өмірінен ығыстыра алмайды. Жасын махаббат туралы іштей толғанып, жазушы (Д.И.) суреттегендей «философиялық-романтикалық халге түседі /2,150/ және сол күйіне кекесінмен де қарайды. Шығарманың басында қызға қатал болған Жасынның романның соңында өзгеріп, жұмсарғанын байқаймыз.

Шығармада романтикалық бояу кейіпкердің мінез ерекшелігінен көрінеді. Романда Сәргел, Тұрғат сынды кейіпкерлерге рухани бай, табиғаты нәзік Мәлике, Бағила қарсы қойылған. Бағиланы суреттеуде, оның портретін сомдауда қалагер романтикалық бейнелеу тәсілін қолданады. Бағиланың мінсіз ақ жүзін «табиғат бар өнерін сарқа жұмсап» жасаған. «Бағиланың ... қалпы мен бүкіл болмысы сұлулық пен пәктік қандай болмақ? – деген сауалына жаратылыстың үнсіз беріп тұрған жауабына сайғандай /2,29/. Оның бойында әйелге тән сирек кездесетін әдемілік қана емес, «бұлақ бастауындай тазалық, маң далада туған айдай әсемдік, жаңбырдан соңғы қарақаттай мөлдірлік, таң алдында ашылған гүлдей пәктік»

жарасым тапқан. Ал Бағиланың суретші салған портреті «сұлулық пен пәктік пендешілік пен тіршіліктің ұсақ-түйегіне пайғамбар биіктігінен қарап тұр. Мұндай әсемдік пен тазалықты бұзуға, оған дақ түсіруге батылық да, арың жетпейді. Оған қарап тұрып өз бойындағы тазалықты еріксіз таразыға салуға мәжбүр боласың, таразыға саласың да қоқысың мен лайсаңның баршылық екенін көріп, өзіңді-өзің бейшара санайсың, өз-өзіңнен ұяласың» /2,84/. Кейіпкерді идеалдандыру - әдебиеттанудың ең өзекті мәселелерінің бірі, бірақ ол көп зерттеле қоймаған. Эстетикалық идеал кез-келген өнер туындысына өзек бола алады, бірақ оның романтизмде алар орны ерекше. Қаламгердің Бағиланы суреттеудегі максимализмін, кейіпкер мінезін, сұлулығын даралай бейнелеуін, тіпті идеалдандырып жіберуін де аңғару қиын емес.

Өмірге эстетикалық идеал тұрғысынан баға беру тек жалпы романтизм эстетикасына ғана тән белгі ғана емес, қазақ романтизміне де тән. Мұндағы ерекшелік романтиктердің өздері іздеген қанағатты, мәңгілікті әлеуметтік құбылыстардан, табиғат әлемінен, рухани дүниеден табуында. Жасын жаны тыным таппай, адамдарды ойландырған сан сұраққа сарыла жауап іздейді. Ол қоғамдағы рухани жұтандыққа, материалдық дүниеге, адамдардың тоғышар тіршілікке өз наразылығын білдіреді. Ол: «Мен тоқ адамды жек көрем. Өйткені тоқ адамның көзі соқыр, құлағы керең келеді. Оларға өнер де, ұлт та, ертеңгі күн де, дүниедегі өзгерістер де қажет емес, оларға қарын ғана қажет. Отырған орны, мінген көлігі ғана қажет. Өмірден түк сезінбей осылай өтеді. Солай өтерін өздері сезінбейді, соны сезініп оларға жаның ашиды...Қайда барсаң да алдыңнан шығады. Адамдармен араласқанды көп ұнатпаймын. Ойсыз көзді, санасыз басты кездестірем бе деп қорқам. Кісіге жұғымым жоқ шығар деп те өзіме сын көзімен қарап көргем, ылайым солай болса деп те тілегем. Өкініштісі сол – қателеспегем екем» – деп толғанады.

Жасынның өз ортасына сыймай, қоғамға сын көзімен қарауы романтикалық мінез табиғатымен астасып жатыр. Осы ретте ғалым Л.Гинзбургтің романтикалық қарама-қайшылық туралы пікірі Жасынның мінезін түсіндіруге мүмкіндік береді: «Романтическое противоречие философски осмыслялось как полярность, как сосуществование противоположностей, нераздельно между собой сопряженных. В плане душевной жизни – это противоречивое единство личности, конечной и одновременно устремленной к бесконечному и сверхчувственному. Романтизм обратился к противоречиям целостной личности. Определяет ее противостояние бесконечного и конечного, идеала и непросветленной вещественности в разных модификациях – вплоть до социально окрашенного конфликта избранника и общества, поэта и толпы» /3,219/. Жасынның жоғарыдағы пікірінен адамдардың материалдық байлыққа, тұрмысын жақсартуға ғана ұмтылып, рухани құндылықтарды ұмытқан қатыбастығы мен қоғамды жайлаған тоғышарлыққа, тірлік күйбеңіне қарсылығын көреміз. Бұл турасында жазушы шығармашылығына әділ бағасын берген сыншы Ә.Бөпежанова былай дейді: «Жалпы Дулат творчествосында жаратылысында «туа бітті азат» адам баласының арман-үміт-тілегі мен кешкен ғұмырының арасындағы алшақтық-сәйкессіздіктердің объективті-субъективті себептеріне үңілуі – адам баласының бақытты да толыққанды рухани ғұмыр кешуіне деген саналы сағыныштан бастау алатындай» /8/.

Романда жазушы өз кейіпкерлерін олардың кітапқа деген қатынасы арқылы суреттейді. Жазушы дүниетанымында кітап – руханият белгісі, білімнің көзі, рухани байлық. Кейіпкерлердің кітапты бағалауы арқылы автор оларға мінездеме береді. Шығармада тоғышарлық дертіне шалдыққан Сәргел, Тұрғат кітапты адамның білім көкжиегін кеңейтетін дүние емес, үйде сөрелерде сән үшін сықып

жиналып тұратын мүлік ретінде қабылдайды. Бағила алғаш рет Сәргелдің үйіне келгенде, сөредегі қатарлана жиналған, беттері ешқашан ашылмаған жап-жаңа кітаптарға көзі түседі де, «бұл үйдегі кітаптардың білім көзі есебінде атқаратын қызметінен гөрі мүлік ретінде атқарар ролі басымырақ екенін аңғарады» /2,28/. Ол үй иесінің мына кітаптарды түгел оқыған-оқымағаны жайлы өз көңілінде бір сұрақтың жылт ете қалғанына таңырқаған жоқ. Жасын университетте сабақ беретін, ғылым докторлығын қорғаған Сәргелмен телефоннан бір тіл қатысқаннан кейін-ақ «ешқашан көркем шығарма оқымаған, оқимын деген ниеті жоқ» /2,95/ адам екен деп бағалайды. Ал қарапайым ауыл адамы грейдерші Кенжетайдың қалтасынан ақ қар, көк мұзда жүрсе де, кітап түспейді. Далада жалғыз үй отырған шопан Қаратайдың өзі ежелеп кітап оқып отырады. Мәлике мен Бағиланың да кітапқа деген ілтипаты ерекше.

Жасынның суреттелуінде де романтикалық бейнелеу тәсілінің орны басым. Романтизм эстетикасында кейіпкер қарама-қайшылықтың бірлігінен тұрады. Жасында ой мен сезім, адамның ішіне үңіле білетін сұңғылалығы, сұлулыққа, тазалыққа деген іңкәрлігі мен терең парасаты бар. Сонымен қатар өзін сүйген жас қызды аямай, сынап-мінеген қаталдығы, қатыгездігі, өз сезімін өзі тұншықтырған асаулығы, менмендігі тағы бар. Бағиланың айналасына мінезі тосын көрінетін Жасынды «бір жағы жылы, бір жағы аяз, жер деп аталатын үлкен қазандағы алып мұзға» теңеуі тегін емес.

Шығармада жазушы бейнесі символ дәрежесіне дейін көтерілген, ал бұл – романтизмнің негізгі белгілерінің бірі. Жасын деген атының өзі символдық мән жүктеген, яғни «қыран көз, Жасын десе жасындай келісті, найзағайдай тіліп түсетін өткір ойлы жазушыға ғана тән» есім.

Д.Исабеков кейіпкерлеріне рухани максимализм тән. Олар басқа адамдардан бойын аулақ ұстап, оңашалау жүргенімен, болып жатқан оқиғаға белсене араласып, жауапкершілік жүктеуден қашпайды. Тағдырдың басқа салған талқысына төзе білетін кейіпкерлерінің көбі үнемі азап шегіп жүреді. Кейде трагедиялы халге душар болып жатады. Жандары қиналысқа түссе де оларды адамгершілік мәселесі, рухани құндылықтар, адам өмірінің мәні мен мағынасы мәселелері толғандырады.

Қалыпты ұғымдағы кейіпкерге келе бермейтін Жасын да шығармашылық адамына тән мінезбен адам мен қоғам, махаббат пен адалдық, адамның ішкі рухани тазалығы, сезім табиғилығы туралы толғанып, іштей талқыға түседі. Ол жеке адамның ішкі рухани еркіндігін жоғары қояды. Мінез-құлығы көп адамға түсініксіз, қаракеті өзгеше ол өзімен де, ортасымен де қарама-қайшылықты қатынаста. Бірақ Бағиламен кездескеннен кейін Жасынның өміріне өзгеріс ене бастайды, «ішкі дүниесіне қарғын судай күрт өзгеріс енеді». Роман тақырыбының осылай аталуында да мән бар. Жасын үшін Бағила - рухани жанарудың көзі.

Тұрғат Жасынға рухани-мәдени тыныс-тіршілік жағынан қарама-қарсы кейіпкер ретінде суреттелген. Бағила бұл екеуі туралы: «Бір-біріне кереғар екі адам. Мақсаттары да, мақсатқа барар жолдары да, таным-түйсіктері де екі басқа» – деп ой түйеді. Екеуінің Бағиланы қабылдауы да, дүниетанымы да екі түрлі. Жасын үшін Бағила «сұлулықтың пәктіктің үлгісі» болса, Тұрғат үшін сегіз бөлмелі үйінің сәнін келтіретін қымбат «алтын жиһаз» ғана. Тұрғат материалдық дүниеге жақын, Бағила ол үшін - зат.

Романда материалдық және рухани құндылықтардың қарама-қайшылығын көреміз. Мансап пен атақ, жоғары қызмет үшін барын аямайтын Сәргелдің әлеуметтік тұрмысы қаншалықты жақсы, жайлы болғанымен рухани дүниесі де соншалықты жұтаң. Жазушы Сәргел, Тұрғат бейнелері арқылы арқылы тоғышар тіршіліктің психологиясына талдау жасайды. Романда рухани бастауды үнемі адамгершілік, ішкі ізденісте жүретін Жасынның, рухани толысу шырғалаңдарын

басынан кешкен Бағиланың, Мәликаның және қарапайым ауыл адамдарының бейнелері арқылы бағамдаймыз. Материалдық дүние өмірді мансаппен, атакпен, жасау-жиһазбен өлшейтін Сәргел, Тұрғат бейнелері арқылы айқындалады. Бұл екеуінің арасындағы романтикалық кереғарлық әлеуметтік-адамгершілік мағынаға ие. Материалдық дүниенің тұтқыны болған Сәргел мен Тұрғат өз әлемінде тоқ өмір сүріп, оған риза болса, Мәлике мен Жасын айналасындағылардың жандарына жат тоғышар тіршілігін қабылдамай, басқа рухани әлемге талпынады.

«Сәргел, Тұрғат бейнелері негізінде жазушы тоғышарлық тіршіліктің психологиясына әр қырынан талдау жасайды. Өміртанымдары таяз, ой-өрісі тарлау, осы кембағалдықтарын өздері де ептеп түйсінетін бұл кейіпкерлер, сөз жоқ, аяныш тудырады. Бұл аяныш романның тағы бір кейіпкері Мәнсияға деген аяныштан өзгешелеу. Өйткені Мәнсия туа бітті кемтар болса, Сәргел мен Тұрғаттардыкі рухани кембағалдық» - дейді сыншы Ә.Бөпежанова /16/.

Шығармада Жасынның арғы болашақ өмірі белгісіз күйде қалған. Суреткер роман соңында оқиға шешімін оқырманның өз үлесіне қалдырады, әркім өз түйсігіне орай өрбітер кең желі тастайды. Д.Исабеков стиліне өз оқырманын болып жатқан оқиғаға бей-жай қалдырмай қатыстырып отыру тән.

Д.Исабеков шығармаларында романтизм қиялға негізделген шындықтан, шарттылықтан немесе мифтік-романтикалық сюжеттерден жасалмайды. Сыншы Ә.Қодаров : «Д.Исабеков - қазақ әдебиетіне тұңғыш болып Саттар Ерубәев әкелген дәстүрлі европалық үлгідегі романтизмге жақын жазушылардың бірі» - деп бағалаған болатын. «Қарғын» романында нақты реализм мен нәзік символика, рухани максимализм үйлесім тапқан. Жазушы шығармаларында романтизм кейіпкердің мінез ерекшелігінен, жасаған ісінен, әрекетінен байқалады. Жазушының алғашқы повесі «Гауһартасты» да, «Қарғын» романын да таза реалистік деуге келмейді. «Қарғын» романында романтикалық сарын бар, бірақ ол реалистік бейнелеу тәсілінің шеңберінен шыға қоймайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Тоқбергенов Т. Ай мүйіз: Портреттер, эсселер. – Алматы: Жалын, 1990.
- 2.Исабеков Д. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы. Т.2. 1993.
- 3.Гинзбург Л. О литературном герое. – Москва: Сов.писатель,

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Д.Исабековтің «Қарғын» романындағы романтизм әдісі қарастылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается романтизм Д.Исабекова в романе «Половодье».

ТАРИХИ РОМАН ТАҒЛЫМЫ

Зайкенова Р. – ф. ғ.к., доцент (Алматы қ., Қазмемқызпу)

Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, майталман қаламгер Қабдеш Жұмаділовтің қаламынан 12-томдық таңдамалы шығармалары жарық көрді. Оның 10 томы да роман десек, мұның бесеуі таза тарихи тақырыпты яғни ұлт тағдырын қозғайды. Біз осының ішінде екіншісі бірі

бара алмаған шекара мәселесі, оның екі жағындағы адамдар тағдыры егжей-тегжейлі сөз болатын «Тағдыр» романына тоқталмақпыз. Аталмыш роман жанрлық сипаты жағынан тарихи-көркем туынды болғанымен, бұл шығарма 1880 жылдары екі алып империя шекара бөліскенде қызыл сызықтың арғы жағында қалып қойған қазақтардың шежіресі іспетті. Цин (Чин, Ежен хан, Маншың) империясының (1644-1911жж.) 18-ғасырдың орта шенінде Орта Азияға дейін ірге жайып келуі, қазақ тарихында ұлт-азаттық көтерілістердің тууына аса үлкен ықпал жасады. Кейбір зерттеу еңбектерде Цин атауы қолданылады. Негізінде Цин, Цин, Еженхан, Маншың сөздері бір ұғымды береді. «Қытайды Шығыста Цин деп атайды, яғни Иисус Христос туғанға дейінгі 221-206 жылдары патшалық құрған бірінші монархиялық император әулетінің Цин деген атымен атап, бірақ Цин деудің орнына Чин деп бұрмалап кеткен. Бұл әулеттің негізін қалаушы Цин Ши-Хуан-ди деген кісі болған. Цин әулеті екінші буынында ішкі өзара соғыстардың салдарынан құрып кеткен», - деген Шоқан Уәлихановтың тұжырымдамасына сай жазушы Цин деген атауға табан тірейді/1/. Роман сюжеті Тарбағатай өңірі, Құлыстай өлкесі және Маньчжур өкіметінің «Сунцзай-чан», яғни «жаңғырған қала» деп атаған бірақ қазақтар бөтен сөзге тілі келмегендіктен, Шәуешек деп атап кеткен қаласында, бас кейіпкер, тарихта болған адам, Демежан айналасында өрбиді. «Шәуешек»-түрік-монғол тілінде тостаған деген мағына береді. Былай ойлап қарасаң, шынында да, айдалаға келіп орнаған шара-аяқтай ғана шағын бекініске бұдан артық қандай ат қоюға болады», - дейді автор/2/. Шәуешек тағы бір зерттеу еңбектерде ру аты ретінде кездеседі.

1988 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Тағдыр» романының Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығына ие болуы тегін емес. Өйткені тарихи шығарма жазғаннан кейін ондағы деректерге ешкім дау айтып, күмән келтірмеуі керек. Автордың өзі сол өлкеде туып өскендіктен, оған Демежанның ел ішіндегі өмірі, бақкүндес ағайындармен, алпауыт халдайлармен тартысы бала жастан қанық болғанымен, сол кездегі Маншың хандығының ішкі-сыртқы жағдайы, орыс-қытай қарым-қатынасы, шекара бөлісінің жәй-жапсары әлі де толық емес еді. Сондықтан жазушы бір жылдай уақытын архивтерді ақтарып, тарихи зерттеулерге үңіліп, Маншың династиясының үш ғасырлық шежіресін бастан-аяқ сүзіп шығады. Әсіресе, соңғы жесір патшайым Цыси тұсындағы сарай төңкерістері мен оның Шыңжаңға жеткен думпуін түгел оқып зерттейді. Шекара бөлісудің құжаттары: 1861 жылғы Петербург келісімі, 1881 жылғы Бежин келісімі, 1884 жылғы Шәуешек хаттамасы да назардан тыс қалмаған. Сол тұста Шәуешекте тұрған алғашқы орыс консулдары (Татаринков, Балкашин, Федоров т.б.), Тарбағатай аймағын билеген амбылар (князь, губернатор мағынасында) мен халдайлар (шекара қызметшілері), шекара бөлісінен кейін ел ішінде өткен алғашқы сайлау, қазақтан шыққан тұңғыш үкірдайлар (үкірдай-аға сұлтан дәрежелі лауазым)... Міне, осылардың бәрін де автордың өте жетік білуі – Шыңжан аймағындағы қазақтардың қоғамдық-әлеуметтік өмірінен толыққанды тарихи-көркем шығарманың жазылуына себеп болды.

Роман төрт бөлімнен, қырық тараудан тұрады, әр бөлім – он тарау.

Шығармадағы бас кейіпкер Демежанды әкесі Керімбай 13 жасында Тарбағатай және Алтай аймақтарының губернаторы, Цин империясының жоғары дәрежелі өкілі Ши-амбыға аманатқа тапсырады. Ол уақытта ру көсемдері өз балаларын бауырынан жырып, ұлыққа әкеп беруге тиіс болған. Сөйтіп Демежан Ши-амбының қолында қытай-маньчжур балаларымен бірге бір мектепте оқиды. Гимназияны бітірген соң, Ши-амбының шырмауынан шыға алмай, оның қолында қалып қояды. -Ал сенің өз басыңа келсек,-деді Ши-амбы дауысын соза, сөз арасында ыңылдап алатын әдетімен. -Сен жеке Керімбай зәңгінің ғана баласы емессің, менің де туған балам сияқтысың. Қаршадайыңнан менің қолыма өстің.

Ханзуша (ханзу-қытайлар өз ұлтын осылай атайды) тіл үйреніп, осындағы бекзадалармен бірдей білім алдың. Мемлекеттің тілін, заңын білетін сен сияқты көзі ашық азаматтар біз үшін қашан да қадірлі. Күні ертең осындағы қазаққа бас болатын-сендер емессіңдер ме? /3/ Орағытқан ұзын-сонар диалогтан кейін Ши-амбы Демежанды шекара бөлісіне қатысатын комиссияның құрамына кіргізіп отырғандығын айтады.

Шекара бөлісі тұсында елді тыныш ұстап, бей-берекет шашыратып алмауды Керімбай зәңгіге қатты тапсырған Ши-амбы, шекара бөлісі аяқталған соң, қыр еліне бірінші рет жанадан сайлау жүретінін, зәңгілерді (зәңгі-болыс дәрежелес лауазым) біріктіріп, үкірдайлардың қол астына қарататынын, егер бытырап жүрген Төртуылдың басы бір жерге жиналатын болса, оған Керімбайдан артық үкірдайды шырақпен іздесең де, таппайтынын айтады. Шындығында Керімбай тарихта болған адам 1880 жылдан бастап, Төртуыл руының біраз жыл үкірдайы болады.

1860 жылдары екі империяның өкілдері өздерінің шекараларын қалай белгілеу мәселесі бойынша келіссөз жүргізді. Олар қазақ жеріндегі мемлекеттік шекара шебін белгілеу тұспалдарына көп таласып, ұзын-сонар айтыстан кейін барып бір мәмілеге келіп, 1864 жылы Шәуешек қаласында “Қытай-Ресей батыс солтүстік шекараны белгілеу келісіміне” қол қойды. Сонымен Қытай мен Ресейдің мемлекеттік шекарасының негізгі шеп шеңбері (линиясы) белгіленді. Осы келісім-шарттың 5-тарауында: “...Жер қайсы мемлекетке бөлінсе, онда отырған адамдар сол жерімен бірге сол мемлекеттің басқаруында болады”, - деп келісілген. Сөйтіп қазақтың жерінің Қытайға тиген бөлігінде отырған қазақтар жерімен бірге Қытайға, Ресейге тән болған өңірдегі қазақтар жерімен бірге Ресейдің басқаруына қарады /4/.

Десе де, бұл келісім сол қалпында жүзеге аса қалған жоқ. 1864 жылғы батыс өлкелердегі ұйғыр-дүнген көтерілісі келіссөздердің жүргізілуіне кесірін тигізді. Көтеріліс нәтижесінде пайда болған Дүнген, Ұйғыр, Қашғар феодалдық құрылымдары өзара қырқыстарға ұшырап, сайып келгенде олар Қытай әскерлерінің соққысынан құлады. Қытаймен жанжалға барғысы келмеген Ресей 1879 жылы Құлжа өлкесінен кетіп, 1881 жылы Санкт-Петербург шарты жасалды, ол бойынша Іле өлкесінің батыс бөлігі, яғни ежелгі қазақ жерлері Ресей жағында қалды. Бірақ Қытайдың да үлесіне аз тиген жоқ: өйткені өлкенің Қытай жағында қалған шығыс бөлігінде Найман руының 5000-дай қожалығы, яғни 20000-дай адамы бар 12 болысы (сыбан, байжігіт, қызай) көшіп жүретін еді. Сөйтіп бір халықты екі империя екі бөлікке бөліп алды /5/. Осы деректер романда терең ашылып, өзінің көркемдік шемімін тапқан.

1864 жылғы Шығыс Түркістанда болған көтеріліс туралы, осы өлкенің тарихын зерттеуге 20 жылын арнаған тарихшы Құрбанғали Халид (1843-1913) 1910 жылы шағатай тілінде Қазан қаласында басылып шыққан «Таварих хамсе-и шарки» атты еңбегінде бұл шабуылдан негізінен төртуыл елі көбірек зиян шеккендігін атап көрсеткен/6/. Бұл мәлімет тарих ғылымының докторы, профессор Н.Мұқаметханұлының «Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы» (1860-1920) атты монографиясында да жан-жақты талданған. Бұл арқылы жазушы келтіріп отырған деректердің шынайы өмір шындығынан алынғандығы айдан-анық көрінеді /7/.

«Іленің халқы жергілікті мұсылмандар, қашқарлықтар мен тараншылар, манчжурлық әкімдер мен қытайлар қалаларда тұрады. Сибо мен солондар әскери халық... Сибо мен солондар Манчжуриядан қоныс аударып келген тайпалар. Солондар шекаралық Саха-лян-ола округінен шыққан даурлармен (монғол тектес халық) тектес затында манчжурлар мен даурлардан өрген халық. Сибо-

манчжурлар мен солондардан шыққан аралық тайпа. Олар бұл жерге осы өлкені жаулап алған кездерде ауысқан. Тараншылар-манчжур тілінде диқан деген сөз. Қашқардан қоныс аударылып келген шаруалар» – деп, Ш.Уәлиханов айтып отырған «сибо мен солондары» романдағы ең сұмпайы образ Мәтен амбы мен халдайлардың шыққан тегі /8/. Бұл мәлімет романда Демежанның ұстазы, Қытайдағы тарих ғылымының атасы Сыма-сяннан бастап, кейінгі оқымысты ғалымдардың еңбегін түгел тауысып, көп оқыған оқымысты, гимназияның директоры Ли-шансынның жазбаларын Ши-амбыға оқыту арқылы баяндалады. Жалпы қазақтың өткен тарихына шолу роман композициясына Ли-шансынның қолжазбасы түрінде кіріккен. Ли-шансын образы ойдан алынса да, өз ісіне берілген, осы арқылы шәкіртін де баурай білген нағыз педагог-ғалым ретінде шынайы бейнеленген.

Цин империясы Жоңғарияны басып алғаннан кейін иен қалған өлкеге бірен-саран маньчжур командирлері мен шахар, сібе-солон әскерлерінен сұрыпталып алынған қаталдығымен, ештеңеден тайынбайтын жанкештілігімен көзге түскендерін қалдырып, әскербасыларына халдай (хорылдай-шекара күзетінің жауапты адамы) деп атақ беріп, бұларды өзен бойындағы ең шұрайлы жерлерге қоныстандырады. Енді бұрынғы ойраттар мекеніне қамал-бекіністер салып, жаңадан әкімшілік аймақтар құрды. Хан ордасы саналатын бұрынғы Щорс тайпасының иелігіне Іле аймағы құрылып, оның орталығы Құлжа қаласына осы өлкенің бас қожасы –Жаңжұнның өзі жайғасты. Еренқабырға бөктеріндегі көшпелі хошуттар мекені енді Үрімжі аймағы деп аталатын болды. Ал торғауыттар мен дүрбіттер қоныстанған жақта Алтай, Тарбағатай аймақтары қалыптасты. Ең ақырында ежелден Шығыс Түркістан аталатын Жоңғария мен Қашқарияның бұрынғы есімі өшіріліп, бұл өлкеге ресми түрде 1884 жылы «Шынжаң» (қытайша -жаңа өлке) деп жаңадан ат қойды. Цин өкіметі 1760 жылдар шамасында егін салдыру үшін Жаркент, Құмыл, Хотан аймақтарынан Іле бойына 7000-ға жуық ұйғыр шаруаларын көшіріп әкелді. Кейін «тараншылар» (егіншілер) деп аталып кеткен ұйғыр шаруалары Жоңғар даласына осылай келіп қоныстанған еді. Осылайша азық-түлік, нан мәселесі шешілген соң, енді әскерді әйелсіз, некесіз ұстаудың қиыншылығы туғандықтан, Цин өкіметі ішкі өлкеден зорлағандай етіп, 10 мыңға жуық бойдақ қыздар мен жесір әйелдерді алып келді. Әйелдердің әдемісіне, жастауына ұмтылып, әскер арасында қатты жанжал шыққандықтан, Іленің Жанжұңы адам баласының ойына келмейтін аса бір тапқырлық көрсетті. Ұзындығы кісі бойы келетін көп кенеп қаптар әзірлетіп, әйелдерді сол қапқа салып, аузын буып қойды да, сапқа тізілген әскер өз бағын сынап, рет-ретімен лотерея билетін суырғандай өздеріне бұйырған болашақ жарларын осылайша таңдап алады. Бұл күнде Тарбағатай, Іле аймақтарында ақ сүйек атанып, алшаң басып жүрген маньчжур, дахұр, сібе-солаң әулетінің көпшілігі сол «қаптағы әйелдерден» таралған ұрпақ болатын. Халдайлардың бастығы Шихалдай, Бахалдай, Дохалдай, Кехалдайлардың арғы әжелері осы қаптағы әйелдер екендігін біліп, оларды мұқатудың реті келгеніне Ши-амбы оқып отырған қолжазбасынан басын көтеріп, рахаттанып күліп алды. Ал Ши-амбының өзі таза қанды маньчжур тұқымынан. Мұның аталары 1616 жылы «Шығыс Алтан ордасы» деген қуатты мемлекет құрып, шығыстағы аса күшті мемлекеттің біріне айналды.Бүкіл Монғолияны басып алып, әбден күшейген маньчжурлар 1636 жылы бұрынғы атын өзгертіп, өздерін Цин (қытайша қасиетті деген мағынада) мемлекеті деп жариялады. Қытайдың әбден әлсіреуін күтіп отырған маньчжурлар 1644 жылы Пекинді басып алады.Сөйтіп сол кездегі есеп бойынша 300 миллион қытайды 300 мыңға жетер-жетпес маньчжурлар бағындырып алады. Содан бастап, 270 жылдай өздерінен мыңдаған есе көп халықты емін-еркін билеп-төстейді. Қан бұзылмас үшін маньчжур мен қытай некелесуге тиым салып, қалың

қытайды өздері сияқты түгелімен айдар қоюға мәжбүр етеді. Көктің ұлы асыл текті императордан бастап, барлық ұлықтар мен бастықтар тек маньчжур тегінен болуы керек. Десе де, салт-сана, тіл, дін жөнінен бұлар баяғыда-ақ қытайласып кеткен. Бұдан 2500 жыл бұрын өмір сүрген Конфуцийге жан теңгермей, соның ілімін қабылдап, оған Куңзі (данышпан, кемеңгер деген мағынада) деген атақ береді.

Цин империясы Жоңғарияны басып алғаннан кейін қазақтардан бұл өлкеге ең алдымен басып кіргендер Аягөз, Ақшатау маңынан ауған Қызайлар мен Тарбағатайдың күнгейі Қатынсу бойынан асып түскен Төртуылдар еді. Бұларды Цин өкіметі үш бөлікке бөліп, Емілдің жоғары саласын «Бас Құлыстай» деп атап оны Жоңғардан қалған жұрнақ –қалмақтарға береді, олар өздерін қашан Жұмықтар келіп ығыстырғанша осында тұрды. Дәрбілжіннен бері Қамыстыға дейінгі аймақ «Орта Құлыстай» Төртуылдың иелігіне тиді. Ал Алакөлге дейінгі иен алқап Қызай мен Мәмбеттің үлесіне тиді. Қызайлар жүз жылға жуық осы өлкені мекендеп тұрды да, Керейлер көшіп келген соң, жер тапшылығынан Іле аймағына қарай қоныс аударуға тура келді. Қазақ руларының ішіндегі ең көп көшкен Абақ керейлердің бір бөлігі Монғолияның Қобда аймағына қарай асты да, бір бөлігі Баркөл, Еренқабырғаға қарай ішкеріледі. Бұл екеуіне де ілеспеген үшінші бір тобы Тарбағатайдағы Майлы-Жайыр тауларына келін қоныстанды. Сонымен Тарбағатай мен Алтай аймағында қазақтың орта жүзіне жататын екі үлкен ру бірлестігі қалыптасады. Оның бірі – наймандар да, екіншісі – керейлер. Бұлардан басқа алты арыстан керейлермен қанаттасып жүретін аз ауыл уақ бар. Мұндағы найманның өзі үлкен үш тайпаға бөлінеді. Төртуыл және Байжігітке жататын Жұмық пен Мәмбет. Бұлардың әрқайсысы өз ішінен тағы тармақталып кетеді. Сөйтіп Жұмық сегіз зәңгі, Төртуыл жеті зәңгі Мәмбет алты зәңгі ел екен. Бұларға күн сайын қосылып жатқан төрт зәңгі керей мен бір зәңгі уақты қоссақ, Тарбағатайдағы қазақтың өзі әжептәуір елге айналады. Осы қолжазбаны оқу арқылы Ши-амбы бұл аймақтағы қазақтарды төрт үкірдайға топтастыруды ойластырады. Ақ патшаға қарайтын қазақтардың басқару жүйесінде де ру-тайпа бірлестігі қатты сақталатынын сол кездегі орыс консулы Н.Н.Балкашиннен сұрап біліп алады.

Осы орайда Балкашин туралы бірер сөз айта кеткен жөн сияқты. Консул Николай Никонорович Балкашин 1858 жылы Мәскеуде Кадет корпусын бітіріп, оншақты жыл сондағы губернатор кеңсесінде істейді. 1881 жылы Құлжаны қайтарып беретін «Петербург шартынан» кейін Шәуешекте жаңадан Ресей консулдығы ашылғанда Балкашинге патша ағзамға шын берілген адал қызметкер ретінде қарап, оған зор сенім артып, бас консул етіп тағайындады. Ол 1882 жылдың 12 сентябрінде Шәуешекке келіп, өз жұмысын бастап кетеді. «Батыс Сібір, Орта Азия және Қытай иеліктері арасындағы сауда жолдары» деген еңбегі орыс географиялық қоғамы тарапынан жақсы бағаланды. Көзі ашық, білікті адам болғандықтан, романда орыс консулы өзінен жас кіші болса да, Демежанмен сыйлас, пікірлес жүреді. Өзі тұрған аймақта орыс пен қытайға қарағанда мұсылман халқының саны көп екенін ескеріп, Балкашин бар жұмысты жергілікті халықтың салт-дәстүр, дағдысымен санаса отырып шешті. Сол өлкедегі Ши-амбыға қателігін бетіне басып, айтқанын істетіп, айдағанына жүргізетін Балкашиннен басқа адам болған жоқ. Егер Балкашинмен шығыса (келісе) алмаса, Ши-амбының да аймақ әміршісі болуы екіталай еді. «Қай жерде қай халық көп болса, соларға жүгіну үлкен саясат еді, бұл жағынан хабары жоқ біреулер Балкашин мұсылман екен деп те жүрді» – дейді тарихшы Құрбанғали Халид/б/. Орыс тілін өте жетік меңгерген атақты қазақ ақыны Әріп Тәңірбергенов Семейдің Сергиополь уезінің басшысы Троицкиймен тіл табыса алмай, осы Балкашин консул боп тұрған кезде Шәуешекке келіп, тілмаш болып қызмет істейді. Балкашин кеткенде ол да өз еліне қайтып

кетеді. Ә.Тәңірбергенов мұрасын егжей-тегжейлі зерттеген филология ғылымдарының кандидаты Б.А.Ердембеков: «Араб-парсы, қытай, орыс тілдерін жетік білген Әріп патша шенеуніктерімен таласа-тартыса жүріп, қазақ халқының, дәлірек айтқанда Қытайдағы қазақтардың тағдырына, оқу-ағарту ісіне де араласып, олардың білім алуына айтарлықтай жағдайлар да туғызған. Әріп орыс пен қытайдың қазақ даласын мейілінше еншілеп қалуға тырысқан ең бір қиын да, қасіретті жылдарында қызметте болды. Қ.Жұмаділовтің «Тағдыр» романында да бұл жай шындыққа жанасымды суреттелген» деп жазады/9/.

Қаламгер өнер адамдарының басқаға ұқсамайтын даралығын суреткерге тән шеберлікпен, эстетикалық талғаммен бере біледі және де тек өзіне ғана тән тіл өрнегімен өмір шындығын шынайы бейнелейді. Шығыс Түркістандағы Ақыт қажы Үлімжіұлы (1868-1940), Әсет Найманбайұлы (1867-1923), Әріп Тәңірбергенұлы (1856-1924), Көдек Маралбайұлы (1888-1937), Жүсіпқожа Шайхсламұлы (1854-1937), Таңжарық Жолдыұлы (1903-1947), Шарғын Әлғазыұлы (1903-1988) сияқты ақындар өз жерлеріндегі отаршылдық саясатқа ашық қарсы шығып, елдің саяси санасының оянуына жалынды жырлары арқылы зор ықпал етті. Осылардың ішінде Ж.Шайхсламұлы, Ә.Найманбайұлы, Ә.Тәңірбергенұлы, К.Маралбайұлы қатарлы ақындар ғұмырларының біраз бөлігін осы атамекенде, яғни Қазақстан жерінде өткізгені белгілі. Десе де, аталған ақындардың шығармашылық жолы қытай қазақтары әдебиеті тарихымен тікелей байланысты. Жазушы Ә.Тәңірбергенұлын орыс консулінің тілмашы ретінде нақтылы тарихи деректерге жүгіне отырып, оқиғаға араластырса, жоғарыда аталған бір мезгілде өмір сүрген жас шамалары да қаралас ақындар ішінен автор Ә.Найманбайұлын ғана таңдап, оның өлеңдерін бірде өзіне, бірде кейіпкерлеріне жырлатып, тіпті эпилогтағы түйінді ойды да Әсет аузымен айттырады. Нақтылы деректерге сүйене отырып, Әсет Найманбаев өмірінің соңғы қайғылы кезеңіне арналған «Тұл дүние» (2003) атты хикаят жазуы да жазушының ақын шығармашылығына деген ерекше ілтипатын білдіреді.

Өкінішке орай, 1887 жылы Петербургке қайтып бара жатып, Шиху мен Манас арасындағы жолда дарынды орыс дипломаты Н.Н Балкашин қырықтан асқан шағында кенеттен қайтыс болады. Егер 1907-1908 жылдары Балкашин консул болып тұрғанда Демежан сияқты елге ықпалды адамның жазықсыз дарға асылып кетуіне жол бермес еді. Себебі Цин өкіметі ол кезде Ресейдің сенім артқан адамымен санаспайтын халде емес, құлаудың аз-ақ алдында құлдыраған кезеңінде тұрған болатын... Романдағы Демежан дарға асылар алдында орыс консулы Соковтың келгенін көріп, үміт оты жылт еткендей болуы тегін емес. Бірақ Соков Балкашин емес те, Мәтен-амбы Ши-амбы емес қой.

Сөйтіп Ши-амбы қазақтар тұратын аймақты төрт бөлікке бөліп, тұңғыш үкірдайларды сайлайды. Соның бірі Демежанның әкесі Керімбай зәңгі еді.

Үкірдайлар мен зәңгілерді сайлау кезінде Құлбай деген бір бай зәңгі болуды армандап, Ши-амбыға ішінде үлкен көк айғыры бар отыздай жылқыны бір-ақ айдап әкеп өткізген-ді. Ши-амбы тізімнен шатасты ма әлде басқалардың бергені асып түсті ме, Құлбай ешбір мансапқа ілінбей атаусыз қалған-ды.

- Тақсыр... тақсыр! Мен көк айғырдың иесі Құлбаймын ғой. Сонымен маған тигені не болды? Елге кім болдым деп барайын?- деді ұлықтың аузынан шыққан сөзді қағып алғысы келгендей құлағын тосып.

Ши-амбы оны ұмытып қалған секілді. Қасындағы сібе тілмашы Дабынтай оның сөзін қытайшаға аударғанда ғана, «апыр-ай, осы қазақтар-ай» дегендей қабағын кіржитті де:

- Та бұ шың!— деп орнынан қозғала берді.
- Не айтты? Не айтты мына кісі?— деп, Құлбай ентелей түскен. Тілмаш ыңғайсызданып, иығын көтерді де:
- Өзіңіз де естідіңіз ғой, «Та бұ шың» деп тұрған жоқ па?—деген-ді.

Осыны естуі мұң екен, Құлбай тілмаштың сөзін түгел айтқызбай, Ши-амбының соңынан тұра жүгірді. Сірә, жаңағы «Та бұ шың» деген сөзді көп мансаптың бірі деп ұқса керек.

– Рахмет, тақсыр! Маған сол «Табышың» да жетеді. Бұл жақсылығыңды өмірі ұмытпаспын-ау. Енді Жұмықтың жуандары менімен санаспай көрсін! –деп, Ши-амбының тартынғанына қарамай, қолын алып сілкілей берді./10/

Сөйтіп, Құлекең ауылына барғанда, арнайы мал атап сойып кіші-гірім той жасайды. Келе-келе бұл оқиға ел аузында күлкіге айналып, әлгі кісі өле-өлгенше Құлбай табышың атанып кетеді. Та бұ шың – қытайша «ол болмайды» деген сөз екен. Романда тоңмойын, надан адамның бет-бейнесі осындай күлкілі штрихтармен нанымды түрде беріліп отырады.

Аймақ әміршісі Ши-амбының орынбасары, Тарбағатайдағы халдайлар кеңесінің бастығы Ши-халдай Демежанды қазақтардан шыққан кең тынысты, қайраткерлігін, қабілеттілігін біле тұра, қайда салса да бұзып-жарып шығатын біліктілігінен, әділеттілігінен сескеніп, орайы келсе, көзін құртып жіберуді ойластырады. Керімбай үкірдай ауырған күннен бастап, төртуыл атқамінерлерінің біразы үкірдайлықтан үміткер еді. Ши-халдай мен оның артында тұрған айдары тоқпақтай халдайлардың тұтас тобы Демежанды құлату үшін қазақтармен тіл табысады. Ши-халдай төртуыл жуандарының арасына жік салып, әрқайсына жеке-жеке уәде беріп, үкірдайлықтан үміттендіріп, Ысқақтың қолтығына дым бүркіп, Демежанға қарсы қайрап салады. 67 жасында Керімбай қайтыс болғаннан кейін, қазақ салтына жүйрік Ши-амбы қыр еліне төртуылдың бар билігі әзірше Демежанның қолында болатынын айтып, өз қолымен жазылған грамота-хатты Ши-халдайдың қолына ұстатып, Керімбайдың бата оқырына деп өз атынан атан түйе,тайтұяқ жамбы бастатқан бір тоғыз ақтық жібереткізеді. Құлық-сұмдық, пәле-жаланы жеті қырдың астындағыны болжайтын көреген құмалақшыдай білетін Ши-амбы төртуыл зәңгілерінің меселін қайтару үшін мұны әдейі істейді. Расында да, желдің қай бағыттан соғатынын аңдап қалған ру басылары әзірше сыр алдырмай, Керімбайдың қырқынан кейін көкек айының ортасында Шәуешектегі төртуыл елінің сайлауында Демежанға амалсыз дауыс береді. Бірақ аймақ әміршісі Ши-амбы олардың жәшікке салған шарларын санамай-ақ, дүйім елдің көзінше Маншың өкіметінің Уаң (ақсүйек, князь мағынасында) дәрежелес шенін білдіретін, көк тасты тәжіні Демежанның басына өз қолымен әкеп кигізеді. Бірақ өз билеушілерінің таза өз руларынан болмай, керей тайпасынан жаралуы төртуыл ұлықтарына іштей бір енжарлық туғызып, көңілдері олқы күйінде аттанады.

Сөйтіп, Демежан Тарбағатай аймағын мекендейтін төртуыл елінің үкірдайы болады. Ши-амбыға тілмаш болып жүрген кезінде, 1880 жылдары екі елдің шекара бөлісі тұсында комиссияның құрамында болып шекара сызығы жүретін межені нақты айқындауда, қырғын болып кететін талай қиын-қыстау сәттерден екі жақты да аман сақтап қалады. Шекара бөлісі тұсында неден болса да тайынбауға дайын тұрған қарулы қазақтарға істің мән-жайын түсіндіріп, екі жақты да қантөгістен сақтап қалса, шекара бойына тақау отырған қазақтардың екі елдің қайсысына қараймын десе де ерікті болуы және қараған жағынан өріс-қоныс берілу мәселесінің шешілуіне де ықпал жасайды. 70-тен асқан шағында Ши-амбы қызметінен кетеді, оның орнына келген Мәтен амбының саясатына Демежан бірден қарсы шығып, жайылым жерді жөнсіз егіншілікке айналдыру, сондай-ақ егіншілік жерлер мен суды халдайлардың жеке иелігіне беруге қарсы батыл қарсылық білдіреді. Мәтен амбының паракорлығын әшкерелейді. Демежан тағдырына байланысты романдағы осы оқиғалар тарихи деректермен нақтылы үндесіп жатыр.

Мәтен амбы мен Ши-халдай өздерінің қылмыстарын қалайда жасырып қалу үшін қолдан келген қастығын аямай Демежанның көзін құртудың амал-айласын ойластырады. Ең алдымен Қызылбаланың Ысқағымен тіл біріктіріп, оны қаруландырып, Демежанға жабылатын жаланың бастаушысы, себепкері ретінде пайдаланады. Мәтен-амбы Іленің тұрғылықты адамы, ұлты-сібе, халдайлар әулетінен. Шихалдай мен Ысқақ бастатқан топ Демежанды әлдеқашан оған жамандап, қойны-қонышын парамен тығындап тастаған. Халдайлардың сөзін сөйлеп, жырттысын жыртатын Мәтен-амбы.

Демежанды көрмей-ақ оған зығырданы қайнап, тісін баса келеді. Бірақ ішкі сырын білдіртпей, бір жылдай істің аңысын аңдап, жоспарды тереңнен құрады. Берекесі айрандай ұйыған қазақтың біреуін екіншісіне айдап салып, өзін-өзімен құрту деген отаршылардың әккі саясаты дәл осы тұста айдан айқын көрінеді. Мәтен-амбы жамбылды (қорғанды) қорғайтын полицейлерге Ысқақты бас қылып, аяқ-астынан Демежан үкірдайды ұстап әкелуге тапсырма бергізеді. Қаладан кешке қарай шығып, Демежан зәйімкесіне түн ортасы ауа жеткен бес-алты полицейді мылтық атып, қарсыласуға да мұршасын келтірмей, қараңғы түн құшағынан кенет шыға келген әлдебір адамдар барлығын өлімші етіп ұрып: – Сендер Демежанды ұстауға келдіңдер ғой,ә? Демежан деген – мына мен... Ал мықты болсаңдар, ұстап көріңдерші, кәне!– дейді/11/. Айқайлауға да, атуға да шамасы келмеген өңкей балаң жігіттерді байлап-матап, өлген бір шеріктің денесін алып қалады да, қалғандарын арбаға тиеп, ішіндегі сәл есі барлау біреуіне тізгінді ұстатып, қалаға апаратын қара жолға салып жібереді. Бұлармен қоса келген Ысқақ пен ауылдан қосылған Байсеркелер Демежанның қорасындағы талдың түбіне өлген полицейдің денесін көміп кетеді. Әдейі ұйымдастырылған бұл қастандықты осы сәт аймақтың әміршісі Мәтен-амбы мен оның айналасындағы бірен-саран адамдар ғана біліп отыр еді. Қаскүнемдердің мұндағы есебі Демежан өзін ұстауға барған полицейлерге қарсы шауып, ақыры, «үкімет адамын өлтірді» деген жаланы жабу болатын. Сценарий бойынша ертеңінде қырық-елу әскер мен тергеушілер тобын келтіртіп, өздері көмген дайын өлікті «тауып алған» болып Демежанды дереу тұтқындайды. Осы бетте Демежан абақтыда сұрақсыз, дәнненесіз бір жылға жуық жатады.

Демежанды ақтаған халық атынан жазылған арызды тексеруге шыққан өкіл князь Дуаньді Мәтен амбы бастаған халдайлар және сол халдайлардың ықпалынан шыға алмайтын, Мамырбек төре, оның баласы Тұрысбек үкірдай, төртуылдың жаңа үкірдайы Көксеген, жұмықтың үкірдайы Таңғыт, қаныпезер Ысқақ бастаған қазақтар Шепейзі деген жерден қарсы алады. Қарсы алушы топтың негізгі кісілері төртуылдың зәңгі-елубасы, ақсақал, билері еді. Мәтен-амбы бұл жолы оларды бас-басына кісі шаптырып, әдейі қосып алған. Жыл басында осылардың талайы Демежанның үстінен жазылған шағымға қызды-қыздымен мөр басып қалды да, енді сол үшін жауапты болып, мына сапарға еріксіз ілескен жайлары бар. Ал Ысқақ пен Байсеркеге ерген жігіттердің кейбіреуі істің мәнісін кейінірек түсініп, нақтылы болған оқиғаны өздері жұртқа жайып жіберген. Уақыт өткен сайын бұл істің өз басына пәле болып жабысатынын сезіне бастаған Мәтен-амбы күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айрылып, бар қабілетін Демежанды құртуға жұмсайды. Сондықтан да тексерушіні қалайда Шәуешекке келтірмеуді алдын-ала ойластырады. Жазушының суреттеуінде бұл өңір ұрттам суы жоқ сексеуіл жыңғыл ғана өсетін, жергілікті халық «Тозақ-жетеу, Шепейзімен сегіз» дейтін алыс жол, Оның үстіне жан шыдатпайтын масасы бар. Жол азабынан әбден қажыған князь Дуаньді бәрі ортаға алып, Демежанды қаралайтын қағазға қол қойдырып алады да өзін Жайыр тауының жайлауына әкеліп жақсылап күтіп сый-сияпат жасап жібереді. Сонымен бірге өкілге Шәуешекке баратын ендігі жол өкілдің басып келген жолынан да ауыр екенін

айтып, үрей тудырады. Сөйтіп алдауға түскен өкіл Демежан басына төнген ауыр қылмысты ашудың орнына халдайлармен ауыз жаласып, істі жауып кетеді. Демеганның ісі ақ болғанмен, осындай қолдан жабылған жаланың, бюрократтық машинаның құрбаны болып, 1908 жылы дарға асылады.

Қытай отаршыларының сан алуан зобалаңын бастарынан өткере жүріп, онымен күресе жүріп, халықтық рухани құндылықтарды, ұлттық болмысты сақтап қалған қандастарымыздың тарихи тағдыры туралы Қазақстандықтар тұңғыш рет Қ.Жұмаділовтің «Соңғы көш» (1974,1981), «Тағдыр»(1988) романдары арқылы танып білді. Бұл романдар жанрлық сипаты жағынан тарихи көркем туындылар болғанымен, алғашқы романда 20-ғасырдың ортасына дейін Қытайда ғана сақталған көшпенділер тұрмысы, олардың ұлт-азаттық жолындағы күресі, Шығыс Түркістан мемлекетінің күйреуі, сол өлкеде Қызыл империяның орнау кезеңі (1950-1960), ұрпақ қамын ойлаған қандастарымыздың бір бөлегінің ата жұртқа қалай келіп қоныстанғаны туралы сөз болса, екіншісінде патшалық Ресей мен көршілес Цин империясының 19-ғасырдың 80-жылдарында Шығыс Түркістан мен Орта Азиядағы иеліктерін айқындап, шекара сызығын тартқанда, осы өлкені жайлаған қазақ қонысын да қақ жарып өткендігі тарихи деректер негізінде сипатталады. Аталмыш екі шығармадағы Ысмайыл, Күдері, Қанағат би, Қайынбай, Жағфар (Жағда Бабалықов), Естай, Нартай, Оспан, Тұрсын, Шәкен, Керімбай, Нұрбек, Демежан, Балкашин (орыс консулы), Жасыбай (Башпай) т.б. сияқты кейіпкерлер тарихта нақты болған адамдар.

1980 жылдан қазіргі уақытқа дейін Қытай Халық Республикасында 80-ге жуық қазақ романы жарияланыпты. «Соңғы көш» пен «Тағдырдың» Шынжандағы қазақ жазушыларына тигізген әсері айтарлықтай. Оны жазушының өз сөзінен де байқауға болады: «Олардың кейін шыққан кітаптарынан, әсіресе, «Тағдырдың» таңбасын айқын ажыратуға болады. Қытай қоғамын жіліктеп талдауға, тарихи тұлғаны бейнелеуге келгенде, көп қиналмай, дайын үлгіні ала салғандар да жоқ емес. Көркем шығармалар өз алдына, енді біреулері өздерінің ғылыми еңбектерінде де «Тағдырдағы» деректерді талғамай көшіре берген. Мәселен, Ғизат Әубәкірұлы деген азамат 1996 жылы Үрімжіден «Абақ Керей шежіресі» деген кітап шығарған екен. Соның «Меркіт» бөлімінде Демежан жайында тарау бар. Автор «Тағдырдағы» жазушы қиялынан туған кейіпкерлерді де тарихи тұлға ретінде қабылдап: «Демеганның Лишансың деген ұстазы, Диханбай деген егіншісі болған» деп, сыдырта береді. Тым құрыса, бұл деректерді қайдан алғаны жөнінде сілеме де жасамайды», – дейді /12/.

Сонымен Қ.Жұмаділовтің романдары тұтас бір кезеңнің тарихи шындығын, ұлттық көркемдік дүниетанымын ашып берген құнды шығармалар екендігін уақыттың өзі дәлелдеп отыр. В.Г.Белинскийдің: «Ізгі ниетті адамның қай-қайсысы да туған жермен өзінің қандас туыстығын, өзінің жан-тәнімен байланысты екенін терең сезінеді» –деген сөзі жазушыға арнайы айтылғандай /13/.

Қ.Жұмаділов романдарының жалпы жүйесіне шолу жасағанда, алдымен оның тақырып таңдаудағы үлкен ізденісі, өзіндік көзқарасы, таным-түсінігі бірден байқалады. Себебі жазушы шығармаға өзек болатын оқиғаны әбден зерделеп, өз көкірегінде пісіріп, жетілдірмейінше қолына қалам алуды ар санайтын сыңайлы. Екінші жазушы романдарына тән сипат сюжеттік-композициялық компоненттердің үйлесімділігі деуге болады. Романдардағы сюжеттік желілер әр кейіпкердің тағдырын кескіндеп, характерін ашып тұрады және де көп жағдайда оқиғаның болған орны нақтылы көрсетіледі. Образды сомдап, олардың алуан түрлі характерін айқындаудағы жазушының негізгі мұраты – дәуір шындығын екшеп көрсете білу. Оның қай шығармасын оқысаңыз да өз қолтаңбасына тән сыр-сипат өзгеше. Ондағы Қ.Жұмаділовке ғана тән

суреткерлік қуат, терең психологизм, стильдік-тілдік даралық, ұлттық нақыш әдебиетіміздің эстетикалық-көркемдік деңгейін биік белеске көтерді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. Алматы: «Жазушы», 1985. -397-б.
2. Жұмаділов Қ. Тағдыр. Он екі томдық шығармалар жинағы. Алматы: «Қазығұрт», 2005, 7-том, -3-б.
3. Жұмаділов Қ. Сонда, -24-б.
4. Мұқаметханұлы Н. Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860-1920) - Алматы, Қазақпарат. 2000ж, -15-бет.
5. Арғынбаев Х. Мұқанов М., Востров В. Қазақ шешіресі хақында. - Алматы, «Атамұра», 2000. -279 б.
6. Құрбанғали Халид. Тауарих хамса. (Бес тарих) Алматы: «Қазақстан», 1992. -139-б. \ \ Сонда, -148б.
7. Ә.Тәңірбергенұлы. Шығармалары. Құрастырып, алғы сөзін жазған Ердембеков Б.А. Алматы: «Информ-Арна», 2006. - 14, -64-бб.)
8. Мұқаметханұлы Н. Сонда.
9. Уәлиханов Ш. Сонда. -394-395 бб.
10. Жұмаділов Қ. Сонда, -167-б.
11. Жұмаділов Қ. Сонда, - 547-б.
12. Жұмаділов Қ. Таңғажайып дүние. Алматы: Тамыр, 1999. -548-б.
13. Даналардан шыққан сөз. Нақылдар жинағы. (Жинап, құрастырып, орыс тілінен аударған Асыллов Ұ). Алматы: «Мектеп», 1987. -20б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қ.Жұмаділовтің «Тағдыр» романына арқау болған тарихи-элеуметтік мәселе қарастырылып, романның көркемдік сипаты мен құрылымдық ерекшеліктері талданады.

РЕЗЮМЕ

Исследование посвящено рассмотрению социально-исторических событий, легших в основу романа К.Жумадилова «Судьба», художественных и композиционных особенностей романа.

КОРАНИЧЕСКАЯ КЛЯТВА В ТВОРЧЕСТВЕ РУССКИХ ПИСАТЕЛЕЙ ПЕРВОЙ ТРЕТИ XIX века

Каменева М.Б. - заведующая УМК русского языка и литературы КРСУ (Кыргызстан, г. Бишкек)

В произведениях русских художников слова первой трети XIX в. представлены различные культурные центры Востока: библейский Восток, Китай, Индия. Откликаясь на исторические события прошлого и современности, русские писатели создают художественную картину мусульманского Востока, осмысляя этические представления, характерные для данной культуры, неотъемлемой частью которой является религия - ислам. Интерес к художественным ценностям Востока, уникальному поэтическому памятнику ислама – Корану, отражение его

мотивов и образов в произведениях русских поэтов первой трети XIX в. показывает «стремление поэзии охватить собой весь мир, поэтически восприняв и переработав его» /1, 109/.

Вполне естественно, что русских поэтов и прозаиков интересовали основные религиозно-философские идеи Корана: проповедь Бога как первопричины жизни и первотворца мироздания; описание ада и рая; религиозно-правовые предписания; определяющие образ жизни и поведения мусульман; правила обрядности.

«Многие нравственные истины изложены в Коране сильным и поэтическим образом», - писал А.С.Пушкин в примечаниях к «Подражаниям Корану» /9/. Пушкинское «сияющий», «сладостный» Коран – не просто эпитеты, а продолжение традиции священной книги мусульман. Главное чудо ислама - Коран - называется «книгой ясной» /5/, «Коран славный в скрижали хранимой!» (85:21, 22), «Коран дивный» (72:1). Кораническое: «Книга, стихи которой разъяснены в виде арабского Корана...» (41: 2), - находим в стихотворении «А.Н.Карелиной» А.А. Дельвига:

От вас бы нам, с краев Востока,
Ждать должно песен и цветов:
В соседстве вашем дух пророка
Волшебной свежестью стихов
Живит поклонников Корана /3, 168/.

Этот же мотив отмечается в стихотворении М.Ю. Лермонтова «Дары Терека»:

Он в кольчуге драгоценной,
В налокотниках стальных:
Из Корана стих священный
Писан золотом на них /6/.

В творчестве русских писателей нашла свое отражение кораническая клятва. Больше всего клятв содержится в сурах раннего мекканского периода – тридцать, позднего мекканского – только шесть, а мединского – лишь одна. Объекты клятв весьма разнообразны: «Господь небес и земли» (51: 23); «Коран славный» (50: 1); «солнце», «его сияние» и «месяц», когда он следует за солнцем (91: 1-2); «небо», «идуший ночью» (86: 1); «письменная трость» (68:1); «смоковница, маслина» (95: 1). А.С. Пушкин по этому поводу заметил: «...Алла клянется копытами кобылиц, плодами смоковниц, свободою Мекки, добродетелию и пороком, ангелами и человеком и проч. Станный сей риторический оборот встречается в Коране поминутно» (2, 318). Поэт одним из первых использует форму коранических клятв в «Подражаниях Корану»:

Клянусь четой и нечетой,
Клянусь мечом и правой битвой,
Клянуся утренней звездой,
Клянусь вечернею молитвой (2, 314).

Сопоставление пушкинских клятв с кораническими в работе К.С. Кашталева: «Клянусь четою и нечетою...»; «Клянусь небом и звездой, показывающею путь человекам...»; «Клянуся часом молитвы вечерняя...» /4/ – позволяет говорить о том, что А.С. Пушкин строит клятвы в «Подражаниях Корану» не только на основе коранических, но создает и новое сочетание: «Клянусь мечом и правой битвой». О том, что найденные А.С. Пушкиным стилистические формы клятв используют русские поэты, отмечали Н.Ф. Сумцов, Н.М. Лобикова. Н.Н. Холмухамедова /12/.

П.И. Тартаковский подчеркивал, что в 1820-1830-е годы возникает даже своеобразная традиция подражания не непосредственно Корану, а пушкинским

«Подражаниям» /13, 10/. Этот литературный прием можно увидеть в арабской кассиде О. Сенковского «Витязь буланого коня»:

Тобой клянуся, меч стальной,
Ты не кропишься кровью чистой!
Коль раз еще мы вступим в бой –
Ты кровли не узришь холмистой,
Намёта родины святой! /11, 120/ -

Стоит обратить внимание на то, что формулы клятв у А.С.Пушкина и О. Сенковского ассоциативны: «Клянусь мечом...» - «Тобой клянуся меч стальной».

В поэме «Черкесы» герой М.Ю. Лермонтова клянется Магометом:

Теперь клянуся Магометом,
Клянусь, клянуся целым светом!..
Настал неизбежный час,
Для русских смерть или мученье,
Иль мне взглянуть в последний раз
На ярко солнца восхождение /2, 9/.

Исследуя творчество М.Ю. Лермонтова Е. Логиновская пишет об «особом колорите строфы, построенной в форме клятвы» /7, 27/ в поэме «Демон»:

Клянусь полночною звездой,
Лучом заката и востока,
Властитель Персии златой
И ни единый царь земной
Не целовал такого ока...
.....
Клянусь я первым днем творенья,
Клянусь его последним днем,
Клянусь позором преступленья
И вечной правды торжеством.
.....
Клянуся небом я и адом,
Земной святыней и тобой... /2, 377, 395/.

Клятвы в монологе Демона созвучны кораническим аятам: «Клянусь предвечерним временем» (103:1), «Клянусь звездой, когда она закатывается» (53:1), «Клянусь небом ... и землей» (86: 11-12), «Клянусь небом обладателем путей (звездных)» (54:7), «Он сотворил небеса и землю истиной, дал вам образ и прекрасно устроил ваши образы и к нему возвращение» (64:3).

Необходимо подчеркнуть, что в творчестве М.Ю.Лермонтова отражено и своеобразие Корана, которое отметил И.Ю.Крачковский в суре «Солнце», т.е. «нагромождение клятв» (5, 635): «Клянусь солнцем и его сиянием, и месяцем, когда он за ним следует, и днем, когда он его обнаруживает, и ночью, когда она его покрывает, и небом, и тем, что его построило, и землей, и тем, что ее распростило, и всякой душой, и тем, что ее устроило и внушило ей распушенность ее и богобоязненность!» (91:1-8). Хочется обратить внимание на то, что Аллах в Коране клянется тем, что окружает человека в его повседневности и что не вызывает в своей обыденности высокого духовного трепета. Однако добавление к этим привычным явлениям и предметам воли Аллаха, их сотворившего, совершенно меняет восприятие данных клятв.

Клятва стоит в начале 23 из 114 сур Корана. Клятва может включаться и непосредственно в текст суры. Русские поэты сохраняют коранический прием произнесения клятвы. С нее начинается речь героя, либо цикл стихотворений, как

это можно увидеть на примере творчества А.Г. Ротчева. Его «Подражания Корану» открываются именно с клятвы.

Клянусь коня волнистой гривой
И брызгам искр его копыт,
Что голос бога справедливый
Над миром скоро прогремит!

Клянусь вечернею зарею
И утра блеском золотым:
Он семь небес своей рукою
Одно воздвигнул над другим! /10, 5/.

Первая клятва соответствует суре «Мчащиеся»: «Клянусь мчащимися, задыхаясь, и выбивающими искры» (100:1). Эти строки Корана можно отнести к верблюжему отряду Мухаммеда, но, возможна, и связь с всадниками Апокалипсиса /5:651/.

А.Г. Ротчев не цитирует Коран, но создает клятву на основе аятов: «Клянусь предвечерним временем» (103:1), «Клянусь утром и ночью, когда она густеет» (93:1-2), «Клянусь ночью, когда она покрывает, и днем, когда он засиял» (92:1), «Клянусь солнцем и его сиянием» (91:1).

Формулы клятв у поэтов иногда точно следуют кораническим, в некоторых клятвах чувствуется переработанный коранический оригинал, но зачастую поэты создают в соответствии с авторским замыслом не связанные с Кораном клятвы. Кораническая клятва нашла отражение и в лирике Востока. В творчестве арабского поэта Абу Нуваса она переосмысливается, становится свидетельством любви и верности:

Любовь моя не ведает предела:
Душа изнылась, истомилось тело.
Клянусь утехой воинской старинной –
Конем, мечом, охотой соколиной,
И нардами, и лютней, и дутаром,
Густым вином, изысканным и старым.

.....
Я все отдам, мне ничего не надо.
Хочу лишь одного – такую малость! –
Чтоб милая со мной не расставалась /8, 20/.

Надо сказать, что этот литературный прием связан именно с Кораном, так как клятва неприемлема в христианстве и решительно осуждается в Новом Завете: «А Я говорю вам: не клянись вовсе ни небом, потому что оно Престол Божий; ни землею, потому что она подножие ног Его; ни Иерусалимом, потому что он город великого Царя; ни головою твоею не клянись, потому что не можешь ни одного волоса сделать белым или черным» (от Матфея 5: 34-36) /2/. Коран же предупреждает: «Аллах не взыскивает с вас за легкомыслие в ваших клятвах, но он взыскивает с вас за то, что вы связываете клятвы»; «Охраняйте же все ваши клятвы!» /5: 91/.

Отметим использование коранической клятвы и в прозе. В восточной повести О. Сенковского «Антар» таинственная владелица Тедмора говорит: «Вот каким образом, Антар, сын Рабиев, спасли вы мне жизнь и свободу. Я вам благодарна и – клянусь аллахом и всеми его пророками! – сделаю для вас все, о чем меня не попросите» /11, 367/. А. Бестужев-Марлинский в «Письмах из Дагестана» сообщает: «Старшина клялся свято сохранить верность и покорность, положив руку на Куран...» /1, 167/. «По старинному аварскому обычаю, ловцы (тигров. – М.К.) должны были поклясться на Куране, что не выдадут друг друга

ни в битве со зверем, ни в преследовании; не покинут раненого, если судьба допустит, что зверь сломает его...» /1, 36/, – читаем в повести А. Бестужева-Марлинского «Аммалат-бек». Кораническая клятва способствовала тому, что в среде мусульман вошло в традицию произносить клятвы на Коране. Свидетельство человека с Кораном в руках является для верующих гарантией его исполнения.

Исламские мотивы и образы, сказания и притчи стали достоянием русской литературы. Это не просто восточная экзотика, а серьезное освоение духовно-философского наследия мусульманского Востока. Русские поэты и писатели, погружая своих читателей в мир мусульманского Востока, создавали атмосферу, порожденную вероучением ислама, его обрядами и традициями.

ЛИТЕРАТУРА

1. Бестужев-Марлинский А. Сочинения в 2 томах. Т. 2. – М.: Худож. лит., 1981.
2. Библия (указываются глава и стих).
3. Дельвиг А.А. Сочинения. – Л.: Худож. лит., 1986. – С. 168.
4. См.: Кашталева К.С. «Подражания Корану» Пушкина и их первоисточник. // Записки коллегии востоковедов при Азиатском музее АН СССР. – Т. 5. – Л.: Изд-во АН СССР, 1930. – 243-270.
5. Коран: сура 43 аят 1. / Пер. с араб. и коммент. акад. И.Ю. Крачковского. – М.: Изд-во восточной литературы, 1963 (указываются сура и аят).
6. Лермонтов М.Ю. Собрание сочинений: В 4 т. Т. 1. – М.: Худож. лит., 1983. – С. 417 (указываются том и страница).
7. Логиновская Е. Поэма М.Ю. Лермонтова «Демон». – М.: Худож. лит., 1977.
8. Поэты Востока. Пер. Михаила Курганцева. – М.: Наука, 1987. – С. 20.
9. Пушкин А.С. Полное собрание сочинений: В 19 т. Т. 2 – М.: Воскресенье, 1994-1997. – С. 318 (указываются том и страница).
10. Ротчев А. Подражания Корану. – М., 1828.
11. Русские альманахи: Страницы прозы. – М.: Современник, 1989.
12. См.: Сумцов Н.Ф. Пушкин. – Харьков, 1900. – С. 99; Лобикова Н.М. Пушкин и Восток: Очерки. – М.: Наука, 1974. – С. 76; Холмухамедова Н.Н. Восточные темы, образы и приемы в поэзии Лермонтова. // Известия АН Тадж. ССР. – Сер. литературы и языка. Т. 41. – 1982. - №6. – С. 538.
13. Тартаковский П.И. Русская советская поэзия 20-30-х годов и художественное наследие народов Востока. – Ташкент, 1977.
14. Эберман В. Арабы и персы в русской литературе // Восток. – 1923. – Кн. 3.

ТУЙІНДЕМЕ

Мақалада XIX ғасырдың бірінші ширегіндегі орыс жазушыларының шығармаларындағы құран сарыны мен мұсылман образы, уағыздары мен діни антының көрінісі сипатталады.

РЕЗЮМЕ

В статье речь идет о коранических клятвах, использованных в произведениях русских поэтов первой трети XIX в.

«ЕР КӨКШЕ» ЖӘНЕ «ЖЕЛКІЛДЕК» АРХАИКАЛЫҚ ЭПОСТАРЫНДАҒЫ АТ БЕЙНЕСІ

Көшекова А. – аға оқытушы (Алматы қ., Қазмемқызпу)

Көптеген типологиялық ерекшеліктеріне (мәтінінің көнелігі, қара сөздердің басым болуы, қаһармандарды сомдаудағы, баяндаулардағы архаикалық-мифологиялық сана-сезімнің, ойлау жүйесінің, психологияның көрініс табуы, логикалық қисынсыздықтар, т.б.) қарай отырып «Ер Көкше» эпосын қазақ эпостарының ең көне үлгілерінің бірі деуге болады /1, 156/. Сондықтан да осы эпостағы ат бейнесін талдау қазақ эпосындағы тұлпар образының тарихи-диахрондық бастаулары, генезисі жөнінде мол мағлұматтар береді деп ойлаймыз.

Эпос «Ер Көкше» деп аталғанмен, Ер Көкше жөнінде шығарманың бас жағында азғана сөз болады, эпостың негізгі бөлігінде Ер Қосай жөнінде жырланады. Жау қолында өлген әкесі Ер Көкше үшін кек алуға бекінген Ер Қосай батыр шешесінің қарсылығына қарамай жауға аттануға бел байлайды. Ол Жепекбай деген құлға барып: «Мен мінгендей ат бар ма?» деп сұрайды. Ақыры құлды қорқытып, Орай Қақтың басына келіп су ішетін алаша ат, құлаша ат, сарғылжа ат жөнінде біліп алады (біздің пікірімізше, бұл үш ат — бір ғана ат, себебі, заттың не қандайда бір жан иесінің белгілерін көбейту, үш еселеу ертегі мен эпоста барынша көп кездесетін әдіс). Ер Қосай үш аттың бірін таңдап мінбек болып, оларды аңдиды. «... Күн маңдайлы құлаша ат су ішіп, тамсанып еді, маңдайы бүлкілдеді, күндік өнері бар екен, ай маңдайлы алаша ат суға келді, су ішті, маңдайы бүлк-бүлк етті, айлық өнері бар екен. Сары ат су ішпей қайтып кетті». Ер Қосай ертеңіне келіп сары атты таңдап ұстап, жүгендеп, мінеді.

Ер Қосайдың не үшін сары атты таңдағанын эпос мәтіні арқылы анықтау мүмкін емес, оның басқа аттардан артықшылығы маңдайының бүлкілдемегені. Күндік өнері бар құлаша аттың, айлық өнері бар алаша аттың сары аттан несі кем екені де белгісіз. Дегенмен, өзге де түркі-моңғол халықтарының эпостық материалын тарта отырып, бұл мотивтің түп-негізін анықтап, жоғарыдағы сауалдарға жауап табуға болады. «Маадай Қара» эпосындағы Көгудей Мергеннің атын сипатаған шумақтардан:

2370 Мінетін жағында ай тәрізді таңбасы бар,

Қамшымен соғатын жағында күн тәрізді таңбасы бар,

— деген тармақтарды оқимыз /2/.

Якут халқының «Сюнг Дьасын» олонхосындағы батырдың аты: «... тоқымы — қалқып бара жатқан бұлттар, ері — аспан күмбезі секілді биік, сауырында терілігі — түйдек бұлттар, бүйіріндегі тебінгілері — қызғылт бұлттар, қанжығасы — жер асты әлемінің ішкі беті, шылбыры — күннің нұры, тізгіні — айдың жарығы, үзеңгісі — күн баспалдағының тепкіштері» деп суреттеледі /3, 79-80/. Бұл үзінділерден атпен күн және айдың арасында байланыс бар екенін байқаймыз. «Олонходағы батырдың аты — аспаннан келген. Алтай эпосында да ат осылай суреттеледі. Аттың осындай «құдайлығы» оның қандай да бір мүшелерін күнмен, аймен және т.б. басқа аспан денелерімен шендестіру арқылы нақтыланады» деп мәлімдейді И.В. Пухов /4, 36/. Ер Көкше сары атты таңдап алады, ал сары түс немесе алтын тәрізді бояу әрдайымда басқа патшалықтың (нақты айтқанда о дүниенің) белгісі: «Бұл барынша типтік, әбден орныққан белгі, яғни: «алты қырдың ар жағындағы патшалықпен байланысты нәрселердің бәрі алтын түсті болуы мүмкін» деген тұжырымды керісінше: «барлық алтын түске боялған нәрсенің бәрі өзінің басқа патшалықтан екенін білдіріп тұр» деп айсақ та дұрыс болуы мүмкін. Алтын бояу басқа патшалықтың мөрі» /5, 285/. Осы

айтылғандарды саралай келгенде Ер Көкшенің таңдап, мінген атының жай ғана тұлпар емес, аспаннан немесе өзге әлемнен келген, магиялық құдіретке ие жан иесі екенін, күннің, айдың, сары түстің көрсетілуі бұл аттардың басқа әлемнен келгенін бейнелеп тұрғанын байқаймыз.

Осы сәттен бастап сары ат Ер Қосайдың өмірінде, жорық-сапарларында үлкен рөл ойнайды. Сары ат аттың эпоста атқаратын бес функциясының төртеуін, соның ішінде: бірінші (ат жөн-жол көрсетіп, алда не болатынын болжап, не істеу керек екендігін айтып, бас қаһарманды басқарып отырады); екінші (аттың өзінің өзгеріп, құбыла білуі, т.б.); үшінші (ат қаһарманды алыс жерлерге апарды, яғни тасымалдаушы қызметін атқарады); төртінші (ат батырмен бірге жаумен шайқасады, ат қаһарманмен бірге немесе қаһарманның қатысуынсыз-ақ жауды қырып, жеңіп шығады) функцияларын атқарады.

Осы функцияларының ішінен Сары ат әсіресе бірінші функцияны (яғни бас қаһарманды басқарып, жол көрсетіп отыруы, алда не болатынын болжап, не істеу керек екендігін айтып, нұсқау беруі) басым орындайды. Бұл функцияның ежелгі атты құдайыландырған, тотемге айналдырған түсініктерден бастау алатыны белгілі. Ер Қосай өзімен бірге асық ойнайтын бес баланы ертіп, жорыққа шығады. Жолда «неше ай, неше жыл» жүреді (қаһарманның өте ұзақ жол жүруі шамандық мифтің қалдығы, ол қаһарманның о дүниеге сапар шеккенін көрсетеді — ежелгі түсініктер бойынша о дүние тым алыста, жердің қиыр шетінде деп есептелген). Жолда бес бала аш болғандарын, шөлдегендерін айтады. Ер Қосай «садағының қорамсағынан» бес балаға бес бауырсақ алып береді.

Салпаң құлақ сары аттың
Бауырының астында
Жайдың тасы бар екен

Сол жайдың тасын алып, «бұлғап, бұлғап жерге қойыпты», содан жанбыр жауып, бәрі су ішеді. Сонымен сары аттың бауырының астында жайдың тасы бар екенін білдік, дегенмен ол тастың аттың бауырына қайдан, қалай келгені, неден пайда болғаны айтылмайды. «Жай тасы» қажет болған кездері пайда бола кетеді, бірақ жауын жаудырғанына қарағанда сиқырлы тас екені анық.

Егер бас қаһарманның осы әрекеттерін (бес бауырсақпен бес баланы тойдыруы, жай тасымен жауын жаудыруы) талдап көрсек, оның шамандық мифтерден ауысқанын байқаймыз. Архаикалық түркі-моңғол эпостарында осы іспеттес мотивтер жиі кездеседі: Егіл-Мерген жетпіс тәулік бойы жауын мен бұршақ жаудырып қойдырады /6, 208/; «Джангар» эпосының қаһарманы жауын жаудырып, салқын самал соқтыра алады /7, 232/. Таңғажайып қасиеттерге ие батыр жүз барб тарыны, жүз қойдың етін, шайдың жүз тақтасын, жүз есе азайта біледі /8, 17,29,124/ (бұл Ер Қосайдың бес бауырсақпен бес баланы тойдыруын еске салады). Жалпы, «Ер Көкше» эпосынан шамандық мифтің басқа да көріністерін байқауға болады (Манаша мен қырық кісіні қара дәрінің көмегімен тірілту, сары аттың нұсқауымен қайтыс болып кеткен Ер Қосайдың мұрнына «өлген кісінің өтін» құйып, тірілтіп алу т.б.). Г.Н. Потанин «орда фольклорында байқалатын орасан зор көлемді екі образды — шаманды және «батыр-мергенді» бөліп көрсетеді, «оның үстіне, аңыздарда бұл екі образдың бірінен екіншісіне ауысуларын табуға болады» деп жазады ол /9, 260/. Сол сияқты Ер Қосайдың тұлғасынан шамандықтың да, батырлықтың да белгілерін табуға болады.

Бұдан әрі қарай «жеті таудан», «жеті қырдан» асқан соң Сары ат мүлде жүрмей қалады. «Қамшыласам да жүрмедің, Қарбансам да жүрмедің... Маған неден көңілің қалды?» — деп сұраған Ер Қосайға Сары ат: «Ойбой ием Ер Қосай! Жүгенімді алып құлатпадың, Ерімді алып аунатпадың, Саған неден разы болайын» — деп жауап береді. Ер Қосай аттан түсіп, аттың ерін алғанда «Арқа терісі бірге түсіпті», жүгенін алғанда «Бас терісі бірге түсіпті». «Салпаң құлақ

сары ат арнаның ақ жусанын алты оттап, алты аунап түсті, құйрығын сыртына салып, үйден шыққан қалыбына түсті» делінген эпос мәтінде.

Біздің пікірімізше, осы мотивте (атты жемдеу, жемделген аттың күш-қуат алуы) сары ат бейнесінің құс образынан шыққаны көрініс тапқан. Құсты (әсіресе, бүркітті) жемдеу ертегілерде, салт-жоралғыларда (әсіресе, сібір халықтарының салттарында) кең көрініс тапқан. (Ертегілерден мысалдар келтірейік: «Мені өзіңе ал да, үш жыл бақ» /10, 219/. «Менен жем аяма, тоғыз ай жемде, мен соңынан бәрін өтеймін» /11, 6/). Құсты жемдеу өмірде бар салт, Д.К. Зелениннің жазбаларынан: «Бұрынғы замандарда бүркітердің адам тұрағына қыстауға келетін кездері болған деген әңгімелер бар. Мұндай жағдайларда қожайын өз малының жартысына дейін бүркітке тамақ етіп берген. Көктем шыққанда бүркіт кетіп бара жатып, қожайынға бас ию арқылы алғысын білдірген, мұндай жағдайларда қожайын тез және керемет байып кеткен» дегенді оқимыз /12, 183/.

«Ат құстың тек атрибуттарын (қанатын) алып қана қоймай, функцияларын да алған. Ат тотемдік жануар болмаса да, тотемдік жануарлар тәрізді, ертегілік бүркіт тәрізді жемделеді... Аттың жемделуі мәселенің атты тойғызуда емес екенін көрсетеді. Жемдеу атқа сиқырлы күш береді» деп жазады В.Я. Пропп /5, 171/. Осы айтылғандардың бәрі Ер Қосайдың сары атының жемделуі оның бұрынғы құстық бейнесінен қалған мотив деп тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Бұдан соң сары ат алты аунап түсіп, «құйрығын сыртына салып, құлашы бар құлан болып», күннің батысына кетіп қалады. Атымнан айрылып қалдым деп ойлаған Ер Қосай жылап, жылап, ер тоқымын жастанып ұйықтап қалады.

Сары ат Ер Қосайдың әкесі Ер Көкшемен соғысқан Жаңбыршы батырдың шаһарын үш айналып, қайтып келеді. Ер Қосайға қайтып келіп: «... сол шаһарда бір күрең арғымақ бар екен, бір сары бала бар екен, тоқсан сиырдың сүтін ішеді. Соны тастама екеуін өлтір!» деп нұсқау береді. Бұдан соң: «Менің түгімнің түбі сайын бір оқ, мен жеті түн, жеті күн шаба алмасам, маған серт, шабыса алмасам саған серт. Бір өзімнің дүбірімді мың жылқының дүбіріндей қылайын, сауырым ортасында екі бәйтерек орнатайын» дейді. Ер Қосай: «Мен біз өзімнің даусымды мың кісінің даусындай қылайын, басымды таудай қылайын, көзімді шаңырақтай қылайын, жеті түн, жеті күн шаба алмасам саған серт, шабыса алмасам маған серт» деп атымен серттеседі.

Эпостың бұл бөлігінен байқағанымыз ат батырдың айтқанымен жүрмейді, өз бетімен әрекет қылады және батырға не істеу керектігі жөнінде нұсқау беріп, онымен үзеңгілес, тең құқықты серігі тәрізді серттеседі. Аттың шаһардың сыртынан шауып жүріп-ақ, оның ішінде «бір күрең арғымақ бар екен, бір сары бала бар» екенін білгеніне қарап, оның болжамдағыш қасиетін байқаймыз. Ал, түгі сайын бір оқ болатынына, дүбірі мың жылқының дүбіріндей болатынына, т.б. қарап аттың сиқырлы, құдіретті қасиеттері бар екенін көреміз.

Бала батыр жеті күн, жеті түн шайқасып, әбден қалжырайды. Сонда Сары ат алдымен: «Түсе қап баурыма ен» деп, соңынан «Үстіме мін» деп бұйрық береді. Ер Қосай аттың баурына ену арқылы қайтадан күш алады. Шайқас бітіп, Ер Қосай мал мен бодан болған елді жолға алып шыққанда Сары ат жүрмей қалады. «Неге жүрмейсің?» деп сұраған батырға: «Темірлі үй қалды, күрең арғымақ қалды, сары бала қалды» деп жауап береді. Ер Қосай темір үйдің ішіндегі күрең арғымақ пен сары баланы өлтірмек болады, бірақ темір үйді қалай бұзуды білмейді. Сонда Сары ат: «Мені тепкіле, өкпемді шығар, сауырымнан сабап саптыаяқтай ет шығар, сүйтіп қоя бер!» дейді. Темір үйді бұзу үшін Сары атты неге сонша қинаудың қажет екені түсініксіз. Содан соң Сары ат жүгіріп келіп теуіп темір үйдің екі қабатын үзеді, тағы айналып келіп, теуіп үйді ашады. Ішінде отырған Сары баланың «қолында бір жағы бар екен, бір төбені атса, төбе аударылып түсер еді».

Сондай күшті болғанына қарамастан сары бала Ер Қосайға қарсылық жасамайды, тек қана: «Е, Қосай, тірі болсам, елімнің кегін алармын сенен» дейді. Ер Қосай сары баланы шауып өлтіреді. Сары баланың «ішін қараса тоқсан бөлек қарыны бар екен, тоқсан сиырдың сүтін ішеді екен. Бір кемпір отырды онда...».

Елге жақындағанда Сары ат Ер Қосайға тағы нұсқау береді:

— Е, Қосай, елің енді жақын еді, бір таудың ар жағында. Ертістің суы бар, оның ар жағында арғынның Ақсары биінің аулы бар... Судың ар жағында мен жығылайын, сен сонда атым өлді деп айғай сал, сонан соң сол ауылдың кісісі келер, Арғынның Ақсары бидің алты ұлы құйрығымнан тартар, көтімді қозғалтпас, Арғынның Ақсары биі өзі тартар, сонан соң түре келейін, көңілі тәуір боп қалсын, — дейді.

Бұдан соңғы оқиғалардың бәрі ат айтқандай өрбиді.

Ер Қосай Ақсары бидің Ботақыз атты қызына үйленіп, үйінде жатқанда жау келіп қалады. Байлаулы тұрған ат үйді сындырып бара жатады. Ер Қосай сыртқа шығып қарап, атына мініп жауға қарсы барады. Сол жерде Ер Қосайды Жаңбыршының баласы Темірбай алып найзаға шаншып өлтіреді. Темірбай алып Ер Қосайдың елін шауып алады. «Сары атты ұстайын деп еді, ұстатпады, қырық кісіні өлтірді, қашып кетті сары ат». Бұл жерде аттың тек алдағыны білетін көріпкел, батырдың бастаушысы, қолдап-жебеушісі қызметін ғана емес, *жау әскерін қыратын жауынгерлік қасиетін* де көріп тұрмыз.

Бұдан әрі қарай эпоста: «Сары ат Қосайға қайтып келді, Қайтып келсе, Ботақыз сұлу өлгелі жатыр екен. Ат айтты: «өлме» — деді. «Мына өлген кісінің өтін алып, Қосайдың мұрнына құй!» деді» делінген. Өлген кісінің өтін мұрнына құйған кездері Қосай «Қатты ұйықтадым» деп түрегеледі. Бұдан соң Ер Қосай жауды жеңіп, еліне хан болып барша мұратына жетеді.

Сары аттың бейнесі тұрғысынан баяндағанда эпостың қысқаша сюжеті осындай. Сонымен «Ер Көкше» ежелгі архаикалық эпосындағы Сары аттың бейнесі несімен ерекшеленеді деген сауалға жауап издесек, аттың төмендегідей бірнеше типтік белгілерін атап өтуге болады:

а) ат көбіне батырға тәуелсіз, өз бетінше әрекет қылады, ол батырға бағынышты жануар сияқты емес, терезесі тең жан сияқты әрекет етеді;

ә) солай болғанымен де ат ылғи батырға шын берілген, оның қамын істеп жүреді;

б) ат болашақты болжап, алда қандай оқиғалар болатынын біліп, батырға бағыт-бағдар беріп отырады;

в) ат батырсыз-ақ жаумен соғыса алады, тіпті жалғыз өзі біраз жауды қырып тастайды;

г) ат өлген адамды тірілте алады (яғни, шамандық қасиеттерге ие);

ғ) атта магиялық сиқырлы, құдіретті қасиеттер бар;

д) ат адамдармен сөйлесе алады, ойлай біледі.

Эпостағы аттың осы аталған бүкіл қасиеттерін жинақтап, қорытындылайтын болсақ, ол батырға бағынышты көмекші емес, оның айтқанынан, еркінен шықпайтын жануар ғана емес, толыққанды жеке дара кейіпкер дәрежесіне көтерілгенін байқаймыз. Сонымен қатар, аттың көп жағдайда батырды өзіне бағындырып, алға бастап, бағыттап отыратынын, ал бас қаһарманның өз атының айтқанын екі етпей орындап отыратынын көреміз.

Түркі-моңғол халықтарының архаикалық эпостарының екі типі бар:

а) ең көне архаикалық эпостарда батыр әдетте әрқилы құбыжықтармен соғысады (Якут олонхолары, бурят эпостары, т.б., бұндай эпостардан өз тайпасының немесе адамның мүддесі үшін ана дүниеге сапар шегіп, сол дүниедегі құбыжықтармен шайқасып жүрген шамандарды, шамандық мифтердің сарынын анық байқауға болады);

б) сәл дамыған, өркендеген архаикалық эпостарда, әдетте, батырлар жауыз хандармен, сырт жаулармен соғысады (мысалы, алтай эпостары).

«Ер Көкше» эпосын соңғы типке жатқызуға болады. Біздің ойымызша, «Ер Көкше» эпосы бұрынғы шамандық мифтерге соңғы дәуірлердегі тайпа аралық қақтығыстарды қабаттастыру арқылы пайда болған сияқты. Сонымен, бұл эпоста анық байқалатын екі қабат бар:

а) бірінші қабат, шамандық мифтер берген мотивтер — өлген адамдарды тірілтіп алу, жауын жаудыру, аттың құбылуы, шалғай алыс өлкеге сапар шегу, аттың батырға күш беруі (баурына енгізуі арқылы), Ер Қосайдың оттың үстіне отырып, ішіне кіріп кеткен найзаны түсіруі, т.б.;

б) екінші қабат, екі тайпаның өзара қақтығысы, Ер Көкшенің Жаңбыршы елінің жылқысын айдап кетуі, ізінен келген қуғыншылармен соғысуы, қайтыс болуы, баласының әкесі үшін кек алу үшін аттануы, соғысуы, т.б.

Сонымен, біздің пікірімізше, Ер Қосай образының түп-төркінінде ана дүниедегі құбыжықтармен соғысқан шаман бейнесі жатыр, ал Сары ат оны сол дүниеге жеткізуші тасымалдаушы (құс не басқа жануар) бейнесінен туындаған. Енді осы пікірімізді негіздеп көрейік. Эпоста қалай болмасын өлтірілуі тиіс сары бала мен күрең арғымақ бар, олар темір үйдің ішінде қапаста отыр. Бұлар кімдер? Және не үшін міндетті түрде өлтірілуі тиіс? Тағы да түркі-моңғол эпостарына жүгінсек, Гесердің баласы Хурин-Алтай көп басты мангадхайдың қара темір сарайына ену үшін атын шақпақ тасқа айналдырып қалтасына салып алады, ал өзін күзенге айналдырады. Соңынан сарайдың астын қазып, ішіне еніп, мангадхайды талап өлтіреді /13, 96-98/. Мұндағы «мангадхай» (қалмақша — мангас, бурятша — мангус, туваша — мангыс) деп отырғанымыз көбіне атқа мініп жүретін, көп басты құбыжық.

Демек, темір үйде отырған сары бала бұрынғы құбыжықтың өзгерген түрі (оның бұрын құбыжық болғаны «тоқсан бөлек қарыны бар екенінен-ақ» көрініп тұр). Ал, қапастағы күрең арғымақ құбыжықтың мініп жүретін аты. Соған орай Ер Қосай эпостың бізге белгісіз бұрынырақтағы нұсқасында темір үйде (сарайда) отырған құбыжықпен (кейін сары бала болып өзгерген) соғысқан шамандық мифтің қаһарманы болып шығады. Осылайша, «Ер Көкше» эпосының мифтік негізін қайта қалпына келтіруге (реконструкциялауға) болатын сияқты.

«Желкілдек» протоэпосындағы ат бейнесі. «Желкілдек» /1, 96/ эпосында жаумен екі батыр — Жастүлек пен Желкілдек соғысады, соған сәйкес бұл эпоста негізінен екі ат — Дүлділ мен Күрең ат суреттеледі (Өзтемір мінген Қара бедеу ешқандай қасиеттерімен көзге түспейді). Осы аттардың ішінен тек Желкілдек батырдың Күрең аты ғана эпостағы аттың атқаратын функцияларының алғашқы төртеуін атқарады. Әйтсе де «Желкілдек» протоэпосындағы аттардың бірде-біреуі «Ер Көкше» эпосындағыдай үнемі батырды билеп, жөн-жоба көрсетіп, қолдап-жебеп жүретін, өзіндік дербес кейіпкер дәрежесіне көтерілмейді, небәрі эпизодтық кейіпкер дәрежесінде қалады.

Жастүлек батыр жауға аттанар сәтінде әкесі Нұрманбет ханның Дүлділ атын сұрап алады. Дүлділ ат қандай да бір қасиеттерімен көзге түспейді, тек батырға қашан кері қайту керек екенін көрсетіп береді. Нұрманбет хан Жастүлекке: «Дүлділің оң аяғымен жер тепсе, сол аяғын көкке көтерсе, келме», «сол аяғымен жер тепсе, оң аяғын көкке көтерсе, қайт балам» деп нұсқау береді. Жеті жасар Жастүлек батыр келген жаудың бәрін қырып шыдатпайды, сонда кәпір басы Телегей құмалақ ашып, қой жаурынын жағып, Жастүлектің атса оқ өтпейтін, шапса қылыш өтпейтін батыр екенін біледі. Содан соң Телегей боран соқтырып, күнді қатты аяз қылады. Жастүлек суыққа шыдамай тонады, сол кездері Дүлділ ат «сол аяғымен жер тарпып, оң аяғын көкке көтереді, бала дүлділіне мініп, қайтты».

Көріп отығанымыздай Телегей Жастүлекті батырлықпен емес, шамандық, магиялық әдіспен жеңеді. Осы тұста Г.Н. Потаниннің көне эпос батырларының жекпе-жегі кейде батырлық шайқас емес, сиқырлық өнері бойынша жарысқа айналып кететіні жөніндегі пікірі еске түседі /9, 257/.

Бұдан соң Нұрманбет ханның екі қызы Тінікей мен Күнікей, суыққа тоңып үйге қайтып келген Жастүлекті жылыту үшін біреуі басын алып қойнына салып алады, екінші апасы аяғын алып қойнына салып алады. Ал, кәпір басы Телегей бастаған жаулар келіп қалған кездері Тінікей мен Күнікей Жастүлекті жеті құлақты қазанның астына салып, жасырып тастайды. Шаһарды шапқан жаулар Жастүлекті тауып алып өлтіреді. Ол өлген соң жаумен күреске Желкілдек шығады.

Желкілдектің өзіне мінетін ат таңдауы қызықты суреттеледі, оның әкесі Сарыбайдың жылқысын бағып жүрген Топай деген құлы болады. Желкілдек сол құлға: «... маған бір ат бер!» дейді. Сонда Топай құл жылқыларды құйрығынан ұстап алып, бір дарияның суынан ары-бері лақтыра бастайды. Сонда:

Бір қотыр күреңке тайды
Лақтыра алмайды ар жаққа.

Қотыр тай ар жағалауға жетпей, судың ішіне түсіп жүзіп жүреді. Топай құл шалма тастаса да тайды ұстай алмайды. Сонда Желкілдек Топай құлдан шалманы алып, өзі тастайды.

Осы тайды тоқтатпасам,
Ер салып мінбесем,
Астыма алып жүрмесем,
Желкілдек атым жоғалсын!»,— дейді ол.

Осылайша, Желкілдек батыр Күрең атты судан ұстап алады. Жалпы, судан шыққан аттар, су аттары қазақ эпосында едәуір жиі кездесетін мотивтердің бірі. Біздің ойымызша, бұл мотив су жыландары мотивінің трансформацияланған түрі. Этнографиялық деректерге сәйкес жер бетінің көптеген аймақтары тұрғындарының түсінігінде су жыландары су стихиясының иесі, билеушісі болған. Навахо мифінде: «Сол маңнан ол су жыланы Тиехолтсодидің ойнап жүрген балаларын тауып алды, балалар оған тым ұнап кеткендіктен, ол балаларды бас салып ұстап алып, қашып кетті. Тиехолтсоди қатты ашуланып, бүкіл әлем бойынша балаларын іздей бастады, бірақ босқа әлек болды. Содан ол ұрыны суға батырып жіберу үшін, әлемге топан су қаптатпақ болып шешті» делінген. Су жыланына құрбандықтар берілген /14/.

Су жыландарының су аттарына айналуы да этнографиялық материалдарда кеңінен көрініс тапқан. «Айталық, Шотландияның Куой, Лох-Аркаиг, Лох-Кенисп және Еуропадағы ең терең Лох-Морар көлдері бойындағы тұрғындар осы көлдерде Лох-Несс көліндегіден кем емес құбыжықтар бар дейді. Олар құбыжықтарды «су аттары» деп атайды... Олардың түсініктері бойынша бұл айуандардың басы ат тәрізді, бірақ денесі ұзын, ирелендеген болып келеді» /15/.

Сонымен, Желкілдек күреңше тайды тоқтатып, жүгендеген кездері ол құнан болады, ал ер салып ерттегенде құнан дөнен болады, екі айылын тартқанда дөнен бесті ат болады. Күреңше тай әп-сәтте осылай құбылып, келісті тұлпарға айналады. Күреңше аттың құбылуы бұл ғана емес, Желкілдек жаумен соғысар сәттері оған тіл бітіп: «Е, ием, түс менен» дейді. Ер тоқымын, құйысқанын, жүгенін сырып алуды бұйырады. Оң жағына бір, сол жағына бір аунап, шөп жейді. Сол кездері құдай Күреңше атқа күміс ер-тоқым, күміс құйысқан, күміс жүген бітіреді. Осы жерде күрең аттың ең үлкен кереметі басталады: ат батырдың көмегінсіз-ақ жауды қырып салады. Күрең ат батырға: «Артқы айылымды берік тарт, алдыңғы айылымды бос тарт, көзіңді жұм, мен тоқтағанда, көзіңді сонда аш! Шаба алмасам маған серт!» дейді. Батыр көзін жұмып жауға шабады. Ат тұра

қалған кездері Желкілдек батыр көзін ашады: «Қараса аттың тізесінен қан екен» /1, 107/.

Бұл эпизодтардың бәрінде Желкілдек батырдың күрең атының Ер Қосайдың сары атына ұқсас бейнеленетінін, екі тұлпарды сипаттауда сәйкес тілдік бірліктердің қолданылатынын байқаймыз. Бұл ежелгі көне эпостың типтік-генетикалық бірлігінен, оның негізінде жатқан архаикалық-мифтік сананың сәйкестігінен туындаса керек.

Дегенмен, эпостың бұдан арғы оқиғаларында күрең ат анда-санда ғана, жай көлік ретінде көрініп, эпизодтық рөл атқарады.

«Желкілдек» эпосында да шамандық мифтерден, инициация салтынан, тайпа аралық қақтығыстардан туындаған мотивтердің қабаттасуы анық көрініс тапқан. Айталық, Желкілдектің қу аяқ кемпірге («қу аяқ» сөзі орыстың «Баба Яга костяная нога» деген сөзімен мағыналас ұғым болуы да мүмкін және ол В.Я. Пропптың дәлелдегеніндей кемпірдің о дүниемен байланысын көрсетіп тұр — А.К.) бала болуы, оның сынағынан өтуі және кемпірдің Желкілдекке жәрдем беруі инициация салтының көріністері екені даусыз. Сондай-ақ, эпоста кейінгі эпостық дәстүрге жат, ерсі, ақылға сыймайтын көріністер де аз емес, айталық, Желкілдек қырық биенің етін әрқайсысын бір-бір асап жеп, сүйектерін мұрынан шығарып тастап отырады, қырық саба қымыз ішеді. Бұған да тоймай қалып, тағы бір ат сойдырып, сол аттың «бір жапырақ етіне» тояды. Бұл жерде ежелгі архаикалық түсініктер бойынша батырдың тамақты неғұрлым көп жеуі, оның соғұрлым күшті екенін көрсететінін атап өту керек.

Қорыта айтар болсақ, «Ер Көкше» және «Желкілдек» ежелгі архаикалық эпостарындағы ат бейнелері өзара типтік-генетикалық ұқсастықтарымен, бірыңғай көркемдік-бейнелеушілік құралдар арқылы жасалуымен ерекшеленіп тұр. Бұл эпостардағы ат образдарынан шамандық мифтерден мен инициация салтынан, тағы да басқа ежелгі салттардан, ұғым-түсініктерден, ритуалдардан келген мотивтер анық байқалады. Ежелгі бүкіл дүниені біртұтас бірлік ретінде қабылдайтын, кез келген жансыз заттың немесе жан иесінің бір-біріне айналуын, құбылуын қалыпты құбылыс деп қарайтын архаикалық-синкреттік сана — аттың сан-алуан магиялық құдіретті күшке ие болуын, түрлі қызметтерді қоса-қабат атқаруын, көп жағдайда батырды бастап жүріп, жол-жоба көрсетуін т.б. қасиеттерін қалыпты нәрсе деп қарастырады. Осы ерекшеліктердің бәрі архаикалық эпостағы ат бейнесінің эпостың өзге жанрларынан айрмашылықтарын белгілейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ел қазынасы — ескі сөз (В.В. Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері). — Алматы: Ғылым, 1994. -616 бет.
2. «Маадай Кара». Алтайское сказание. Горно-Алтайск, 1957.
3. Ястремский С.В. Образцы народной литературы якутов.
4. Типология народного эпоса. М., Наука, 1975 -328 с.
5. Пропп В. Я. Исторические корни волшебной сказки. Изд. ЛУ 1986. -368 с.
6. Монголо-ойратский героический эпос / Пер., вступ. ст. и примеч. Владимирцов Б.Я. Пг.: Госиздат, 1923.
7. Козин С.А. Джангариада: Героическая поэма калмыков. Введение в изучение памятника и перевод торгутской его версии. М.; Л.: Изд-во АН СССР, 1940.
8. Сказания о богатырях: Тувинский героический эпос / Предисл., пер. и коммент. Гребнева Л.В. Кызыл: Тувинкнигоиздат., 1960.
9. Аносский сборник. Никифоров Н.Я. Собрание сказок алтайцев с примечаниями Г.Н. Потанина. —Зап ВСОРГО, Омск, 1915, т. XXXVII.

10. Афанасьев А.Н. Народные русские сказки, т. 1-3/ Подготовка текста, предисловие и примечание В.Я. Проппа. М., 1957.
11. Сказки М.М. Коргуева. Кн. I /Зап., вступ. статья и комм. А.Н. Нечаева. Петрозаводск, 1939. (Сказки Карельского Беломорья, I).
12. Зеленин Д.К. Культ онгонов в Сибири. М.: Л., 1936.
13. Абай-Гэсэр-хубун. Эпопея: Эхирит-булагатский вариант/ Подгот. текста, пер. и примеч. Хомонова М.П. Улан-Удэ: Изд-во АН СССР, 1964. Ч. II.
14. Дж. Ф. Бирлайнс. Параллельная мифология:
15. http://witchmirror.narod.ru/shablon_main.html
16. <http://sashka.iatp.org.ua/sashka/ho2/lohness.htm>

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада «Ер Көкше» және «Желкілдек» архаикиялық эпостарындағы ат бейнесі талданады, жырлардағы ат бейнесінің жасалу мотивтері қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается образ коня и способы его создания в архаических эпосах «Ер Кокше» и «Желкилдек».

АЙТЫС — ӨНЕР САЙЫСЫ

Қарынбаева Ұ.Қ.- мұғалім

(Алматы обл., Жаңабай Құдайбергенов атындағы орта мектеп)

Айтыс — өнер жарысы, сөз додасы. Айтыс әр елде әр түрлі деңгейде дамыған. Сөз сайысы - көшпелі өмір кешкен елдердің көбіне тән өнер. Ауызекі дәстүрде тарайтын айтыстың ерекшелігі жазу, сызу дамымай тұрған кезде пайда болып, таралуына ыңғайлы ортаның болуын қажет етуі. Айтысты тыңдайтын да тарататын да халық, яғни ел ішіндегі сөз сүйер қауым, жекелелеген ақындар. Айтысты алғаш таратушылар айтыскерлердің өзі болған деген де болжам бар.

Салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы жағынан бізге ұқсас түркі тектес халықтарда айтыс өнері кең дамыған. Мәселен, қарақалпақ, қырғыз, алтай елдерінің көшпелі өмір тірлігі айтыстың дамуына тиімді орта болып есептелген. Суырып-салма өнер, импровизация дәстүрінің көшпелі өмірге тікелей қатысты болатынын ең алғаш Ш.Уәлиханов атап көрсеткен: “Поэзияға, әсіресе, суырып-салмалық өнерге деген бейімділік барлық көшпелі халықтарға тән. Бәдәуилердің ұшқыр қиялды суырып-салма ақындары Европалықтарға қашаннан жақсы таныс. Араб балаларының өздеріне қойылған сұрақтарға төрт тақтасы жатық өлеңмен мүдірмей жауап беретінін сұқтана жазып жүр. Бұл маңғол, түрік ұрпақтарына тән қасиет. Бұған олардың көшпелі бейқам өмірі себепкер ме, яки үнемі әсем табиғаттың құшағында жүріп, көгілдір ашық аспан мен шет қиыры жоқ құлпырған жасыл даланы сезінудің әсерінен бе кім білсін, дала көшпенділері ақындық пен сезімталдыққа жан-тәнімен бейім тұрады” деп жазады/1/. Осы пікірден айтыстың бір ғана ел емес, көшпелі тірлік кешкен бірнеше елге ортақ өнер түрі екендігін аңғаруға болады.

Сөз жарысы болып есептелетін айтыс өнеріне табиғаты ұқсас сайыс түрлері басқа елдерде де кездеседі. Мәселен, үнді елдерінде би жарысы түріндегі өнер сайысы болған. Ол күні бүгінге дейін сақталап келе жатқан өнер түрі болып есептеледі. Ал орыс елінде төрт жол өлеңмен жарысу, ой қақтығысымен бір-біріне жауап қату кездеседі. Ол «частушка» делінетін өлең түрі. Көлемі жағынан шағын болғанымен, қазақтың жар-жар өлеңдеріне табиғаты өте жақын келеді.

Түркі тектес халықтарда айтыстың өзге жанрлардан басым сала болып келгенін дәлелдейтін жазба ескерткіштердің бірі — М.Қашқаридің “Дивани лұғат ат-түрік” атты еңбегі. Осыда берілген “Жаз бен қыстың айтысы” өзінің сыртқы түр құрлысы мен мазмұн жағынан мысал айтыстың ескі бір әсем үлгісі екендігін танытады.

Ал қазақтың айтыс өнері өзінің көп түрлілігімен ерекшеленеді. Ауыз әдебиетіндегі ерекше дамыған саласы ретінде айтыс қазақ даласында әр кезеңде әр дәрежеде дамып отырған. Мұны айтыс өнерін зерттеуші ғалымдардың бірі М.Жармұхамедов та атап көрсетеді: “Айтыс жанрының ХҮ-ХҮІІІ ғасырларда біршама толастағаны байқалады. Айтыстың, әсіресе, ерекше дамыған кезі ХІХ ғасырдың екінші жартысы” – деген пікір айтады/2/.

Айтыс өнерінің қазақта қарқынды дамуы халықтың сөз өнерін ерекше қастерлеп, киелі санауына да байланысты. Қазақ халқы “Токсан сөздің тобықтай түйінін түйе білген” би шешендерді, ақындарды ерекше дәріптеген. Аңыз қылып айтып елден-елге тарата білген. Шоқан қазақ халқының осы ерекшелігін танып айрықша баға береді: “Ақындық қабілет жағанан қазақтар бірінші орын алады. Дала поэзиясы ретінде ол араб поэзиясына ұқсас. Сюжетінің үндестігімен сахарадағы көшпелі өмір көріністерін, сондай-ақ ру арасындағы бітпес жаугершілік пен қиян-кескі тартысты бейнелеу - бұл ұқсастықты тіпті жақындата түседі”, – деген/1/.

“Қазақтар қашанда мүдірмей, кідірмей ерекше екпінмен сөйлейді... Тіпті, ауызекі сөйлесіп отырғанның өзінде оның сөйлемі мен ой кестесі, өлең жолдары мен шумақтары секілді ұйқасып, үйлесіп кететіндігі сонша, нағыз өлең екен деп таң қаласың”-деп көрсетеді академик В.В.Радлов/3/. Қазақтың әнге, суырып-салма өлеңге жүйріктігі жазба әдебиетінің дами бастаған тұсында да көрінеді. Қазақ әдебиетінің проза жанрының кенжелеп дамуының да бір себебі ақындық дәстүрдің кең өріс жайюына қатысты. Алғашқы романдардың да өлеңмен жазылуы осының бір дәлелі.

Айтыс қолма-қол айтылатын шеберлік пен алғырлық, тапқырлыққа құрылып отырады. Жеңіске жетудің амал-тәсілдері әр түрлі болып келеді. Ақындар айтысында талас-тартыс түйдек-түйдегімен ағытылады. Бұндай ұзақтан шолып жырлау түрі - сүре айтысы делінеді. Айтыс өнеріне ойдағы алғырлық пен қалт жібермес көрегендік, қырағылық қажет. «Айтыстың түп мақсаты — ұту, қарсыласын қисынды да уәжді сөзбен қапысын тауып, тосып, еріксіз тізе бүктіру»/2/. Импровизация дәстүрін ұстанған ақындар кез-келген тақырыпта қолма-қол жыр тудырумен бірге, соны халық алдында домбыра не қобыз, сырнайдың сүйемелдеуімен әуенге қосып орындаушы да болған. Әсіресе, айтыс қазақ өмірінде ақын болып танылудың бірден-бір дәстүрлі мектебі болып саналып келген. Е.Исмайылов: “...ақын өмірдегі құбылысты тарихи оқиғаны өзінің ой-өрісі дәрежесінде таниды. Ақынның сезінуі, ол сезгенін қабылдауы шапшаң, ол тез көріп, тез әсер ала біледі. Алған әсерін ұғып есіне сақтауы да күшті, тұрақты. Қазақ ақындарының ежелгі салтында жылдам, бөгетсіз тыңнан өлең шығарып айта білмегенді күшті ақын деп танымаған”, - деп қазақ өнеріндегі импровизацияның орнын атап өтеді/4/.

Қазақта айтыстың бірнеше түрі бар Олар:

Өлі мен тірінің айтысы;

Бәдік айтыс;

Жұмбақ айтысы;

Қыс пен жаздың айтысы;

Жар-жар айтысы;

Салт айтысы;

а) қыз бен жігіт айтысы;

ә) ақындар айтысы.

Осы күнгі айтыстар.

Осы күні ақындар айтысы ерекше өркендеп дамып отыр. Ақындар айтысы өз ішінен бірнеше түрге бөлінеді. Қысқа қайырылып бірер шумақпен қайтарылып отыратын айтыс түрін түре айтысы дейді;

Ұзақ шолып, тақырыпты кең қамтып айтатын сүре айтысы;

Әр шумақты бөле-жара алма кезек жауап қайтарып отыратын қайым айтысы, “Қайым” сөзі жіп сабағындағы қайтарым, қайыра өру мағынасынан шыққан сияқты. Яғни әр шумақтың тармақтарын кезекпен жұптастыра отырып қайыра өру деген ұғымға саяды.

Жұмбақ айтысы айтыстың ең күрделі түрі болып саналады. Бұл шапшандықпен тапқырлықты, айтыскердің логикалық ұтымды ойлау шеберлігімен тығыз байланысты. Себебі жасырылған шумақтағы жұмбақты тауып, табан астында өлеңмен шешімін айтып үлгеруді талап ететін айтыс түрі. Сол себептен де жұмбақ айтысы кейінде жазба түрінде тараған. Мәселен, Мәделіқожа мен Майлықожа айтыстарында жазбаша тараған.

Кейінде қазақ әдебиетінде жұмбақ айтысынан басқа айтыс түрлері де жазбаша тарай бастаған.

Қазақ әдебиетінде айтыс жанрын дамытушы ірі тұлғалар болған. Шөже, Бақтыбай, Сүйінбай, Орынбай, Шортанбай, Серәлі, Тоғжан, Сақау, Балта, Кемпірбай, Қалдыбай, Жамшыбай, Құлтума, Жанак, Құлмамбет, Мұрат, Марабай, Сабыр, Ыбырай, Жарылғасын, Күдері, Құдайберген, Түбек, Әсет, Ырысжан, Кеншінбай, Біржан, Сара, Ақан сері, Тәбиә, Ақбала, айқын, Болық, Дәме, Ұлбике, Нұрғожа, Тыныштық, Шөкей, Қадиша, Ақсұлу, Жамбыл, Шәріп, Жамал секілді отауызды, орақ тілді ерен жүйрік ақындардың айтыс өнеріне қосқан үлесі мол.

Бүгінде ақындар айтысы ерекше дамып отыр. Бүгінге айтыскерлер де өзінің суырып-салма өнерімен, ой жүйріктігі мен тілінің шешендігі жағынан аға буын айтыскерлерден көп ілгері дамыды десек артық айтқандық емес.

Қашан да болса айтыс өнерінің басты сұранысы - сөз бәсекесіне түскен ақындардың тар шеңберлі мүддеден шығып, асқақ сөйлейтін лирикалық кейіпкерге айналуы. Бүкіл халыққа мәні бар аса елеулі оқиғаларды қамтып, халықтың мүддесі мен мұңын шағып, халық үніне айналуы. Айтыс өнері халқымыздың өмір салтына байланысты туып, ел тарихынан мол дерек беріп, халықтың мүддесі мен мұңын жариялап келе жатқан халықтың аяулы өнерінің бірі. Айтыс қай ғасырда болмасын ұрпаққа сөз өнерінің сұлу жыр, әдемі кестесі арқылы эстетикалық тәрбие береді, ұрпақтың рухын тәрбиелеуде басты өнер түрі ретінде дами береді деп ойымызды тиянақтаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Уәлиханов Ш. Сочинение СПб. , 1904. стр., 192-193.
2. Айтыс. А., Жазушы, 1988. 76.
3. Радлов В.В. Образцы народной литературы. 1870г., стр. ХУІІ.
4. Исмайллов Е. Ақындар. А., 1956. 23 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақтың айтыс өнерінің өзіндік ерекшеліктері сөз етіледі.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается своеобразие казахского литературного жанра айтыс.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ АБЫЗДАР ДӘСТҮРІ

Мұхамеджан А. - аға оқытушы
(Түркістан қ., Қ.А.Ясауи атындағы ҚХТУ)

Оғыз заманынан келе жатқан, Қорқыт айтқан даналық сөздерді қазақ елі ғасырлар бойы есінде берік ұстап келген, ой атасы Қорқыттан сарқылмайтын бұлақ көзіндей мирас етті. Қазақтың ұлы жыраулары өзінің ескі дәуірдегі ұлы ұстазы Қорқыттан үлгі-өнеге, халықтың саяси, мәдени, шаруашылық тіршілігі елді бейбітшілік бірлікке, ерлікке баулу, көрші елмен достықты ардақтау, ел басқарған адамдарға кеңес беріп, татулықты мирас ету, ел қорғаған асыл ерлердің жұрттан асқан ерекше ерлігін жырлауды дәстүр етті.

Әсіресе абыздардың эстетикалық түйсік-талғамымен теософиялық дүниетанымы-ның нәтижесі болған болжаушылық қасиеті – қазақ әдебиетінде жыраулардың шығармашылық дәстүрі болжал мәнді толғаулар туғызды.

Болжал әдебиеттің негізгі мазмұны қазақ халқының болашақ баянсыз тағдыр-талайы болып табылады: жер тозады, жайлау тарылады, ауа райы, табиғат қаталданады, адамдар кедейленеді, мінез-құлық өзгереді, жаман ғадеттер молаяды, бір сөзбен айтқанда, қазақ елі мен жері өзгеріп, азып тозады. Аталған ауыр күндердің хақтығын болжай отырып, халық өз басындағы жаман ғадет, қасиеттерден арылмаса бұдан шығар жолдың жоқтығын, болашақты құлдық пен құру күтіп тұрғанын жырлайды /1, 176 б. /.

Болжаушылық қасиеттің абыздар мен жыраулардағы ортақ сипаты мен ерекшелігіне мән беріп көрейік. Абыздар – ру көсемі, ел басы болғандықтан, рулық-тайпалық қоғамда оның мұңы да, зары да, қуанышы да, барлық проблемасы өз халқының қамы. Сондықтан қауым елдің барлық әлеуметтік кем-кетігі, рухани әлемі, эстетикалық түйсік талғамы, қоршаған айналасын танып білудегі таным-түсінігі абыздың мойнына аманат болған. Ал абыздың рухани болмысына деген халықтың жауапкершілігі де сенімді. Абыздың қалыптасу тарихы, қазақ халқының руханиятына үлес қосуы сонау ежелгі ғұн, үйсін, қаңлы дәуірлерінен бастап, түркі қағанаттарында шарықтау шегіне жетіп, ал Алтын Орда дәуірінде әлеуметтік ахуалдың нашарлап, ұлттық дүниетанымның тоқырау заманына аяқ басқаны және осындай келеңсіздіктердің аяғы ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы саяси дағдарысқа ұшыраумен аяқталады. Яғни бағзы заманнан келе жатқан рулық-тайпалық қоғамға да тән толыққанды ұлттық діні, мәдениеті, өнері, әдебиеті тұтастықта ғұмыр кешкен “синкретизм” атты ұғым бұл дәуірлерде ыдырау кезеңін бастан кешіреді. Бұл пікірімізге ескі абыздардан болашақты болжауды мирас еткен жыраулардың шығармашылығы дәлел бола алады. Әсіресе қазақ халқының орысқа бодан болып, халінің мүшкілін Асан қайғының бірінші бастап болжал айтқанын М.Әуезов те растайды. Ол: “Бұл дәуірдегі әлеумет тіршілігінің ең шаншулы мәселесін әдебиет жүзіне түсіріп, алғаш рет қалың елдің қамын ойлап, күңіренген қария Асан. Алғашқы рет келешек заманның құбыжығын сезіп, тұспалмен белгі беріп, болжал айтқан Асанқайғы. Сол заманның өзінде басқа жерге ауайық десе де, өлең сөзді қауымның қызметіне жаратуға кіріскен тағы да сол. Кейінгіге ел қамын жоқтаған мұң зар сарынын тастап кеткен де сол. Зар заман ақындарының барлығындағы сары уайым Асан бастаған сарын. Сондықтан зар заман ақындарының белгісі Асанқайғыдан басталады дейміз” деп Асан қайғының тарихтағы орнына баға береді. Оның абыздардың дәстүрімен айтылған әлеуметшіл сарындағы болжам қазақ халқының басына айна-қатесіз туған күн болды:

“Мұнан соң қилы-қилы заман болар
Заман азып, заң тозып жаман болар

Қарағайдың басына шортан шығып,
Балалардың дәурені тамам болар.
Ол күнде қарындастан қайырым кетер
Ханнан күш, қарағайдан шайыр кетер
Ұлы, қызың орысқа бодан болып,
Қайран ел, есіл жұртым сонда не етер”, –

деп Асан жырау халқының келешегін өзінің Тәңірден келген сәуегейлік қасиетімен болжап айтып береді. Ескі заманның ру көсемі абыз қасиеті жырауға нәсіп болған екен.

М.Әуезов Асан қайғы жайлы: “...қазақ даласын жайлап отырған қазақ руларының қайсысының ішіне барсаң да Асанның аты мәлім, әйгілі болып шығады. Себебі сол рулар отырған қоныс-қоныстың барлығы қалың қазақтың қамын жеген ұлы қариямыздың дуалы аузынан шыққан жалынды сөз сияқты. Сол болжалдың өзіне қарап ел Асанды кәрі күннің сәуегейі, әулиесі, сияқты көреді, өз өміріне Асан қайғының тұспал сөздері келіп тұрған сияқтанады” /2, 199 б./ – деп ой түйіндейді.

Асан қайғының болжамын Абылай Бұқар жыраудан түсіндіріп беруді сұрағанда:

“Ханға жауап бермесем,
Ханның көңілі қайтады.
Қайтара жауап сөйлесем,
Халқым не деп айтады.
Хан Абылай-Абылай.
Мұндай жаман хабарды
Сұрамасаң не етеді...” /2, 203 б./, –

деп бұл сауалдың арқасында қазақ халқының басына келер ауыр күнді айтуға қиналып тұрғанын баяндайды.

Бірақ бұл жағдайды көптің санасына ұғындыру, ханға жеткізу жыраудың міндеті болғандықтан Асан айтқан болжалды Бұқар жырау былай деп анықтап береді:

“Енді айтайын тыңдасаң,
Маған қаһар қылмасаң.
Қарағай судан қашып,
Шөлге шыққан бір дарақ.
Шортан шөлге шыдамсыз,
Балықтағы бір қарақ.
Ойлама шортан ұшпас деп,
Қарағайға шықпас деп.
Құбыладан келер бір кәпір,
Аузы басы жүн кәпір
Жаяулап келер жұртыңа
Қара шекпен кигізіп,
Балдымай жағар мұртыңа.
Ел қамын айтқан жақсыны
Сөйлетпей ұрар ұртыңа.
Есеп алар пұлынан,
Солдат алар ұлынан,
Күндердің күні, Абылай.
Есе тимес өзіңе.
Есіктегі құлыңнан...” –
дейді.

Болжал мәнді өлеңге халықтың әдет-ғұрып, жөн-жора заңдарының бұзылуы, жер мен ел жағдайы негізгі себепкер болғаны белгілі. Соның бірі Асан қайғының /2, 200 б./ Жәнібек хан Ертістің басынан қорған салдырып, қарадан атып алып (басқа ұлттан) той қылғанда Асан келмейді. Өз өкпесін ханға былай береді:

Қатын алдың қарадан.
 Айрылдың хандық жорадан.
 Ел ұстайтын ұл таппас
 Айырылар ата мұрадан, –
 деп бастаған Асан ендігі жерде не болатынын:
 Аңдып жүрген көп дұшпан,
 Елге жау боп келеді,
 Құладың қуды өлтірсе,
 Өз басыңа келеді.
 Құлың кеп сені өлтірер,
 Осыны Асан біледі.
 Мұны неге білмейсің, –
 дейді.

Елдің саяси халін болжау, халді сынау, досы мен дұшпанын хан мен елге саралап беру ескі абыздардың негізгі міндеті болған. Асан Қайғы да бұл дәстүрдің тізгінінен айрылмаған жырау:

Арысынан қытай, орыстың
 Қорған сап, тыныш жатырсың.
 Өзің Жәнібек, елден асқан батырсың.
 Ертісті өрлеп орыс жүр,
 Тіл алсаң іздеп қоныс көр, –
 деп ақылын айтады.

Асан хан шеше алмаған түйінді де Ғұндар заманындағы чжуки, түркі қағанатындағы айғучи, ескі дәуірдегі абыз сияқты өзінің кемел көзқарасымен шешуге тырысып соңғы болжамын былай деп аяқтайды:

Желмая мініп жер шалсам
 Тапқан жерге ел көшір
 Мұны неге білмейсің,
 Бұл арадан көшпесең,
 Айтқаным түспесең,
 Орыс алар қалаңды,
 Шулатар қатын, балаңды.
 Осыны көрдім түсімде,
 Біл десе де білмейсің:
 Қош, аман тұр, Жәнібек.
 Енді мені көрмейсің”, –
 деп Желмаяға мініп жүріп кеткен екен дейді.

Абыздардың болжал айтып сәуегейлік құруы Асан қайғы мен Бұқар жырауда ән сақталынып қалған жоқ. XIX ғасырдың аяғында діни қиссалар негізінде топтаған шығармаларда да кездеседі. Ақын атаулыда, соның ішінде Қорқыттың басталатын “ақыр заман” туралы болжал (сөздер) өлеңдердің бірі Шортанбайдың “Заманға” атты өлеңінде былай деп суреттеледі /2, 214 б./:

Мынау ақыр заманда
 Алуан, алуан жан шықты,
 Арам, араз хан шықты,
 Қайыры жоқ бай шықты.
 Сауып ішер сүті жоқ,

Мініп көрер күші жоқ,
Ақша деген мал шықты.

Асанның “айырылып хандық жорадан” демекші ата дәстүрінен айырылған ұрпаққа Шортанбайдың бағасы:

Мұның өзі зар заман
Зарлығының белгісі
Ұл сыйламас атасын.
Арам сідік болған соң.
Атасы бермес батасын.
Қазы, болыс, хан қойды
Некесіз туған шатасып.
Сол заманның кезінде
Қыз сыйламас шешесін,
Ержеттім деп, шаштасын.
Ал заманның бұзылуына не себеп деген сауалға жауап ретінде:
Заман қайтып оңалсын.
Адам қайтып қуансын.
Байлар ұрлық қылады,
Көзіне мал көрінбей
Билер жейді параны,
Сақтап қойған сүріндей /2, 214 б./, –
деп толғайды.

Асан қайғы мен Бұқар жыраулардың жалпы абыздардың болжал мәнді поэзиясы қазақ тарихының хан билеп, би билеген дәуірі. Бұл әдебиеттің негізгі мазмұны, бұл тұлғалардың дүниеге көзқарасы, ұғымы, ел тіршілігіне берген бағасы, барлығы да хан мен би заманының ой негізін, салт-санасын білдіреді. Асан қайғы өз заманының болашағын ойлап ханы қарадан қатын алса, келешегін құл билейді деп зар еңіресе, ал Бұқар жырау Абылайға келешекте ханнан күш, қарағайдан шайыр кететінін, есігіндегі құлы есесін жібермейтінін айтып кеткен. Бұл жағдайды М.Әуезов былай деп қорытындылайды: “Жақсылыққа бастасын, теріске, жаңылыққа, жаманға бастасын, қайда тартса да әйтеуір елінің, халқының, бұрынғы халіне қанағаттанбай жаңалықты іздеп, “бастаймын, түзеймін, қазіргі күйге қанағаттанбаймын” деген күй бірлік, алғашқы рет тұтасқан ой құралып, әдебиет жүзінде елдің, әлеуметтің тіршілігі сөз бола бастаған соң, жазба әдебиет дәуірі туа бастады деп есептеу керек. Ауызша мен жазба әдебиеттің арасын бөлетін белес, кезең осы”, яғни М.Әуезов жазба әдебиеттің басына жырау поэзиясын қояды.

Қорқыт дәстүрінен өнеге алған, Бұқар жырау сияқты қазақтың дана жыраулары, өмірдің алуан түрлі ақиқатын түсіндіруде, тыңдауға жеңіл етіп, қарапайым да анық, әсем де әсерлі, тұжырымды да тартымды өрнегі арқылы туған халқын жақсылыққа, әділдікке, адамгершілікке үндеу жалаң шақыру түрінде емес, халықтың тұрмыс салтына тікелей байланысты өмір ағысының процесінде, табиғи қажеттілік ретінде, танытқыштық, әрі тәрбиелік тағлым беруде рухани қазынамыздың тозбас ғимаратын қалады.

Әуелде синкреттік сипатта болған жыраулық дәстүр, келе-келе ақындық, шешендік, жыршылық, күйшілік сияқты жеке өнерлерге өрісін жайды. Бірақ бұл өнер иелерінің қай-қайсысы болмасын, әсемдікті танудың көркем энциклопедиясы болған өлең мен жырды халыққа жеткізуде жүрекке жылы, жанға жайлы әсем әуен сазының байлығымен ерекшеленетін қобыз бен домбыра үнінің сүйемелдеуімен орындаған. Әрине жыраулардың күйшілік өнерлерінде қазақ халқы оғыз дәуірінің ойшылы Қорқыт бабадан мирас еткен деп айта аламыз. Қазақ халқының оғыздармен тарихи-мәдени байланысын дәлелдейтін

Әлкей Марғұланның пікірінде былай деп айтады: «Ежелгі тайпалардың көбімен бірге, қазақ халқының рухани тіршілігіне әлеуметтік құрылысына оғыздардың қосқан үлесі аз емес... Оғыз заманынан келе жатқан эпикалық аңыздардың көбі қазақтардың ерлік жырында көркем, сәулетті түрде айтылып келеді. Олардың дәлелі ретінде «Көрұғлы», «Алпамыс», «Бозғұлан», «Бозжігіт», «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» тәрізді толып жатқан хикая, аңыздарды келтіруге болады /3, 186 б./.

Бұл жырларды оқығанда көзге ерекше түсетін мәселелер олардың сюжет құрылысы, эпикалық бейнелері «Қорқыт» дастаны мен «Оғыз жөнінде» айтылатын эпикалық сарындармен ұқсас болып отыратындығы. Оғыз қыпшақ дәуірінен дәстүр болған әлеуметтік көріністің тағы бірі ұзандардың той үстінде қобыз бен домбыраның үніне қосылып ерлік жырын айтып, өткен дәуірді еске түсіру» /3, 188 б./, – дейді.

Расында, Қорқыт заманынан бері де, бүкіл түрік тілдес халықтардың бағзы замандағы отаны болған Қазақстан топырағынан, тау өзеніндей тасқын жырлы ақпа жыраулар, олардың сөзін таратушы жыршылар көп шыққан, бармағынан өнер төгілген күйшілер шыққан. Көшпелі ғұмыр кешкен халқымыз қуаныш, күйініш жан сезімін жырмен ағылтқан. Барлық дәуірде ақыл мен ойдың кені, даналық «сөз өнерінде», – деп ақын, жыраулық, жыршылық өнерді дарынды ұрпақ өнеге тұтқан.

Біз ақын жырауларды және солардың туындыларын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші жыршыларды халықтың ұлттық мәдениетін және сарқылмас қазынасын туғызушы ғана емес, халықтың рухани ұстазы деп айта аламыз.

Халықтың рухани тәрбиесінде ұстаздық қызметін атқарған өмір сырын мол сезініп, санаға жазған дала даналары халқын елдікке, ерлікке үндеген, қайғысына қабырғасы қайысып, қуанышына жыр төгу арқылы тәрбиесінің мәні мен өмірлік мазмұнының, шыншылдығы мен шынайылығының сара жолын халыққа өнеге етіп, дәлелдеп беріп отырады. Халықтың рухани тәрбие негізін – сол халықтың ауызша туған мұрасы мен халықтың ой арманы мен үміт мүддесін қорғаған жеке тұлғалар қалаған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Досмұхамедұлы Х. Аламан – Алматы: Ана тілі, 1991. – 176 б.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991 – 240 б.
3. Марғұлан.Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985 – 368 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақ әдебиетіндегі абыздар дәстүрінің көрінісі қарастырылып, Қорқыт атадан қалған көне мұра мен Асан қайғы, Бұхар жырау шығармаларындағы абыздық дәстүр сөз етіледі.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются традиции абыза в творчестве Асан-кайгы, Корқыт ата, Бұхар жырау.

ЗЭКИ АХМЕТОВ – ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУШІ

Пірәлиева Г.Ж. – ф.ғ.д., профессор м.а. – (Алматы қ., Қақмемқызпу)

«Тарихта ешқандай мәдениеті болмайтын, әр түрлі өнер, мәдени, әдеби шығарма жасамайтын адам қоғамы, ру-тайпа, халық болған емес, болмайды да» деген аса көрнекті әдебиетші ғалым Бейсенбай Кенжебаевтың сөзін ескерер болсақ, ұлы даллада туып-өсіп, дүниежүзілік өркениетке үлкен үлес қосқанмен өмірдің түрлі себептерімен тарих қойнауларында ұмыт қалған ұлы тұлғалармен тәуелсіздік нәтижесінде қайта танысып, қайта қауышып жатқанымыз жалған емес.

Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі (1983), Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының иегері (1996), Қазақстан және Қырғызстан Республикалары ғылымына еңбегі сіңген қайраткер (1978), филология ғылымдарының докторы (1965), профессор (1966) Зәки Ахметовтің еліміз егемендік алғаннан кейін қазақ әдебиеті тарихына жаңаша көзбен қарап, әдеби үрдіс пен оның көрнекті өкілдері жайлы тың пайымдаулар мен түбегейлі теориялық тұғырнама жасап, методологиялық жаңа бағдар алуына себеп болуын арнайы атап өткен жөн. Қазақстанның рухани мәдениеті мен әдебиетінің өркендеуіне өзіндік үлесін қосқан ғалымның осы орайдағы жаңа ойлары, тың ғылыми тұжырымдары жас зерттеушілерге жаңа бағдар сілтегені де сөзсіз. З.Ахметовтің есімі ұлттық әдебиеттану ғылымында абайтану мен мұхтартану саласындағы сүбелі еңбегімен де жақсы танымал. «Лермонтов және Абай» (1954), «Қазақ өлеңінің құрылысы» (1964), «Қазақ поэзиясының тілі» (1970), «Өлең сөздің теориясы» (1973), «Қазақ әдебиетінің қазіргі дамуы және дәстүрі» (1978), «Абай жолы эпопеясының поэтикасы» (1984), «Абайдың ақындық әлемі» (1995), «Мұхтар Әуезовтің роман-эпопеясы» (1997), «Поэзия шыңы – даналық» (2002) және т.б. ғылыми еңбектері мен монографияларын ерекше атап көрсетуге болады. Ұлт мәдениетінің даму заңдылықтары, оны бүгінгі жас ұрпақтың жаңа өмірін рухани байытуға пайдалану туралы ойлары Зәки Ахметовтің М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми ұжымы шығарып жатқан 11 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты еңбектің 5-ші томында топтасқан («Дулат Бабатайұлы»), «Шоқан Уәлиханов», «Шәңгерей Бөкеев» және академик Сейіт Қасқабаспен бірге жазған «Абай Құнанбаев» атты монографиялық тарауларында айқын көрінеді. ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы әдеби процестерге, халық әдебиеті мен жыраулар поэзиясының ірі өкілдерінің шығармашылықтарына ғылыми-теориялық талдау жасалған бұл тарауларда Зәки Ахметов тәуелсіз қазақ әдебиетін зертеуші ретінде танылып, жаңа әдебиеттің өркендеу жолына жаңаша сараптама береді. Кеңестік дәуірде әрқилы деңгейде бағаланып, ұлттық әдебиетіміздегі орындары да әділдікпен анықталмай келген жоғарыда аталған ұлы тұлғаларымыздың шығармашылықтары алғаш рет тарихи шындық тұрғысынан сараланды.

Негізі, кез-келген өркениетті ұлт, ең алдымен тарихымен, әдебиеті мен мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен танылатынын ескерсек, Зәки Ахметов сынды сирек кездесетін зерделі зерттеушінің халқымыздың ұлттық құндылықтарын танытудағы еңбегі ересен екендігі сөзсіз.

Сансыз ақтаңдақтарға орын берілген әдебиетіміздің тарихын түгендеп, ұлттық құндылықтарын сөз өнерінің көркемдік тұтастығы ретінде қарастырған ғалым осы дәуірде туған қазақтың қоғамдық, саяси-әлеуметтік ахуалын, отаршылдықпен келген психологиялық өзгерістерді жырлаған Дулат, Шортанбай, Шәңгерей т.б. шығармашылықтарындағы Мұхтар Әуезов анықтаған зар заман поэзиясы қазақ әдебиетіне тың тақырып – азаматтық әуен, ұлттық ой мен рух әкелгендігін ғылыми талдаулар арқылы дәйектейді. Ұлттық сананы оятуға сапалы

үлес қосқан осы толқын өкілдерінің туындылары қазақ халқының ғана емес, түркі жұртының ежелден егемендікті аңсаған, рухани тәуелсіздікті ту етіп келе жатқан еркін ел екендігін мойындата отырып, енді тек білек күшімен емес, біліммен, оқу-ағарту жолымен алудың айқын жолын ашып береді. Соның бір айғағы – осы жыраулар поэзиясының рухынан нәр, ХІХ ғасырдың екінші жартысында өріс алған демократиялық-ағартушылық әдебиеттің туып, қалыптасуына және жедел жетіліп, дамуына дәнекер болғандығын зерттеуші Шоқан, Ыбырай, Абай шығармашылықтары арқылы зерделейді.

Оқырман жұршылыққа Абайдың «Шортанбай, Дулат, пенен Бұқар жырау, өлеңі бірі – жамау, бірі – құрау. Әттең дүние-ай, сөз таныр кісі болса, кемшілігі әр жерде-ақ көрініп тұр-ау», -деген Абайдың сыни пікірі арқылы жақсы таныс жаңа дәуір әдебиетінің көрнекті өкілі Дулат Бабатайұлының шығармашылығы кеңес дәуірінде де зерттеуші ғалымдардың назарынан тыс қалмаған. Оған 1991 жылы Құлмат Өмірәлиевтің құрастыруымен және алғы сөзімен «Замана сазы» деген атпен ақынның шығармалар жинағы жарық көруі куә. Ал, тәуелсіздік тұсында филология ғылымының кандидаты Қайрат Раевтың құрастыруымен 2001 жылы «Өсиетнама» деген тақырыппен Дулат Бабатайұлының шығармашылығы толық жинақталып, «Ғылым» баспасынан жарық көрді. Ақынның 200 жылдық мерей тойы қарсаңында академиктер Зәки Ахметов пен С.Қасқабасовтың жетекшілігімен Дулат Бабатайұлының «Тұнық тұма» атты екі кітаптан тұратын бір томдық басылымы жарық көрді. 2000 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде Дулат Бабатайұлының 200 жылдық мерейтойына орай З.Ахметовтің ғылыми мақаласы жарық көрді. Осы еңбегі арқылы әдебиеттанудың тәуелсіздік кезеңінде ғана кеңінен танылып, шығармалары жүйеленіп, жарияланып, зерттеле бастаған қазақ әдебиетіндегі дулаттану саласына да өзінің сүбелі үлесін қосқан З.Ахметов Дулат Бабатайұлының қазақ поэзиясына өзіндік өрнек, түрлік нақыштар әкелуімен қатар оның толғауларында қатты байқалатын құнды ойлар, парасатты пікірлер, ұлттық сананы оятар тағылымдық сипаттарға жаңаша сараптама жасайды /«Өсиетнама» жинағына Қ.Раевпен бірге жазған алғы сөзінде/.

«Поэзияда тек тіл, сөз ғана емес көркем емес, ой да көркем, бейнелі. Өлең тіліне көркемдік сипат дарытатын, қуат беретін сол ой-сезім тереңдігі, өткірлігі, әсерлілігі. Поэзия өмір шындығын асқан ойшылдықпен, ерекше сезімталдықпен ашып көрсетеді, бейнелеп суреттейді десек, тіл, сөз – әлгі ақындық, көркем ой-сезімді жеткізудің негізгі құралы», -деген «Өлең сөздің теориясы» деген зерттеуіндегі көркемдік талаптың Дулат шығармашылықтарында кеңінен орын алғандығына ерекше назар аударады. Дулаттың ұлттық сөз өнеріне әкелген өлеңдік құрылымдарынан гөрі оларды құндыландырып тұрған терең ой, көркем сөзге кенелген көркемдік әлем, зерттеушінің теориялық талдауларына тірек болған, Дулат туындыларының төрінен орын алған өлең тілінің өзіндік өрнегі, баяндау мен бейнелеудің суреттілігі, образдылығы мазмұн мен пішіннің бірлігі, көркемдік тұтастық тұрғысынан талданды.

Дулат жырларының көркемдік құдіреті мен мазмұн байлығын жан-жақты зерделеген ғалым ақынның ұлт әдебиетіндегі тарихи тұлғасын оның нақты мәтіндеріндегі шындық шеңберінен іздеп табады.

Қазақ әдебиеті тарихында Зәки Ахметовтің есімі өлеңтануды өркендету, өлең сөздің теориясын жасау арқылы танылды. Сондықтан да болар, ғалымның әдебиетке келген алғашқы күнінен өмірінің соңғы ақтық сәтіне дейін зерттеу нысанасы – ұлы ақын Абай Құнанбайұлының шығармашылығы болғаны да белгілі.

Кеңестік кезеңде заман талабына сай әр түрлі көзқарастың салдарынан түрлі деңгейде бағаланып жүрген Абайдың әдеби мұрасын тәуелсіздік алғаннан кейін қайта қарау ғалымның зерттеушілік парызы болды.

Қазақ әдебиеті тарихындағы екі ірі сала – абайтану мен мұхтартануға «Абай және Лермонтов» (1954), «Қазақ өлеңінің құрылысы» (1964), «Қазақ поэзиясының тілі» (1970), «Өлең сөздің теориясы» (1973), «Қазақ әдебиетінің қазіргі дамуы және дәстүрі» (1978), «Абайдың ақындық әлемі» (1995), «Поэзия шыңы – даналық» (2002), «Абай жолы эпопеясының поэтикасы» (1984), «Абайдың ақындық әлемі» (1995), «Мұхтар Әуезовтің роман-эпопеясы» (1997) т.б. ғылыми еңбектері арқылы адал да табанды еңбек сіңірген З.Ахметов абайтануға тағы да тоқталуға, еркін елдің тәуелсіз санасы тұрғысынан ұлы ақынның шығармашылығын жанаша саралауға үлес қосқаны белгілі. Академик Сейіт Асқарұлы Қасқабасовпен бірге жазған «Абай Құнанбаев» (1845-1904) атты монографиялық тарау – «Абай шығармаларындағы қоғамдық эстетикалық мақсат-мұраттар», «Абайдың табиғат лирикасы», «Абайдың тіл ұстарту, өлең өрнектерін байыту, өнегесі», «Абайдың қара сөздері» деген тараушаларға бөліп, ұлы ақынның шығармашылығы әр түрлі қырынан және көркемдік тұтастықта қарастырылған. Бұл жөнінде авторлар мынадай мәлімдеме жасайды: «Абай ұлы ақын, өнердің бір туар иесі дегенде оның поэзиясына, бүкіл әдеби, музыкалық, шығармашылық мұрасына тән жаңашылдықты айтамыз. Абай ұлы ойшыл, Абай – дана дегенде де оның үлкен философиялық ой толғаған жеке туындыларын есепке алумен шектелмей, қоғамдық өмірдің сан алуан салаларына қатысты, дүние-болмыс, заманның ағымы, халықтың тағдыры туралы аса маңызды ой-пікірлерін тұтас алып, олардың халықтың ой-санасын жаңа белеске көтерген зор мәнін ескере отырып айтамыз» /178 б/.

XX ғасыр басында Ахмет Байтұрсынов «Қазақтың бас ақыны» деп бағасын берген ұлы тұлға шынында да ұлттық поэзияның алыбы, жаңа реалистік әдебиетіміздің атасы, ғұлама ойшылдың нағыз поэзияға тән философиялық, дүние-танымдық сипат-қасиеті бұл тарауда бұрындары айтыла бермейтін адамды тану мен Алланы тану тұрғысынан талданады. Абайдың ақындығы мен ойшылдығын, данагөйлігін, қай танымда да дара танылған шығармашылық тұлғасын бір-бірінен бөле-жармай тұтас қарастырады. Ақын жаңашылдығының өзі ұлттық құндылықтарды қазақтың әдеби ақындық тіліне бай бояу, терең мағына, көптеген көркемдік-түрлік, стилдік құбылыстар ендіруімен ерекшеленеді. Қазақтың сөз өнерінің аса көрнекті реформаторы Абайдың ұлттық әдебиеттегі даралық қолтаңбасы жайлы авторлар: «Ақын тұлғасы – поэзиядағы қайталанбас өнерпаздық шеберліктің, даралық стильдің түп тірегі. Ақын стилін ойлау, сезіну, суреттеу мәнерін, қолтаңбасын, сөз қолданысындағы өзгешеліктерді – бәрін де айқындайтын, белгілейтін сол. Ақынның тұлға-бітімі, дарын даралығы қандай болса, стилі де сондай болады. Ақынның ойшылдығы, суреткерлігі, сыршылдығы оның стилінен ап-анық белгі береді», - дейді /183 б/.

Зәки Ахметовтің осы бір пікірінде ұлы ақынның бүкіл болмыс-бітімі, әдебиеттегі алатын орны мен даралық стилі айқындалып, ғылыми бағасы берілген десе болғандай. Бұл тараудың тағы бір ерекшелігі бұрындары ұлттық әдебиеттану ғылымында арнайы қарастырылмаған Абайдың өлеңдеріндегі мен қара сөздеріндегі фольклорлық жанрлар мен поэтикалық көріністердің зерттелуі деуге болады. «Қазіргі шақта Абайдың халық мәдениетіне, философиясына, этнографиясына қатысы, оның ұлттық фольклорымыз бен Шығыс сюжеттерін пайдалануы жайында зерттеу жүргізу мүмкіндігі туып отырғандығын айта келіп, зерттеушілер: «Оның бұл бағыттағы мақсаты: өзгеріп жатқан өмірге лайық жаңа ой, соны идея іздеу, сөйтіп қоғамдық ой-пікірді байыту, оны дамыту және өзгеше өлең өрнектерін табу, қазақ әдебиетіне тың тақырып енгізу, ұлттық мәдениетке

жаңа сарын қосу т.т. болатын. Ұлы ақын бұл мақсатына жетті», - деген қорытынды жасайды.

Бұл тарауда «Абайдың фольклорға, ауыз әдебиетіне қатынасы бірнеше тараптан байқалады. Ең біріншісі – қазақтың төл халық поэзиясының бүкіл поэтикасы мен сюжеттік элементтерін асқан шеберлікпен пайдалануы. Екіншісі – қазақтан басқа елдің де фольклорлық сюжетін өз шығармаларына арқау етуі. Үшіншісі – қазақ халқының кейбір мақал-мәтелдері мен нақыл сөздерінің мән-мағынасын ашуы» /208 б/.

Міне, ұлы ақын шығармашылығына тән алуан түрлі қасиеттерді әр қырынан ғылыми тұрғыда қарастырып, мүмкіндігінше көркемдік тұтастықта зерделеуді мұрат тұтқан авторлар жаңа мазмұнға ие болған әдеби мұралардың ұлттық құндылықтарымызды, рухани өмірімізді көркейтудегі рөлін осылай айшықтап берді.

Қазақ әдебиетінің тарихын Шоқан зерттеулерімен байланыстыра қарастырған З.Ахметов «Шоқан Уәлиханов» атты монографиялық тарауында: «Қазақтың рухани мәдениетін, тарихын, поэзиясын терең танып-білген Шоқан өз елінің тағдырын, өткені мен келешегінің зәру проблемаларын әлемдік өркениеттің, дүниежүзілік шығыстану ғылымының жетістіктері тұрғысынан қарап, талдап баяндады» деп баға береді /243 б/.

Қазақ тарихында ғылымның әр тарабын ұштастыра, қатарластыра дамытқан тұңғыш әмбебап ғалымның тек әдебиетке қатысты құнды ой-пікірлерін Зәки Ахметов үш тармақ тұрғысынан қарастырады: «Бірінші-тікелей әдебиет мәселесіне арналған еңбектері («Қазақтың халық поэзиясының түрлері туралы» деген зерттеуі және өлең жырлардың өзі жинап, бастырған мәтіндері).

Екінші – түгелдей не жартылай халықтың аңыз-әңгімелеріне, өлең-жырларына, басқа әдебиет нұсқаларына негізделіп жазылған, бірақ осы үлгілерді тарих, этнография тұрғысынан қарап тексеретін еңбектері («Орта жүз қазақтарының аңыз-ертегілері», «ХҮШ ғасырдағы батырлар жайлы тарихи аңыздар», «Шаман дінінің қазақ арасындағы қалдықтары» т.б.).

Үшінші – әдебиет туралы әр жерінде бөлек тоқталып, бірақ өте құнды пікірлер айтқан еңбектері («Қазақтың шежіресі», «Жоңғария очерктері», «Сібір қарамағындағы қазақтардың сот реформасы туралы жазба», «Қырғыздар туралы жазбалар» т.б.) /247 б/.

Шоқанның әдебиетке қатысты еңбектерін осылай жүйелеп алған зерттеуші олардағы әрбір құнды ой, ғылыми пікірлерге, оларда қолданылған көркемдік компоненттерге берілген теориялық тұжырымдарға тиянақты талдау жасайды.

Әсіресе, «Тарихи жағынан алғанда қазақ халқының поэзиялық рухы тамаша: 1) неге десеңіз, ескі замандағы батырлар жорығын баяндаған поэзия бізге төл қалпында жетіп отыр. 2) Әр уақытта жасаған әртүрлі ақындар бұл жырларға үлесін қосып тұтасқанда қымбат қазына тастап кеткен» деген Шоқанның пікірін зерттеуші өте жоғары бағалайды. Ежелден сөз өнерін қасиет тұтқан қазақтың төл әдебиеті туындыларының әлі талай ғасырлар бойы ұрпақтар санасына ұлттық рух пен құндылықтарды сіңіріп, тарихи жадымыздың құнарлы топырағынан жанды нәр алып, сусындайтынымызға сөйтіп, барып әлемдік өркениеттен өзіндік орнымызды алып, танылатымызға нық сенеді.

Әдебиет тарихын зерттеуде өзіндік мектебін қалыптастырған З.Ахметов Шоқан сынды ұлы тұлғаның қазақ тарихындағы өзінің лайықты орнын: «Қазақ ауыз әдебиетінің нұсқаларын ғылымдық негізде жинау, әдебиеттің тарихы мен теориялық мәселелерін зерттеуді қолға алған бірінші қазақ ғалымы Шоқан екені талассыз болса, оның бұл игілікті істі жолға қою, қалыптастыруда зор еңбек атқарғаны сондай талассыз», - деп жоғары бағалайды /258 б/.

3. Ахметовтің «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты ұжымдық еңбектің 5-ші томындағы тағы бір монографиялық тарауы – Шәңгерей Бөкеев (1847-1920)» деп аталады.

Көрнекті ғалым З. Ахметов қазақтың жазба әдебиетінің дәстүрлерін дамытуға үлкен үлес қосқан, суреткерлік болмысы өзгеше, көркемдік шеберлігі өз тұтастарына ұқсай қоймайтын, жан-жақты білімді Шәңгерей Бөкеевтің шығармашылығын өзі өмір кешкен кезеңнің тарихи шындығымен шебер шендестіріп, тұтас зерттейді. Шәңгерейдің алғашқы өлеңдері 1911 жылы «Шайыр», «Көкселдір», ал 1926 жылы «Үш жоқтау» деген жинақтарда жарық көрсе, 1934 жылы жеке кітап болып басылып шығады. Әр кезеңде әр түрлі оқу құралдарында жарияланып келген ақын мұрасы жайлы кезінде М. Әуезов, Қ. Жұмалиев пікір білдірген.

«Алпыс бөлме, жүз есік» деген өлеңінде өзі айтқандай көк орданың ішінде, Шәңгерейдің ұлы әкесі Жәңгір хан ордасында дүниеге келген ақын Орынбордағы кадет корпусында оқып, сауатын ашқан көзі қарақты сауатты болған.

Ол жөнінде зерттеуші былай дейді: «Шәңгерейдің орыстың әдеби тілін жақсы білгенін, оның әр түрлі сыр-бояуын терең түсінгенін, сөздің кесте-нақышының мәнін еркін айырып, ұға алғанын, оның М. Ю. Лермонтовтың «Беглец» атты поэмасын қазақшаға өңін түсірмей, әлсіретпей аударғанынан-ақ көруге болады. Қазақ халқының сөз өнерін меңгере алғаны, оның нәрін бойына сіңіре білгені, оған қоса, орыс классикалық әдебиетіне тереңдеп үніліп, тексеріп, таңдаулы нұсқаларын-өзіне үлгі еткені Шәңгерейдің шығармаларынан да байқалады. Ол – жазба әдебиеті дәстүріндегі түр-үлгілерін туғызған ақын. Қазақтың халық әдебиетінің дәстүрлерін, тіл, сурет байлығын жазба поэзияның өмір суреттеу әдісі, амал-тәсілдерімен ұштастыра алған.» /356 б/.

Ұлттық әдебиетке осындай накыш, түрлік құбылыстар ендірген ақын шығармашылығы тек поэзиялық туындылармен шектелмей, жазба әдебиеттің қабырғасын қара сөзбен де қалауға атсалысқаны жөнінде зерттеуші көптеген тың ғылыми мәліметтерді айтады. Ақынның кезінде «Қара мұрт» атты көлемді прозалық шығарма – роман жазғанын, өкінішке орай оның сақталмағанын ескерте келіп: «Ұзақ жасап, көп жылдар бойы өлең шығарып жүрген ақын қалдырған әдеби мұра, сөзсіз бізге келіп жеткенінен әлде қайда қомақты, салмақты, әлденеше есе мол болса керек. Содан әзір белгілісі қағазға түсіп, баспа көргені оннан бір нұсқасы ғана десе болады», - деген болжау айтады. Көлемі шағын болғанмен мағынасы терең, аз сөзбен көп ой айта білген кесек тұлғаның шығармаларындағы шұрайлы пікір, шырынды сөз сөлдерін таңдап, талдай білген теоретик ғалым әсіресе оның ғылым-білім туралы ой түйю, өз өмірінің түрлі кезеңдерін бейнелеу, махаббат пен достықты, саясатшылықты пен табиғат құбылыстарын суреттеу шеберлігін тамсана жазады.» Шәңгерей қазақ поэзиясында сыршыл лириканы, суретті бейнелеу тәсілін дамытқанын жоғары бағалап, әділ бағасын береді.

Зерттеуші ақынның аудармаға да жетік екендігін, сөз баламаларын дәл тауып, ойдың анық және дәл, көркем кестеленуіне көп көңіл бөлетіндігін жыр шумақтарындағы шұрайлы жолдарды түпнұсқасымен салыстыра отырып, дәлелдейді. Осы ретте зерттеуші: «М. Ю. Лермонтовтан аударған «Қашқын» атты поэмасы ақынның көлемді, күрделі шығарма тудыруға да шеберлігі жететінін аңғартады. Бұл поэманың идеялық мазмұны – халық мүддесінен қара басын артық санаған қоян жүрек қорқақты әшкерелеу, ерлік-батылдықты, намысын қорғай білушілікті уағыздау. Шәңгерей Лермонтов поэмасының мазмұнын, идеялық құнарлылығын, көркемдік қасиеттерін қазақ тілінде көңіл толарлықтай етіп жеткізеді, - дейді.

Бұрындары шығармашылығы туралы толық мағлұматы жоқ қазақ оқырмандарына Шәңгерей ақынның әдеби мұрасын алғашқылардың бірі болып жүйелей зерттеп, ғылыми айналымға ендірген осы Зәки Ахметов десек артық айтқандық емес. XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптасып, дамыған қазақтың жазба әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі болған Шәңгерей Бөкеевтің қолда бар құнды шығармаларын танып, оны жоғары эстетикалық талғаммен талдау барысында мынадай қорытындыға келеді: «Шәңгерей шығармашылығының бір мәнді жағы – ол тілге ұста ақын. Келісті, ұтымды теңеу, салыстырулар тауып, орынды қолдана білді. Халық тілінің байлығын меңгере алған ақын сөзді орнын тауып, орайына келтіріп қолданады. Сөз кестесін өзінше пайдалана бермейді, соны, тыңнан туған суреттеулер, жаңаша, өзінше қиюластырылған сөз тізбектерін пайдалануға ұмтылады. Сонымен бірге, Шәңгерей қазақтың байырғы сөздерін көп білген, оларды қисынды қолданған» /363 б/.

Өз кезеңінің тарихи шындығын осылай орамды ой, кестелі сөзбен көркем шежіреге айналдырған атақты ақын Шәңгерей Бөкеевтің бүкіл әдеби мұрасы академик Зәки Ахметовтің зерттеулері арқылы ұлттық әдебиетіміздің тарихынан өзінің әділ орнын алғаны ақиқат.

XIX ғасыр әдебиетінің тарихы мен теориялық мәселелері қамтылған «Қазақ әдебиеті тарихының» 5-ші томында топтастырылған Абай, Шоқан, Шәңгерей сынды тарихи тұлғаларымыздың шығармашылық әлемі жайлы монографиялық тараулары арқылы жаңаша жазылып жатқан қазақ әдебиеті тарихын түгендеуге, ондағы киелі сөз өнерінің ірі өкілдерінің туындыларын жүйелеп, зерттеуге, әділ бағалауға өзінің үлесін қосып үлгерген көрнекті ғалым, академик, өлеңтанушы Зәки Ахметовтің ұлттық әдебиеттану ғылымын дамытудағы еңбегі ересен екендігін ерекше атап өткен жөн.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада көрнекті ғалым, әдебиеттанушы Зәки Ахметовтің ұлттық әдебиеттану ғылымының дамуына қосқан еңбегі баяндалады.

РЕЗЮМЕ

В статье речь идет о научной деятельности крупного ученого-литературоведа З.Ахметова, о его вкладе в развитие отечественного литературоведения.

С.МӘУЛЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ҚЫРЛАРЫ.

Ыбрайым Б.Б. –ф.ғ.д., профессор (Алматы қ., Қазмемқызпу)

Болмысты сезіну мен байыптау ерекшелігі — шығармашылық мәнердің сипатына себепкер. С.Мәуленов туындыларына зер салғанда зерделілік пен зергерлік «қуәлары қиындығы, қасіреті араласқан ауыр сәттерді еске алғанда, ақын қалай күйзелсе де, эмоциясы “шектен шығып” кетпес үшін салмақты сабыр “бақылап” тұрады.

Өзеуреу, шулату, аптығу ақын өлеңдерінің табиғатына жат. Ол сезім жалынымен бірден бетке ұрып, назар аударуға жанталаспайды. Керісінше, тартымды сүйкімімен, ізетті тебіренісімен, тереңде шымырлаған иімдерімен көзге жылы ұшырайды, таныған сайын тарта береді. Асықпай, бейіл беріп,

беріліп оқығанға тартымы өзгеше көрінеді.

Сол кезеңдегі барлық ақындар сияқты жаны қаламаса да, заман талабына үн қосу үшін жазған өлеңдерінде де ұстамдылық, ойлы образдылық айқын. Мысалы “Революция гимнінде” /1955/:

Келе жатқан жылдардың
 Кеудесіне нұр құйып,
 Ортасында тулардың
 Ленин тұрды жымыып, /1/ –

сықылды шумақтарда заман “шындығы” біршама тартымды айтылған. Осындай “өтімді”, идеологияның икемдеуіне іліккен өлеңдердің біразында, құнары кем, сыдыртып, жалаң айтқыштарға салынған сәттер аз. Кеңес дәуірінде мұндай жалаңдықтан құтылған бір де бір ақын жоқ. Сондықтан мұндай өлеңдерге биік талап қойғанда, кешіріммен қарап, заман ерекшелігін ескеру шарт.

Ақын өмірдегі, жалпы болмыстағы саналуан жайлардың түп-негізін, трагедиялардың тамырын тапжылтпай тап басады, тереңнен таниды. Тіршіліктегі қарапайым ғана жайлардың орын алуына себеп болған не, оның тарихи-философиялық тиянағы мен себептері қандай, қоғамдық-адамгершілік маңызы мен астары қаншалық деген секілді ежелден келе жатқан сауалдарға ақын өз жауабын ұсынады. Ешкімге ұқсамай, тек С.Мәуленовтің өзіне ғана тән сабырлықпен ерекшеленетін толғаныстар – көпті көрген, көкірегіне түйгені мол, жарық дүниедегі барша құбылыстарға селсоқ қарай алмайтын сезімтал да сергек ақынның өмірге көзқарасының, болмысты қалай ұғынып-түйсінгендігінің куәсі. Мәселен:

Мен қолымды көміп кеттім майданда,
 Мен аяқты беріп кеттім майданда,
 Мен күнімді беріп кеттім майданда,
 Мен тілімді беріп кеттім майданда.
 Әй, дүние,
 Зағыптарды тыңда сен,
 Әй, дүние, алыптарды тыңда сен.
 Әй, дүние,
 Олар қолын, аяқтарын бермесе,
 Әй, дүние,
 Сен түрегеп тұрмас ең, /1/ –

“Тыңда, дүние, тыныштық үнін” деген өлең жолдарында бүгінгі бейбіт тыныштыққа үндеу туралы бір ауыз сөз жоқ. Оның есесіне сол бейбіт күннің орнығуы қандай құрбандықтардың нәтижесінде, кімдердің арқасында екені соғыс таңбасы мәңгі кетпестей айқын басылған деталь-образдар арқылы бедерленген. Көмілген қолдар, аяқтар мен алыптар, зағыптардың философиялық-көркемдік жинақтаушылық мән-маңызы зор. Жарық дүниенің шұғыласы үшін қандай құрбандыққа да дайын отансүйгіш, жаужүрек жомарт алыптар мен зағыптардың мәрттігі, асқан ерлігі жалаулап көрініп, “мен мұңдалап” кеуде соқпайды. Оның орнына шыңыраудан шымырлаған драматизмімен, тұңғықта тұмшаланса да, сұрапыл күшпен ыңыранып, ышқынып шыққан тебіренісімен, тұңғық шындығымен, драматизмге толы сыршылдығымен тәнті етеді. С.Мәуленов поэзиясының қуаты – ерекшелігі де осында: қарапайым көрінгенімен өмірдің өзекті шындығын сол өмірде бар қаракетпен, демек, шындықтың өз материалы-мысалы арқылы бейнелеп, күллі адамзатқа ортақ мәселе көтеруінде, толғандырарлық түйінді ойды ортаға салуында, шыншылдығында, осы шыншылдықтың сыршылдыққа айналуында.

Жас Мәуленовтен жасамыс Мәуленовке дейінгі аралықтағы

творчестволық үздіксіз өсу, өрлеу жолдарына көз салғанда, осы сипат жоталанып көрінеді. Болмыстағы мың-сан мысалдың ішінен тіршіліктің мән-маңызын ойлана салмақтауға жетелейтін, толғануға түрткі болатын лайықтысын ақынның қырағы көзі қалт жібермей, дәл табады.

С.Мәуленовтің стилі жинақылығымен бірден көзге түседі. Тілге жеңіл, жаттауға оңай, әрі қысқа, әрі нұсқа өлеңдер жұп-жұмыр өз бітімімен жарасымды. Бұл бітімді түзейтін: ықшамдығы мен сабырлы ырғағы, деталь-шындық, деталь-символдардың нақтылығы, өлеңнің көркемдік логикасының – айтар ойының көкейтестілігі, образ бен образдылықтың философиялық-көркемдік жинақтаушылық дәрежеге көтерілуі, қоғамдық-әлеуметтік өткірлігі, эстетикалық нысанасының айқындығы, т.б.

Кезінде әдеби сында Сырбай Мәуленов сыршыл ақын ретінде жоғары бағаланды. Шынтуайтқа келгенде, толғамы мен толғанысын жеткізу тәсілі, сипаты әртүрлі көрінгенімен, соған орай мазмұны да әркілі тәрізденгенімен, ақындардың барлығы да сыршыл екенін мойындау қажет. Жай өлеңнің де авторы жан сырын орағытып “әурелемей-ақ”, бетпе-бет келіп, бірден ақ жүрекпен ақтарып тастамай ма, әлде жүрексініп, әлде қымсынып, шым-шымдап, суыртпақтап айта ма, әлде... пернелеп ишараламай ма..., т.т. қалай болғанда да өз ынтасы мен ықыласын тұмшалап, тығып тастамайды, қалай дегенде де білдіреді. Онсыз ешқандай өнер туындысы жоқ.

Демек, қай көркем шығармадан да автор жүрегінің дүрсілі естіледі. Сол дүрсіл әлде айлакерліктен, әлде қымсынудан жаралған жасандылық па, әлде ішкі әлемнің тұнығынан таралған табиғилық па, мұның барлығы – бөлек зерттеудің өзегі... Анығы – жарық дүниеге келген туынды – субъективті сезімнің аршылуы, объективті болмысқа көріну үшін шығуы, басқаша айтқанда, автордың өз сырын өзгеге жеткізуі.

Ал көркемдік мазмұн ерекшелігі қандай сипатта айрықшаланса да, сырын – шынын ортаға салғаны болып шығады. Ендеше әдебиет туындысы авторларының барлығын да белгілі бір дәрежеде сыршыл деп айтуымызға негіз бар.

С.Мәуленов өлеңдерінің сыршылдығы – ой-толғаныстарының қашанда айқындығында, бейнелеп жеткізу шеберлігінде. Оның бейнелеу әлемінің мозаикасы мен сала-сала көркемдік логикасы қалай ұғынуға да, қалай жоруға да қолайлы “мүмкіндік” береді. Көңіл райы түсініксіздеу, бұлыңғырлау, буалдырлау, нысанасы көмескі сәттер жоқ дерлік. Ақын жаны қашанда айқындыққа, шындық пен нақты образдылық дүниесіне құштар. Сондықтан да анық шындық әлемі – мейлі көңіл-күйі болсын, мейлі қоршаған орта – болмыс құбылыстары болсын, барлығы да айқындығымен жанға жақын сезіліп, сұлу көрінеді.

Бұл ерекшеліктің түзілуін әсер еткен негізгі екі себеп бар. Соғыс жылдарында мезгеп, “шұбатылып” жатуға уақыт тар болды. Қырқыншы-елуінші жылдардағы Кеңес елінде идеяның “түзулігі” мен түсініктілігіне баса мән беріліп, барлық қаламгердің “буржуазиялық бұлдырлыққа” ұрынбауы қатты қадағаланды.

Екіншісі – бәлкім, өмірлік-азаматтық тұғыры айқын, соған орай адамгершілік-эстетикалық мұраты болмыстың нақты шындығымен үйлесіп жататын, соған саналы түрде ден қойған ақынның “әрі-сәрілікті” іштей қаламауы... Бұған дәлел ретінде оның кез-келген өлеңін мысал етуге болады.

С.Мәуленов өлеңдерін оқығанда, шығармашылықтың ең оңайы – өлең жазу сияқты әсер қалдыруы ғажап емес. Өйткені, мойын бұрып қараса-ақ бітті, көл де, шөл де, жапырақ та, топырақ та, аспан да, тастар да – бәрі-бәрі өзінен-

өзі өлеңге айналып жүре беретіндей. Мәселен, жол, батпақ, орман, құстар, онтүстік, адам деген сөздер – жеке тұрғанда, әрқайсысы өзінше бір дүние, бөлек-бөлек тұрған ұстын – ұғымдар. Осының бәрі өлеңге өзек болуы үшін өздері “сұранып” тілек білдіргендей...

Жолдар ойланады
 Батпақты қалай оралып өтемін деп,
 Ормандар ойланады
 Жазды қалай қиып кетемін деп.
 Құстар ойланады
 Оңтүстікке қалай жетемін деп.
 Ойлап-ойлап осылай күн кешеді,
 Үнсіз сөйлеп адаммен тілдеседі.../1, 183/

Бұл өлең елуінші жылдардың тоңы жібіп, “жылымық” келгеннен біраз кейін, ақындардың арқасы кеңігенде, дүниеге келген. Автор қай жағына қараса да, төгіліп, тамылжып тұрған поэзияны тамашалайды, барша дүниені жанды, жарасымды қозғалыс, қимыл үстінде немесе өзіндік кейпімен назар аударатын процесс үлгісінде көреді.

Бір қарағанда, келтірілген мысалда образдық айқындық кестеленгенімен, мағыналық әлемі алуан қиялға шақыратындай. Алайда әр қиялға шарықтаған қиялдардың қалықтап барып, қайрылып соғар бәйтерегі – тіршілік философиясы. С.Мәуленов өте жиі, аса шебер қолданатын кейіптеу тәсілі арқылы қарапайым сөздерді қадау-қадау образдылық ұстындары дәрежесіне биіктетеді. Көркемдік қиял арқылы жасалған табиғат пен адам арасындағы әрі көркемдік-логикалық, әрі образдылық параллелизмі адам үшін қажет, сондықтан адам жанына жақын тіршілік философиясына бойлатады.

Аталған тәсіл арқылы жасалған бейнелік алуандылықтың қайран қаларлықтай молдығы – С.Мәуленов поэзиясының ерекшелігі. Ақын өлеңдерінің поэтикасын зерттегенде, таным мен талғамның, шеберліктің дәлеліне айналған осындай образдылыққа, көрнектілікке ерекше мән берген жөн. Қазақ өлеңін С.Мәуленов жырлары осындай сыр-сымбаттарымен байытты.

Ақын шығармаларының ерекшелігі ретінде айтылатын қысқалық пен нұсқалық расында анық көрінеді. Бұл ретте, нақтылап айтатын болсақ, қысқалық дегенде, өлеңнің шағындығы емес, тармақтардың қысқалығы, соған сәйкес ырғақтың ықшамдығы. Санаулы бунақ, ширақ ырғақ қазақ лирикасының майталманы Ғ.Орманов өлеңдеріне де тән. Осы дәстүрді одан әрі дамытқан, жалғастырған – Сырбай Мәуленов. Буын саны шектеліп, ширатылу нәтижесінде тармақтың шұбатылмай, қысқа қайрылуы көп жағдайда ойдың, сезімнің “нақтырақ” айтылуына, айқындығына әсер етеді. Өйткені алуан тәсілдерді асықпай қолданып, кешенді көріністі немесе толқынысты толғап жатуға орын тар, уақыт қат. Мұны ақынның ойлау, сезіну және суреттеу ерекшелігі деп тұжырудың да қисыны бар.

С.Мәуленов жырларын жалпы қазақ поэзиясының контекстінде алып қарағанда, бөлекше сараланатын сипат – 40-жылдардың соңында белгі беріп, 50-жылдары екпіндей бастаған, 60-жылдары ағыл-тегіл ақтарылған бейнелілік. Ақын шығармашылығына тән өзіндік сипаттар сол көркемдік байлықты түрлі тұрғыдан, алуан қырынан танытады. Қазақ поэзиясында бұған дейін қолданылмаған теңеулер, баламалар, т.т. есепсіз мол. Ақын образ іздеп, образдылық іздеп, өзін өзі қинап, қиналып, әуре-сарсаңға түспейді. Көркемдік олжаның бәрі көз алдында, қол созымда. Күллі табиғат құбылыстары ақын өлеңінде өңі өзгеше қызық, тартымды өрнекке айналып жүре береді. Көзін ашса болғаны, айнала болмыстан кілең поэзия мысалдарын көреді. Есепсіз,

көл-көсір қазынаны кәдеге жарататын бейнелеу тәсілдері де сан алуан. Қиял ұшқырлығы мен кеңдігі – С.Мәуленовтің субъективті рухани әлемінің ана сүтімен дарыған ерекшелігі, оның өзі өскен ортадағы көркемдік дәстүрлердің демеуімен одан әрі өрлеп, ақын поэзиясындағы бейнелілік байлыққа қыруар үлес боп қосылады. Арғы-бергі қазақ поэзиясын шолғанда, көркемдік әлеміндегі образ, образдылық байлықтың көркемдік өрнек-жасау тәсілдерінің алуандылығы жағынан С.Мәуленовке пара-пар ақын табу қиын. Идеяға қысым жасалған, әйтсе де бейнелік ізденіске тыйым сала алмаған, оның есесіне материалдық қолдау айтарлықтай болған Кеңес дәуіріндегі шығармашылық мол мүмкіндікті ақын тиімді пайдаланып, қазақ өлеңінің өрісіне өзгеше өң, сансыз өрнектер сыйлап, халқымыздың рухани-көркемдік дамуында айрықша із қалдырды. Осындай меңатты мол, мерейі биік шығармашылығы арқылы С.Мәуленов қазақтың классик ақындарының қатарына қосылды.

С.Мәуленов жырлары не еске алу арқылы немесе “тікелей” көру, толғану арқылы өмір шындығымен, табиғат әлемімен сабақтасып жатады. Дерексіз әлемдегі дәйексіз ажар, кескіндерді індетіп іздеуге, талпынып таңбалауға құшырлана қоймайды. 33 жасында-ақ өз қуатын сезінгендей “Келешекке барармын, кемесімен өлеңнің!” деп толғанған ақын азаматтық-шығармашылық зор жауапкершілікті мойындап:

Өлеңім – өмірбаяным,
 Өткен күнім бар мұнда.
 Қолымды ашық қоямын,
 Халықтың бүкіл алдында!./1/ –

дейді келешек күннің де биік талабын ескеріп.

Расында да алпыс жылға жуық созылған ұзақ шығармашылық жолында дүниеге келген туындыларын толайым шолғанда, Кеңес елінің өміріндегі ең іргелі, бүкілхалықтық, жалпымемлекеттік мән-маңызы алабөтен өзгерістердің көпшілігін көру қиын емес. 18 жасында әскерге алынған, жастық шағын отқа ораған соғыс жылдары, содан кейінгі бейбіт елдегі ала-құла ахуал, тың игеру жылдары, өмірдегі құбылыстар, бейбітшілікке үндеу, соғыс зардабын еске алу... т.т. тарихи жаңғырулардың барлығы да кезең-кезеңімен таразыланады. Өмір мен өлім бетпе-бет келіп, бітіспес айқаста арпалысып жатқанда, ақынның өзі айтқандай, “не өліп, не өлтіретін соғыстың бір-ақ заңына” бағынбау мүмкін емес. Осы заң үстемдік құрған шақта от дариясын кешіп жүрген С.Мәуленов шығармаларында майдан өмірі өрнектелуі, әрине, заңды.

Күлге айналған көк ормандар,
 Оққа ұшып өлген жандар,
 Жау бомбасы көмген жолдар,
 Бейуақытта сөнген шамдар.
 Жанған отта жас сәбилер,
 Тұтқын болған сұлу қыздар.
 Қалған тұнып ән мен күйлер,
 Ерте сынған сыбызғылар.
 Бәрін білем, бәрін білем,
 Бәрі де айқын тұр есімде.
 Жалау еттім жанымды мен
 Соғыспенен күресуге./1/–

деп, тебіренген ақын “сұрапыл соғыс, сұр аспан, сол күндер әлі ойында” екенін қашанда қайталаудан бір танған емес. Сондықтан да оның әу бастағы туған жер, жастық толғауларының ізін ала үздіксіз лекіген, майдан өмірі туралы толассыз толқындаған жырлары сұрапыл трагедияларды қамтыған, сұмдық

шындықты қаусырған өзіндік көркемдік әлемге айналды.

Қиындығы, қасіреті араласқан ауыр сәттерді еске алғанда, ақын қалай күйзелсе де, эмоциясы “шектен шығып” кетпес үшін салмақты сабыр “бақылап” тұрады.

Өзеуреу, шулату, аптығу ақын өлеңдерінің табиғатына жат. Ол сезім жалынымен бірден бетке ұрып, назар аударуға жанталаспайды. Керісінше, тартымды сүйкімімен, ізетті тебіренісімен, тереңде шымырлаған иімдерімен көзге жылы ұшырайды, таныған сайын тарта береді. Асықпай, бейіл беріп, беріліп оқығанға тартымы өзгеше көрінеді.

Сол кезеңдегі барлық ақындар сияқты жаны қаламаса да, заман талабына үн қосу үшін жазған өлеңдерінде де ұстамдылық, ойлы образдылық айқын. Мысалы “Революция гимнінде” /1955/:

Келе жатқан жылдардың
Кеудесіне нұр құйып,
Ортасында тулардың
Ленин тұрды жымыып,/1/ –

немесе “Соколов–Сарыбай комбинатында” (1957) деген өлеңіндегі:

Көрем деп ойламаған өңінде оны,
Тартылды Соколовқа темір жолы.
Ең күшті локомотив заулайтұғын
Осы жол: Темір жолы – Өмір жолы,/1/ –

сықылды шумақтарда заман “шындығы” біршама тартымды айтылған. Осындай “өтімді”, идеологияның икемдеуіне іліккен өлеңдердің біразында, мәселен, “Қазақстан” (1956) деген өлеңіндегі:

Іші күйіп сөйлейтұғын,
Көре алмаған аз ба дұшпан.
От-жалыны сөнбейтұғын,
Жаса біздің, Қазақстан!/1/ –

немесе “Жолдас” атты өлеңіндегі:

Жолдас деген жылы сөзбен
Жұрттың бәрі қатады үн.
Елге сіңген ерте кезден
Бұл – дәстүрі Отанымның,/2/ –

деген секілді құнары кем, сыдыртып, жалаң айтқыштарға салынған сәттер аз. Кеңес дәуірінде мұндай жалаңдықтан құтылған бір де бір ақын жоқ. Сондықтан мұндай өлеңдерге биік талап қойғанда, кешіріммен қарап, заман ерекшелігін ескеру шарт.

Ақын өмірдегі, жалпы болмыстағы саналуан жайлардың түп-негізін, трагедиялардың тамырын тапжылтпай тап басады, тереңнен таниды. Тіршіліктегі қарапайым ғана жайлардың орын алуына себеп болған не, оның тарихи-философиялық тиянағы мен себептері қандай, қоғамдық-адамгершілік маңызы мен астары қаншалық деген секілді ежелден келе жатқан сауалдарға ақын өз жауабын ұсынады. Ешкімге ұқсамай, тек С.Мәуленовтің өзіне ғана тән сабырлықпен ерекшеленетін толғаныстар – көпті көрген, көкірегіне түйгені мол, жарық дүниедегі барша құбылыстарға селсоқ қарай алмайтын сезімтал да сергек ақынның өмірге көзқарасының, болмысты қалай ұғынып-түйсінгендігінің куәсі. Мәселен:

Мен қолымды көміп кеттім майданда,
Мен аяқты беріп кеттім майданда,
Мен күнімді беріп кеттім майданда,
Мен тілімді беріп кеттім майданда.
Әй, дүние,
Зағыптарды тыңда сен,

Әй, дүние, алыптарды тыңда сен.
 Әй, дүние,
 Олар қолын, аяқтарын бермесе,
 Әй, дүние,
 Сен түрегеп тұрмас ең,/1/ –

/"Тыңда, дүние, тыныштық үнін"/ деген өлең жолдарында бүгінгі бейбіт тыныштыққа үндеу туралы бір ауыз сөз жоқ. Оның есесіне сол бейбіт күннің орнығуы қандай құрбандықтардың нәтижесінде, кімдердің арқасында екені соғыс таңбасы мәңгі кетпестей айқын басылған деталь-образдар арқылы бедерленген. Көмілген қолдар, аяқтар мен алыптар, зағыптардың философиялық-көркемдік жинақтаушылық мән-маңызы зор. Жарық дүниенің шұғыласы үшін қандай құрбандыққа да дайын отансүйгіш, жаужүрек жомарт алыптар мен зағыптардың мәрттігі, асқан ерлігі жалаулап көрініп, "мен мұңдалап" кеуде соқпайды. Оның орнына шыңыраудан шымырлаған драматизмімен, тұңғықта тұмшаланса да, сұрапыл күшпен ыңыранып, ышқынып шыққан тебіренісімен, тұңғық шындығымен, драматизмге толы сыршылдығымен тәнті етеді. С.Мәуленов поэзиясының қуаты – ерекшелігі де осында: қарапайым көрінгенімен өмірдің өзекті шындығын сол өмірде бар қаракетпен, демек, шындықтың өз материалы-мысалы арқылы бейнелеп, күллі адамзатқа ортақ мәселе көтеруінде, толғандырарлық түйінді ойды ортаға салуында, шыншылдығында, осы шыншылдықтың сыршылдыққа айналуында.

Жас Мәуленовтен жасамыз Мәуленовке дейінгі аралықтағы творчестволық үздіксіз өсу, өрлеу жолдарына көз салғанда, осы сипат жоталанып көрінеді. Болмыстағы мың-сан мысалдың ішінен тіршіліктің мән-маңызын ойлана салмақтауға жетелейтін, толғануға түрткі болатын лайықтысын ақынның қырағы көзі қалт жібермей, дәл табады.

С.Мәуленовтің стилі жинақылығымен бірден көзге түседі. Тілге жеңіл, жаттауға оңай, әрі қысқа, әрі нұсқа өлеңдер жұп-жұмыр өз бітімімен жарасымды. Бұл бітімді түзейтін: ықшамдығы мен сабырлы ырғағы, деталь-шындық, деталь-символдардың нақтылығы, өлеңнің көркемдік логикасының – айтар ойының көкейтестілігі, образ бен образдылықтың философиялық-көркемдік жинақтаушылық дәрежеге көтерілуі, қоғамдық-әлеуметтік өткірлігі, эстетикалық нысанасының айқындығы, т.б.

Кезінде әдеби сында Сырбай Мәуленов сыршыл ақын ретінде жоғары бағаланды. Шынтуайтқа келгенде, толғамы мен толғанысын жеткізу тәсілі, сипаты әртүрлі көрінгенімен, соған орай мазмұны да әрқилы тәрізденгенімен, ақындардың барлығы да сыршыл екенін мойындау қажет. Жай өлеңнің де авторы жан сырын орағытып "әурелемей-ақ", бетпе-бет келіп, бірден ақ жүрекпен ақтарып тастамай ма, әлде жүрексініп, әлде қымсынып, шым-шымдап, суыртпақтап айта ма, әлде... пернелеп ишараламай ма..., т.т. қалай болғанда да өз ынтасы мен ықыласын тұмшалап, тығып тастамайды, қалай дегенде де білдіреді. Онсыз ешқандай өнер туындысы жоқ.

Демек, қай көркем шығармадан да автор жүрегінің дүрсілі естіледі. Сол дүрсіл әлде айлакерліктен, әлде қымсынудан жаралған жасандылық па, әлде ішкі әлемнің тұнығынан таралған табиғилық па, мұның барлығы – бөлек зерттеудің өзегі... Анығы – жарық дүниеге келген туынды – субъективті сезімнің аршылуы, объективті болмысқа көріну үшін шығуы, басқаша айтқанда, автордың өз сырын өзгеге жеткізуі.

Ал, көркемдік мазмұн ерекшелігі қандай сипатта айрықшаланса да, сырын – шынын ортаға салғаны болып шығады. Ендеше әдебиет туындысы авторларының барлығын да белгілі бір дәрежеде сыршыл деп айтуымызға негіз

бар.

С.Мәуленов өлеңдерінің сыршылдығы – ой-толғаныстарының қашанда айқындығында, бейнелеп жеткізу шеберлігінде. Оның бейнелеу әлемінің мозаикасы мен сала-сала көркемдік логикасы қалай ұғынуға да, қалай жоруға да қолайлы “мүмкіндік” береді. Көңіл райы түсініксіздеу, бұлыңғырлау, буалдырлау, нысанасы көмескі сәттер жоқ дерлік. Ақын жаны қашанда айқындыққа, шындық пен нақты образдылық дүниесіне құштар. Сондықтан да анық шындық әлемі – мейлі көңіл-күйі болсын, мейлі қоршаған орта – болмыс құбылыстары болсын, барлығы да айқындығымен жанға жақын сезіліп, сұлу көрінеді.

Бұл ерекшеліктің түзілуін әсер еткен негізгі екі себеп бар. Соғыс жылдарында мегзеп, “шұбатылып” жатуға уақыт тар болды. Қырқыншы-елуінші жылдардағы Кеңес елінде идеяның “түзулігі” мен түсініктілігіне баса мән беріліп, барлық қаламгердің “буржуазиялық бұлдырлыққа” ұрынбауы қатты қадағаланды.

Екіншісі – бәлкім, өмірлік-азаматтық тұғыры айқын, соған орай адамгершілік-эстетикалық мұраты болмыстың нақты шындығымен үйлесіп жататын, соған саналы түрде ден қойған ақынның “әрі-сәрілікті” іштей қаламауы... Бұған дәлел ретінде оның кез-келген өлеңін мысал етуге болады.

С.Мәуленов өлеңдерін оқығанда, шығармашылықтың ең оңайы – өлең жазу сияқты әсер қалдыруы ғажап емес. Өйткені, мойын бұрып қараса-ақ бітті, көл де, шөл де, жапырақ та, топырақ та, аспан да, тастар да – бәрі-бәрі өзінен-өзі өлеңге айналып жүре беретіндей. Мәселен, жол, батпақ, орман, құстар, оңтүстік, адам деген сөздер – жеке тұрғанда, әрқайсысы өзінше бір дүние, бөлек-бөлек тұрған ұстын – ұғымдар. Осының бәрі өлеңге өзек болуы үшін өздері “сұранып” тілек білдіргендей...

Жолдар ойланады
 Батпақты қалай оралып өтемін деп,
 Ормандар ойланады
 Жазды қалай қиып кетемін деп.
 Құстар ойланады
 Оңтүстікке қалай жетемін деп.
 Ойлап-ойлап осылай күн кешеді,
 Үнсіз сөйлеп адаммен тілдеседі.../1/

Бұл өлең елуінші жылдардың тоңы жібіп, “жылымық” келгеннен біраз кейін, ақындардың арқасы кеңігенде, дүниеге келген. Автор қай жағына қараса да, төгіліп, тамылжып тұрған поэзияны тамашалайды, барша дүниені жанды, жарасымды қозғалыс, қимыл үстінде немесе өзіндік кейпімен назар аударатын процесс үлгісінде көреді.

Бір қарағанда, келтірілген мысалда образдық айқындық кестеленгенімен, мағыналық әлемі алуан қиялға шақыратындай. Алайда әр қияға шарықтаған қиялдардың қалықтап барып, қайрылып соғар бәйтерегі – тіршілік философиясы. С.Мәуленов өте жиі, аса шебер қолданатын кейіптеу тәсілі арқылы қарапайым сөздерді қадау-қадау образдылық ұстындары дәрежесіне биіктетеді. Көркемдік қиял арқылы жасалған табиғат пен адам арасындағы әрі көркемдік-логикалық, әрі образдылық параллелизмі адам үшін қажет, сондықтан адам жанына жақын тіршілік философиясына бойлатады.

Аталған тәсіл арқылы жасалған бейнелік алуандылықтың қайран қаларлықтай молдығы – С.Мәуленов поэзиясының ерекшелігі. Ақын өлеңдерінің поэтикасын зерттегенде, таным мен талғамның, шеберліктің дәлеліне айналған осындай образдылыққа, көрнектілікке ерекше мән берген жөн. Қазақ өлеңін С.Мәуленов жырлары осындай сыр-сымбаттарымен

байытты.

Ақын шығармаларының ерекшелігі ретінде айтылатын қысқалық пен нұсқалық расында анық көрінеді. Бұл ретте, нақтылап айтатын болсақ, қысқалық дегенде, өлеңнің шағындығы емес, тармақтардың қысқалығы, соған сәйкес ырғақтың ықшамдығы. Санаулы бунақ, ширақ ырғақ қазақ лирикасының майталманы Ғ.Орманов өлеңдеріне де тән. Осы дәстүрді одан әрі дамытқан, жалғастырған – Сырбай Мәуленов. Буын саны шектеліп, ширатылу нәтижесінде тармақтың шұбатылмай, қысқа қайрылуы көп жағдайда ойдың, сезімнің “нақтырақ” айтылуына, айқындығына әсер етеді. Өйткені алуан тәсілдерді асықпай қолданып, кешенді көріністі немесе толқынысты толғап жатуға орын тар, уақыт қат. Мұны ақынның ойлау, сезіну және суреттеу ерекшелігі деп тұжырудың да қисыны бар.

С.Мәуленов жырларын жалпы қазақ поэзиясының контекстінде алып қарағанда, бөлекше сараланатын сипат – 40-жылдардың соңында белгі беріп, 50-жылдары екпіндей бастаған, 60-жылдары ағыл-тегіл ақтарылған бейнелілік. Ақын шығармашылығына тән өзіндік сипаттар сол көркемдік байлықты түрлі тұрғыдан, алуан қырынан танытады. Қазақ поэзиясында бұған дейін қолданылмаған теңеулер, баламалар, т.т. есепсіз мол. Ақын образ іздеп, образдылық іздеп, өзін өзі қинап, қиналып, әуре-сарсаңға түспейді. Көркемдік олжаның бәрі көз алдында, қол созымда. Күллі табиғат құбылыстары ақын өлеңінде өңі өзгеше қызық, тартымды өрнекке айналып жүре береді. Көзін ашса болғаны, айнала болмыстан кілең поэзия мысалдарын көреді. Есепсіз, көл-көсір қазынаны кәдеге жарататын бейнелеу тәсілдері де сан алуан. Қиял ұшқырлығы мен кеңдігі – С.Мәуленовтің субъективті рухани әлемінің ана сүтімен дарыған ерекшелігі, оның өзі өскен ортадағы көркемдік дәстүрлердің демеуімен одан әрі өрлеп, ақын поэзиясындағы бейнелілік байлыққа қыруар үлес боп қосылады. Арғы-бергі қазақ поэзиясын шолғанда, көркемдік әлеміндегі образ, образдылық байлықтың көркемдік өрнек-жасау тәсілдерінің алуандылығы жағынан С.Мәуленовке пара-пар ақын табу қиын. Идеяға қысым жасалған, әйтсе де бейнелік ізденіске тыйым сала алмаған, оның есесіне материалдық қолдау айтарлықтай болған Кеңес дәуіріндегі шығармашылық мол мүмкіндікті ақын тиімді пайдаланып, қазақ өлеңінің өрісіне өзгеше өң, сансыз өрнектер сыйлап, халқымыздың рухани-көркемдік дамуында айрықша із қалдырды. Осындай мехнаты мол, мерейі биік шығармашылығы арқылы С.Мәуленов қазақтың классик ақындарының қатарына қосылды.

С.Мәуленов жырлары не еске алу арқылы немесе “тікелей” көру, толғану арқылы өмір шындығымен, табиғат әлемімен сабақтасып жатады. Дерексіз әлемдегі дәйексіз ажар, кескіндерді індетіп іздеуге, талпынып таңбалауға құшырлана қоймайды. 33 жасында-ақ өз қуатын сезінгендей “Келешекке барармын, кемесімен өлеңнің!” деп толғанған ақын азаматтық-шығармашылық зор жауапкершілікті мойындап:

Өлеңім – өмірбаяным,
Өткен күнім бар мұнда.
Қолымды ашық қоямын,
Халықтың бүкіл алдында!./1/ –

дейді келешек күннің де биік талабын ескеріп.

Расында да алпыс жылға жуық созылған ұзақ шығармашылық жолында дүниеге келген туындыларын толайым шолғанда, Кеңес елінің өміріндегі ең іргелі, бүкілхалықтық, жалпымемлекеттік мән-маңызы алабөтен өзгерістердің көпшілігін көру қиын емес. 18 жасында әскерге алынған, жастық шағын отқа ораған соғыс жылдары, содан кейінгі бейбіт елдегі ала-құла ахуал, тың игеру

жылдары, өмірдегі құбылыстар, бейбітшілікке үндеу, соғыс зардабын еске алу... т.т. тарихи жаңғырулардың барлығы да кезең-кезеңімен таразыланады. Өмір мен өлім бетпе-бет келіп, бітіспес айқаста арпалысып жатқанда, ақынның өзі айтқандай, “не өліп, не өлтіретін соғыстың бір-ақ заңына” бағынбау мүмкін емес. Осы заң үстемдік құрған шақта от дариясын кешіп жүрген С.Мәуленов шығармаларында майдан өмірі өрнектелуі, әрине, заңды.

Күлге айналған көк ормандар,
Оққа ұшып өлген жандар,
Жау бомбасы көмген жолдар,
Бейуақытта сөнген шамдар.
Жанған отта жас сәбилер,
Тұтқын болған сұлу қыздар.
Қалған тұнып ән мен күйлер,
Ерте сынған сыбызғылар.
Бәрін білем, бәрін білем,
Бәрі де айқын тұр есімде.
Жалау еттім жанымды мен
Соғыспенен күресуге./2,183/ –

деп, тебіренген ақын “сұрапыл соғыс, сұр аспан, сол күндер әлі ойында” екенін қашанда қайталаудан бір танған емес. Сондықтан да оның әу бастағы туған жер, жастық толғауларының ізін ала үздіксіз лекіген, майдан өмірі туралы толассыз толқындаған жырлары сұрапыл трагедияларды қамтыған, сұмдық шындықты қаусырған өзіндік көркемдік әлемге айналды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мәуленов С. Үш томдық шығармалар жинағы. 2-том. Алматы, Жазушы. 1983, 207-бет.
2. Мәуленов С. Жанерке. Өлеңдер. Алматы, 1956. 69-бет.
3. Мәуленов С. Үш томдық шығармалар жинағы. 1-том. Алматы, Жазушы. 1983. 91-бет.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Сырбай Мәуленов шығармаларының көркемдік қырлары қарастырылған. Қаламгер өлеңдерінің сыршылдығы, ой-толғаныстарының ерекшеліктері, бейнелеп жеткізу шеберлігі өлеңдерін талдау барысында айқындалған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена рассмотрению художественного мира Сырбая Мауленова.

САТИРАНЫҢ САЙЫПҚЫРАН САРДАРЫ

Ысқақұлы Д.-ф.ғ.д., профессор
(Алматы қ., С.Демерел атындағы Қазақ-түрік университеті)

Темірбек Қожакеев (17.XII.1926-29. XII.2003) – қазақ әдебиетінің тұтас бір саласын – сатирасын бүге-шігесіне дейін зерттеген зерделі ғалымдығымен бірге, сан мыңдаған шәкірт даярлаған ұлағатты ұстаз, адамгершіліктің асыл құндылықтары, ұлттық намыс үшін қайтпай күресе білген қайсар азамат та. Өзінің бүкіл саналы ғұмыры негізінен кеңестік кезеңде өткен ол тынымсыз ғылыми

ізденістерге толы қажырлы еңбегімен де, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеудегі ұстаздық ұлағатымен де, жеке басының, одан қалды ұлтының намысын қорғай білген азаматтық болмысымен де өз замандастары арасында ерекше көзге түскен, халқына адал қызмет еткен тұғырлы тұлға болатын.

Темірбектің сыншылдық қызметінің салмақты жағы қазақ сатирасы жайлы білдірген пікірлерінде жатыр. Өзі де көркем-публицистикалық шығармашылықпен айналысып, фельетонды көп жазған ол, әсіресе, фельетон жайлы теориялық тәжірибелік жағынан көп ізденді. Қазақ фельетонының қыр-сырларын әңгімелеген оның сын мақалалары 1955 жылдан өмірінің соңына дейін қазақ баспасөзі беттерінде үзбей жарияланып тұрды.

«Фельетон жайында» («Коммунизм жолы», 26.VI.1955) атты мақаласынан бастап, осы жанрдың өзіндік ерекшеліктерін зерделеген бірсыпыра материалдары шықты. «Аудандық газеттегі фельетондар» («Сталиндік жол», 31.III.1956), «С.Төлешевтің фельетондары» («Коммунизм таңы», 20.V.1956), «Төлешев – фельетонист» («Жұлдыз», 1957, №8), «Баспасөз және қазақ совет фельетоны» («Лениншіл жас», 21.XII.1958), «Фельетон жанры жайында» («Жұлдыз», 1958, №4), «Фельетон осындай бола ма?» («Қазақ әдебиеті», 25.VII.1958), «Лияс – фельетонист» («Коммунизм таңы», 30.01.1958), Ж.Тілепбергеновтің фельетондары («Қазақ әдебиеті», 16.01.1959), «Фельетон – жауынгер жанр» («Социалистік Қазақстан», 22.02.1962), «А.Тоқмағамбетовтің фельетондарының ерекшеліктері» («Лениншіл жас», 26.XI.1960), «Фельетон жанрындағы жаңалықтар» («Социалистік Қазақстан», 26.II.1970), «Жанр шарттары» («Лениншіл жас», 13.VI.1973), т.б. мақалаларында қазіргі қазақ фельетонының жай-күйі кеңінен сараланған. Оның фельетон жайлы сын мақалалары ғылыми ізденістерге ұласып, осы мәселе бойынша ғылыми диссертация қорғады («Қазахский советский фельетон». Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук. Алма-Ата. АН КазССР, Институт языка и литературы. 1961); «Фельетон мәселелері» (А., 1962) атты студенттерге арналған оқу құралын шығарды; қазақ сатирасына арналған сүйекті зерттеулерінің көлемді тарауларына айналды.

Фельетоннан басталған ғылыми ізденістер жалпы сатираның хал-жағдайын бағамдаған жұмыстарға жалғасты. Қазақ сатирасының жай-күйін саралаған Т.Қожакеевтің сын мақалалары елуінші жылдардың орта шенінен бастап, баспасөз бетінде жиі көрінді. «Облыстық газеттегі сықақ бұрышы» («Социалистік Қазақстан», 9.XII.1956), «Сатиралық поэзиядағы жаңа леп» («Социалистік Қазақстан», 13.XII.1958), «Мысал өнері» («Қазақ әдебиеті», 8.V.1959), «Сатира дәуір тынысын сезіндірсін» («Социалистік Қазақстан», 14.VI.1959), І.Жансүгіровтің сатиралық мұрасы («Советтік Қарағанды», 16.VI.1959), Б.Майлиннің сатирасы («Коммунизм жолы», 17.IV.1960), «Жанр сыры» («Лениншіл жас», 18.V.1961), «Сатира және баспасөз» («Қазақстан коммунисті», 1963, №11), «Күлкі күші» («Жұлдыз», 1965, №5), «Пародия жайында» («Қазақ әдебиеті», 3.XII.1965), «Сатиралық проза» («Қазақ әдебиеті», 22.X.1965), «Сықақ жанрының даму сатылары» («Жұлдыз», 1967, №3), «Абай сатирасы» («Қазақстан мектебі», 1968, №5), «Қадыр Тайшықов – сатирик» («Ленин жолы», 21.IX.1968), «Соғыс жылдарындағы сатира» («Қазақстан коммунисті», 1968, №2), «Шайырлар сатирасы» («Оңтүстік Қазақстан», 13.IV.1968), «Қазіргі қазақ сатирасы» («Социалистік Қазақстан», 7.VII.1971), «Пародия, эпиграмма неге жоқ?» («Қазақ әдебиеті», 15.X.1971), «Сатирадағы көркемдік тәсілдер» («Қазақ әдебиеті», 9.02.1973), «Сатира да сапалы болсын» («Қазақ әдебиеті», 22.2.1974), «Сатира туралы бірер сөз» («Уақыт және қаламгер», А., 1974), «Сатира да сапқа тұрды» («Жұлдыз», 1975, №12), «Сатиралық термин жөнінде бірер сөз» («Қазақ әдебиеті»,

7.2.1975), «Адам. Қоғам. Сатира» («Социалистік Қазақстан», 24.11.1977), «Күле берейік, беу, халайық» («Лениншіл жас», 1.04.1977), «Сатира туралы сырласу» («Қазақ әдебиеті», 18.01.1980), «Бағыт қалай, сатира» («Жұлдыз», 1981, №12), «Пародия туралы бірер сөз» («Қазақ әдебиеті», 9.10.1981), «Памфлет – жалынды жанр» («Қазақ әдебиеті», 5.12.1982), «Сатираға барар жол» («Қазақ әдебиеті», 18.11.1983), «Сатира және дәуір» («Қазақстан коммунисті», 1983, №11), «Сатира – тәрбие құралы» («Мәдениет және тұрмыс», 1984, №2), Сатира сынына серпіліс қажет» («Лениншіл жас», 14.05.1985), «Сүзеген сөзге» сәлем хат» («Лениншіл жас», 30.09.1988), «Сатира жайын сөз етсек...» («Социалистік Қазақстан», 20.09.1989), «Жоктың бәрі сатирада. Неге?» («Сұхбат», 1991, 16-31 шілде), «Эпиграмма қалай жазылады?» («Сүзеген сөз», 12.11.1992), «Пародия қалай жазылады?» («Жас алаш», 16.02.1993), «Поэзиялық сатира санатта жүрсе...» («Қазақ әдебиеті», 16.07.1993), т.б. мақалалары оны қазақ сатирасының бас сыншысына, бас сардарына айналдырды. Оның қазақ сатирасы жайлы жазған сын мақалалары ғылыми негізділігімен, ой айқындығымен, пікір батылдығымен ерекшеленеді.

Т.Қожакеевтің ғылымдағы жолы университет қабырғасында жүрген кезде-ақ басталған. М.Әуезовтің, Б.Кенжебаевтың сүйікті шәкірттерінің бірі болып, дәрісін тыңдап, білім-ғылым әлемінің тұңғығына тереңдей түскен Темірбек студенттік кездің өзінде-ақ ғылымға бейімділігін байқатты. «Шоқанның публицистикалық шығармаларынан» диплом жұмысын үздік қорғаған ол университетке қалдырылды. Темкеңе сатираны зерттеуге кеңес берген ұстазы С.Төлешев, оны Бейсекең (Кенжебаев) де жөн көрген. Міне, сол университетті бітірген 1953 жылдан бастап, сатираны індетте зерттеген Т.Қожакеев осы сала бойынша жүздеген мақала жазып, «Қазіргі қазақ сатирасы мен юморы» (1966), «Қазақтың халықтық сатирасы» (1968), «Қазақ мысалы» (1969), «Қазақ сатирасы» (1970), «Абай – сатирик» (1970), «XX ғасыр басындағы қазақ сатирасы» (1974), «Қазақ совет сатириктері» (1975), «Сатира және дәуір» (1976), «Бүгінгі қазақ сатирасының проблемалары» (1978), «Адам. Қоғам. Сатира» (1980), «Сатиралық жанрлар» (1983), «Сатира – тәрбие құралы» (1984), «Сатира – күштілер қаруы» (1985), «Сатира негіздері» (1996), «Шалқу сөздер мен шаншу сөздер» (2002), т.б. зерттеу кітаптарын шығарыпты. Бұларда бұрындары арнайы зерттелінбей келе жатқан бүкіл қазақ сатирасының тарихы, қазіргі тәжірибесі теориялық тұрғыдан сараланып, белгілі бір ғылыми жүйеге түсті. Ғалым еңбектерінің аса құндылығы да осы жағында жатыр.

Ғалымның сатира жайлы зерттеулерін оның тарихына және теориясына арналған деп екіге жіктеуге болады. «Қазақтың халық сатирасы», «Абай – сатирик», «XX ғасыр басындағы қазақ сатирасы», «Сатира және дәуір», «Адам. Қоғам. Сатира» сияқты еңбектері негізінен, қазақ сатирасының өткен жолдарын зерттеуге арналған.

Т.Қожакеевтің пікірінше, адам бар жерде, қоғам бар жерде сатира да бар. Сатиралық, юморлық – адамның бойында тұмысынан бар қасиет. Сатира – адамдардың өмірдегі кемшіліктерге қарсы күрес құралы ретінде есте жоқ ескі замандардан бері бірге жасап келеді. Ғалым «Адам. Қоғам. Сатира» (1980) атты еңбегінде осы мәселені анықтай келіп, ауыз әдебиетіндегі сатиралық сарынға кеңінен тоқталады. Атап айтқанда, тойбастар, беташар, жар-жар, бәдік, шешендік сөз, мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш, өтірік өлең, аңыз әңгімелер, ертегі, батырлар жыры, ғашықтық жыры, т.б. жанрлардағы сатираның көріністерін саралаған.

Абайға дейінгі қазақ сатирасы дегенде, зерттеуші Бұхар жыраудың, Шал ақынның, Махамбет Өтемісұлы мен Шернияз Жарылғасұлының, Дулат

Бабатайұлының, Сүйінбай Аронұлының, Шөже Қаржаубайұлының поэзиясындағы осы сарынды тарата келіп, төмендегіше ойлар түйеді.

«Біріншіден, ол ауыз әдебиеті стилімен, тек поэзия түрінде, оның ішінде, көбінесе өмір-тіршіліктегі ұнамсыз жайларға жасалған сатиралық шолу, портреттік суреттеме, эпиграмма ретінде айтылды.

Екіншіден, бұл тұстағы қазақ сатирасының өрісі әлі тар, көп ақынның айтары, мінейтіні - бір мін, бір сарындас дерт. Яғни, бәрінде де молда, байлардың сараңдығы, ұлық, сұлтандардың зорлығы, паракорлығы сыналады. Жалпы мораль—этика мәселелері, жеке адамдардың мінез-құлқындағы ұнамсыз қылықтар аз көтеріледі...

Үшіншіден, көптеген сын-сықақ әлі де нағыз сатира дәрежесіне көтеріле алмаған. Сатирадан гөрі жай сыншылдық, міншілдікке жақын. Олардың біразынан сатираға тән элемент, әдістер табыла бермейді. Объектіні «ондайсың», «мұндайсың» деп ұрсу, жеку, сөгу басым. Немесе, кемшілікті кекесінсіз, келемежсіз хабарлау, айту ғана байқалады. Қалай дегенмен, мұның бәрін қазақ сатирасының сол тұстағы көріністері деп білеміз» (Т.Қожакеев. Адам. Қоғам. Сатира. А.,1980, 81-бет).

Абай дәуіріндегі қазақ сатирасы жайлы әңгімені «Дала уәлаятының газетінде» жарияланған Асылқожа Құрманбаевтың «Құмырсқа мен шегіртке» («Стрекоза и муравей»,1894,№32,14 тамыз), «Аю мен жапан түзді мекен қылған жалғыз адамның мәжілісі» («Пустынник и медведь»,1985,№49), Ы.Алтынсариннің «Қарға мен түлкі» («Ворона и лисица», 1892, №51) сияқты орыс мысалшысы И.А.Крыловтан жасалған аудармаларына, сондай-ақ М.Ж.Көпеевтің, Ташмұхаммет Сейфуллиннің, Отыншы Әлжановтың, «Орта жүздің», Бодаубек Райымбековтің, Жағыпар Аймановтың, Р.Дүйсенбаевтың, тағы да авторы көрсетілмей жарияланған бірнеше мысалдардан бастайды. Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың, Майлықожаның, Біржан салдың, Ақан серінің, Әсет ақынның поэзиясындағы сатираға жан-жақты талдаулар жасайды. Әсіресе, қазақтың ұлы ақыны Абайдың сатирасына тереңірек үңіледі.

Зерттеуші Абайдың сатиралық өлеңдерін үш түрге – тұрмыстық эпиграмма, сықақ өлең, мысалдарға жіктеп қарастырып, ұлы ақынның ұлы поэзиясының сатиралық сыр-сипатын аша түсуге көмектесерлік қызықты байқаулар жасай алған. Ғалымның мына бір пікіріне назар аударалық: «Абай сатирасының үшінші саласы – мысалдары. Рас, оның дені аударма. Бірақ сол аударма мысалдардың өзін қазақ әдебиетінің төл туындысындай көруге хақымыз бар. Өйткені, олардың мазмұны, ой-пікірі Крыловтікі болғанмен, баяндау әдісі, құрылысы тыңнан табылған. Қимылды көрініс, ауызекі диалог, қара сөз әңгіме жаңа түр, жаңа сипат табады.Өзіміздің төл шығармаға айналады.

И.А.Крылов мысалдарының Абай аудармасын төл туындымыз деуге екінші негіз – олар қазақ өміріне бейімделіп, сахара тіршілігіне үйлестіріліп аударылған. Қазақ тұрмысына сай емес образдар, есімдер халқымызға тән бейнелермен аударылған» (сонда, 106-бет). Осы ойын И.А. Крыловтың түпнұсқасы мен А.Құнанбаевтың мысалын салыстыра отырып, дәлелдейді. Ғалымның бұл пікірі Абай орыс әдебиетінен аудармалар жасап, олардан үйренді, соның арқасында ғана барып күшті ақын болды деген орысшылдық, еуроорталыққа бас июшілік үстем болып тұрған кезде айтылғандығын еске сала кетудің артықтығы жоқ. Кейінгі Абайтанушылар бұл мысалдарды И.А.Крыловтан аударма деуден гөрі мен болсам, бұл тақырыпты былайша жырлар едім деген ақынның төлтуындысы ыңғайында қарастырып жүр.

Абайдың сатирасы туралы ғалым төмендегіше ойлар түйеді: «Абай өз дәуірінің қатал сыншысы, елдегі сорақылықтардың бітіспес міншісі болды. Ол

жалпы әдебиетті ғана емес, оның сатира, юмор саласын да жаңа белеске көтерді. Бұрынғы жыр, толғау, дидактикалық өлең, шешендік сөз түрінде ғана келетін сатираны, юморды жаңа түрмен, жаңа мазмұнмен, жаңа санамен байытты» (сонда, 110-бет); «Бұлардың ішінде қазақ сатирасын ерекше белеске көтерген – Абай. Ол өзіне дейінгі әдебиетіміздің бар жақсы үлгі – дәстүрін игере отырып, халқына қажетті жаңа сапалы әдебиет жасаудың тың әдіс, соны соқпақтарын іздеді. Осы ізденісте сыншыл реалистік тұрғыдағы сатираны тапты. Әдебиетімізге өз тұсындағы әкімшілік бассыздықты, зорлықты, сайлаудағы өзара қырқысты, жұрт қараңғылығын, надандықты әшкерелеген тамаша сықақ шығармаларын әкелді. Бұларын ұлы ақын, негізінен, ұзақ ойланып, терең толғанып, жазба түрде туғызып отырды.

Абай өз сатирасында небір ақымақ әкім, мансапқор, алаяқ, өсекшіл, өтірікші, бөспе, жалқау, надандардың образ, типін жасады. Солардың айналасында қоғамның, өмір-тұрмыстың күрделі мәселелерін, тың проблемаларын қозғады» (сонда, 132-бет).

«Адам. Қоғам. Сатираның» төртінші тарауы ХХ ғасырдың басындағы қазақ сатирасына арналған. Осы кездерде жарық көрген қазақ басылымдарында сатиралық туындылардың жиі көріне бастағанын айта келіп, «Айқап» журналы бетінде жарық көрген материалдарға көбірек назар аударады. Қазақ ақындарының ішінен Сұлтанмахмұт пен Сәбит (Дөнентаев) поэзиясындағы сатиралық шығармаларға жан-жақты талдаулар жасалынған.

Ғалым ХХ ғасырдың басындағы қазақ сатирасы жайында «Ең алдымен, оның тақырыптық, мазмұндық сипаты өзгерді. Бұл дәуір жұртты ағарту, тәрбиелеу проблемасын бірінші қатарға қойған еді»; «сатира енді үстем тапқа ғана емес, жалпы жұртқа сын көзімен қарайтын болды, оның жалпы халықтық демократиялық сипаты айқынырақ көрінді»; «Қазақ сатирасы түр жағынан да молықты»; «Дәуірдің ағарту, тәрбиелеу идеясына қарай бұл тұста мысал жанры, әсіресе дидактикалық мысалдар бірінші қатарда тұрды»; «Бұл дәуірдегі қазақ сатирасы көркемдік, өткірлік сапа жағынан да көп көтерілді»; «Қазақ сатирасы аударма шығармалармен де байытылды»; «Абай қозғаған ой-пікірлер, проблемалар дамытылып, жаңа дәуірде жаңа қырынан қойылып жатты. Әлеуметтік-қоғамдық, моральдық-этикалық мәселелер көбірек қозғалып, оларды тереңдей ашу байқалды» (сонда, 168-175-беттер) деген ыңғайда ойлар топшылаған.

«Сатира және дәуір» (А., 1976) жиырмамыншы ғасырдың басына дейінгі, яғни Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ сатирасын қарастырған «Адам. Қоғам. Сатираның» жалғасы іспеттес. Монографияда қазақ кеңес сатирасының тарихы 1917 жылдан жетпісінші жылдарға дейін ғылыми тұрғыдан шолынады. Автор «қазақ сатирасының тарихын зерттеу – халқымыздың әр кездесі салт-санасын білу, күрес жолын көру, оның ақыл, ой-парасатының кемелдену процесін аңғару» («Сатира және дәуір», А., 1976, 4-бет) – деп біледі.

«Қалыптасу жолында» аталынған бірінші тарауда 1917 жылдан 1925 жылға дейінгі кезеңдегі қазақ сатирасының қалыптасу жолдары әңгімеленеді. Таптық күреске негізделген марксизм-ленинизм ілімін басшылыққа алған кеңес өкіметі идеологиялық майданда ұлттық, бай атаулыға қарсы ымырасыз күрес ашты. «Осы күрес, тартыс, талас барысы, екі дүние арпалысы – алғашқы қазақ совет әдебиетінен өз көрінісін тапты, сатира жанрының көрінуіне негіз, себеп болды» (сонда, 7-бет).

Автор сол кездерде шығып тұрған қазақ баспасөзі бетінде көрінген сатиралық туындыларды тірнектеп жинап, ой сарасынан өткізген. Атап айтқанда, 1917-1920 жылдар аралығында шығып тұрған «Кедей сөзі», «Қызыл Қазақстан», «Ақ жол» сияқты басылымдарда жарияланған сықақ әңгімелер мен өлеңдерді,

алғашқы фельетондарды, «оқшау сөздерді» талдайды. С.Сейфуллиннің, С.Дөнентаевтың, А.Сегізбаевтың, Е.Алдоңғаровтың сатиралық шығармашылықтарына арнайы тоқталған. Төңкеріске дейінгі дәуірде мысал жанры көбірек көрініп, алға шықса, енді ол екінші қатарға кетіп, «ашық сатиралы, сюжетті өлеңдер» алға шықты. Қаламгерлер «шартты сатиралық өлеңдер мен фельетондар», «сатиралық әңгімелер» жазуға көбірек ойысты.

Ғалымның анықтауынша, 1925 жылдан 1938 жылға дейінгі кезеңде қазақ сатирасы «дамудың гүлдену, кемелдену дәуірін өткерді» (сонда, 40-бет). Осы кездерде жарық көрген «Шаншар» (1925), «Жаршы» (1929), «Балға» (1932) сияқты сатиралық журналдардың жарық көруі қазақ сатирасын биіктерге бастады. «Еңбекші қазақ» газеті де сатиралық шығармаларды жиі жариялап тұрды. Монографияда осы кезеңде жарық көрген Б.Майлиннің, І.Жансүгіровтің, Қ.Тайшықовтың, Қ.Қуанышбаевтың, Ж.Тілепбергеновтің, Ж.Сәрсекөвтің, т.б. сатиралық туындыларына жан-жақты талдаулар жасалынады. Бұл «дәуірде қазақ сатирасы түр жағынан дамыды. Бұрынғы оқшау, фельетон, сықақ өлең, әңгіме үстіне карикатура, этюд, күлкілі мақал, сықақ заметкалар, сатиралық сөздік көрінді. Бірсыпыра сықақтарда ауыз әдебиетінің айтыс, беташар, қоштасу, сыңсу, жоқтау үлгілері пайдаланылды. Кейбір фельетондар, орыс әдебиетіндегідей, бастан-аяқ кейіпкер монологіне құрылды» (сонда, 102-бет) – деп жазады автор.

Үшінші тарау «Бәсеңсу белінде» аталынған. Бұл кезеңге 1938 жылдан 1952 жылдарға дейінгі кезең жатқызылған. Бұл кездерде Сталиннің жеке басына табынушылықтың салдарынан ұлттық атаулыға күрестің барынша күшейіп, мәдениетіміздің орны толмас олқылықтарға душар болғаны тарихтан мәлім. Оның үстіне отызыншы жылдардың соңынан елуінші жылдардың басына дейін әдебиетте «тартыссыздық теориясы» үстемдік құрды. Бұл теория бойынша, біздің елімізде антогонистік таптар жойылып, социализм жеңді; енді таптық тартыс жоқ, күрес ескі мен жаңаның ғана арасында. Мұның өзі белгілі бір дәрежеде уытты сынға негізделген сатираның бәсеңдеуіне алып келді. Оның үстіне 1941 жылы басталған Ұлы Отан соғысы сатираның бағытын мүлдем басқа бағытқа – фашизмді барынша әшкерелеуге қарай бұрып жіберді. Бар күш фашизмді жеңуге жұмылдырылып жатқан кезде оған уытты тілімен сатира да айтарлықтай үлес қосты. Еңбекте осы кездегі сатираның жай-күйі кеңірек көрініс тапқан. Қазақ сатирасының дамуына айтарлықтай үлес қосқан С.Төлешев пен А.Тоқмағамбетовтің туындыларына кеңірек тоқталып, олардың шығармашылық қырларын аша түскен. Әсіресе, С.Айтуаров, С.Шынаров, Т.Күреңше деген атпен екі жүзге тарта фельетон жазған Сейділда Рахатұлы Төлешевтің шығармашылығына кеңірек тоқталған. С.Төлешев кейіннен университетте болашақ журналистерге дәріс оқып, Т.Қожакеевтің де сатираның жолына түсуіне тікелей ықпал еткен ұлағатты ұстаздардың бірі болды.

1952-ші жылдан кейінгі кезең «Қайта өрлеу биігінде» аталып, оған төртінші тарау арналған. Бұл кездегі сатираның дами түсуіне сол кезде билік басында болған коммунистік партияның қоғамда орын алып отырған кейбір ұнамсыз құбылыстарды барынша сынап, оны жоюға бағытталған саясат жүргізуінің тікелей әсер еткендігіне айрықша мән береді. С.Мұқанов, С.Бегалин, А.Тоқмағамбетов сияқты аға буын жазушылармен бірге осы кезде дүркіреп шыққан С.Адамбеков, Ш.Смаханұлы, О.Әубәкіров, М.Рәшев, Е.Домбаев, Ж.Алтайбаев, Қ.Мұхамеджанов, Б.Қыдырбекұлы сынды сатириктердің шығармалары жан-жақты талданылады. Сатирға енді араласа бастаған көптеген жас қаламгерлердің туындылары да Темкеннің назарынан тыс қалмаған. Бұл тараудың бір ерекшелігі барды бар, жоқты жоқ деп айтумен бірге сатиралық туындыларға сыни көзбен қарап пікір айтушылық басым. Автор сол кездегі қазақ

сатирасындағы жетіспеушіліктерді сюжет, жағымды кейіпкер, «кең тынысты, кең құлашты үлкен сатира» жасау жақтарынан көреді. Осы тұрғыдан баспасөз бетінде көрініп жатқан көптеген шығармалар Т.Қожакеевтің аяусыз сынына ұшыраған. Кемшілікті айтқанның, ұйқасқанның бәрі сатира емес деп білетін сыншы «тілге үйірімсіз, сезімге әсерсіз сықақтарды О.Иманәлиевтен де кездестіреміз» (сонда, 162-бет), «осы сияқты, Т.Нұрмұхамедов «Дарынсыздық далбасасы» деген өлеңінде «тырнайды, қырнайды, сырлайды, қорлайды» - деп, қиыннан «қисын» тапқан» (сонда) – деген сияқты сындарды бірсыпыра қаламгерлердің шығармаларына да айтқан. Сыншылық принципке барынша адал Темірбек кей тұстарда тіпті қатал кеткендей. Мысалы, Ғаббас Өкеевтің «Сықымның әзіліндегі»

Әй, қатын,
Қандай жақсы қатын деген атақ!
Саныңды тыр-тыр қасымай,
Жақындашы қасыма-ай
Есінде ме, сен алғаш тигенде,
Мен бетіңнен сүйгенде,
Ибай деп, күлдің ғой.
Әй, қатын, сонда бірдеңені білдің ғой!
Бұйыртса, Сикаң байым болады,
Майым болады (?!),
Шәйім болады,
Үй де дайын болады, -
Деп қиялдадың, -

деген жолдарды «Бұл – сатира емес, оспадар, сөкет сөздер жиынтығы. Онда ешқандай мәнді идея, эстетикалық ләззат жоқ. «Жаманның барынан да жоғы жақсы» дегендей, мұндай сықақ өлеңдердің жазылмай-ақ, оны жұрт оқымай-ақ қойғаны құба-құп» (сонда, 163-бет) – деп сынайды. Көңіліне келіп қалар, тауы шағылып қалар демей, турасынан мұндай өлеңнің жазылмағаны, оны оқырманның оқымағаны жақсы деп, төтесінен бір-ақ айтқан. Осы тарауда белгілі ақын А.Тоқмағамбетовтің сатиралық туындыларын талдауға едәуір назар аударған.

Соңғы кезеңдегі қазақ сатирасының өзіндік жаңалықтары дегенде, бұрындары «негізінен, фельетон, сықақ әңгіме, сықақ өлең, ара-тұра сықақ заметка, эпиграмма, этюд» көрініп келсе, «қазіргі қайта өрлеу дәуірінде ол түр жағынан көп молықты. Бұрынғы бар жанрлардың үстіне мысал, памфлет, пародия, халықаралық фельетон, сатиралық повесть, роман келіп қосылды» (сонда, 196-бет) – дейді. Сонымен бірге сатираның мәдениеті, тақырып аясы, ойлылығы, проблемалығы арта түскендігі, алпысыншы жылдардың орта тұсына дейін поэзиялық сатира басым болып келсе, енді прозалық сатираға ойысу байқалғандығы атап өтілген.

Т.Қожакеевтің «Қазіргі қазақ сатирасы мен юморы» (А., 1966) атты еңбегі де сатираның бүгінгі күнгі мәселелеріне арналған. Болашақ журналистерге көмекші оқу құралы ретінде жазылған бұл кітаптың әдістемелік сипатымен қатар қазіргі қазақ сатирасына деген сыншылдық көзқараспен жазылғандығын атап айтқан жөн. Еңбекте алдымен сатира мен юморға сипаттама беріліп, оның жанрлары анықталады. Мұнда қазіргі сатираның жай-күйі жанрлық жүйе бойынша қарастырылған. Мысал, пародия, эпиграмма, шарж, сықақ өлеңдер, фельетон, памфлет, сатиралық әңгіме, сатиралық повесть, сатиралық роман жанрлары арнайы сөз болады.

Ғалымның 1983 жылы шыққан «Сатиралық жанрлар» атты зерттеу кітабы түгелдей қазақ сатирасындағы жанр проблемасына арналған. Автордың «Алғы сөзде» аңғартқанындай, «Жанр проблемасы – күні бүгінге дейін сараланып,

шешіліп бітпеген проблема» («Сатиралық жанрлар», А.,1983, 5-бет). В.Белинскийден бастап, орыс әдебиетінің теоретиктері, нақтылай айтсақ, әдебиеттің теориясынан іргелі еңбектер жазған Б.Томашевский, Г.Л.Абрамович, Л.Шепилова, Л.И.Тимофеевич, П.А.Николаев, Г.Н.Поспелов сияқты ғалымдардың еңбектерінде әдебиеттің тегі мен түрі жайлы жақсы айтылып келеді де жанрға келгенде кібіртіктейді. Қазақ әдебиеті бойынша әдебиеттің теориясынан оқулық авторлары Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, З.Қабдолов та орыс ғалымдарының ізімен кеткен. Бұларда жанрды әдебиеттің тегінің түрлері (лирикалық жанрлар, эпикалық жанрлар, драмалық жанрлар), түрдің (видтің) түрлері (поэзиялық жанрлар, прозалық жанрлар, драмалық жанрлар) деп жіктеуден арыға бара алмай жүр.

Т.Қожакеев біз сөз етіп отырған еңбегінде жанр туралы бұрыннан айтылып келе жатқан пікірлерді тереңдете түсіп, аса құнды тұжырымдар жасаған. Автор «Жанр дегеніміз – белгілі бір шығарманың, газет, журнал материалының, радио, телевизия хабарының көрініс табу формасы» (сонда, 6-бет) – деген анықтама береді. Шығарманың «өзіне ғана тән, өзін ғана ерекшелендіріп тұрған құрылымдық-композициялық, тілдік, стильдік, тағы басқа белгілерінің жиынтығы оның жанрын айқындайды» (сонда) – деп біледі. Ол жанр айқындауға көмектесетін негізгі төрт түрлі белгіні атаған. Олар: 1) «Ең алдымен, олар да сынайтын объектісімен ажыратылады»; 2) «...алға қойған нақты міндет, мақсатымен, идеясымен ажыратылады»; 3) «...болмыс-кұбылысты қамту ауқымымен, соған орай қорытынды жасау, жинақтау өресімен айқындалады»; 4) «...оқиға, фактілерді көрсетудегі қолданған әдеби-стилистикалық құралдарынан, әдіс-тәсілдерінен танылады» (сонда, 7-бет). Автор «Жанр «таза қалыпта» кездесе бермейді. Бір туындыда бірнеше жанр элементтері тоғысып жатады. Кейде олар өмірді барлық күрделілігімен, көп қыртыстылығымен көрсету үшін, творчестволық ой-ниетті әсерлі етіп беру үшін әдейі тоғыстырылады. Сонда қай жанрдың белгілері мол болып, бірінші қатарда тұрса, туынды сол жанрға жатқызылады» (сонда, 8-бет) – деп жазады.

Еңбекте сатираның жанрлары поэзиялық және прозалық түрлерге жіктелінген. Сатираның поэзиялық жанрларына мысал, эпиграмма, пародия, сықақ өлең, шарж, карикатура, ал прозалыққа фельетон, памфлет, сатиралық әңгіме, юморлық әңгіме, сатиралық повесть, сатиралық роман жатқызылған. «Сатиралық жанрларда» осылардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктеріне, даму жолдарына кеңінен тоқталған.

Ғалымның «Қазіргі қазақ сатирасы мен юморы» (1966) атты еңбегінде де қазақ сатирасы жанрлар бойынша қарастырылған болатын. Ал, біз әңгіме етіп отырған «Сатиралық жанрлары» да осы жүйеде жазылған. Негізіне алғашқы кітаптағы мәтін алынып, олар теориялық тұрғыдан жетілдіріліп, қазақ сатирасының нақтылы материалдарымен толықтырыла түскен. «Қазіргі қазақ сатирасы мен юморында» қазақ сатирасының бүгінгі жай-күйі әңгімеленсе, «Сатиралық жанрларда» әр жанрдың қазақ әдебиетінде пайда бола бастаған кезінен бастап, оның даму жолдары, қазіргі халі, жетістіктері мен кемшіліктері біртұтас тарихи даму үстіндегі үдеріс ретінде кеңінен қамтылған.

Еңбектің тағы бір құнды жағы деп, автор барды бар, жоқты жоқ деп қоя салмайды, әр жанрдағы жағымды жаңалықтарға, кездескен кемшіліктерге, алда тұрған міндеттерге кеңінен тоқталып, ғылыми тұрғыдан толымды топшылаулар жасай білген. Бүгінгі күннің сатирасын әңгімелегенде ұстанымы мықты Т.Қожакеевтің сыншылық қасиеті барынша жарқырай көрінеді.

1996 жылы шыққан «Сатира негіздері» Т.Қожакеевтің ұзақ жылдар бойғы қазақ сатирасын зерттеген ғылыми ізденістерінің қорытындысы іспеттес.

Ғалымның сатира саласында бұрындары жарық көрген кітаптары мұнда толықтырылып, тереңдетіліп, белгілі бір жүйеге түсіп, сатираның барлық мәселесі қамтылған біртұтас күрделі еңбекке айналған. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық ретінде шыққан бұл кітапта қазақ сатирасы мен юморының жалпы мәселелері, теориясы мен тәжірибесі, жанрлары, даму тарихы, өзіндік ерекшеліктері жайлы мол мағлұматтар бар.

«Сатира негіздері» кіріспесі мен қорытындысы бар негізгі үш бөлімнен тұрады. Әр бөлім іштей тағы да төрт-төрттен тарауларға бөлінген. Кіріспеде сатира мен юморға жалпы түсініктер берілген соң, бірінші бөлімде оның ғылыми негіздеріне тоқталады. Сатира мен юмордың негізі – комизм. Ал комизм дегеніміз – «Қоғамдық жүйе мен оның заң тәртібіндегі, өмір, тіршілік пен болмыс, жеке заттар мен адамдар бойындағы, өнер туындылары мен оның әдіс-тәсіл, тіл, стиліндегі көңілге қонбайтын, кісінің күлкісін келтіретін, күлуге негіз беретін, себеп болатын жайттарды комизм дейміз» («Сатира негіздері». А., 1996, 34-бет).

Комизм күлкі тудырады. Ал «Күлкі – адамның өмір серігі». Ол арқылы өзінің жан-дүниесін, көңіл-күйін, белгілі бір болмыс-құбылысқа қатысын аңғартады. Адамның ойы, сезімі, күйініші, қуанышы, не көз жасы ретінде, не күлкі ретінде көрінеді. Күлмей жүре алмаймыз, тұра алмаймыз, күлмей еңбек ету, ізгілік үшін күресу мүмкін емес. Демек, өмір бар жерде күлкі бар» (сонда, 46-бет). «Күлкі екі түрлі себептен пайда болады. Бір алуан күлкі қанағаттанғандықтан, екінші бір күлкі ренжігендіктен туады. Бірінші жағдайда қуаныш күлкісі, екінші жағдайда келемеж күлкісі көрініс табады» (сонда). Автор күлкінің келемеж күлкі («комизм объектісін тұқыртатын, жәбірлейтін сын күлкісі»), сын күлкі («әлеуметтік күрес күлкісі, дертке қарсылық құралы»), қуаныш күлкі («бір нәрседен ләззат алғандағы, риза болып, қанағат тапқандағы жан сезімнің дыбыс болып сыртқа тебісі, арман-аңсар, тілек-ниетіміздің орындалғанына масаттанғанымыздың, шаттанғандығымыздың белгісі, сезімді селт еткізіп, жан жадырататын жақсылыққа адамның жағымды жауабы»), қулық күлкі («зымияндықтан, аярылқтан туады. Өз пайдасы үшін біреуді алдаусыратып отырып, шоққа отырғызып кету ниетінен туады»), жандалбаса күлкі («бір нәрсе болып қалар ма екен деп сасқалақтаудың, жалтақтаудың белгісі»), сорлы күлкі («нашарлардың лауазымы, атақ-даңқы барларға жалпаң қағып, жалпақтаған сәттерінде бой көрсетеді»), қылжақ күлкі («әлеуметтік мәнсіз күлкі. Ол тапқырлықтан, ақылдылықтан тумайды, ойсыздықтан, парасатсыздықтан, себеп-салдарсыз туады»), ақымақ күлкі («басқаны түсінбейтін эгоистің күлкісі») түрлерін анықтап, олардың әрқайсысына түсініктемелер берген. Демек, күлкінің де күлкісі бар, түр-түрлісі бар екендігіне назар аударады. Сатира, ирония, юмор, сарказм, шарж терминдерінің аражігін ажыратып, гипербола, гротеск, фантастика, шарттылық амалдарының қолданылу ерекшеліктеріне тоқталады. Содан кейін барып, жанр мәселесін нақтылай түскен.

Т.Қожакеев 1983 жылы шыққан «Сатиралық жанрларында» оны екі түрге – поэзиялық жанрларға (мысал, эпиграмма, пародия, сықақ өлең, шарж, карикатура) және прозалық жанрларға (фельетон, памфлет, сатиралық әңгіме, юморлық әңгіме, сатиралық повесть, сатиралық роман) бөліп қарастырған болса, одан он үш жыл кейін шыққан «Сатира негіздерінде» оны үш түрлі салаға жіктепті: 1) «сатираның поэзиялық шағын жанрлары»; 2) «сатираның көркем-публицистикалық жанрлары»; 3) «сатираның көркем прозалық жанрлары».

«Сатира негіздерінің» бірінші бөлімін негізінен, ғалымның бұрындары жарық көрген «Сатиралық жанрлар» құраған. Ішінара аздаған өзгерістер, толықтырулар бар. Мысалы, «Жалпы түсінік» аталған бірінші тарауға жалпы сатира, комизм, күлкі, оның өзіндік ерекшеліктері туралы түсініктер қосылып, содан кейін барып, бұрынғыдай жанр мәселесін әңгімелейді.

«Сатираның шағын жанрларына» арналған екінші тарауда мысал, пародия, эпиграмма, шарж, сықақ өлеңдерге тоқталады. Бұл жерде байқалатын бір нәрсе: «Сатиралық жанрларда» карикатураны жеке тараушада қарастырса, біз әңгіме етіп отырған еңбекте ол жеке жанр ретінде қарастырылмапты; оған екі-ақ сөйлеммен анықтама бере кетумен ғана шектеліпті.

Үшінші тарау «Сатираның көркем-публицистикалық жанрлары» аталып, мұнда фельетон, памфлет қарастырылған. Автор әсіресе фельетонның жанрлық қыр-сырларын аша түскен. Фельетонды алдымен, публицистикалық, сосын көркем әдеби түрлерге бөледі. Публицистикалық фельетонды фельетон-корреспонденция, фельетон-мақала, фельетон-шолу, фельетон-рецензия, фельетон-репортажға, ал әдеби фельетонды тағы да үшке – прозалық, поэзиялық, драмалық деп бөліп, оларды одан ары прозалықты фельетон-әңгіме, фельетон-ертегі, фельетон-очерк, поэзиялықты фельетон-өлең, фельетон-баллада, драмалықты фельетон-көрініс, фельетон-пьеса, фельетон-интермедия, фельетон-скетч түрлеріне жіктейді. Өзінің бұрыннан айтып келе жатқан пікірлерін замана ыңғайына қарай, ғылымның жетістіктерін пайдалана отырып, жетілдіре, толықтыра түскен. Автор фельетонға тереңдей түсіп, оның тағы да фельетон-хат, фельетон-бұйрық, фельетон-арыз, фельетон-баяндама, фельетон-мінездеме, фельетон-қаулы, фельетон-күнделік, проблемалық, оперативтік, жағымды, шенеуші, әшкерелеуші, нақтылы, шартты, фельетон орнына, кішкентай, лирикалық, соттылық, халықаралық, әдеби сияқты формалық, тақырыптық түрлерін анықтайды; осылардың әрқайсысының жанрлық ерекшеліктерін қазақ сатирасының тәжірибелеріне сүйене отырып, айқындайды.

«Сатираның көркем-прозалық жанрлары» аталынған төртінші тарауда сатиралық әңгіме, юморлық әңгіме, сатиралық повесть, сатиралық роман талданылады. Ғалым сатиралық жанрларды басқалардың жақсысынан үйрене отырып, дәстүрлі арнада эволюциялық даму үстіндегі үдеріс ретінде қарастырады. Жанрдың қазіргі кезеңдегі жай-күйіне көңілді аударыңқырайды; ондағы жақсылық нышандарын жарқырата көрсетіп, кемшіліктерін жоюға аяусыз күрес ашады.

«Қазақ сатирасы мен юморы» аталған екінші бөлімнің негізіне «Адам. Қоғам. Сатира» (1980) алынған. Мұнда қазақ сатирасының тарихы ауыз әдебиетінен бастап, Абайға дейінгі, Абай дәуіріндегі және ХХ ғасырдың басындағы кезеңдерге бөлініп қарастырылған. Кітаптың бірінші бөлімінде қазақ сатирасының теориялық негіздері қарастырылса, екінші бөлімде сан ғасырларға созылған қалыптасу жолдары тарихи-типологиялық тәсілмен шолынады.

«Сатира негіздерінің» үшінші бөлімінде кеңестік кезеңдегі қазақ сатирасының дамуы сөз болады. Бұл бөлімді ғалымның 1976 жылы жарық көрген «Сатира және дәуір» монографиясы құраған. Монографияның «Қалыптасу жолында», «Өрлеу үстінде», «Бәсеңсу белінде», «Қайта өрлеу өрінде» деп аталған тараулары сол күйінде, еш өзгеріссіз «Сатира негіздерінде» де сақталынған. Солай десек те, кеңестік кезеңде марксизм-ленинизм, социалистік реализм іліміне сүйеніп жазылған монография тәуелсіздік кезінде шыққан «Сатира негіздерінде» әдіснамалық тұрғыдан көп өзгерістерге ұшырап, замана рухына, талабына сай қайта жазылып шыққан. Негізгі қаңқа, дәуірлеу жүйесі, зерттеу нысаны сақталынғанымен де оны талдау, бағалау өлшемдері, мазмұны көп өзгерістерге ұшыраған. Ғалым бұрындары сатиралық шығармаларды негізінен таптық принцип тұрғысынан бағалаған болса, енді тәуелсіз елдің ұлттық мүддесі, оған қайшы келетін қоғамдағы келеңсіз құбылыстарға қарсы, ұлттық рухани құндылықтарын сақтау жолындағы әдебиеттің күрескерлік қызметі тұрғысынан келгендігі байқалады.

Жинақтай айтқанда, Т.Қожакеевтің «Сатира негіздері» атты көлемді зерттеуі оның осы сала бойынша жүргізген зерттеулерінің, жазған жүздеген мақалалары мен шығарған бірнеше кітаптарының жинақталған сығындысы, қорытындысы дерлік. Сонымен бұл монографияны бұрындары зерттелінбей келген бүкіл қазақ сатирасының теориясы мен тәжірибесі жинақталған, қазақ әдебиеті мен публицистикасының түйіскен жеріндегі аса бір күрделі саласын қопара зерттеп, аса қызықты байқаулар жасай алған, құнды пікірлер айта білген, ғылыми жағынан да, практикалық жағынан да маңызды еңбек деп бағалаған жөн.

Т.Қожакеевтің «Сатира – күштілер қаруы» (1985) атты еңбегі де қазақ сатирасының жай-күйін саралауға арналған. Алты тараудан тұратын кітаптың «Сатира және юмор» атты бірінші тарауында осы мәселенің теориялық мән-жайы әңгімеленген. «Сатира» терминінің шығу төркіні, ол әдебиеттің тегі ме, түрі ме, жанры ма, әдіс-тәсілі ме деген сияқты сауалдар төңірегінде пікір жарыстырады. Сатираның сан қырлы сипаттарына тоқтала келіп, «болмысқа эстетикалық қатысының өзіндік ерекшеліктері бар, өмір құбылыстарын зерттеп, бағалауда, көрсетуде дербес әдіс-құралдары, өзіне тән табиғаты, сыр-сипаты бар сатира – өзінше әдебиет тегі («Сатира – күштілер қаруы. А., 1985, 13-бет), «Сатира – көркем шығармалардың бір түрі, сатиралық туындылардың жалпылағыш, жиынтық аты» (сонда, 15-бет) – деген өз пікірлерін білдіреді.

«Сатираға барар жолда» осы мәселенің негізі комизм, күлкі, бейнелеу әдіс-тәсілдері, шарттары кеңінен әңгімеленген. «Сатира – тәрбие құралы», «Қазіргі қазақ сатирасы» аталынған үшінші, төртінші тарауларда бүгінгі қазақ сатирасының жай-күйі қозғалған. Сатира сыны, қазақтың сықақ журналдары жеке тарауларда сөз болған. Ғалымның ойынша, қоғамдық даму қайшылықтарсыз, кемшіліктерсіз болмайды. Соларға қарсы күресте сатира маңызды роль атқарады. Қазіргі таңда «бізге парасатты, ойлы сатира да қажет» (сонда, 283-бет).

«Сатира – күштілер қаруы» монография аталғанымен де оның ғылыми сипатынан гөрі сыншылық сипаты басым. Еңбек түгелдей қазақ сатирасының бүгінгі жай-күйін бажайлауға арналған. Мәселеге негізінен, заманның кемшіліктерге қарсы күрес талабы тұрғысынан келгендіктен де кітапта сол кездегі биліктің әдебиетке қатысты нұсқаулары басшылыққа алынып отырған. Кеңестер Одағы Коммунистік партиясының бағдарламасынан, түрлі қаулыларынан, шешімдерінен үзінділердің кездесіп отыратындығын сол кездегі қазақ әдебиеттану ғылымының, әдеби сынының өзіндік бір өмір сүру ерекшелігі деп ұққан жөн.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала қазақ әдебиетінің сатира жанрының дамуына елеулі үлес қосып, сатираның ғылыми негіздерінің зерделеуде іргелі ізденістер жасаған көрнекті ғалым Т.Қожакеевке арналған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена видному ученому Т.Қожакееву, который внес значительный вклад в развитие жанра сатиры казахской литературы.

ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ӘОК

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ РУХАНИ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ
ТІЛДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Ашекеева Қ.Н. – филос.ғ.к., доцент, Толысбай К. – филос.ғ.к., доцент м.а.
(Алматы қ., Қазмемкызпу)

Егер біз ойлау объектісі ретінде тіл туралы ғылымда қолда бар ұғымдарды қарастырсақ, онда бұл ұғымдардың тілдің әр түрлі теориясымен тең емес екенін көреміз. Екі мың жылдан астам тілді зерттеудің еуропалық дәстүрлерінде тілдің философиялық және эмпирикалық теорияларын қатаң бөлу болған жоқ (мысалы, Платонның “Кратил” диалогы лингвистика бойынша Европадағы бірінші арнайы шығарма болып табылады), тек соңғы екі жүз жылдықта тәсілдердегі айырмашылықтар философияда да, позитивті ғылымда да зерттеудің дербес тәсілдеріне айналды.

Ахмет Байтұрсыновтың тіл философиясына байланысты көзқарастарының қалыптасуына не әсер етті деген сауалға жауап іздесек, ол Европа мәдениетімен салыстыра келе мынадай тұжырым жасайды: “қазақ ақындарының өздерінің де, сөздерінің де міндері, кемшіліктері, жаман әдеттері өнерпаз Европа жұртының сындар әдебиетін көргеннен кейін байқалып, көзге түскен. Сонан кейін ғана Европа әдебиетінен тұқым алып, қазақ әдебиетінің сүйегін асылдандырып, тұлғасын түзетушілер шыға бастаған” /1. 277/. Демек, біздің ойымызша, А.Байтұрсынов Европа әдебиетімен жақсы таныс болған. Ал жоғарыда аталған түзетушілер қатарына А.Байтұрсынов Абайды жатқызады, сөйтіп қазақ әдебиетінің сындар дәуірін Абайдан бастайды. Абай тілі қазақ тіліне үлкен байлық әкелген, сондықтан Байтұрсынов осы тілді өзі де жақсы меңгеру нәтижесінде тіл мен ойға қатысты өз тұжырымдарын жасаған деп түсінеміз. Баяғы заманда тілді сый ретінде таныса, қазіргі ғылым оны адам санасында пайда болатын күрделі жүйе деп есептейді. Тіл философиясы тіл жүйесінің логикалық және абстрактылы сипатын айқындайды. Тілдік зерттеу мына принциптерді ұстанады: тілдің белгілі бір жүйесі болады және тілдің дамуындағы тарихи кезеңдер шартты түрде белгіленеді /2. 9/. Сондықтан қазіргі тілдердің ортақ тегін анықтауда қиындықтар бар.

Тілді жинақтаудың бір жолы – бұл дегеніміз оны меңгеру, сол тілде сөйлеу. Солай бола тұрса да біз бұл жерде басқа, қандай да тілге көзқарасты жинақтайтын синтетикалық жолды түсінеміз немесе қысқаша айтсақ, тіл философиясын айтамыз. Тіл философиясының болуы мүмкін бе және ол не? Бір тілдің жүйесінің басқа тілдің жүйесінен айырмашылығы болатыны бұл – факт. Әр тіл, егер, тавтологиядан қорықпасақ, жеке логикасы немесе жеке тіліне ие болады. Мысалы, қазақ тілі қандай? Не өзбек тілі қандай? Дәстүрлі грамматикалық тұрғыда қарасақ, онда алғашқы жауапты табамыз, онда қазақ тіліне тән көзқарастардың нақты жүйесін оларға бейнелеу тұрғысынан немесе қарапайым түрде айтсақ, қазақ тілінің қазақ менталитетімен байланысын қарастырып көрейік. Жалпы бұл мәселелер әр түрлі пікір туғызуы мүмкін. Солай бола тұрса да А.Байтұрсынов шығармашылығы арқасында өз мүмкіндігімізше тілдік құбылысты, ең алдымен, тілдің әр деңгейіндегі ерекшеліктерді бақылайық және түсінуге тырысайық әрі оның ішкі логикасын түсіндіруге талпынайық. Жеке сөз табының ерекшелігін талдауды бастамастан бұрын жалпы базаны, көптеген тілдерге тән қандай да бір қалыпты белгілейік. Бұл жерде фонологияны қарастырмаймыз, себебі, біріншіден, арнайы еңбектер баршылық, ал, екіншіден,

бұл өзі жеке мәселе, оған толық бөлімше не тарау арнауға болады деп ойлаймыз. А.Исмоилидің айтуынша, жалпы тілдің сөз табының құрамын адам танымының құрылысымен тікелей байланыстырсақ, былай болады:

зат есім – тілде, әдетте объектіні,
есімдік – субъектіні,
сын есім – олардың сапасын,
сан есім – санын,
етістіктер және етістер – әрекетті,
үстеулер – осы әрекеттердің сапасы мен саны,
кеңістіктік – уақыт қатынастарын білдіреді /3. 16/.

Егер тіл бірліктерінің материалдық жағының белгі табиғаты болмаса, онда сезімдік таным үрдісіндегі шындықты бейнелеу мәні мен сол бейнелеудің әдісі болып, жүзеге асырудың қажетті құралы болып табылатын тіл арасында айрықша айырмашылық болмас еді. Белгі дегеніміз (ағыл. sign, фр. signe, нем. zeichen, итал. signe) сезіммен қабылданатын материалды зат (құбылыс, оқиға, әрекет), адамдардың танымы мен қатынасында кейбір заттардың немесе құбылыстардың, немесе заттардың қасиеті мен қатынастары және қолдану, сақтау, қайта құру, хабарлама (ақпарат, білім) хабарлама компоненттерін беру үшін қолданылады /4. 177/. Сонымен, белгі (знак) 1) материалды сезіммен қабылданатын зат; 2) бұл зат өкіл ретінде басқа затқа жіберілді, яғни басқа затты белгілейді. Гегельдің анықтамасы бойынша белгі тікелей пайымдаушы, өзіндегіден гөрі мүлдем басқа мазмұнды көрсетеді /5. 265/. Материалды сезіммен қабылданатын зат ретінде өзі көрсететін затқа қатысты анықтай қоймайды, бірақ олар қажет, яғни қандай да бір белгіні басқа белгіден айыру үшін қолданылады. Осыған байланысты Гегель белгіні (знак) таңбадан (символ) айыра отырып, таңба өз мәні мен ұғымы жағынан таңба ретінде өзі бейнелейтін аз болсын, көп болсын мазмұнды білдіреді /5. 265-266/. Мәселені гносеологиялық шеңберде қарастырғанда, белгі бейнеге (образ) қарама-қарсы қойылады, бейне өзі сияқтыға ұқсас. Тіл бірліктерінің материалдық жақтарының белгі қызметі туралы айта отырып, әдетте ол коммуникация үрдісіндегі затты көрсетеді, яғни бұл затты коммуникация актісінің мүшелері үшін, яғни, айтушы мен тыңдаушы үшін бейнелейді. Табиғи тілдің тілдік бірліктерінің материалдық жақтарының белгі қызметі абстрактілігі, жинақталған ойлау мен таным үрдісінің қажетті компоненті мен шарты.

Тіл адамның ойлау үрдісін жүзеге асыратын қажетті құрал емес деген көзқарасқа сәйкес 1) тіл бірліктерінің материалдық, белгілік жақтары адам ойлауының міндеті, органикалық компоненті бола алмайды; 2) бұл тіл бірліктерінің идеалды жақтарын қолданбай таза түсінікті формада (әсіресе, соған сәйкес келмейтін сөздің мағынасы) жүзеге асады; 3) тіл бірліктерінің сәйкес ойлау бірліктері мен байланысының таза сыртқы, ассоциативті мәні бар. Осы ережеден түсінетініміз, егер тіл адам ойының пайда болуында және дамуында қандай да бір роль атқарса, онысы тек ақпаратпен алмасуды қамтамасыз етуі болып табылады /6. 50/. Мәселені осылай қойғанда, тіл ойлауға қандай да бір кері әсер етеді деген ой болмау керек, демек ойлау мен тіл арасындағы өзара әрекет бір бағыт ретінде қарастырылады, яғни, тек ойлау тілге әсер етеді, біреқ кері орны болмайды. А.А.Потебняның пікірі бойынша “ойдың жетілуі тек оны сөз арқылы ғана көрсетумен мүмкін болса, ал сөз тек ой жетілгенде ғана пайда болады немесе сөзге айналады” /7. 39/. Осы позиция тұрғысынан қазіргі халықтардың түсіндірмелік ойлау жиынтығы бір деңгейдегі элеуметтік және рухани дамуға жеткенімен, олардың тілдері өз семантикасы жағынан бір-бірінен айырмашылығы болады. Тіл білімінің философиялық мәселелері бойынша жазылған еңбектерге қарағанда тіл мен ойлау үрдісі арасындағы өзара байланысты алғаш рет ғылыми түрде қарастырған неміс ғалымы Вильгельм фон Гумбольдт.

Тілді ойдан, адамды ойлау үрдісінен тыс қарастыруға болмайды әрі олардың арасындағы табиғи байланыстың бар екенін де ұмытпау керек. Өйткені, сыртқы қоршаған орта алғы шарттарына және адамзат рухына негізделі отырып, тіл адам мен сыртқы орта арасындағы аралық ой әлемін жасайды /8. 30/. Адамзат баласының саналы іс-әрекетінің жемісі - ой әлемі болғандықтан, ой дүниесі әлемнің жалғыз бейнесі ретінде қабылданады, сондықтан ойлау тек тілдік жаратылысқа ғана тән құбылыс. Тілдің философиялық мәні рухани дүниенің күші ретінде көрінеді.

Ахмет Байтұрсынов қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазды. 1910 жылдардан бастап қолға алды. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізінде қазақтың көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақша дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ қазақ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды-жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп 24 таңбадан тұратын, өзі “қазақ жазуы” деп өзгелер “Байтұрсынов жазуы” деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Жалпы тілді философиялық тұрғыда зерттеудің бір бағыты герменевтика, ол өзінің объектісі ретінде лингвистикалықтан гөрі философиялық абстракцияны, әдеби мәтіндердің жиынтығын қарастырады. Бұл жерде идеализациялау жинақтау мәтінде болмайды, сондықтан герменевтика тілдің эмпирикалық теорияларынан шеттетіледі. Демек, екі принцип өте маңызды: таңба жүйесі идеясы мен оның методологиялық салдарлары, ең алдымен, тілдегі семантикалық рөлді синтагматикалық қатынасқа беру, таңбаның айналасы мен ішкі формаларына оның мәні тәуелді болатынын мойындау. Сондықтан да Байтұрсыновтың ғылыми-теориялық мұрасында тілдің философиялық мәселесі және көркем әдебиет шығармашылығы жайлы зерттеулер елеулі орын алатындығы ешкімді таңдандыра қоймады. А.Байтұрсыновтың философиялық ілімі марксизм-ленинизмнің ықпалынан тыс қалыптасқан. Сондықтан да болар оның ілімі тәуелсіз түрде пайымдаумен, сөз, сөйлеу, тіл туралы ғылымының бірқатар күрделі мәселелерін шешуде өзіндік өзгешеліктерімен көзге түседі.

А.Байтұрсынов қаламынан қазақ тіліне қатысты жалғыз жоғарыда аталған екі оқулығы емес, өзге де құралдар мен кітаптар туындады. Ол осы күні қолданбалы грамматика деп атап жүрген кітаптар қатарына жататын 1928 жылы Қызылордада жарық көрген екі бөлімнен тұратын екі кітап – “Тіл жұмсар”. Ол методика саласында 1910 жылдардан бастап 1927-1928 жылдарға дейін бірнеше материалдар жариялаған. Жазу таңбаларын (әріптерді) үйрету амалдарын түсіндіретін “Баяншы” атты методикалық еңбегінде тағы көрсетеді. 1927-1928 жылдары “Жаңа мектеп” журналында қазақ тілі методикасына арналған бірнеше мақала жариялайды. Сөйтіп оқу-ағарту идеясына сол кезеңдегі қазақ интеллигенциясы жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашуды, ол әрекетті “Әліппе” құралдарын жазудан бастауды мақсат етті. Сол 1911-1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген Мұхамедораз Нұрбаев, Мұстақым Малдыбаев, Зақария Ерғалиев, тағы басқалардың “әліп-билері” еді /9/. Бірақ олардың көбі бірер басылымнан соң кең қолданыс таба алмады. Солардың қатарында шыққан А.Байтұрсыновтың әліппесі “Оқу-құралы” деген атпен 1912-1925 жылдар арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым “әліп-бидің” жаңа түрін жазды. Бұл осы күнгідей суреттермен безендірілген оқулықтар сияқты болды. А.Байтұрсыновтың қазақ тілінің

табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты “Тіл-құрал” атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтары дүниеге келеді. “Тіл-құрал” тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихында А.Байтұрсыновтың “Оқу құралы” мен “Тіл-құралдарының” орны айрықша. Кезінде қазақ қауымы Байтұрсынов десе, “Тіл-құралды”, “Тіл-құрал” десе, А.Байтұрсыновты танитын болған. Сөйтіп оның бұл еңбегі қазақтың ұлттық жазуын қалыптастырудағы алғашқы табысы болды. Байтұрсыновтың ойынша, тілдің ғұмыры ұзақ. Сол ұзақ ғұмырында тілдермен бірге олардың жазулары өзгеріп отыратындығын айтады. Ұзақ жылдар тәжірбиесі тұңғыш зерттеу еңбек, оқулық кітап – “Оқу құралында” бір жүйеге түсті. Жаңа дыбыстық әдіспен тәртіп етілген төл қазақша әліппе – жаңа емле басы төңкеріске дейін де, одан кейін де бірнеше рет басылды. Бізге белгілі соңғы 7-ші басылымы Орынбордан 1925 жылы жарық көрген. Ахаң бұл әліппелерге үнемі “бірінші кітап” деп көрсетіп отырады. Ал екінші кітаптың бізге бір-ақ басылымы белгілі. Оның толық аты – “Оқу құралы”. Қазақтың басқа түркі, араб, парсы сөздеріне жазылатын әріптерді үйрету үшін һәм оқуға төселу үшін тәртіп етілген. Алифбаға жалғас. Екінші кітап” (Орынбор, 1913, 52 бет). Сондай-ақ талай буын “қара танып”, сауат ашқан бұл әліппе 1926-27-28 жылдары жетілдірілген, суретті (қазіргі “Әліппелер” секілді түрінде жарық көрді. Бұл әліппе – “Әліпби. Жаңа құрал” деп аталады. Оның және бір түрі - “Сауат ашқыш”. Дыбыс жолымен тәртіптелген қазақша әліпби. Сауатсыз үлкендер үшін бірінші кітап” та бірінші рет (Орынбор, 1924; Семей. 1926) көп тиражбен басылып, кең тарады.

Байтұрсыновтың қағидалары тілдің философиялық құндылығын былай ашып көрсетеді: “Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айырылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді. Осы күнгі адамдар жазудан айырылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айырылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз – жазу заманы; жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман” /10. 141/. Бұл оқулық қазақ мәдениетінің тарихында бұрын-соңды кездеспеген мүлде жаңа құбылыс болып қалды. Ол бұрын татарша, орысша оқып келген балалардың ендігі жерде өз тілінде оқу мүмкіндігі туғандығын әңгімелейді. Осы еңбегінде қазақтың дыбыстық жүйесімен жазу дағдыларын егжей-тегжейлі жазған. Мұның тосын дүние екенін Байтұрсыновтың өзі де мойындай келе, кітап кіріспесінде өз ойын былай жеткізеді: “Тіл құрал” деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, өйткені, бұл қазақта бұрын болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе, жаңа шыққан кезінде жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң жатырқау қалатын. Арабша һәм наху, сарф үйренгендерге жат көрінгенмен, түсініксіз болмас. Араб һәм орыс наху, сарфаларында оқылатын заттар мұнда да оқылады. Айырмасы сол ғана: онда арабша иә орысша айтылған есімдер мұнда қазақша айтылады. Олай болғанда оқылатын заты бір, аты ғана басқа” /10. 142/. Сөйтіп, қазақ тілін ана тілімізде тұңғыш зерттеуші А.Байтұрсынов өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғаны байқалады, яғни, ол әуелі қазақтың жазуын (графикасын) жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі “Байтұрсынов жазуы” дүниеге келген, екінші – сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін “Оқу құралы” атты әліппе оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған, бұл үшін “Тіл - құралды” жазған, төртінші – тілді дұрыс қолдана білу тәртібін көрсетуді көздеген, бұл үшін “Тіл жұмсарды-ны” жазған, бесінші – сауат аштыру, қазақ тілін оқыту методикасын

жасауды міндетіне алған, бұл үшін “Баяншы” мен “Әліп-би астарын” жазған. Міне, бұлар Ахмет Байтұрсыновтың қазақ тілін зерттеудегі және оқу-ағарту саласындағы еңбектері. Сонымен, А.Байтұрсыновтың осы бағыттағы еңбектерін философиялық тұрғыда қарасақ, структурализм әдісі байқалады деп ойлаймыз. Структурализм тілді зерттеудің философиялық бағыты. Бұл философиялық ағымның негізі тілдің арнайы теориясының методологиясына соссюрровтық лингвистикаға жатады, оның мәнісі элементтердің индивидуалдығына немесе олардың материалдығына емес, қатынастарға негізделген тіл жүйесін уақыттан тыс квантикативтік зерттеу мүмкін. Сондықтан, мынадай принциптердің маңызы зор: тілдің әр элементі жүйе құрамында басқа элементтерге қатынасына қарай болады; жүйе шеңберіндегі қатынастар элементтерге үстемдік етеді; тілге сияқты адам ынтымақтастығында әрекет ететін кейбір басқа жүйелерде де қарастырады, яғни фольклор, әдет-ғұрыптар мен рәсімдер, туыскандық қатынастар болып табылады.

Яғни, ықшамды қорытындыласақ біздің пікірлеріміз бен болжамдарымыз А.Байтұрсыновтың жалпы тіл білімі оның ішінде қазақ тілі теориясының құрылымы мен оның мәнділігінің философиялық сипаттамаларының алуан салаларының бастамасы деп пайымдауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынов А. Жазу әдебиеті Шығармалары. –А.: Жазушы, 1989. –261-298 бб.
2. Абақан Е.М. Тілдің мәдени философиясы. –Алматы: Айкос, 2000. –184 б.
3. Исмоили Абдулхамид. О философии узбекского языка Звезда Востока. –2002.– №2. –16 с.
4. Философская энциклопедия. –Москва: Сов. энциклопедия, 1962. Том 2. –575 с.
5. Гегель Г. Сочинения. Энциклопедия философских наук. Часть третья. Философия духа. –Москва: Гос.изд.полит.лит., 1956. Том 3. –372 с.
6. Панфилов В.З. Гносеологические аспекты философских проблем языкознания. –Москва: Наука, 1982. –356 с.
7. Потебня А.А. Эстетика и поэтика. –Москва: Искусство, 1976, –614 с.
8. Раев Д.С. Қазақ шешендік сөз өнерінің әлеуметтік-философиялық негіздері: Философия ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация.–Алматы: 2003. –309 б.
9. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов – қазақ тіл білімінің негізін салушы. А.Байтұрсынов творчествосына арналған ғылыми конференцияда сөйлеген сөз Қазақ әдебиеті. – 1990. –20 шілде.
10. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. –448 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада А.Байтұрсыновтың қазақ тіл білімін қалыптастырудағы алғашқы логикалық қисындар мен ойшылдың субъективті ойлау ерекшеліктері қарастырылған. Қазақ тіліндегі түбір сөздердің мәнділігінің бастау бағыттары сарапталады. Тіл құндылығының философиялық мазмұны айшықталады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются изначальные гносеологические принципы становления и формирования казахского языка, ее причинно-следственные и логические принципы в языковедческом наследии А.Байтұрсынова. В сопоставительном контексте выявлены цели и содержание развития казахского языка как многопланового объекта философского анализа.

СПЕЦИФИКА СИНТАКСИЧЕСКОГО ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ СУЩЕСТВИТЕЛЬНЫХ СО ЗНАЧЕНИЕМ ДЕЙСТВИЯ В СОВРЕМЕННОМ РУССКОМ ЯЗЫКЕ

Искакова А.Г. – ст. преподаватель (г., Алматы, Казгосженпу)

Синтаксис отглагольных существительных со значением действия (имен действия) — весьма сложная и малоисследованная область лингвистики. Его изучение представляет интерес не только в плане теоретическом, но и в практическом, в частности, в преподавании русского языка. Авторы методических статей и разработок по русскому языку неоднократно отмечали сложности, которые возникают у обучающихся при разборе предложений с различными падежными формами имен действия.

Специфика существительных со значением действия определяется тем, что они соединяют семантику глагола и категориально-грамматическое значение существительного. Результатом этого является семантико-грамматическая двойственность данного подкласса существительных.

Каким же фактором обусловлено употребление этих существительных в синтаксических конструкциях? Как известно, имя действия может выступать в роли любого члена предложения. Ср.: 1) Осмотр ее комнаты... не удовлетворил любопытства. (А. Толстой); 2) Она не в силах остановить этот смех. (Чехов); Жить в этом доме — пытка. (Чехов); Он слишком устал за секунды ожидания. (В. Конецкий) В приведенных примерах имя действия выступает в роли подлежащего (1), дополнения (2, 4), сказуемого (3).

Если остановиться на этом, то нужно признать, что только морфологическая принадлежность слова (принадлежность к определенной части речи) обуславливает его синтаксическое функционирование. Традиционный анализ приведенных выше предложений опирается именно на эту точку зрения.

Однако наши наблюдения над синтаксическим функционированием имен действия приводят к другим результатам: синтаксическое функционирование имени действия в значительной мере определяется его семантикой, а не принадлежностью к классу существительных.

Рассмотрим имя действия в позиции подлежащего и попытаемся, показав особенности синтаксических функций имени действия, отличных от синтаксических функций других подклассов существительного, доказать, что синтаксический статус имени действия определяется его семантикой, а не только принадлежностью к классу существительных.

Семантика имени действия — действие. Обозначение действия косвенным средством номинации (называния) — существительным — не меняет его смыслового значения и назначения.

Если сравнивать имя существительное с собственно предметным значением и имя действия как подлежащее, то имя действия в силу своей семантики участвует в организации иных типов предложения.

Рассмотрим первый момент. Находясь в позиции подлежащего, имя действия принимает активное участие в создании причинных (каузативных) конструкций, обозначая причину чего-либо. Действие, названное именем действия, может явиться причиной действия (1), эмоциональной реакции лица (2), признака предмета, лица (3), количественных или качественных изменений (4). Ср.:

1) Крик этот заставил Новикова поднять голову. (Ю. Бондарев);
Нарастающий свист заставил нас прижаться к стенке. (А. Рекемчук); 2) Приезд

Мишки очень обрадовал меня. (Н. Носов); Тебя страшит любви признание. (Пушкин); 3) —Я теперь никто,— ответил Мастер, и улыбка искривила его рот. (М. Булгаков); Гнев преобразил его: он даже выше стал. (Д. Гранин); 4) Широкое внедрение компьютерной техники значительно улучшит подготовку наших учеников. (Из газет).

Во-вторых: имя действия в позиции подлежащего участвует в создании авторизованных конструкций, вводя второй субъектно-предикатный план. Соединение имени действия и имени предиката осложняется введением авторизирующего глагола—глагола восприятия. При этом лицо воспринимающего может быть не выражено. Ср.: 1) Непрерывно слышались крики и стоны раненых. (В. Ардаматский) (ср.: Я слышал, как кричали и стонали раненые); 2) Слабый шум слышался то справа, то слева. (Ю. Нагибин); 3) Слышатся кашель и стук. (Чехов).

В авторизованных конструкциях с именем действия в именительном падеже функционируют только возвратные глаголы: доносилось пение, ощущается тревога, слышался крик. При личном глаголе представлен винительный падеж (аккузатив) имени действия. Даже такой, казалось бы, небольшой грамматический сдвиг способен в какой-то степени изменить назначение модели. Проанализированный материал показывает, что авторизованные конструкции с именем действия в именительном падеже предназначены больше для описания, для характеристики места, пространства, времени, в то время как предложения с личным глаголом восприятия и именем действия в винительном падеже более ориентированы на сам факт восприятия субъекта. Это можно объяснить, видимо, более явной формой выражения субъекта восприятия. Как известно, авторизованные конструкции — это такие конструкции, в которых «взаимодействуют элементы модели сообщаемого содержания и элементы модели рече-мыслительного действия личного субъекта («автора» оценки или восприятия). Ср.: Кричат чайки.— Я слышу крик чаек; Я слышу, как кричат чайки» /1/.

Авторизованные конструкции, в которых не замещены позиции субъекта действия и субъекта восприятия (типа: Слышатся кашель и стук), близки по своему значению конструкциям типа: Пыль, крик, лошадиное ржание (А.Н.Толстой).

Не случайно они часто встречаются в ремарках. Сведя всю нагрузку к имени действия, можно достичь эффекта неопределенного значения, что и создает возможность для описания, характеристики, места, времени, состояния.

Третьим моментом может служить многообразный круг моделей с именами действия в функции подлежащего, имеющих оценочное значение. Оценка также предполагает введение в предложение нового субъектно-предикатного единства: субъект оценки саму оценку. Имя действия чаще всего получает этическую, эстетическую и утилитарную оценку. Способы оценки весьма разнообразны; здесь могут употребляться и слова категории оценки (на -о), и вводные слова и предложения, и оценочные прилагательные, и фразеологизмы. Ср.: Курение вредно (ср.: Курить вредно); Дружба — прекрасно! (В. Белов); Пойду, пойду, только без пользы мое хождение будет. (Ю. Нагибин) (ср.: Ходить туда бесполезно; Я считаю, что ходить туда бесполезно); Все его поведение было глупым, стыдным. (Д. Гранин) (ср.: Я считаю, что он ведет себя глупо, стыдно так себя вести).

В четвертых, имеем следующее объяснение: поскольку любое действие имеет свое начало, продолжение и конец, имя действия может сочетаться с единицами, способными выразить эти временные варианты. Ср.: У доктора начались шум в ушах и сердцебиение. (Чехов); Но

длилась эта стрельба очень недолго. (М. Булгаков). Ср. также необычные, метафорические средства выражения начала — продолжения — завершения действия (состояния): Страх улетучился, веселье иссякло, остался стыд. (А. Рекемчук); И, кажется, мой быстрый гнев угас. (Пушкин).

Следующий, пятый круг моделей, с именем действия — подлежащим связан с характеристикой действия (состояния) по степени интенсивности. Ср.: Людской шум немного притихает. (В. Быков); Сухой шелест под сапогами солдат нарастал. (А. Рекемчук).

Особый интерес представляют индивидуальные способы выражения интенсивности действия (состояния). Ср.: Эта боль то затихает, то опять вспыхивает. (Р. Ивнев); Споры между ними обострились. (Л. Левин).

Близки к этим модели, которые содержат значение полноты признака:

За столом воцарилось молчание. (Ф. Искандер); Изумление охватило весь театр. (М. Булгаков).

Обратимся далее к моделям, образуемым одиночными именами действия в именительном падеже: Суета, шум, разговоры. (А. Толстой); Звонкие вскрики, споры, смех, не менее звонкие затрешины. (Ф. Искандер).

В этих предложениях не названо лицо, совершающее действия (ведь кто-то суетится, шумит, смеется и т. д.). Название деятеля опущено за ненадобностью: подобные конструкции служат не для того, чтобы сообщать о чьем-то действии; они призваны характеризовать обстановку, общую картину места, времени и т. д. Сравним с приведенными предложениями, в которых деятели (часть или все) названы: Пыль, крик, лошадиное ржание. (А. Толстой); Звуки двери. Отчаянный крик. Мяуканье кошки. (М. Булгаков). С введением субъекта (субъектов) типовое значение модели не меняется. Как характерную особенность этой конструкции отметим то, что здесь только одно имя действия (имеется в виду количество) почти не употребляется. Само типовое значение модели и ее назначение предполагают наличие ряда компонентов для характеристики места, пространства, времени и т. д. Обычной для таких конструкций будет сочинительная связь со словами категории состояния. Ср.: Мельканье людей, хлопанье дверей, душно и жарко. (В. Тендряков). Описываемая модель может входить в состав сложного бессоюзного предложения, первая часть которого обозначает то, что характеризуется. Ср.: Пляж привычно гомонил: жужжание голосов, смех и крики, плач детей, транзисторы. (Р. Киреев); В Москве невозможно жить: шум, грохот, толчея, нечем дышать. (Ю. Бондарев).

Мы проанализировали не все, но, на наш взгляд, самые характерные модели, в которых «работает» имя действия. Анализ материала позволяет сделать вывод о том, что синтаксические свойства существительных этого подкласса определяются преимущественно семантикой слова, а не его частеречной принадлежностью. Это, в свою очередь, дает возможность считать, что анализ предложений с именем действия следует вести с учетом семантики компонентов этих предложений. Только в этом случае можно увидеть живое предложение с реальным (а не формальным) его значением и назначением.

К данному вопросу имеет непосредственное отношение и понятие об «именительном темы». В современной лингвистической литературе «именительный темы» рассматривается как выделяемый в речи интонационно (а на письме с помощью знаков препинания) именительный падеж субстантива (или субстантивного словосочетания) со специфической функцией действительного «представления», «предупреждения» о предмете последующей речи, которая часто оформляется как самостоятельное предложение со специальным указателем (обычно местоименным), отсылающим воспринимающего к выделенному «предупреждающему» субстантиву. На специфику употребления и

интонирования такого изолированного имени существительного в именительном падеже (или словосочетания с опорным словом – существительным в именительном падеже) впервые в русской грамматической традиции указал А.М.Пешковский /2/. Это явление А.М.Пешковский обозначил термином «именительный представления» и определил как именительный падеж существительного, «обозначающий изолированное представление тех предметов, которые этими существительными названы». Термин «именительный представления», выдвинутый А.М.Пешковским, был воспринят широким кругом синтаксистов и довольно долго господствовал в учебных пособиях по синтаксису русского языка. В последние годы для обозначения этого синтаксического объекта используется термин «именительный темы», предложенный А.С.Поповым, т.к. наименование А.М.Пешковского «вступает в противоречие с известным положением о том, что в системе языка слова соотносятся именно с понятиями, а не с представлениями» /3/. Характеристика «именительного представления» (именительного темы), данная А.М.Пешковским, определила основные вопросы исследования этого явления русского синтаксиса: 1) вопрос о лингвистическом статусе именительного темы; 2) определение основных структурных особенностей конструкций с именительным темы; 3) выявление стилистических функций конструкций с именительным темы. В определении лингвистического статуса именительного темы нет единства взглядов. Более того, накопившаяся со времени 3-го издания «Русского синтаксиса в научном освещении» литература по этому вопросу отличается диаметральной противоположностью высказываемых положений и мнений о месте именительного темы в системе синтаксических единиц русского языка. В исследованиях последних десятилетий наблюдается две тенденции в решении проблемы именительного темы. Первая ставит вопрос об отношении проблемы именительного темы к структуре предложения. При этом именительный темы либо «включается», «втягивается» в состав предложения, либо определяется как особая разновидность номинативного предложения. Вторая – обращается к коммуникативному аспекту синтаксиса и рассматривает именительный темы в структуре высказывания. На уровне высказывания именительный темы рассматривается как сегмент высказывания с функцией темы, или как «относительно независимое высказывание, не воспроизводящее структурных схем предложения». (Н.Ю.Шведова). В качестве исходной точки рассуждения принимаем концепцию А.С.Попова и И.П.Распопова, рассматривающих конструкцию с именительным темы как сегментированное высказывание с четко разграниченным сегментом темы высказывания и основной базовой частью высказывания. При этом следует отметить, что в связной речи в функции высказывания выступают не только отдельные предложения, но и группы предложений, образующие сложные синтаксические целые, синтаксические единства, комплексы синтаксических целых, и, наконец, текст. Конструкция с именительным темы как особым образом организованное высказывание имеет следующие специфические черты:

- 1) Синтаксическую двучленность - подчеркнутое (интонационно, а на письме с помощью знаков препинания) деление на сегмент темы высказывания и «базовую часть» высказывания.
- 2) Информативную неравнозначность частей: сегмент темы, занимающей часто синтаксически независимую позицию, характеризуется высокой степенью смысловой зависимости от последующей части высказывания, в которой сосредоточена вся основная информация о предмете высказывания. Способы выражения сегмента темы могут варьироваться (от одиночного существительного

в именительном падеже до сложного непредикативного словосочетания во главе с этой формой), но независимо от способа его выражения, сегмент темы не является сообщением в полном смысле этого слова. Это не самостоятельное сообщение, а лишь сигнал о последующей информации.

3) Если сегмент темы имеет достаточно строгую формально грамматическую оформленность, то «базовая», комментирующая часть высказывания может быть представлена на конструктивно синтаксическом уровне различными единицами: от предложения до текста (в зависимости от того, на основе какого типа высказывания создается конструкция с именительным темой). Конструкции, в которых именительный темы - заголовок, а базовая часть - текст (сегментированное структурно осложненное высказывание). Ср.: Итальянские шарманщики (А.И.Куприн) Происхождение их чрезвычайно темно; большей частью получают они жизнь под деревянную полуразвалившейся кровлею хижины, живописно расположенной в Апеннинских горах, переименованных ими в *monte Pegri*. Именительный темы - единица функциональная, единица системы речи. Она может быть представлена различными по своей природе лингвистическими единицами: от номинативного предложения до части предложения. Промежуточное положение в этом ряду занимает сегмент темы в конструкциях типа: Труд! О трудом можно сделать все, что захочешь... (А.И.Куприн «Поединок»). Понятие «именительный темы» шире понятия «именительный представления» и включает его как свою функциональную разновидность.

В контексте того или иного художника-писателя существительные со значением действия, сегментированные конструкции с именительным темой, предложения с именем действия получают то или иное структурное воплощение и наделяются определенной функциональной значимостью, что способствует развитию различных языковых явлений в области семантики и синтаксиса.

ЛИТЕРАТУРА

1. Золотова Г. А. Коммуникативные аспекты русского синтаксиса. - М., 1982.—С. 167.
2. Пешковский А.М Русский синтаксис в научном освещении. – М., 1956.
- 3.Шведова Н.Ю. – В кн. «Русская грамматика».- М., 1980, Т. 2.
- Белошапкина В.А.. Современный русский язык. Синтаксис.- М.,1977
5. «Русская грамматика», т. 11. М., 1980.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены особенности и специфика использования отглагольных существительных в структуре предложения, которые определяются сложной семантикой и синтаксическими функциями.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазіргі орыс тілінде кездесетін қимыл атау мәніндегі зат есімдердің синтаксистік қызметі қарастырылады

ФОНЕТИКАДАҒЫ ҮНЕМДЕУ ҚҰБЫЛЫСЫ

Оданова С.А.- аға оқытушы (Алматы қ., Қазмемқызпу)

Үнемдеу – ежелгі дәуірден келе жатқан құбылыс екені белгілі. Мұндай тілдік өзгерістерге ХІХ ғасырдың орта тұсынан шетелдік лингвистер назар аудара бастады. Неміс, француз, швейцарлық тілшілердің көзқарастары – тіл біліміндегі бұл құбылысты біршама түсініп, белгілі бір дәрежеде тұжырым жасауымызға көп ықпал еткені сөзсіз. Әрине, әр кезеңдегі лингвистердің үнемдеу құбылысына берген бағасы әр түрлі. Шетелдік лингвистер мен отандық тілшілеріміздің еңбектерін саралай келе, үнемдеу құбылысы тіл білімінің бүкіл саласын – фонетика, лексика, морфология, сөзжасам, синтаксисті де қамтитынын байқауға болады.

Бүгінгі мақаламыздың негізгі қарастыратын мәселесі ықшамдау құбылысының зерттелу мәселесі емес, тіліміздің фонетика саласындағы үнемдеу құбылысы.

Тіл білімінің фонетика саласында үнемдеу немесе ықшамдау құбылысы деген мәселе арнайы қарастырылмаған. Мұндай құбылысты «элизия», «апокопа», «редукция», «гаплогия» деген терминдермен атап жүрміз.

«Элизия» (латынның *elision* – ығысу, ығыстыру) – сөздің соңғы дыбысы дауысты дыбысқа аяқталып, оған бірігіп, (не тіркесіп) айтылатын сөздің, не жалғанатын қосымшаның басқа дыбысы дауысты болған жағдайда қатар тұрған бір дауысты дыбыстың түсіріліп айтылуы. Элизияға беріліп жүрген ережелерде алғашқы дауысты түседі деп түсіндіріліп жүр. Қазақ тілінде ыңғайға қарай кейде алғашқысы, кейде соңғысы түсіріліп айтылады.

Мысалы: бара алмады – бар(а) алмады, не үшін – не (ү)шүн.

Дауыстылардың элизиясы (түсіп қалуы) сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің аралығында, сондай-ақ біріккен сөздің құрамында да кездеседі.

Қара ат - қар(а) ат

алты ай - алт(ы) ай

қайын аға - қай(ы)наға

келе алмады - кел(е)алмады.

Осы көрсетілген мысалдардағы а, е, ы дыбыстары айтылуда түсіріледі. Егер бұл дыбыстарға аяқталған сөздерге дауыссыздан басталатын сөздер тіркескен жағдайда түсірілмейді. Мыс.,

қара сиыр

алты көл

келе сала

қайын жұт т.б.

Қазіргі қазақ тіліндегі дауыссыздан тұратын қосымшалар (-қ, -к, -с, -п) дауысты дыбысқа біткен сөзге жалғанғанда элизия жолымен ықшамдалып жасалатынын да байқауға болады.

Мысалы: *ора+ық - орақ*

тара+ық – тарақ

күре+ік – күрек т.б.

Сондай-ақ түбір тұлғада тұрған кейбір зат есімдерге тәуелділік жалғауының 3-жағының қосымшасы (-ы, -і) жалғанаған жағдайда да осы құбылыс көрініс береді.

Мойын+ы – мойны,

ауыл+ы – аулы т.б.

Бірақ барлық қатар келген дауыстылар осылайша түсе беруі шарт емес. Бір ритмикалық топқа енетін тіркестердің жігіндегі екі дауысты қатар сақталып та айтылады. Мысалы: *өте арық* (өт арық емес, өте рық емес), *аса аңқау* (ас аңқау емес, аса нқау емес), *тұра ұрысты* (тұр ұрысты емес, тұра рысты емес) т.б. Мұндағы қатар келген дауысты дыбыстардың айтылуына екеуінің де түсірілмей, бірақ бірінші сөз соңындағы дауыстының әлсіреп, көмескілеу айтылатындығын байқаймыз. Өте, аса тұра сөздерінің айтылу сазы дауыстылардың сақталуына себеп болады. Кейде сөз бен қосымша жігінде дауыстыларды сақтау үшін араларына дауыссыз «қыстырма дыбыс» қойып айту да бар.

Мысалы: *зырылда + ық - зырылдақ* дегенде Элизия құбылысы бар да, *зырылда + у + ық - зырылдауық* дегенде у дауыссызы арқылы екі дауысты да а және ы дыбыстары сақталады.

Фонетика саласындағы үнемдеу, яғни ықшамдау құбылысының бір түрі - «Апокопа». Сөздің акценттік фонетикалық процесінің нәтижесінде соңғы бір немесе бірнеше дыбыстың түсіп қалған түрін «апокопа» деп қарастырып жүрміз. Мұндай құбылыс батыс тілдерінде де жиі кездеседі. Орыс тіліндегі *уже, чтобы*-ның орнына *ужь, чтоб* деу де осыған жатады.

Қазақ тілінде бұл құбылыс өте жиі кездеседі демейміз, аз да болса, апокопа қазақ тілінде де кездеседі.

Мысалы: *бері кел* деген сөз тіркесінің орнына ауызекі тілде *беркел* дейміз, *керемет* сөзінің орнына *керім* деп қолданамыз.

Сондай-ақ,

1) *Торығ - торы,*

(*Торығ ат бiнiп тегдi - Торы атты мiнiп тидi (Ктб., 42)),*

2) *Кiчiг - кiшi*

(*Түпүтке кiчiг тегмедiм - Тибетке кiшкене жетпедiм (КТм., 3))*

3) *Улуг- ұлық, үлкен (кейiн ұлы),*

(*Улуг Iркiн йагы болты - Ұлық (үлкен) Iркен жау болды (КТб. 34.)*

4) *Тiрiг - тiрi,*

(*Өлтeчi будуныг тiрiгру iгiтiм - Өлмешi халықты тiрiшiлiкке жеткiздiм. (КТб.29)).*

Осы көне жазба ескерткіш тілінде кездесетін «Торығ, кішіг, ұлығ, тіріг»

т.б.сөдерінің соңындағы «ғ мен г» дыбыстары тілдің даму барысында түсіріліп қолданылатын болған.

«Апокопа» құбылысы, яғни сөз құрамындағы дыбыстардың түсіріліп айтылуы ауызекі сөйлеу тілінде жиі байқалады. Мысалы: «еш нәрсе қамады» деген тіркесте «қалмады» сөзіндегі *д* дыбысы түсіріліп қолданылған.

Үнемдеу заңдылығының ерекше бір қасиеті ретінде сөйлеушінің дыбыстау органдарына күш түсірмей айтуын жатқызсақ, осының салдарынан дыбыстарды ғана қысқартып айтпай, буындарды да түсіріп айту осы құбылыстың жемісі. Мұндай фактілер ауызекі сөйлеу тілімізде ерекше орын алады. Мысалы: *болып - боп, алып - ап, қалып - қап, келіп - кеп, барамын - барам, көремін - көрем* т.б.

Түркі тілдеріндегі түсіп қалу құбылысы тіл дамуының белгілі бір заңдылықтарына негізделеді. Сондай заңдылықтың білі «Редукция» құбылысы.

«Редукция» (латынның *redustio* - әлсіреу, түсіп қалу, ықшамдалу) - буын түрлерінің айтылу сазына қарай дыбыстың артикулярлық және акустикалық сипатының өзгеруі. Әдетте редукция құбылысы дауысты дыбыстарға байланысты болып келеді. Мысалы: *Кісіне* сөзін айтқанда *кісне* болып дыбысталады да, екі түрлі өзгеріс жүзеге асады:

1) алғашқы буындағы *і* дыбысы қысқа айтылады.

2) Екінші буындағы *і* мүлде түсіп қалады.

Түркі тіліндегі бұл құбылыс орыс тіліндегі үлгімен екпінсіз буындағы дауысты дыбыстардың әлсіреуі немесе түсірілуі деп түсіндіріліп келді. Шындығында, қазақ (түркі) тілінде редукция құбылысы сөз құрамындағы ашық, бітеу буындарының айтылу сазына байланысты. Экспериментальды фонетиканың зерттеу нәтижесі ашық буындардың созылық, бітеу буындардың қысқа айтылатынын анықтағаны белгілі.

Олай болса, кі – сі – не деген сөздегі үш ашық буынның кісне болып айтылғанда алғашқы буындағы і-нің терең қысқа естілуі жаңа пайда болған бітеу буында тұруына байланысты (кіс). Ал екінші буындағы і-нің түсіріліп айтылуы қатар келген ашық буындардың сөйлеушінің өз ойын әрі тез, әрі нақтылы жеткізу жолындағы психологиясына байланысты. Себебі, тіліміздегі қандай сөзде болсын дауысты дыбыстың түсіріліп айтылуы тек қатар келген ашық буындарда ғана іске асады.

Сондай-ақ бәрімізге әбден сіңісті болған мына мысалдардағы өзгеріс те осы құбылысқа тиесілі. Мысалы: *орын, ауыз* сөздеріне дауысты дыбыстан басталған қосымша жалғанғанда екінші буындағы ы дыбысы түсіріліп айтылады.

а) о – ры – ны, ор – ны, б) а – уы – зы, ау – зы

Мұны былайша түсіндіруге болады. Мағынасы әбден тұрақталып, жиі қолданылатын сөздерде қысаң дауыстылардың түсіп қалуы олардың мағынасына ешқандай нұқсан келтіре алмайды. Сондықтан тіл табиғаты мұндай өзгерістерге жол бере алады. Осыған қарағанда түркі тілдеріндегі қысаң дауыстылардың түсіп қалуы тек фонетикалық, морфологиялық жағдайларға ғана емес, сонымен бірге сөздердің семантикалық жағына да байланысты екен.

Дауыстылардың редукциясына дауысты дыбыстан басталатын қосымшаның жалғануын шарт деп есептеу қате пікір. Сөзге дауыссыз дыбыстан басталатын қосымша жалғанғанда да қатар айтылатын ашық буындар келсе, түсіріліп айту бола береді.

Мысалы: *ұры, тірі* сөзіне -лық, -лік қосымшасын жалғағанда *ұры+лық, тірі+лік* болып, екі ашық буындағы, *ы, і* дыбыстары түсіріліп *ұр+лық, тір+лік* түрінде екі бітеу буыннан тұратын вариант пайда болады.

Сондықтан дауысты дыбыс редукциясының негізгі шарты – сөздің буындық құрылымы ашық – ашық – бітеу ($A+BA+BAB$) түрінде келуі керек. Кейде редукция үшінші буында да кездеседі.

Мысалы: жоғары сөзіне –ғы қосымшасын жалғағанда жоғар–ғы болып, үшінші буындағы *ы* қысаң дауыстының түсіріліп қолданылғанын байқаймыз. Редукция құбылысына дауыссыз дыбыстардың түсіріліп айтылуын да қосуға болады.

Мысалы: *бігіз – бі(г)із – біз*

уқалау – у(қ)алау – уалау

құмған – құм(ғ)ан – құман

кигіз – ки(г)із – киіз

шаңғарақ – шаң(ғ)арақ – шаңырақ.

Көріп отырғанымыздай бұл мысалдарда тек дауысты дыбыстар ғана емес, дауыссыздар тұрақсыздығы да айқын аңғарылады. Мұндағы дауыссыздардың түсіп қалуы уақытша құбылыс емес, этимологиялық талдау барысында анықталатын тарихи құбылыс.

Сонымен белгілі бір дыбыстың, немесе буынның мүлдем түсіп қалып, тұрақталып орнығуы, сөз жоқ, қысқарып ықшамдалудың жемісі.

П.Пассидің «Тіл қашан да өзіне қажеттісін таңдап, іріктеп алады да, артық бастыларынан құтылуға әрекет жасайды. Сөйтіп, «ең аз күш жұмсау заңы» мен

экономию принципін басшылыққа алып отырады» деген пікіріне толық қосыламыз.

Фонетикалық өзгерістерде саралай отырып түсінгеніміз, барлық осы өзгерістердің негізінде айтылудың ыңғайлылығы мен қысқалығына ұмтылатындығымыз, басқаша айтқанда дыбыстық өзгерістер аз әрекеттену принципіне немесе күшті үнемдеу принципіне саятындығына көз жеткіздік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Б. Сағындықұлы «Түркі тілдері лексикасы дамуының фонологиялық заңдылықтары». А., 1994ж.
2. Б. Сағындықұлы «Қазақ тілі лексикологиясы дамуының этимологиялық негіздері». А., 1994ж.
3. А. Аханов «Тіл білімінің негіздері». А., 1993ж.
4. С. Мырзабеков «Қазақ тілінің фонетикасы». А., 1999ж.
5. М. Томанов «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» (фон., морф.) А., 1981ж.
6. Ғ. Айдаров «Күлтегін ескерткіші» А., 1995ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақ тілінің фонетика саласындағы үнемдеу құбылысы қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается закон экономии в современном казахском языке, в частности в области фонетики.

ЖАРАТУШЫ КҮШТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР

Рысбаева Г.Қ. - ф.ғ.к., доцент (Алматы қ., Қазмемқызпу)

Түркі халықтары Айға, Күнге, Жұлдыздарға, Отқа табынып, сыйынумен қатар, табиғаттан тыс бір ғана құдіретті күш ретінде бейнеленетін «құдай, алла, тәңірі және жаратқан, жаратушыға» жалынып, жалбарынған. Олар көзге көрінбейтін, бүкіл әлемді жаратушы, жарылқаушы ерекше күштер. Түркі тілдеріндегі культтік лексика-фразеологизмдердің тілдік көріністерін 4 топқа бөліп қарастырамыз. Олар: Жаратушы күштер; Жан-дүние көріністер; Қияли персонаждар; Культтік наным-сенімдерге қатысты киелі сандар.

Жаратушы күштер: «құдай», «алла», «тәңірі», және «жаппар, жаратқан, жаратушы, жасаған, жасаған ие, ие, құдірет, раббы, хақ». Олар «бар әлемді жасаушы ұлы күш, құдірет иесі, яғни құдай, алла, тәңір, жаратушы» деген мағынада жұмсалады. Сондықтан адамдар әр уақытта осы күштерге жалынып, жалбарынған. Адамдар өздерінің бір-біріне жасаған жақсылық-жамандық әрекеттеріне жауап ретінде осы күштерге байланысты қалыптасқан тұрақты сөз тіркестерін қолданған.

Құдіреті күшті «құдай» сөзі «құда» сөзімен ауыстырылып айтылады. Құда сөзі құдай сөзінің қысқарған түрі. *Құдайдың құдіреті, құданың құдіреті – алла тағаланың кереметі* деген сөз. Мысалы, Бір күні кемпір құдайдың құдіретімен

дым сезбей ауырыпты. /Қазақ ертегілері/. Б.з.б. III-II ғ. Құдай – патшаларға арналған құрылыстар – пирамидалар мен храмдар негізінен тастан жасалады. «Құдіретті құдай» тіркесі – кейде Пирамидалардың орнына қолданылатын, фараондардың о дүниеге барғанда жанға сая, басқа баспана болатын мәңгілік ғұмырдағы үйлері. Пирамидалар перғауындар мен атақты адамдар үшін салынған. Ол «әлемнің жеті кереметі» аталған өнер туындыларының бірі саналады. Құдай сөзінің тағы бір синонимі ақ сөзі. Ақ сөзі кейбір түркі тілдерінде құдай деген мағынаны білдіреді [1;16]. Ескі діни ұғым бойынша ақ сөзінен «киелі», «қасиетті» ұғымының нышаны байқалады. Ақ сөзіне байланысты мынадай сөз тіркестері туындаған: *ақ бата, ақ тілек, ақ ниет, ақ жауын, ақ сары бас құдайы немесе боз қасқа құдайы, құдайына ақ сары басын айту, т.б. Ақ сары бас құдайы* – береке, бақыт үшін берілетін садақа, құрбандық. Мысалы, Мен Абайға кінә қойдым. Елде қатын-бала сені уайымдап түн ұйқысын төрт бөліп, құдайына ақ сары басын айтады... Сен болсаң, шалжиып жатқаның мынау, - деді /М.Әуезов/.

Кейде, құдай, алла, тәңір сөздерімен «бір» сан есімі немесе «жалғыз» сөзі анықтауыштық қызметке жұмсалады. Сан есімді тіркестердің құрамындағы компоненттер бір-бірімен қабыса байланысады. Олар: *бір құдайдың атқаны, бір құдай білсін, бір құдайға тапсырды, бір алла, біраллаға жазды, бір тәңірден тілеу, жаратқан алла бір құдай, жалғыздың жары құдай*, т.б. Мысалы, Он беске келгенше Шаманбайдың қойын бақтым, бір құдайдың атқаны /Ж.Аймауытов/. Жалпы тіліміздегі құдай сөзіне қатысты тұрақты тіркестер алғыс, қарғыс, бейтарап мағынада қолданылады.

Жаратушы күштердің бірі – Алла. Алла – тіршілік дүниені және қиямет-қайымды жаратушы Құдай есімі. Ислам дәуіріне дейінгі арабтардың (негізінен Меккенің) Құдай ретінде сыйынған белгілі адамдардың қабірі. Алла исламда жалғыз Құдай, адамдарға өзінің елшіі ретінде Мұхаммедті жібереді. Исламның қысқаша сенім-ұраны: «Алла мен оның елшісі Мұхаммедтен басқа ешқандай жаратушылар жоқ». Мұсылмандардың наным бойынша Құран Алланың өз сөзі. Алла бұл сөзін Мұхаммедке тікелей өзі немесе періште арқылы жеткізген екен. Мұсылмандардың құдайы – Алла - өзінің жаратылысынан жалғыз, оның басқадай «серігі жоқ». «Алладан басқа құдай жоқ» дегенге сену ислам дінінің негізгі парызы болып саналады. Құран уағызының негізгі негізі – Алланы дәріптеу болған. Алла ұғымы мұсылмандар арасында әр түрлі болғанымен, Мекке мен Мединедегі кезеңінің құрандағы түсініктемесінде айырмашылығы жоқ. Құранның мазмұны да, тақырыбы да бір ғана Аллаға сену болғандықтан, көп құдайлы пұтқа табынушылыққа қарсы тұрған. Алла – жалғыз, оның ешқандай «теңдесі» жоқ. «Алла жалғыз, Алла мәңгілік, ол тумайды, оны ешкім туған жоқ, оған тең келер ешкім жоқ».

Құранда Алланың құдіреттілігі, ұлылығы туралы айтылады. 18 мың ғаламның барлығы Аллаға бағынғандықтан дүниеде оның әмірінсіз ештеңе істелмейді, тіршіліктің дамуы оның әмірі негізінде ғана жүреді. Құран дұғасы осыны дәлелдейді. Сондықтан Алла өзі жаратқан дүниеге әмірін жүргізеді, демек тіршілікті дамытады, өзгертеді, барлық құбылысты өзі жасайды. Алла адамзатқа өте қайырымды, себебі ол адамның санасына сенеді, адамға кешірімді. Адам Алла құдіретіне сенгендіктен, өзін Құдайдың «құлымын» деп түсінгендіктен, дін жолына түсіп, Құдайға құлшылық етеді. Құдайға құлшылық етуші мұсылман қауым, тіршіліктегі барлық құбылысты Алла ісі деп түсінеді [2;9]. Құранда алла «қайырымды», «ақылды», «дана», «жасаған дүниенің билігін қолында ұстаған» [3] деген эпитеттермен суреттеледі. Әрбір мұсылманның негізгі борышы – Алланың құлы екендігін мойындау, басқа құдай бар дегенге сену кешірілмес күнә деп саналады. Құран бойынша, Алла - «жаратушы, жоқтан бар етуші, бір нәрсені

кейіптеуші /мүсіндеуші/, ол ең сүйікті есімдер иесі. Жер-көктегі жаратылыстың бәрі оны дәріптейді. Ол – үстем /жеңімпаз/, әрі данышпан» /Хашр сүресі/. Алла - «ғарыштың иесі, ұлының ұлысы. Ол қалғанын істейді» /Бұрұж сүресі/, Абай «Қара сөздерінде» және өлеңдерінде дін мен мораль, тәрбие жайларын қозғайды. Олар: оныншы, он екінші, он үшінші, жиырма жетінші, отыз бесінші, отыз алтыншы, отыз жетінші, отыз сегізінші және қырық бесінші сөздерінде [4]. Осы сөздердің кейбірінде Абай құдайға құлшылық етудің мәнін айтып, иман жайын сөз етеді /он екінші, он үшінші, отыз сегізінші, қырық бесінші сөздер/. Абай мұсылманшылықтың діндік үгітін айта отырып, өз оқушысына жеткізбегі – адамгершілік қасиеттері. Сол адамгершілік қасиетті, адам өзінің қасиеттерін жаратылыс сырымен қоса бағалап, түсінсін деп ойлайды. Сондай түсінік адамды адамгершілік биік сатыға көтереді. Алланың 99 «Көркем есімдері» мен оның түрлі фонетикалық варианттары бар. Араб тіліндегі «Асмаул-Хусна» деген ұғым «Ең жақсы есімдер» немесе «Көркем есімдер» деген мағына береді.

Біз Алланың «Көркем есімдерінің» тілімізге кісі есімі ретінде жиі қолданып жүргеніне көп мән бере бермейміз. Алланың тоқсан тоғыз есімінің ең құдіреттісі – ар-Рахману, ар-Рахиму атты есімдер. Рахман Алланың шексіз мейірім, шапағат иесі екенін білдірсе, Рахим іс жүзінде көмек, рақым жасаушы екенін көрсетеді. Қысқасы, Рахман – мейірімді: Рахман/Рақым, Рақманқұл; әр-Рахим рақымды: Рақым/Рахым, Рахима (әйел есімі); әл-Малик – бүкіл жаратылыстың иесі: Мәлік, Мәлікбай; әл-Халиқ – жаратушы: Халық, Әбдіхалық; әл-Қадир – құдіретті: Қадыр, Қадыржан, т.б. есімдері кездеседі.

Алла тағаланың ұлық деген 99 (тоқсан тоғыз) аты төмендегідей:

1.	Аллаһу	51.	аш-Шааһиду
2.	ар-Рахману	52.	ал-Хаққу
3.	ар-Рахиму	53.	ал-Вақиилу
4.	ал-Малику	54.	ал-Қауиййу
5.	ал-Қуддусу	55.	ал-Матиину
6.	ас-Салааму	56.	ал-Уалиийу
7.	ал-Му' мину	57.	ал-Хаамииду
8.	ал-Муһаймину	58.	ал-Мухсий
9.	ал- 'Азизу	59.	ал-Мубдиййу
10.	ал-Жаббаару	60.	ал-Му ' ииду
11.	ал-Мутакаббису	61.	ал-Мухийй
12.	ал-Хаалику	62.	ал-Мумииту
13.	ал-Баарии 'у	63.	ал-Хаййу
14.	ал-Мусаууиру	64.	ал-Қаййуму
15.	ал-Ғаффаару	65.	ал-Уаажиду
16.	ал-Қаһһару	66.	ал-Мажииду
17.	ал-Уаһһаабу	67.	ал-Ахаду
18.	ар-Раззааку	68.	ас-Самаду
19.	ал-Фаттааһу	69.	ал-Қаадиру
20.	ал- 'Аалиму	70.	ал-Муктадиру
21.	ал-Қаабизу	71.	ал-Муқаддиму
22.	ал-Бааситу	72.	ал-Му ' аххиру
23.	ал-Хаафизу	73.	ал- Аууалу
24.	ар-Раафи' у	74.	Ал-Ахиру
25.	ал-Му ' иззу	75.	аз-Зааһиру
26.	ал-Музиллу	76.	ал-Баатину
27.	ас-Саами' у	77.	ал-Уаалий
28.	ал – Баасиру	78.	ал- Мута ' аалий
29.	ал –Хакаму	79.	ал-Баару

- | | | | |
|-----|--------------|-----|------------------------|
| 30. | ал-' Адлу | 80. | ал-Таууабу |
| 31. | ал- Латиифу | 81. | ал-Мунтақиму |
| 32. | ал-Хабиiru | 82. | ал- ' Афууу |
| 33. | ал-Халииму | 83. | ар- Ра ' ууфу |
| 34. | ал- ' Азииму | 84. | Малику л-мулку |
| 35. | ал-Ғафууру | 85. | зу-л Жалаал уа-л Икрам |
| 36. | аш-Шакууру | 86. | ал-Мукситу |
| 37. | ал- ' Алиййу | 87. | ал-Жаами ' у |
| 38. | ал-Хафиизу | 88. | ал-Ғаниййу |
| 39. | ал-Муқииту | 89. | ал-Муғний |
| 40. | ал-Хаабису | 90. | ал-Мани ' у |
| 41. | ал-Жалиилу | 91. | аз-Заарру |
| 42. | ал-Карииму | 92. | ан-Наафи ' у |
| 43. | ар-Раақибу | 93. | ан-Нууру |
| 44. | ал-Мужиибу | 94. | ал-Һадиййу |
| 45. | ал-Уааси' у | 95. | ал-Бади ' у |
| 46. | ал-Хакииму | 96. | ал-Бакийу |
| 47. | ал-Уадууду | 97. | ал-Уаарису |
| 48. | ал-Маажиду | 98. | ар-Рашииду |
| 49. | ал-Ба ' ису | 99. | ас-Сабууру |

Алла сөзіне байланысты мынадай сөз тіркестері туындаған: *аллаға жазу, аллаға шүкіршілік қылу, алланың сүйген құлы, алла оңдасын, алла оңғарды, алла атымен, алла қосса, алланың аманатын берді, алла бағын ашты, алла мақұл болсын, алладан пәрмен тіледі, алла жар болсын, алла жарылқасын, алла несін етті, алла сақтады, алланың салғаны, алланың жазғаны болар, алла тізгін оңдаса, алла кіріптар қылды, аллаға жеткен даты бар, алла жәрдем берсін, алланың құдіреті, алланың құлағына шалынсын, алланың нұры жаусын, алланың салғанына көну, алланың салған қорлығы, алланың сызығы, аллаға тапсыру, аллаға тілім жазықты, алла шешеді, алла ісі, т.с.с.*

«Тәңірі» сөзінің ежелден түркі тілдеріне меншікті сөз екендігін түркі халықтарының мәдениетінің ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүние жүзі мәдениетінің тарихында елеулі орын алатын, бүкіл әлемге әйгілі болған Орхон ескерткіштеріне (VIII ғ.) арналған құлыптастағы жазулардан көруге болады. Дания ғалымы, Копенгаген университетінің профессоры Вильгельм Томсен Орхон жазуының «кілтін» тауып, сырын ашқан. Орхон өзені бойындағы табылған үлкен тастағы жазудың ішінен түрік тәңірі деген сөздерді оқиды. В.Томсон ашқан алфавитті қолданып, академик В.В.Радлов 1894 жылы Орхон ескерткіштерін тұңғыш рет орыс тіліне аударып, мәтіннің нұсқасын латын әліппесімен береді.

Мәселен, «Күлтегін», «Тоныкөк» ескерткіштеріндегі:

Күлтегіннің кіші жазуында:

Теңрі тег, теңріде болмыш
Түрк Білге қаған,
Бұ өдке олуртым.

Аудармасы:

Тәңірдей тәңірі жаратқан
Түрік Білге қаған,
Бұл шақта отырдым.

Тоныкөк жазуында:

Теңрі йарулқазу!
Бікүл түрк будунқа
Йаруғлуғ йағуғ келтүрмедім

Аудармасы:

Тәңірі жарылқады!
Бүкіл түркі халқына
қарулы жау келтірмедім,

Төгүнлік атуғ йүртмедім.

Атты әскер жолатпадым.-

деген жазулар соған дәлел. Демек, «Тәңір» - байырғы түркілердің табынатын, жаратушы жалғыз құдайы». Түркілердің мына мақалы да осының дәлелі: «Түн күн тапұн Тәңірге бойнамағыл, Қорқұп аңар еимену ойнамағыл – Бой тартпа,

Тәңірге күн-түн табын, түзу жолдан шығып кетпе, бас тартпа; Ұлы Тәңірден именіп, ұял, қорық, ойнама».

Тәңір сөзі «ием» және «құдірет» сөздерімен тіркесіп, *«Тәңір ием», «Тәңір құдіреті»* сөз тіркестерін жасайды. *«Тәңір ием», «Тәңір құдіреті»* сөз тіркестері *«құдайдың құдіреті», тәңірдің күші»* сияқты діни ұғымды білдіреді. Мысалы, Сол себепті тәңір ием әр дертін жіберумен бірге шипасын да жаратқан /М.Әуезов/. Ең алғаш, 17 жаста Абай әке болды. Үйленудің өзі бір тәңір құдіретіндей амалсыздық күні еді /М.Әуезов/.

Құдірет сөзі «әмір», «алла» және «құда», «құдай» сөздерімен тіркесіп *«әмір құдірет», «құдірет, алла», т.б.* тіркестер жасалады.

Жаппар сөзі *«жалғыз», «алла», «құда», «құдай», «ием», «хақ»* сияқты культтік сөздерімен тіркесіп келіп, *«жалғыз жаппар», «жаппар алла», «жаппар құда», «жаппар хақ»* деген тіркестер жасауға қатысады. Осы тіркестердің мағынасы «жаратушы жасаған, құдай, тәңір» мағынасын береді. Мысалы: *Жат қылып жалғыз жаппарды, баланың жанын сұрайды /Батырлар жыры/. Жаппар ием жар болсын! Жаппар ием жарылқасын!* – тілек мәнде жұмсалатын фразеологизмдер. Мысалы, Балам алыс сапарға кетіп барады. Жаппар құдай жарылқа! /Қазақ ертегілері/. Көбінесе *жаппар ием жаратқан, жаппарға аманат, жаппар құдай жар болса, жаппар құдайға сыйынды,* т.б. сияқты фразеологизмдер эпостық жырларда көп кездеседі. Мысалы, *Жаппар ием жаратқан,* пендең емес пе едім мен, шынымен нәсіп қылдың ба, нәсілі жаман қалмаққа /Қыз Жібек/. Құдайға тапсырды. Тілді алсаң, азамат, *жаппарға жан аманат,* қараспан тауын жайлаған қалың қыпшақ елі бар, Қобыланды деген ері бар /Батырлар жыры/.

Жаратқан сөзі «жалғыз», «алла», «құдай», «бір құдай», «жаппар», «ием», «тәңір» сияқты культтік сөздерімен тіркесіп келіп, *«жаратқан алла», «жаратқан жалғыз алла», «жаратқан құдай», «жаратқан ием»* деген тіркестер жасауға қатысады. Осындай тіркестердің мағынасы «жаратушы құдай, тәңір, аллатағалажасаған ие» деген мағынада жұмсалады. *Жаратқан* сөзінен бірнеше сөз тіркестері туындаған: *жаратқан алла жар болсын, жаратқанға жалынды, жаратқан жаппар құдай, жаратқанға тапсырды, жаратушы жалғыз, жаратушы бір құдай* т.б.

Жаратушы күштердің бірі – Хақ. Хақ культтік сөзі «тағала», «жаратқан құдай», «жаратқан тағала» сөздерімен тіркесіп, «Хақ жаратқан құдай» деген фразалар жасап, «құдай, алла, тәңірі, жаратушы ием» деген мағына білдіреді. Әуелі алла анайым, Хақ жаратқан құдайым /Батырлар жыры/. *Хақтың жазуы, хақ дидарын көрді, хақ жаратты, хақ жаратқан құдай, хақ салған жол, хаққа тапсырды, хақтың үйі, хақтың ісі,* т.б. сияқты тұрақты тіркестер көбінесе эпостық жырларда кездеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Махмутов А. Архаизмы и историзмы в казахском языке. Автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – Алматы, 19663.
2. Энциклопедия «Ислам» /Бас ред. Р. Нұрғалиев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. – 287 бет.
3. Құран Кәрім. /Ауд. Р. Нысанбайұлы, У. Қыдырханұлы. – Алматы: жазушы, 1991. Қазақшасы - 578 б.
4. Абай Құнанбаев. Шығармалардың екі томдық толық жинағы. II том. – Алматы: Ғылым, 1977. – 312 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Қазақ тіліндегі жаратушы күштерге қатысты тұрақты тіркестер туралы айтылады. Жаратушы күштер: «құдай», «алла», «тәңірі», және «жаппар, жаратқан, жаратушы, жасаған, жасаған ие, ие, құдірет, раббы, хақ».

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются фразеологизмы казахского языка, относящиеся к духовным силам.

ФУНКЦИОНАЛЬНЫЕ, СТРУКТУРНЫЕ, СМЫСЛОВЫЕ АСПЕКТЫ КОММУНИКАТИВНОЙ РАВНОЦЕННОСТИ В ПРОЦЕССЕ ПЕРЕВОДА

Сеитова А.Б. –оқытушы (Алматы қ., Казгосженпу)

В настоящей статье рассматриваются различные виды перевода, и их употребление. В чем заключается такая острая необходимость в равнозначности исходного текста и перевода? Однако, просмотрев множество примеров, а также обратив внимание на существующие сегодня не совсем точные переводы, ведущие к искажению смысла всего высказывания, мы пришли к выводу, что самой главной задачей профессионального переводчика становится эквивалентный перевод. В первую очередь, понятие уровня перевода связано с распространенным в теории перевода понятиями “эквивалентного” (иначе - “адекватного”), “буквального” и вольного перевода. Вообще говоря, понятие переводческой эквивалентности, также как и буквализма и переводческой вольности, не сводится видимо, к вопросу о выборе надлежащей единицы перевода на том или ином языковом уровне; однако для качественной характеристики перевода решающее значение имеет правильный выбор этой единицы в каждом конкретном случае на требуемом уровне языковой иерархии.

а) Перевод, осуществляемый на уровне, необходимом и достаточном для передачи неизменного плана содержания при соблюдении норм ПЯ, является переводом эквивалентным. Все приведенные примеры перевода на разных языковых уровнях были примерами эквивалентного перевода - единица перевода во всех этих случаях была выбрана на уровне, необходимом и достаточном для полной передачи всей информации, заключенной в тексте подлинника (отвлекаясь от возможных потерь, вызванных причинами, не устраненными по своему существу), при условии соблюдения всех грамматических и стилистическо-прагматических норм переводящего языка. б) Перевод, осуществляемый на более низком уровне, чем тот, который необходим для передачи неизменного плана содержания при соблюдении норм ПЯ, оказывается переводом буквальным. Так если английское сочетание *is a member* (в предложении *The terrestrial globe is a member of the solar system*) перевести как является членом, то такой перевод будет буквальным, так как для правильной передачи этого словосочетания, при соблюдении лексических норм русского языка, требуется перевод на более высоком уровне - на уровне словосочетания (входит в). *Keep of the grass* перевести как Держитесь прочь от травы, то это и будет буквальным переводом, в то время как для правильной передачи смысла

при соблюдении норм русского языка здесь требуется перевод предложения: По газонам не ходить.

Следует отметить, что буквальный перевод недопустим, как вытекает из его определения, при таком виде перевода либо искажается содержащаяся в исходном тексте информация, либо нарушаются нормы ПЯ, или имеет место и то и другое. Поэтому случаи буквального перевода, встречающиеся в переводческой деятельности, следует рассматривать как ошибку переводчика. в) Перевод, осуществляемый на более высоком уровне, чем тот, который достаточен для передачи неизменного плана содержания при соблюдении норм ПЯ, является вольным. Недостатком вольного перевода является то, что при нем значение исходного текста передается не совсем точно - происходит слишком большая потеря информации в виду того, что исходный текст подвергается слишком глубоким преобразованием там, где их можно было бы избежать.

Разумеется, тезис о предпочтительности вольного перевода буквальному не является абсолютным - следует также принимать во внимание и жанровую характеристику литературы подлинника. Если при переводе художественной литературы вольный перевод вполне терпим и встречается нередко, то при переводе текстов официальных, юридических и дипломатических вольный перевод совершенно недопустим. В любом случае при переводе текстов всех типов и жанров тем видом перевода, к которому должен стремиться переводчик, является перевод эквивалентный. Для его достижения необходимо обратить особенное внимание к предварительной работе над подлинником; из многих факторов, необходимых для достижения эквивалентности перевода я более подробно попыталась раскрыть три: смысловые особенности, структурные, и функциональные. I. Смысловые (семантические) соответствия при переводе. Основная проблема, с которой сталкивается переводчик при передачи референциальных значений, выражаемых в исходном тексте, - это несовпадение круга значений, свойственным единицам ИЯ и ПЯ. Не существует двух различных языков, у которых смысловые единицы - морфемы, слова, устойчивые словосочетания - совпадали бы полностью во всем объеме своих референциальных значений. Хотя сами выражаемые значения ("понятия") в большинстве случаев совпадают, но их способы выражения - их группировка, членение, и объединении, их сочетании в пределах одной формальной единицы (или нескольких единиц), как правило, в разных языках расходятся более или менее радикальным образом. Это особенно ярко можно продемонстрировать на материале словарного состава двух различных языков. Хотя носителями референциальных значений являются не только слова, все же удобно брать именно слово за единицу сопоставления при сравнении семантических единиц разных языков. Однако надо иметь в виду, что отмечаемые типы расхождений между семантическими системами разных языков не ограничиваются словами, а характерны для других языковых единиц (например, для грамматических морфем).

Структурные особенности. Особенно важно (и что играет принципиальную роль для перевода), что одна и та же глубинная структура может быть реализована в различных поверхностных структурах (и наоборот, за одинаковой поверхностной структурой могут скрываться различные глубинные). Так в конструкциях студент сдал экзамен; экзамен был сдан студентом; сдача экзамена студентом; студент, сдавший экзамен; экзамен сданный студентом; сдал экзамен, студент... и т.п. поверхностная синтаксическая структура различна, в то время как их глубинная структура одинакова в том смысле, что во всех них представлены одни и те же логико-семантические отношения: "деятель - действие - объект действия". Из этого примера нетрудно сделать вывод, что характер

синтаксических отношений в поверхностной и глубинной структуре принципиально различен. В поверхностном синтаксисе принято различать такие типы связи, как подчинение, сочинение и предикативную связь; при дальнейшей детализации указанные типы связи могут подвергаться устранению, например, подчинительная связь может подразделяться на управление, согласование и примыкание, подчинительная - на союзную и бессоюзную и пр. Руководящим критерием при определении того или иного типа подтипа синтаксической связи в поверхностной структуре является, прежде всего, формальный способ выражения данной связи. Что касается глубинных синтаксических отношений то они характеризуются, в первую очередь, не формами своего выражения, а своей семантикой, своей содержательной характеристикой. Можно предполагать, что эти отношения являются одинаковыми для всех языков, хотя и формальное выражение в поверхностной структуре предложения различается от языка к языку. К числу глубинных синтаксических связей, по нашему мнению, следует отнести такие, как “действие - деятель” (студент читает), “действие - объект действия” (студент читает книгу), “действие - адресат действия” (студент дал брату книгу), “определятельную” связь в самом широком смысле слова, то есть связи “субстанции” и ее признака (студент умен, умный студент; громкий разговор, громко говорить и пр.) и др. Внутри этих основных типов глубинной синтаксической связи можно также выделить определенные подтипы; например, внутри “определятельной” связи можно выделить связь темпоральную, локальную, причинно-следственную и пр. Напомним еще раз, что один и тот же тип глубинной синтаксической связи может быть представлен в различных поверхностных структурах. Так, английские предложения *John gave Mary a book*, *A book was given Mary by John* и *Mary was given a book by John* имеют различную поверхностную структуру, но выражаемые в них глубинные синтаксические отношения одни и те же: “действие - деятель - объект действия - адресат действия”. Точно таким же образом русские предложения *Студент, сдавший экзамен, ушел* и *Студент, который сдал экзамен, ушел* имеют одинаковую глубинную структуру при неординарной поверхностной; это же относится к предложениям *То, что он опоздал меня возмутило* и *Его опоздание меня возмутило* и пр. Явление, известное в традиционной грамматике под названием “синтаксической синонимии”). Из приведенного определения глубинных синтаксических отношений явствует, что они выражают собой референциальные значения, то есть отражают связи, объективно присутствующие в самой описываемой ситуации. Из этого вытекает, что в процессе перевода глубинные синтаксические отношения должны оставаться неизменными. Что касается поверхностной структуры предложения, то, и мы видели, даже в пределах одного и того языка где глубинная структура может быть выражена в нескольких различных (“синонимичных”) поверхностных. Тем более это справедливо в отношении разных языков, поверхностная структура предложений в которых, при одной и той же глубинной, нередко не совпадает. Отсюда следует, что в процессе перевода нет никакой необходимости (а часто и возможности) сохранять в неизменном виде поверхностную структуру предложения.

Итак, в процессе перевода “снятие” многозначности языковых единиц и определение выбора переводческого эквивалента обуславливается рядом факторов, как то: узким контекстом, широким контекстом и экстралингвистической ситуацией. Без учета всех этих факторов в их взаимодействии и понимание речевого произведения и, тем самым, его перевод называются невозможными. Именно по этой причине лингвистической базой теории перевода, как было отмечено, должны служить, во-первых, лингвистика

текста, во-вторых, макролингвистическое описание языка с учетом функционирования его системы во взаимодействии с экстралингвистическими явлениями, определяющими предмет, построение и условия существования объекта перевода - речевого произведения. Владение контекстом и знание семантических значений слова ведет к правильному выбору соответствующего эквивалента в переводе. Хотя не следует не замечать роль стиля и характера слова, а также его структурное положение. Все изученные нами факторы настолько взаимосвязаны, что, как мы говорили в начале своей темы, "главное для переводчика - достижение наиболее высокого уровня эквивалентности перевода", - следует детально прорабатывать все эти аспекты для достижения этой цели. Ведь, главное - это не перевести лишь бы поняли, но перевести правильно, красиво, с соблюдением всех норм переводящего языка.

ЛИТЕРАТУРЫ

1. Бархударов, "Теорию перевода", Москва, "Русский язык", 1984.
2. Англо-русский синонимический словарь, Москва, "Русский язык", 1988.
3. Jennifer Seidli, W.Mc.Mordie, "English Idioms and how to use them", Moscow, "Vyshaya Shkola", 1983.
4. Рецкер Я.И., "Теория перевода и переводческая практика", Москва, "Международные отношения", 1974.
5. Русско-английский словарь трудностей переводчика, Москва, "Русский язык", 1993.
6. Stylistique Francaise, Москва, "Просвещение", 1986.
7. Толстой Л.Н., "Война и мир", Москва, "Гослитиздат", 1956.
8. Robert Merle, Derriere la vitre, Москва, "Высшая школа", 1982
9. Розенталь Д.Р., "Стилистика русского языка", Москва, "Русский язык", 1989.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются различные виды перевода и их употребление. А также функциональные, структурные, смысловые аспекты коммуникативной равноценности в процессе перевода.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада аударманың түрлері мен қолданылуы, сонымен қатар функционалдық, құрылымдық, мағыналық қырларының қатысымдық тепе-теңдігі қарастырылған.

НОҒАЙЛЫ ДӘУІРІНДЕГІ ЖЫРЛАРДЫҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ҚАБАТЫНЫҢ СИПАТЫ

Симбаева С. – ізденуші. (Алматы қ., ҚазҰУ)

Халықтың әдеби тілінің қалыптасып, дамуы, сол халықтың әлеуметтік тарихымен тығыз байланысты. Қауымның ру-тайпалық дәуірін былай қойғанда, бірнеше саяси-территориялық бөліктерге бөлініп, бытырап келген феодалдық дәуіріндегі әдеби тілі мен ұлт болып құралған кездегі әдеби тілінің бірдей болмайтынын білеміз.

Қазақ халқы әр түрлі тайпалық одақтар мен ұлыстардың құрамында болған бір тектес түрік руларынан құралды. Осындай тілі ортақ, әдет, салты ортақ рулардың бір тобы қазақтарға Ноғай Ордасынан қосылды. Ал бұл орданың екі-үш ғасыр бойында өмір сүріп тұрғаны тарихтан белгілі.

Алтын Орданың ыдырауы және Ақ Орданың әлсіреуі барысында Қазақстан территориясында пайда болған ірі мемлекеттік құрылымдардың бірі Ноғай Ордасы болды. Ноғай аталған халықтың негізін монғол жаулаушыларының құрамында болған рулар қалыптастырған. Олар жергілікті қыпшақ тектес елдермен араласып, уақыт өте келе жеке халық ретінде дүниеге келген. Ал Ноғай Ордасының нышаны Алтын Орда әлсіреп, құлдырауға бет алған кезде байқала бастаған.

Ноғай Ордасындағы үстем тайпа маңғыттар болды. «Ноғай», «ноғайлықтар», «Ноғай Ордасы» деген терминдер алғаш рет ХҮІ ғасырдың басында ғана пайда болды. Ноғайлықтар өздерін маңғыт деп, ал өз ұлысын – «Маңғыт жұрты» деп атаған. Оларды көрші халықтар осы атымен білген.

ХІІІ ғасырдың екінші жартысында маңғыттар Алтын Орданың уақытша билеушісі түмен басы Ноғай иелігінің құрамына кіреді. Осыдан барып «Ноғай Ордасы» ұғымы шыққан /1, 188-189 бб./.

Ақ Орда құрамында болашақта ноғай, қарақалпақ, өзбек, қазақ халқының құрылу үрдісінде негізгі роль ойнаған тайпалар болды. Сол кезде батыстағы Ноғай хандығы мен шығыстағы Моғолстан жеріне дейінгі кең байтақ өңірде қоныстанған халық қазақ тайпалары еді. Ноғай Ордасының құрамына маңғыттармен бірге қоңырат, найман, арғын, қаңлы, алшын, қыпшақ, кенгерес, қарлұқ, алаш, тама және басқалары енді. Ноғайлы Ордасының негізін қалаған Едігеге, оның ұрпағы Нұраддынға, ноғай батырлары Орақ, Мамай, Қарасай, Қазі, Нәрік, Шора, Ер Көкше, Ер Қосай, Айсанның ұлы Әметке арналған жырлар осы мемлекеттік иелікте дүниеге келді. Ноғай Ордасын мекендеген тайпалар қазіргі Ставрополь өлкесінде, Дағыстанда, Қарашай-Черкес облысында тұратын ноғай ұлтының, Қырым татарларының, қазақ халқының этникалық құрамына енді.

Ноғайлы дәуіріне жататын әдебиетті жанрлық сипатына қарай: шежіре, эпос, толғаулар деп бөлуге болады.

Сол дәуірге жататын Қадырғали Жалаиридін «Жами ат-тауарих» шежіресі тілінің лексикалық негізін қыпшақ тобына жататын түркі сөздері құрайды. Мысалы, осы тұстағы сөзге түркі ескерткіштерінде *ау, ел/ал, ев/еу* болып келетін сөздер мұнда *аң (аңға чықты, аңға атланды), қол, үй* түрінде қыпшақша, оның ішінде қазақша тұлғада жұмсалған. Сол сияқты *бөлек, билеу (ел билеу), күйеу, біреу, ақча, башлық, йақа (жаға), йарылқа, қыр, ой, урушты, ұчрады, чанты* дегендер таза қыпшақ сөздері. Тек жеке сөздер емес, тұрақты немесе лексикалық тіркес болып келетін сөздер де қыпшақ тілдеріне, оның ішінде сол кезеңдегі және қазіргі кездегі қазақ тіліне тән қолданыстар. Шежіре тілінде берілетін *қыз берді, ел болды, ажабқа қалды, дәнде қылды (тұтқын етті), фарман қылды, кіріфтарлық чекті, хуш келді* деген тіркестер беретін мағынасы мен жұмсалатын орнына қарай қазіргі қазақ тілімен бірдей деуге болады.

Шежіренің лексикасына тән сипат - көне түркілік және бөгде тілдік элементтермен қатар, сөздердің жарыспалылығы, яғни бір мағынадағы сөздің көне-жаңа, қыпшақтық-оғыздық, түркілік-арабтық, түркілік-парсылық нұсқалары ретіне орай бірінің орнына бірі қолданыла беруі. Кейде бір мағынада алынған сөзді оның екінші эквивалентімен түсіндіріліп отыруы да байқалады. Мысалы, «әмірші» мағынасындағы *бек, әмір* сөздерін кейде қазақтың *аға* сөзімен алмастырып айтады: *мың бегі / мың ағасы*; әміршінің немесе хан мен бектің

некелі жұбайы мағынасындағы лауазымды білдіретін *хатун* сөзі осы мағынадағы қытайдың *фужин*, монғолдың *еке* сөздерімен қатарласа жүреді.

Бірінің орнына бірі жұмсала беретін *белгілі/мәшһүр*, *йазылды/шарх берілді*, *күн туғуш/машрақ*, *бу күн/хануз*, *йурт/мақам*, *йағы/душман*, *улуг/дузург*, *йарлық/фарман*, *огул/фарзанд*, *мың/назара*, *кіші/нафар*, *бөлік/қисм*, *көб/аксар* деген сөздердің алдыңғы қатарын түркі тұлғалары құраса, екінші қатары араб пен парсы сөздері болып келеді.

Міне, бұндай ерекшеліктер бір жағынан, әлі жеке-жеке ұлттық тілдер болып қалыптасып бітпеген ортағасырлық түркі жазба тілдерінің лексикалық нормасы әлі тұрақтала қоймағандығын көрсетсе, екінші жағынан, орта ғасырдағы түркі жазба дүниесінің араб және парсы тілдерімен тығыз байланысты болғандығын көрсетеді.

Қазақ тілі тарихы үшін ноғайлы жырларының, яғни бұрынғы Дешті – Қыпшақ ұлысына кірген тайпаларға – бүгінгі қазақ, қарақалпақ, ноғай халықтарына ортақ XIV-XVI ғасырлардағы тарихи оқиғаларға байланысты туған жырлар мен аңыз-әңгімелер тілінің орны ерекше. Осы дәуірде дүниеге келген жырлар ауызша дамыған қазақ әдеби тілімен іліктесіп келіп, бір жағынан, оның көркемдік нәр алған қайнар көзін құрайды.

Жалпы қазақ әдебиеті дүниесінде эпос - өте қомақты жанр. Оның тілінің әдеби тілге, қазақтың ескі жазба тіліне, тіпті осы күнгі жазба әдеби тілінің қалыптасуындағы орны ерекше. Жалпы қазақ ауыз әдебиетінің (фольклордың) тілі әдеби сипат алған, белгілі бір сөз жұмсау нормаларын қалыптастырған, көркемдік, эстетикалық қуаты күшті тіл екенін зерттеушілер баса көрсетеді. /2, 23 б./

Ал енді көне түркілік қабатқа тән, мағынасы арнайы түсінікті қажет ететін лексемаларды қарастырайық.

«Даңға шығу» «Ер Сайын» жырында:

Байлығының белгісі

Малы алашқа даң болған, – деп келеді. «Ер Тарғын» жырынан да осы тіркесті кездестіруге болады. Бұл тіркес Қазақстанның батыс өлкесінде жергілікті сөз (диалектизм) ретінде, кейде ауызекі сөйлеу тілінде де ұшырайды. Мағынасы – «белгілі болу, атағы шығу, даңқы шығу». Даңға шығу дегеннің бірінші сөзінің түбірі – дақ. Бұл жеке тұрып қазірде көп қолданылмайды. Ал түркі тілдерінің кейбіреулерінде, мысалы, қырғыз тілінің оңтүстік диалектісінде дақ – «атақ, даңқ» мағынасында ұшырасады. Осы түбірден өрбіген даңду «белгілі, атақты», даңдау «біреуді мақтап атағын жаю»; «даңдану «өзін жақсы жағынан көрсету» деген сөздер қырғыз әдеби тілінде жұмсалады. Қазақ тілінде де «даңдайсу» (дақ + дай + сы + у) деген етістік кездеседі, яғни «өз атағын өзі көтермелеу».

Сонымен, дақ сөзі бір кездерде жеке тұрып, «атақ, даңқ» дегенді білдіргені хақ. Ал шығу етістігінің бұл жерде барыс септігін талап етіп тұруы биікке шықты, тауға шықты дегендей, белгілі атаққа шықты деген үлгіге (модельге) сай даңға шықты болып қалыптасқанға ұқсайды. Қазірде бой жетті түрінде айтылатын тіркес ілгеріректе бойға жетті тұлғасында айтылған /3, 43 б./

«Қамбар батыр» жырында:

Шынтақтап сан мамықты

Айылыңды жимайсың,

Аяғыңды көсіліп, – деген өлең жолдары бар.

Қазақ тілінде *айылын жимады* деген тіркес бар. Мұндағы айыл сөзі ер – тұрман әбзелінің бірінің аты сияқты. Ал шынында айыл – моңғол тілінде «қорқыныш, үрей» деген мәндегі сөз. Мұндағы айыл сөзі бір кезде түркі – моңғол тілдеріне ортақ сөз болып «үрейін жимау», яғни «қорықпау, жасқанбау» мағынасын беретін тіркес ретінде қалыптасқан болар. Бұл сияқты құрамында

түркі – моңғол тілдеріне ортақ сөздер сақталып қалған сірі тіркестер қазақ тілінде көп /4, 27 б./.

Қобыланды батыр жырында асра (асыра) жұрт деген тіркес те кездеседі:

Асыра қыпшақ баласы
Жатқаннан соң байлауда
Арыстан туған екен деп
Асыра жұрты қуанды.

Көне түркі тілдерінде асра деген сөздің бір мағынасы «бағынышты, мойынсұнған» дегенді білдірген. Жұрт сөзі – түркі тілдерінде өте ертеден келе жатқан, терминдік мәні бар сөз. Ұзақ уақыт сақталып келген терминдік мағынасы – «ел, белгілі бір қауым, этникалық құрам, белгілі атымен аталған халық» деген мағына.

Қазақ әдеби үлгілеріндегі асра жұрт тіркесі, сірә, «бөгде, басқа жұрт» дегенге емес, «бағынышты, қол астындағы өз жұрты» дегенге саяды /5, 48 б./.

«Ер Тарғын» жырынан:

Қайтпай қонар елім жоқ,
Елім – күнім Кәрібоз,

Сөйлесетұғын тілің жоқ, – деп астындағы атымен сырласатын жері бар. Мән – мәтінге қарай ел – күн қос сөзінің мағынасын бірден ұғуға болады, ол – «ел – жұрт, адамдар». Ал күн сыңары қандай ұғым бермек.

Күн көне түркі тілдірінің өзінде – ақ ел сөзімен қосарлана келіп (ел – күн түрінде), «халық, ел жұрт» дегенді білдірген /5, 169 б./.

«Қобыланды батыр» жырында :

Зор салмасын біздерге

Зор салмасын жолбарысқа, - деген өлең жолдары бар. Қамбар батыр өзін:

Еңбекке белін байлаған

Қас кедейдің зорымыз, – деп таныстырады.

Бұл күнде зор сөзінің заттық мағынасы өзгеріп, сындық, үстеулік мағынада жұмсалады: 1) «ірі үлкен», 2) «мықты, күшті», 3) «ерекше, айрықша» т.б.

Оның заттық мағынасы бар, онда бұл сөз «күш, қуат, мықтылық» деген заттық мағынадағы сөз ретінде берілген. Бұл сөзді түркі тілдеріне кірме дегеннен гөрі, парсы тіліне түркі-моңғол тілдерінен енген сөз болу керек. Өйткені «батылдық, ерік, күш» мағынасында зор сөзі моңғол тілінде де бар. Бұл түбірден түркі-моңғол тілдерінде ондаған туынды сөздер (сын есім, үстеу, етістіктер) жасалғаны бұл сөздің түп төркінін көрсете түседі. Мысалы, бір қазақ тілінің өзінде зорай, зорлық деген етістіктер, зорақ, зорға, зордан деген сын есім мен үстеулер, зорлық, зорлықшы сияқты туынды зат есімдер қолданылады.

Қамбар батыр жырында:

Қас батыр майданда

Диірмендей дөңгелер, – деген жолдар бар. Абай да бұл сөзді қаса сұлу деген тіркесте қолданады. Мұндағы қас(а) сөзі бұл күнде «өте, нағыз, тым, аса» деген мағынадағы күшейткіш мәнді үстеу деп танылады. Бұл сөздің түп-төркіні түркі тілдеріндегі «қанығ, айрықша көзге түсетін» және «мықты, күшті» деген сөз деуге болады. Бұл сөздегі *ш* дыбысының қазақ тіліне келгенде *с*-ға айналып кетуі және соңғы «*ығ*» сусымалы дыбыстарының түсіп қалуы - фонетикалық заңдылық. О баста қас батыр, қас сұлу, қас жүйрік «көзге түсетін айрықша» деген жағымды мәндегі тіркестерде қолданыла келе, кейін қас надан, қас жауыз сияқты о да көзге түсетін, ерекше көрінетін жағымсыз адамдарды да атап кетсе керек /5, 118 б./.

Қорыта келе айтарымыз, Ноғайлы дәуіріндегі толғаулар мен жырлардың мәтінінен көне түркілік сөздер мен лексемаларды көптеп кездестіруге болады және олардың берер мағынасы арнайы зерттеуден кейін ғана түсінікті болмақ.

Шалкиіз жырау толғауларында:
 Алқалаған ауыр қолдар тоқтарға
 Арыстанбекұлы сұлтан бар.

Алқалау сөзінің түбірі – алқа. Алқаның қазіргі мағынасы: «жиын, топ» /6, 224 б./. Бұл арабтың халқа сөзі, мағынасы «дөңгелек», одан барып «адамдар тобы» деген ауыспалы мәнде қолданылған. Бұл сөз түркі тілдерінде өте ертеде болғанға ұқсайды. Этнографтардың айтуларына қарағанда, Орта Азияны және Қазақстанды мекендеген халықтардың ислам дәуіріне дейінгі әдет-ғұрпында жылына бір рет өлгендердің бейітіне баратын дәстүр болған. Бейіт басына жиналған әйелдер алқа құрып, қол ұстасып, ауық-ауық алақан соғып, дұға оқып, ортаны айналдырып жүретін болған, соны алқа деп атаған /7, 155 б./. Түркі тілдеріне иран тілінен алқа сөзі осы кездерде кірген болуы керек, ал иран тіліне бұл сөз араб тілінен енген.

Сөйтіп, жырлар мәтіні бойынша мынадай қорытынды жасауға болады: грек тілінен қазақ тіліне *алмас*, *дәу*, *тұмар*, деген сөздер еңсе, еврей тілінен *адам*, *аумиын* деген сөздер ауысқан. Ағылшын тілінен *тарам* үнді тілінен *мат* сөздері жырларға және қазақ тіліне енген. Сөйтіп, жырларда түрік тілдері, әсіресе өзбек тілі, едәуір әсер еткен, соның нәтижесінде, *айым*, *ата жан*, *көзгененнен айналайын* сияқты бірқыдыру өзбек сөздері орын алған. Кейбір өзбек сөздері мысалы: *зара*, *дал болу*, *уаж* тәрізді аздаған сөздер оңтүстік қазақтарының арасында жиі ұшырайды. Жырда *аңла*, *аңдыз*, *түглер* деген ұйғыр, қарақалпақ, татар сөздері де бар.

Эпоста *баян*, *мама*, *мінет* типтес орыс сөздері, *ерке*, *жасауыл*, *кебенек* тәрізді моңғол сөздері, *ем*, *жарлық*, *қарауыл* сияқты қазақ пен моңғолға ортақ сөздер де кездеседі.

Қазақ тіліне ертеден еніп, халқымыздың байырғы сөздеріне айналған араб-иран элементтері мол, олардың бірқатары мысалы: *абырой*, *әдеп*, *бағыр*, *гаріп*, *дана*, *зальым*, *кем*, *қадір*, *мырза*, *намыс*, *палуан*, *рең*, *тән* сияқты қыруар сөздер адамның ерекшеліктері мен қасиеттерін білдіруге байланысты жырда айтылған сияқты.

Эпостардағы *азап*, *бәле*, *дариға*, *жапа*, *қапа*, *мақсат*, *нала*, *рақат*, *тамаша*, *торығу*, *үміт*, *хал*, *шат*, *ыза* тәрізді көптеген араб-иран сөздері кейіпкерлердің әртүрлі жағдайларына, әсіресе көңіл күйлеріне, тілек мақсаттарына байланысты қолданылған. Соған ұқсас *арыз*, *ғашық*, *дос*, *жар*, *ғайып*, *куә*, *құрмет*, *лебіз*, *махаббат*, *неке*, *рұқсат сәлем уағда*, *ұстаз*, *хабар* типтес сөздер кейіпкерлердің арасында әртүрлі қатынастарды көрсеткендіктен эпостан орын алған тәрізді. Оның үстіне, *айбат*, *әлек*, *қабыл*, *ойран*, *сайран* сияқты бірқыдыру сөздер жырлардағы қаһармандардың іс-әрекетін баяндауға байланысты айтылған.

Аздаған араб-иран сөздері *айна*, *апта*, *бейсенбі*, *көше*, *сағат*, *шатыр* сияқты жаңа атауларға байланысты қазақ тіліне енген деп топшылауға болады. *Әкім*, *әскер*, *қазына* сияқты сөздер әкімшілік басқару ісіне; *базар*, *баға*, *қаржы пұл* тәрізді сөздер сауда-саттыққа байланысты жырлардың тілінен орын алған.

Батырақ, *ғазал*, *зындан*, *көдек*, *нөкер*, *сәуір*, *талақ* сияқты біраз сөздер қазіргі қазақ тілінде сирек қолданылады.

Ақын-жыраулар шығармаларындағы сөздердің басым көпшілігі бұл күнде де қалың оқырманға әбден таныс, мән-мағынасы түсінікті сөздер. Сонау жалпытүркілік дәуірден бері желісін үзбей келе жатқан тіліміз сандаған сөздермен толығып, бірнеше өзгеру, даму кезеңдерін басынан кешті. Соған қарамастан, ақын-жыраулардың тілі көпшілікке түсінікті, анық болып келеді, өйткені бұлар қазақтың жалпыхалықтық сөйлеу тілінің негізінде жырланған мұралар. Сонымен қатар, бұларда жырланған тақырыпқа, көнеден келе жатқан образдарды пайдалануға, ескі тұрмыс-салтқа байланысты бұл күнде ұмыт бола бастаған немесе мүлде ұмытылған, я болмаса мағынасы өзгерген сөздер мен тіркестердің

кездесуі заңды. Сондай сөздердің сырын біліп, қолданылған жеріндегі мағынасын түсіну, олардың түп-төркінін танып отыру сол дәуірден қалған жәдігерлерді дұрыс оқып, танып білудің кілті болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ ССР тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін: 5 томдық / Жауапты ред. А. Қойгелдиев. – Алматы: Ғылым, 1983. – 1 т. – 225 б.
- 2 Жұбанов Е. Эпос тілінің өрнектері. – Алматы: Ғылым, 1978. – 163 б.
- 3 Досқараев Ж. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. Лексика: I, II бөлім. – Алматы: Ғылым, 1955. – II бөлім. – 243 б.
- 4 Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Санат, 1994. – 272 б.
- 5 Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Рауан, 1991. – 295 б.
- 6 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 10 томдық / Бас ред. А. Ысқақов. – Алматы: Ғылым, 1977. – 1 т. – 685 б.
- 7 Снесаров Г.П. Реликты домусульманских верований и обрядов у узбеков хорезма. – М.: Изд. вост. лит., 1969. – 155 с.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Ноғайлы дәуіріндегі жырлардың лексикалық қабатының сипаты қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается характер лексического пласта литературы периода Ноғайлы.

ПСИХИКАЛЫҚ КҮЙДЕГІ НОМИНАНТТАРДЫҢ САНАТТЫҚ БЕЛГІЛЕРІ

Түйте Е., Мажитаева Ш.М.

(Қарағанды қ., Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ)

Психологтардың айтуынша кез келген психикалық акт – бұл психикалық құбылыстардың үш тобы көрсетілген біртұтас құрылым болып табылады, оның төмендегідей топтары бар: үдерістер (сезім, қабылдау, ойлау), қасиеттер (темперамент, мінез-құлық жүйесі, қабілет) және күйлер.

Психикалық күйлерді белгілі бір уақытта барлық психикалық компоненттердің көрінісі ретінде қарастыруға болады. Бұл – салыстырмалы тұрақтылықпен, ерекше құрылымымен, мазмұнымен сипатталатын біртұтастық. Психикалық күйлерде қарқындылық, психикалық үдерістердің сапасы және олардың бағалануы білінеді.

Мамандардың айтуы бойынша көп әрекетті құбылыс ретінде күй параметрлердің кең спекторымен көрсетіліп, бұл параметрлердің негізі болып табылатын түрлер төмендегідей: *эмоционалды* (бұл мінездемелерді кейде модалды деп атап, модалды деген ұғым сапалық ерекшелікті білдіретінін түсіндіреді: қорқыныш, ұят т.б.), *активациондық* (психикалық үдерістердің қарқындылығын бейнелейтін, қозудан бастап енжарлыққа дейін), *тонус* (тұлғаның күш қорын бейнелейтін, ширақтықтан бастап түс көруге дейін), *тензионды* (күш салу дәрежесін бейнелейтін, стресс, фрустрация т.б.), *мезгілді*

(күйдің ұзақтығын, тұрақтылығын көрсетеді), *жай-күйлердің өрістігі* (қарастырылатын күй белгілері жайлы, оң немесе қолайсыз теріс) /1/.

Адам практикалық және теориялық іс-әрекеттің субъектісі ретінде табиғатта және заттық дүниесінде кез келген өзгеріс жасап, басқа адамдарға әсер етіп қана қоймай, қоршаған ортаның әсерін сезіп, онда не болғаны жайлы уайымдайды. Қоршаған орта жайлы уайымдау адамның сезімі және эмоция саласын қарастырады. Сезім негіздері ақыл-ойдың тұйықталған ішкі дүниесінде емес, олар сананың шегінен тыс тұлғаның дүниеге деген қарым-қатынасында, бұл қарым-қатынастар дәлдік пен толықтырудың әр түрлі өлшемімен сезінеді.

Эмоция міндетті түрде тұлғаның құрылымына кіреді. Әрбір тұлғаның өзінің негізгі сезім палитрасы болады, осы сезімдер арқылы ол дүниені өзінше қабылдайды. Адам сезімдерінің жиынтығы – бұл адамның дүниеге және ең алдымен басқа адамдарға деген өзіндік уайымдауының түрі және тікелей формасы түріндегі жиынтығы болып табылады. Жалпы психикалық уайымдау – субъективті уайымдау және оның жүріс-тұрысы, психикалық әрекеттің себебі түріндегі сыртқы дүниетанымы болып табылады. Сезім – адамның өмірінде болып жатқан құбылыстарға, танымдарына деген әр түрлі ішкі қарым-қатынасы.

Сезім уайымы – субъектінің ерекше сезетін психикалық күйі, бұл психикалық күйде белгілі бір танымдық түсінік белгілі және белгісіздік, танымға, қабылдауға деген өзіндік қарым-қатынасымен қатар жүріп отырады. Жаңа айтылған барлық жағдайларда сезім уайымы адамның ерекше эмоционалдық жағдайы ретінде қарастырылады. Индивидтің қатысатын әрекет ара қатынасымен, оның қажеттіліктерімен анықталып, сезім тұлғаның құрылысын көрсетіп, оның бағыттарын және белгілерін анықтайды, бұл адамның сезімдеріне әсерін тигізеді, қуантады, ренжітеді оның нақты тіршілігін нақты көрсетеді.

Сезім – шындық бейненің спецификалық формаларының бірі болып есептеледі. Танымдық үдерістерде шындықтың заттары мен құбылыстары көрсетілсе, сезімде субъектінің өзіне қатысты танымдық заттар мен құбылыстарға деген қарым-қатынасы көрсетіледі.

Қажеттілік «сана экранында» эмоция түрінде көрсетіледі. Сезім субъективті түрде қажеттіліктерінің қанағаттандыру үдерісі қалай өтетіндігін бейнелейтін көрсететкіштің қызметін атқарады. Іс-әрекет және қарым-қатынас үдерісінде пайда болған оң эмоционалдық күй (қуаныш, рақат, т.б) қажеттіліктерін қанағаттандыру үдерісінің жақсы өтетіндігін куәландырады. Қанағаттандырмаған қажеттіліктер теріс эмоциялармен қабаттас болады (ұят, қайғы, өкініш т.б).

Эмоционалдық үдерістерде жеке адамның қажеттіліктеріне сай немесе кері жүріп отырған оқиғалар барысы арасында байланыс қалыптасады, осының нәтижесінде адам кез-келген әрекетке немесе қарсылыққа икемделеді. Эмоциялар адам қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған адам қызметі барысында қалыптасады, сондай-ақ жеке адам қызметіндегі эмоция күйінде уайымдалатын эмоциялар немесе қажеттіліктер қызметке икемдеу болып табылады. Бірнеше жылдар бойы ғылымда эмоция және сезім ұғымдары бөлініп, жеке қарастырылады. Осының негізінде таза адамға тән эмоциялар (этикалық, эстетикалық, тану сезімдері) мен адам мен жануарларға қатысты эмоционалдық реакциялардың (қорқыныш, ашу т.б) бөлінуі анықталды.

Адам психикасын жалпы үдеріс ретінде түсіну үшін эмоцияларды білу өте маңызды, өйткені олар психикалық қызметтерінің құрылымын ұйымдастырғанда ағза реакцияларының спецификалық, психикалық заңдылықтарының сыртқы әсерлеріне орнықтыруында бас қызметін атқарады. Т.Павловтың айтуынша танымның субъективті жағы және оның құрылымы бір құбылыс болып табылады /2/.

Жалпы психикалық қызмет үшін эмоциялар мен сезімдердің ерекше маңызды мағынасы таным және жігерлі қызметтерінің арасында орын алып, оларды бір-бірімен байланыстырып, адам санасының белсенділігі деп аталатын құбылысқа жататындығымен анықталады.

Кезінде Гегель жеке тұлға мен қоғам өміріндегі атқаратын функцияларына байланысты эмоциялар мен сезімдердің арасындағы айырмашылықты көрсетуге тырысқан. Оның пікірінше «ішкі сезімдер» екі түрлі бола алады. Біріншіден, кез келген ерекше күйде немесе қатынаста болып, жеке (ашу, кек, қызғаныш, ұят, өкініш), екіншіден құқыққа, әдептілікке, дінге керемет ақиқатқа жататындар /3/.

Сезім өзінің эмоциялы көрінісінен тыс тіршілік ете алмайды, бірақ оның мазмұны қоғамдық болып табылады. Мысалы, біз Отанды сүю арқылы оның жауларына жеккөрушілік, өшпенділік сияқты сезімімізді білдіре аламыз, ал халықтың жетістіктерін көріп қанағаттанып, қуаныш сезіміне ие боламыз. Осы барлық эмоциялы реакциялардан Отанға деген сүйіспеншілік байқалады. Демек, сезім пайда болу үшін эмоциялық реакция, уайымдау сияқты таным элементтері де қажет.

Психикалық акт сияқты эмоциялар тек ақыл-ойда кез-келген тұлғаның қарамағындағы күшімен көрінеді. Адам психикасының деңгейінде олар жаңа сапалық ерекшеліктерге ие болып, сол ерекшеліктерінің көмегімен адам эмоциялары жануарлардың эмоцияларынан ерекшеленеді.

Ғалымдар төменгі (биологиялық) және жоғарғы (әлеуметтік) деп аталатын эмоциялар топтарының бар екендігін айтып, қорытынды жасап, эмоциялар мен сезімдерді бір-бірінен айырады. Эмоциялардың сипаттамалық белгілері: эмоциялар субъектінің күйін көрсетіп, оның объектіге деген көзқарасын білдіреді, бұл белгісінен оны қабылдаудан айыруға болады; эмоциялардың оң және теріс белгісі болады: ұнамды - ұнамсыз, қуаныш – қайғы. т.б.

Адам уайымының ерекшеліктері келесі негізгі сәттерге жатады:

- сананың бір бөлігі сияқты қарапайым эмоциялар уайымның қызметін атқарады;
- сезінудің көмегімен эмоциялар жеке және қоғам өміріндегі адамның қарым-қатынастарын реттеуде спецификалық қызмет атқарады;
- адам қажеттіліктерінің көрінісі ретінде, эмоциялар мен сезім мінез-құлықтың себебі мен реттеуінде маңызды қызмет атқарады.

Уайымдау – жеке санадағы психикалық тіршіліктің түрі. Кез келген психикалық үдеріс тұлғаның санасында орын алып, сол тұлғаның болмысында уайым түрінде көрінеді. Адамның пайда болған кез келген сезімі қоғамдық сипатқа ие. Осы тұрғыдан адам мен жануарлардың сезімдерінің басты ерекшеліктерін келесідегідей етіп көрсетуге болады: біріншіден, адамның сезімі жануарларға қарағанда өте күрделі (ашу, қорқыныш, қайғы, қуаныш), екіншіден, адамдарға тән сезімдердің көбі жануарларда болмайды (жеккөрушілік, мақтаншақтық, қызғаныш) бұл сезімдердің әрқайсысының өзіндік спецификалық көріну жолдары бар (сөйлеу интонациясы, мимика, пантомимика, күлкі, көз жасы), үшіншіден, адам жағымсыз сезімдеріне кедергілер жасап тоқтатып, әр уақытта өз сезімдеріне ие бола алады (ашу, ренжу, ыза болу, көңілі қалу т.б).

Қазіргі кезде психология ғылымында эмоциялық күй индивид қажеттілігінің сапасымен, қарқындылығымен және сол қажеттіліктердің қанағаттандыру мүмкіндігіне қоятын бағасымен анықталады. Бұл көзқарас эмоциялардың табиғаты мен олардың пайда болуында *эмоциялардың ақпараттық тұжырымдамасы* деген атқа ие болды /4/.

Пайда болуына байланысты бұл жүйеге эмоциялардың барлық түрлері жатпайды. Мысалы, *таңқалу* эмоциясын не жағымды не жағымсыз эмоциялық

күйге жатқыза алмаймыз. Бұлар қарама-қарсылық бірлікті түзеді, мысалы, *қызғаныш = махаббат + жеккөрушілік*.

Аффекті – эмоциялы саланың маңызды сапасы ұнамды және ұнамсыз, сонымен қатар эмоциялық жағдайда бір-біріне қарсы шиеленіс, ыдырау, қозу және басылым болып табылады. Қажеттіліктерінің қанағаттануы немесе қанағаттанбауы адамда әр түрлі спецификалық уайымдардың пайда болуына әсер етеді: олар эмоциялар, аффектілер, көңіл-күй, стресс және сезімдер. Бұлардың бәрі тұлғаның эмоциялық санасын құрайды, бұл сана адамның мінез-құлқының реттеуші, танымның тірі көзі, адамдар арасындағы күрделі және әр түрлі қарым-қатынас көрсеткіші болып табылады.

Эмоциялар. Көп жағдайда эмоция және сезім ұғымдары синонимдер түрінде қолданылады. Тар мағынасында эмоция – кез келген тұрақты сезімнің уақытша уайымдауы. Эмоция – бұл жанның толқуы, қозғалысы, мысалы эмоция музыкаға деген сүйіспеншілікті білдірмейді, ол таңдану, рақаттану күйін танытады. Кейбір жағдайларда эмоциялар әрекеттігімен ерекшеленеді. Олардың бірі адамның күш қуатын жоғарлатып, сөйлеуге т.б. деген құштарлығын арттыратын стеникалық эмоциялар да, екіншісі уайымдау, қайғы т.б. сияқты ұнамсыз әрекеттердің жағдайын көрсететін, адамның күш-қуатын төмендететін астеникалық эмоциялар болып табылады /5/.

Аффектілер. Адамды тез игеріп алып, қарқынды жүріп отыратын үдерістерді *аффектілер* деп атайды. Олар сананың маңызды өзгерістерімен, әрекетті бақылауының бұзылуымен, өзін-өзі ұстай алмауымен және жалпы ағза тіршілігінің өзгеруімен сипатталады. Оның көрінісіне кернеген ашу, елірген қуаныш жатады. Аффектілер қысқа мерзімді болып келеді, өйткені олар көптеген күшті қажет етеді. Мысалы, қазақша жай эмоцияны жанның «толқуы» десек, аффектіні «*дауыл немесе сезімнің кенеттен жарқ етуі*» деп те айтуға болады.

Аффект - бұл жанның күшті толқуы, ол еркін және қарқынды өтетін жарылыс сияқты эмоциялық үдеріс. Сол себепті аффект табиғаты тұрғысынан шокпен байланысты. Осындай жағдайда адам ұстамдылықтан айрылып, не айтып, не қылғанын білмей қалады.

Құштарлық (құмарлық) - адамды игеретін күшті, тұрақты, ұзақ сезім.

Құштарлық әрқашан да белгілі бір мақсатқа бағытталған күш, ол ойдың жинақтылығымен, зейінмен ерекшеленеді. Құштарлық – бұл эмоционалды, еркін, таным үдерістерінің жиынтығы. Мұнда сезімнен гөрі талап (стремление) басым болады. Гегельдің айтуынша құштарлықсыз ешқашан ұлы істер жасалмаған еді, жасалуы да мүмкін емес /3/. Тұлғаның санасында эмоциялар басым болғандықтан, құштарлыққа берілген адамның мінез-құлқы белгілі бір мөлшерде аффектілі болады. Құштарлыққа берілген адам пассивті, жапа шеккіш, белгілі бір күштің билігінде болады. Қанағаттанбаған құштарлық күшті эмоциялар мен аффектілі жарылыстарды туғызады (ашулану, қайғыру, ренжу).

Көңіл-күй деп тұлғаның барлық түрлерінде көрінетін, барлық толғаныстары мен тебіреністеріне өң беретін жалпы эмоциялық күйді айтады.

Стрестік жағдайлар бұл психологиялық сипаты тұрғысынан аффектіге ұқсас, бірақ ұзақтығымен көңіл-күйге жақын сезім уайымының ерекше түрі.

Сезім – бұл адамның қоршаған болмыс заттар және құбылыстармен қатынас жасауынан әрқилы формада көрініс беретін толғаныс, күйзелістері. Сезім мазмұны жеке тұлғаның таныған, істеген нәрсесіне деген тұрақты көзқарастарын құрайды, яғни ол даралық сипатқа ие. Сондықтан сезім үдерісі тұрақты ұзақтығымен сипатталады.

Модальдік бойынша эмоциялардың жіктелуі

Оң (жағымды)	Теріс (ыңғайсыздық туғызатын)	Амбивалентті (жағымды және ыңғайсыздық туғызатын)
Қуаныш Рахат Шаттық Мақтаныш Махаббат	Алаңдау Қайғы Үмітсіздік Мұң Көңілі толмау Өшпенділік Қызғаныш Ыңғайсыздық Стресс Фрустрация	Мазасыздық Махаббат Рақымдылық Стресс Қорқыныш Мақтаныш

Моральдік сезімдер: бұлардың басты ерекшелігі - әлеуметтік сипаты, әлеуметтік мәні болса, екінші ерекшелігі – олардың көріністерінің күрделілігі мен сан қырлылығы. Бұл сезімдер ерлік, қаһармандық әрекеттер мен қылықтардың ішкі қозғаушы күші болып саналады.

Интеллектуалдық сезімдер: бұл тану, ақыл-ой әрекеті үдерісінде пайда болатын тебіреністерді көрсетеді. Бұл сезімнің түрлеріне білуге құмарлық, күдіктену, сенімділік, интуиция ықтималдық, жаңашылдық, болжау т.б. жатады.

Эстетикалық сезімдер: бұл сезімдер заттар мен құбылыстарды қабылдаудағы әсемдікті, сұлулықты тамашалап сүйсіну /6/.

Қорыта келгенде, психикалық жай-күйлер лингвистикалық нысан ретінде біріншіден, психикалық құбылыстарды тілдік тұрғыдан толық меңгеруге, екіншіден, олардың грамматикалық, тілдік емес белгілерін жан-жақты тануда маңызы зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Куликов Л.В. Проблемы описания психических состояний. // Психическое состояние. –Санкт-Петербург: Питер, 2000.
2. Павлов Т. Избранные философские произведения. Т. III. –М.: Наука, 1962.
3. Гегель. Сочинения. Т. III. –М., 1956.
4. Симонов П.В. Информационная теория эмоции. // Хрестоматия по психологии. –М.: Просвещение, 1987.
5. Жарықбаев Қ. Жалпы психология. –Алматы: Эверо, 2004.
6. Итбаев Н.М. Жалпы психология. –Ақмола, 1992.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала адамның психикалық жай-күйін танытатын танымдық-психологиялық белгілерді анықтап, олардың лингвопрагматикалық және ономасиологиялық қызметін қарастыруға арналған зерттеулерге қысқаша шолу жасалынады.

РЕЗЮМЕ

В статье определяются познавательные-психологические признаки психических состояний человека, дается краткий обзор исследований, посвященных их лингвопрагматическим и ономасиологическим функциям.

КОНСТИТУЦИЯ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДАМЫТУДЫҢ КЕПІЛІ

Хасанұлы Б. - ф.ғ.д., академик (Алматы қ., Қазмемқызпу)

Мемлекет басшысының ұсынысымен, елімізде конституциялық заңдарға түбірлі өзгерістер енгізу - кезек күттірмейтін мәселе. Байыбына барсақ, Конституция тіл мәселесіне ерекше мән берілгенін, соның дәлелі ретінде алты бапта тіл туралы қағида айқындалғанын айтпақ керек. «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы заңы» (1997ж.) қабылдануы Конституциялық талап болды (93-бап).

Әлбетте, Тіл заңын құрастырудың әлем мойындаған бірыңғай үлгі не ережесі жоқ. Алайда бұл ретте әлемдік социолінгвистиканың кейбір зерттеу нәтижелері мен қорытындыларын пайдалануға әбден болады. Міне, осы тұрғыдан келгенде, Қазақстанның Тіл заңы, жалпы алғанда, халықаралық үлгіге әбден сәйкес келеді. Бұл заң Қазақстанда бұрын-соңды (1921 жылдан бері) қабылданған сан алуан декрет, заң, конституциялық қағидалардың бәрінен көш ілгері. Осылай дей отырып, бұл Заңды үкіметтің қолдануы, халықтың жүзеге асыруы үшін, біздің ойымызша, оның тұла бойын тұтып, алға бастырмай тұрған бес түйткілдің төңірегінде пікір алысқан жөн деп білеміз. Алдымен Тіл заңын жүзеге асыру ісін білікті басқару мәселесі, мемлекеттік тілді білу қажеттілігі туралы, орыс тілі орайында, мемлекеттік тілді білуді қажет ететін мамандық маңайында және мемлекеттік тілді бұқаралық ақпарат құралдарында қолдану хақында пәтуаласқан жөн болса керек.

Тіл туралы конституциялық заңды жүзеге асырудың әлем жұртшылығы мойындаған нақты үлгісі болмағандықтан, мына алты ұстанымды басшылыққа алуды ұсынамын:

1. Тіл туралы конституциялық қағидаларды біліктілікпен жүзеге асыру үшін Тіл заңы табиғатын, тіл заңының өзге заңнан ерекшелігін ескеру шарт;
2. Тілдің конституция белгілеген мемлекеттік мәртебесін жүзеге асыру үшін Республиканың жергілікті тілдік жағдаятын (ситуация) социолінгвистикалық тұрғыдан жаппай зерттеу жүргізіп, анықтау қажет;
3. Жұртшылықтың, қазағы бар, орысы бар, өзгесі бар, мемлекеттік тілге деген бағдарын психолінгвистикалық тұрғыдан зерттеп, мемлекеттік тілді психолінгвистикалық ұсынымдар негізінде дамыту ұстанымын жүзеге асырмақ керек;
4. Халықаралық тәжірибені зерттей отырып, озығын нақты басшылыққа алу қажет;
5. Отандық тәжірибенің үздік үлгілерін дамыту керек;
6. Мемлекеттік тілді заң күшімен дамытуда тілдің даму заңдақтарына арқа сүйеу абзал.

Алдымен айта кетейін, осы алты қағида Қазақстанда Конституциялық тіл қағидаларын түзу үстінде басшылыққа алынды.

Қазақстан ұстанған тіл саясатының сипаты қандай? Бұл ретте мынаны айту керек: Қазақстанның тіл саясаты, ұстанған бағытына қарай, игілікті, мазмұнына қарай, демократиялық, этникалық тұрғыдан күллі тілге қамқор болуды көздеген деп сипаттаған абзал. Бұлай дейтін себебіміз мынау:

Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заң «Қазақстан Республикасындағы тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттерін белгілейді, Қазақстан

Республикасында қолданылатын барлық тілге бірдей құрметпен қарауды қамтамасыз етеді».

Тіл Заңы бойынша, «Қазақстан Республикасында тілдік белгісі бойынша азаматтардың құқықтарын кемітуге жол берілмейді» (7-бап). Азаматтардың «ана тілін қолдануына, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдауына құқығы бар» (6-бап).

Айта кеткеннің артығы жоқ, қазақ тілін көп қазақ білмейді деседі, әлеуметтік лингвистика мен психолінгвистика маманы ретінде айтарым сол - әдеби тілді күллі халық білмейді, білуі міндетті де емес, практикалық қажеттілік емес, барша жұрт тілдің әр түрлі формасын қолданады.

Қазақстанның мемлекеттік тілі - қазақ ұлтының тілі. Әлемдік лингвистикада ұлт тілі - ұлтты туғызушы, қалыптастырып, дамытушы құрал. Қазақ тілінің қазақ ұлтын туғызғаны, қалыптастырғаны даусыз. Алайда, шынын айту керек, ол ұлтты дамытушы бірден-бір құрал бола алмай отыр. Аяулы ана тілін білу және оны қызмет бабында қолдану - бойында қазақ қаны бар әр адамның мұраты.

Қазақ тілінің дамуы, құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етілгенмен, қанағаттанғысыз күй кешуде. Сол себепті Қазақстанның тілдік ахуалы барған сайын күрделене түсуде. Тілдік ахуал деген - тіл не тілдер қолданылуының нақты көрінісі. Ол тілдік және тілден тыс жағдайлардың (әлеуметтік, саяси, экономикалық, тарихи, географиялық т.б.) жағдайлардың өзара байланысынан туындайды.

Тілдік ахуал көбінесе мемлекеттік тілдің жағдайымен байланысты күрделенуде.

Қазақстанның заңнамасы Республикадағы тілдер қызметінің құқықтық негіздерін анықтап, оларды зерттеп және дамытуға мемлекеттің жағдай жасау міндетін белгілеп, еліміздегі тілдер туралы заңдардың сақталуына бақылау жасаудың тәртібін реттегендей /1/ Айталық, Қазақстан Республикасындағы тіл туралы Қазақстан Республикасының заңы (1997 ж. 11 шілде, №151) бойынша:

«Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі». Әңгімені нақты жүргізейік:

1) мемлекеттік тілдің ахуалын білу үшін, алдымен заңдағы «Мемлекеттің бүкіл аумағында»;

2) заңдағы «Қоғамдық қатынастардың барлық саласында» қолданылуы қалай? Әңгіме, міне, осында.

Ашығын айту керек, орыстілді қазақтардың бастауымен әкімшілік органдары мемлекеттік тілдің тамырына балта шауып отыр.

Тіл заңында: «Қазақстан халқын топтастырудың маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» (4-бап).

Мемлекеттік тілді білу - Қазақстандық патриотизмнің құрамдас бөлігі (Тіл саясаты жөніндегі тұжырымдама).

Заң күшін пайдалану - тіл дамытудың әлемдік үлгісі. Бірақ Қазақстанда Тіл заңы өз дәрежесінде жүзеге асар емес. Оның өзі, әрине, себепсіз емес. Соның бір себебі - ұзақ уақыт тоталитаризм қоғамы торында болған қазақтың өз құқын айқындау орнына сары ауыз балапандай мемлекетке қарай аузын ашқан күйі (патерналистік қатынаста) қалып қоюы.

Әдетте, тіл біткен бұл жалғанда екі түрлі жолмен дамиды: бірі - өз бетімен дамуы да, екіншісі - саналы түрде, адам реттеуі арқылы дамуы. Бұл үшін мемлекет тіл саясатын белгілейді. Соның бір көрінісі - Конституцияның тіл жөніндегі қағидалары.

Конституция, сондай-ақ заң мен құқық, өзінен-өзі пайда болмаған. Заңды адам туғызған және тіл арқылы ғана өркениеттің ғажайып құбылысына айналдырған. Тіл мен құқық екі жақты байланыста: бірі - құқықтың тілге тәуелділігі, тілсіз құқық бұл жалғанда болмақ емес; екіншісі - тілдің құруына да, адамның күллі қарым-қатынасының аса бір қуатты құралына айналуына да құқықтың қолма-қол көмегі болады.

I. Құқықты құқық ететін - тіл. Мемлекет тіл мәселесін түбегейлі шешуді қоғамға жүктеуі немесе өзі әкімшілік, құқықтық тұрғыдан жүзеге асыруы да мүмкін.

Тіл мен құқық - адамзат мәдениетінің ұлы құндылықтары, адам болмысы үшін екеуі де мәңгі іргелі мәселе. Тіл адамды тіршілік иесі ретінде сипаттаса, құқық болса, ол қоғамдық қатынасқа түсушілердің бәрінің тең еркіндігін қамтамасыз ететін бірынғай әділетті тәртіпті қорғау және бекіту, құқықтың қоғамды басқарудың саналы құралы ретіндегі күллі көрінісі тілдік түрде өмір сүреді. Заңдық ұйғарымдар мемлекеттік органдар басқан ресми жазба мәтіндерде белгіленгеннен кейін ғана нормативтік құқықтық реттеуіш сапасына ие болады. Құқықтық реттеуші идеялар да тіл арқылы білінеді, олар сөз арқылы белгіленгенде ғана қабылданылуы мүмкін. Сондай-ақ заңдық тұрғыдан алғанда, мәнді, әлеуметтік байланысты үйлестіру және әр түрлі құқықтық қатынасқа түсушілер мүдделерінің қиысуы үшін де сөз керек /2/.

Заңгердің өзіне тән кәсіби тілі қалыптасқан. Мысалы, орыс заңгерінің кәсіби тілі бойынша зерттеулер мен оқу құралдары жариялану үстінде /2, 3, 4, 5/.

II. Тіл тағдырын реттеуші құқықтық тұғыр - заң мен құқық. Тіл заңы қандай болса - оның құқықтық тұғыры сол. Қазіргі жағдайда кәсіби заңгерлер қауымдастығы қоғамды рухани басқару мүмкіндігі іс жүзінде шектелмеген символдық элитаға жатады. Құқық қорғау жөніндегі көпшілік алдындағы қызметі барысында заңгерлер әр түрлі назар аударатын жағдайларда үнемі ауызша және жазбаша сөзді пайдаланады. Сол арқылы қоғамдық және жеке құқықтық сана пайда болу мүмкіндігі ғана емес, күллі дүниетаным қалыптасады, білім, көзқарас, сенім мен құндылық жүйесіне ықпал ете алады.

Кәсіби тұрғыдан қажетті тілдік дағдының әлсіз дамуы, абстрактылы ойлай алмау және ойды тиісті дәрежеде, әлі жеткізе алмау адамдардың құқығы мен заңды мүддесіне нұқсан келтіруі мүмкін. Ендеше, юрисдикцияның кез келген саласындағы мұндай жағдай жеке адамның тағдырына ғана емес, күллі қоғамның құқықтық мәдениетіне теріс әсер етеді /2/.

Қатынас (коммуникация) теориясының нысаны мәдениетаралық қатынасымының (коммуникацияның) тілдік қырының халықаралық келелі кеңеске арқау болуы - кеңестік үйретінді менталитет емес, Қазақстан мен Ресей халықтары мүддесіне, қазіргі әлемдік үрдіске де сайма-сай келеді. Олай дейтін себебіміз сол - ғасырлар ауысымы тұсында «Адам» деп аталатын құндылық өзекті болып табылды. Біріккен Ұлттар Ұйымы ХХІ ғасырдың алғашқы жылдары әлем мәдениетіне назар аударуда. Қазақстан болса, мәдени қор құру арқылы әлемдік үрдіске үн қосуда.

Жұмыр басты пенде болған соң, ол тілсіз болмақ емес, тілі болғандықтан да адам - мәдениеттің басты тұлғасы. Адамды ұлығлау деген - мәдениетті, адам тілін дамытудың басты шарты. Тілден тыс, сөйлесімсіз мәдениет атаулы болған емес. Ендеше, тіл мен мәдениет өзара - тығыз байланысты.

Адам болып дүниеге келген соң, ол жеке адамнан (индивидтен) тұлғаға (личность) айналуы шарт. Ал тұлға нақты бір этникалық қауымдастық (ұлт) құрамына енуі тиіс, өзін өзі анықтау барысында ол өзінің мемлекеттің құрады. Ал мемлекеттің қоғамдағы тіл мәселесін шешуі - орындалмай қоймайтын қажеттілік.

Ендеше, Қазақстан мемлекетінің тіл мәселесін шешуі - өтелмей қоймайтын ұлттық, ұлтаралық сұраныс.

Сұранысты өтеу үшін алдымен Қазақстан мемлекетінің өмірінде тілдің атқарар қызметі қандай? деген заңды сұраққа жауап беру қажет. Бұған тек қана «өсу үстінде» деп жауап бермек керек. Сұраныс қоғамның әлеуметтік ұйымдарының күрделенуі, оқудың күрделенуі, БАҚ-тың дамуы, әр адамның тұлғалық ерекшелігінің тереңдей түсуі ретінде көрініс беруде. Осылардың негізінде әр адамның «тілдік өмірінің», дәлірек айтсақ, тілдік өмір сүруінің ұзаруы - сөйлеу, тыңдау, оқу, жазу, ойлау уақытының өсуі байқалады.

Әлемдік деңгейге көз тастасақ, бұл ретте де адам өміріндегі тілдің атқарар қызметіне деген сұраныс өсіп, әлеумет (социум) қатынасымының тілдік қырының үйлестіру мүмкіндігі артуда /6/.

Әлемдік деңгейге көз тастасақ, бұл ретте де ана тілін дамуының ата салтын қалпына келтіріп, оны мемлекеттік тілге деген өмірлік қажеттілік тудырумен ұштастыру керек. Мемлекеттік тілге деген өмірде орын алып отырған бар қажеттілікті өтеу керек. Өтеудің бірден-бір шарты сол - оны орыс тілінде өтеуді доғарып, қажеттілік етіліп отырырған тілдің өзінде өтеу міндеттелмек керек.

Шынын айту керек, қазақ тілі Кеңес дәуірінде белгілі дәрежеде қоғамдық қызметін дамытты. Бірақ кейбір өмір салаларында оның қызметін орыс тілі атқарып, шектеуге түскені де анық. Қазақ тілі - қолданыста жасанды түрде шектелгенмен, тоталитаризмге қарсы тұра білді, жалпы алғанда, әлеуметтік лингвистикалық құнсыздануға ұшырамаған тіл. Бұл күндері оның болашағы бұлыңғыр емес, жоспарлы дамудың құқықтық жолына түсті, мемлекеттік мәртебесінің жүзеге асуына толық негіз бар.

Алдымен айту керек, Мемлекеттік мәртебелі қазақ тілінің дамуына негіз болатын жағдайлар санатында еліміздің экономикалық хал-ахуалын тұрақты жақсарту үрдісінің орын алуы, халық санын 2015 жылға қарай 20 миллионға жеткізу көзделуі. Өзіргі аяқ алысымыз оң бағыт алуда. Статистика агенттігінің мәліметіне қарағанда, еліміздің халқы дәл қазір 15 миллион адамды құрайды. Алайда қазақ тіліне демография аспанынан құймақ жаумайды, сол миллиондардың тілі қай тіл болатынын алдын ала ойластыру шарт. Өйткені қандай да тіл болмасын, ол ата-анадан балаға шаштың түсі, бет әлпеті сияқты тұқым қуаламайды. Бірақ оның ұрпақтан-ұрпаққа ұласуы шарт. Алайда белгілі бір кезде ұрпақтарға ұласпауы да ғажап емес. Демек, әңгіме алдымен тілдің атқарар қызметі жөнінде болмақ керек. Қазақ тілі бүгінгі қазақы баланың ана тілі болмаса, ертеңгі студенттің тілі бола алмайды. Ана тіліне «баланы бастан» десек, қазақ тілі үшін керегі: қазақы жанұяда бала тууға жағдай жасау, жас анаға материалдық көмек көрсету, оралманға тіл игеруге жағдай жасау, қазақ қоғамын «тастанды бала» деген ұғымнан аластату, шет елге бала сатуға тыйым салу, баланы бесіктен белі шықпастан тілге баулитын ежелгі дәстүрді жандандыру, т.с.с.

Қазақ тілі маманның тілі болу үшін мынаны ескеру керек: тіл - әлеуметтік қызметімен тіл. Бір тіл атқарар қызметтер арасында да, тіларалық қатынаста да өзіндік бәсекелестік бой көрсетуде. Сондықтан да көпұлтты қоғамда тілге белгілі дәрежеде бақылау қоймақ керек. Бақылау түбі бір тілдің қоғамдық өмірдің күллі саласында атқарар қоғамдық қызметін реттеу, әр тілдің көпұлтты қоғамда қолданылу үрдісін белгілеу болмақ.

Тіларалық қатынасқа (тілге) қойылар бақылау мен бәсекелестікті реттеу деңгейі әлеуметтің біліктілік дәрежесін танытады. Тілді дамытуды ұйымдастыру ел-елде әдетке айналған.

Тілдік өмірді басқаруға болатыны даусыз. Сондықтан әлемдік әлеуметтік лингвистикада тіл саясаты - ерекше мәселе. Ал тіл саясаты деген - мемлекеттің

аумағындағы тілдерді дамыту немесе тұқыртуға байланысты белгіленген ұстанымдары мен басшылыққа алған басым бағыттар жүйесі.

Тіл саясаты - бұл қоғамның тілдік үдеріске ұйымдасқан түрде араласуы және ол - заңды, объективті құбылыс.

Тіл саясаты деген, шын мәнінде, мемлекеттің тіл саласында орнатқан саяси өмірі. Тіл саясаты - тілді қолданушылар мен мемлекеттік биліктің өзара байланысының жемісі. Мемлекеттің тіл саясаты заңмен бекітіледі.

Тіл заңын жүзеге асыру үдерісінде адамда үш мүдде - кәсіби, саяси, тілдік мүдде тоқайласады. Біздің елде кез келген кәсіп иесі ана тілінің қамын ойлайды. Ана тілінің қамын жеген адам атаулы саясаттан тыс бола алмайды.

Қазақстанның тіл саясатын алайық. Ол игіліктілігімен сипатталады және оның Конституциялық тұжырымдамалық негізі төрт бағытта дамуда: мемлекеттік тілдің қолданылуы, орыс тілінің қолданылуы, жергілікті жұртшылық тілдерін қолдану, шет ел тілдерін үйрену.

Бағыттардың ішіндегі басыңқы бағыт - мемлекеттік тілдің қоғамдық қызметін дамыту. Сондықтан да Мемлекеттік тіл мәселесі төңірегінде пікір алысу - өзекті мәселе. Алдымен айтпақ керек, мемлекеттік мәртебедегі қазақ тілі - өне бойында жетілу белгісі бар, болашағы зор, өскелең тіл. Мұндай тілдің, Ноам Хомскийдің сөзімен айтқанда, ең маңызды сапасы сол - шексіз ойды бейнелей алатындығы, сондай-ақ шексіз жаңа жағдаяттарға сезімтал құрал екендігі /7/. Қазақ тілі - бай, әлемдегі қазақ көрген құбылысты да, көрмеген құбылысты да білдіре алады, абстрактылы ойдың күллі түрін бейнелей алатын тіл.

Мемлекеттік тілді білу, білдіру - Консипуциялық арнаулы баптың (93-бап) талаптары. Талап орындалмақ керек. Сонымен қатар Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру мемлекеттік тілді білумен тікелей байланысты.

Президент пен мәжіліс, сенат төрағаларының мемлекеттік тілді еркін білуін талап ететін конституциялық қағида халқымыздың қалаулысы атанған депутаттардың мемлекеттік тілді білуді қажетсінбеуі - мемлекеттік тілді мойындамау болса керек.

Көптілді Қазақстан қоғамына керегі әлеуметтік лингвистикалық білікті басқару. Бұл үшін қазіргідей Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіне қарайтын Тіл комитеті емес, Президентке немесе Үкіметке тікелей бағынатын, министрлік деңгейіндегі ғалымдардан тұратын Тіл комитетін құру керек. Бұдан басқа жолдың бәрі өзін ақтамады. Атқарушы орган ретінде ол күллі тіл мәселесін, әсіресе мемлекеттік тіл мәселесін, қолма-қол шешер еді, мемлекеттік тілді жолын тауып мойындатар еді.

Комитет тіл құрылысына тікелей басшылық ете отырып, мемлекеттік тілдің мемлекеттің күллі аумағында, барлық саласында еркін де кеңінен қолданылуын қамтамасыз етіп, қолданыста төл ерекшелігі мен әдеби нормасын сақтап, шет ел тілі элементтеріне бой алдырмауына мұрыңдық болар еді.

Тіл комитеті әлемдік тіл заңын қолдану тәжірибесін зерттесе, тіл заңын қалай болса солай жасау қате екенін, оны әлеуметтік лингвистикалық, психолінгвистикалық, когнитивтік лингвистикалық тұрғыдан жан-жақты сараптау қажеттігін бірден түсінер еді. Сараптау барысында комитет мынаны байқар еді:

- қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін жүзеге асыру әлеуметтік қажеттілік. Қажеттілікті өтеу үшін мәселеге күдікпен емес, үмітпен қарау керектігіне, нақты шаралар белгілеу қажеттігіне көз жеткізер еді;
- тіл саясатының жүзеге асуы үшін декларация керек емес, құр сөзді қойып, биліктің әкімшілік әдісті қолданудан басқа жол жоқ екенін анықтай түсер еді.

Әкімшілік әдіс тілдің жұмсалыуында ғана емес, ішкі құрылысын жақсарту барысында да қолданылуы тиіс. Мысалы, мемлекеттік тілді қолданыста шектеу мен орынсыз қолданылған шет ел тілі элементінен сақтау үшін әркім бір айтқан сынның берері мүлде аз.

Бұрын, кеңес дәуірінде, қазақ тіліне, негізінен, орыс тілі әсер еткен болса, қазіргі кезде ықпалды тілдер қатарына ағылшын тілі де қосылды. Қазақ тілі халінің мүшкіл болуының басты себебі оның екі халықаралық тіл қыспағында қалғаны. Мұндай жағдайда шет елдерде екі бағытта шара қолданылады: Мысалы, бірі - шет ел тілі элементтерінің көптеп енуіне (құйылып кетуіне) әкімшілік жолмен тыйым салу (мысалы, генерал де Голь англицизмдердің француз тілінде көптеп енуіне әкімшілік жолмен тыйым салды. Қазір Францияда баламасы бола тұрып ағылшын сөзін қолданған француз, заң бойынша, айыпалады). Екінші бағыт - халық арасында шамадан тыс шеттен сөз алудың тіл үшін зияндылығын түсіндіру жұмысын жүргізу, бұл істе тіл мамандары мен ақын-жазушыларды, журналистерді кең қамту. Қазақстанда әкімшілік пен кірме сөздер бейбіт қатар өмір сүруде. Ескі сөзді жаңғыртып қолданбай, орынсыз тықпалаушылар, қисынсыз жаңа сөз жасаушылықпен (айналысушылар көбеюде, олардың пайда, зиянын сарапқа салу керек. Бұл аталған істер орайында жазушылар тыныштық сақтауда, анда-анда тілшілер мен журналистер дауысы ғана естіледі. Шетелдік тіл тәжірибесінен үлгі аларлық реттер баршылық.

Ашығын айту керек, кейбір билік адамдары Қазақстанның тіл саясатын жалпылама, декларация түрінде түзуге мәжбүр етті. Сол себепті тіл саясатын бейнелейтін құжаттардың мәтінінде саясатты жүзеге асыратын тетіктер көрсетілмеген. Біздің ұсынысымыз мынау: Конституциямыздың тіл туралы баптарының мәтінін қайта қарау қажет, соның негізінде Қазақстанның тілі туралы арнайы заңның қабылдануы. Бұл үшін ақылы Уақытша еңбек ұжымын құру керек және оның міндеті нақтылануы тиіс. Кезек күттірмейтін нәрсе үшеу.

Б і р і н ш і д е н, заңдағы мемлекеттік мәртебелі тілді мәртебесіз тілмен теңгеруді заң мәтініндегі заңсыздық ретінде алып тастамай, мемлекеттік тілдің күні қараң болып қала береді. Бұған біз - кепіл. Е к і н ш і д е н, мемлекеттік тіл қолданылатын өмір саласының санын, шамамен болса да, анықтау керек. Өйткені күні бүгінге дейін мемлекеттік тіл өмірдің он саласында қолданылады деген жаңсақ пікір кездесіп қала береді. Ү ш і н ш і д е н, мемлекеттік тілдің күллі өмір саласындағы атқарып келе жатқан және атқарар көлемін анықтамақ керек. Егер заң мәтіні қайта қаралмаса, онда әрбір өмір саласындағы мекемелер тиісті заң актілерін қабылдауын міндеттеу керек. Бұл ретте Әділет министрлігінің тілдік заң актілері кез келген мекемеге үлгі болар еді.

Әлбетте, Қазақстан конституциясы - еліміздің саяси актісінің негізі. Басқа заң актілері соған сәйкес жасалуы шарт. Ал бұл күллі заңнама жүйесінің бірлігін тіл заңының жалпыға ортақтығын қамтамасыз етеді. Қазақстанның тіл саясатының тәуелсіздік көрпесі көлемінде көсілер кезі келді.

Әлеуметтанушылар тіл қолданылатын өмір салалары мен ішкі салалық тарамдарының көптігі сонша - санап шығу мүмкін емес деп есептейді. Бірақ біз қазақ тілінің жүзден аса өмір саласы мен сала тармақтарында азды-көпті қолданылатынын жаздық /8/.

Ашығын айту керек, «Тілдердің табиғи түрде дамуына қажетті 50 шақты функциясынан қазақ тілі қазіргі кезде тек оншақтысын ғана атқарады екен», сондай-ақ қазақтың 40 пайызы ана тілін білмейді не нашар біледі деген сөзді қоятын кез жетті деп ойлаймыз. Қазақ тілінің қоғамдық қызметінің көлемін анықтау үшін әлеуметтік лингвистикалық, психолінгвистикалық біліктілік керек.

Қазақ тілінің қызметін өмірдің күллі саласы бойынша әр аймақта саралап, қазақ тілінің мәртебесін даралау керек.

Аймақ сөзінің мағынасы - өлке, өңір. Ғылыми тұрғыдан алғанда, аймақ - елдің табиғи және тарихи қалыптасқан экономикалық, әлеуметтік, мәдени ерекшелік жиынтығымен дараланатын бөлігі немесе бөліктері.

Әлеуметтік лингвистика тұрғысынан алғанда, тілдік аймақ (аймақ тілдері) деген - тілдік жағдаяты (ситуация), жалпы алғанда, ұқсас болып келген, елдің жақын орналасқан әкімшілік-аумақтық құрылыстағы буындарға (облыс, аудан, ауылдық, селолық, округ) қоғамдық қызмет атқаратын тілдер тобы орналасқан аумақ. Тілдік аймақ - тілдер қолданысынан туындайтын іштей тілдік ахуал ортақтығына негізделген, мөлшері жағынан ауқымды кеңістік.

Қазақстан Конституция бойынша, «Республика егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды» /9, 2-бап, 2-тармақ/. Олай болса, тілдік егемендік Қазақстанның күллі аймағында басшылыққа алынуы тиіс. Кез келген аймақта мемлекеттік тіл өзінің төл қызметін атқаруы шарт.

Тіл саясатының жүзеге аспауының тағы бір себебі онда аймақтық тілдік жағдаяттар арасындағы айырмашылықтар ескерілмеген. Әлбетте, тілдік жағдаяты күрделі солтүстік аймақ пен тілдік жағдаяты әлдеқайда жеңіл болып келетін батыс, оңтүстік аймақтарға Қазақстанның тіл саясаты ортақ, бірақ сол саясатты жасаудың өзінде күллі аймақтың тілдік жағдаяты ескерілуі шарт. Қазіргі кезде социолінгвистикалық, психолінгвистикалық зерттеу жүргізіп, ортақ тіл саясаты негізінде сол жергілікті тілдік жағдаят ерекшелігін ескере отырып, қосымша заң актілері қабылданғаны абзал.

Өмірдің кейбір бірді-екілі саласы бойынша мемлекеттік тілдің өзекті мәселелерінен туындаған ойларымызды ортаға салып, пікір алысқан абзал болар.

1. Отбасы, тұрмыс саласы. Адам болған соң, оның жанұясы (отбасы) болмақ керек. Ал әлемдік саясат атаулы, жанұя саясатынан басталады. Демек, тіл саясаты жанұяның тіл саясатынан бастау алмақ керек. Олай болса, тіл саясаты баладан басталады. Қадыр ақын дұрыс айтады:

Елдің көркі тіл десек,
Тілдің көркі сәби ме деп қаласың.
Бала тілі бола алмаса ана тіл,
Ана тілі бола алмайды ешқашан /10/.

(Қазақстанның жанұялық тіл саясатын жасау керек. Оның құрамы мыналарды қамтуы тиіс:

- ата-ана өздерінің тілін білуі міндет, балаларын үй ішіндегі еркін қарым-қатынастан бастап өз тілін шығармашылықпен айналыса алатындай дәрежеде білетіндей етіп лингвистикалық тәрбие беруге міндеттеу;
- балалардың шет ел тілін, үштілділікті ұйымдасқан түрде оқытуды 13 жастан кейін, ана тілін толық меңгергеннен соң бастау;
- қазақ жанұясында қазақы жанұялық тіл саясатын қайта түлетпесе болмайды. Әже мен немере, ата-ана мен бала арасындағы, әке, шеше арасындағы ана тілін білмеуден туындайтын тілдік қайшылықты (әже тілін немеренің білмеуі, арада ата-ананың тілмаштық қызмет атқаруы, ата-ана тілін баласының түсінбеуі, ата-ананың төл тілін білмеуі) жоюдың нақыы шараларын белгілеу т.б.

2. Заң саласы. Бұл сала бойынша алда тұрған міндеттер:

- 1) Қазақстанның орыс тілін қазақ тілімен теңгеріп саясаты уақыт сынынан өте алмады. Қазақтың орыстілді, қазақтілді болып екіге жарылу үрдісін тоқтату үшін теңгермешіліктен құтылу;

- 2) Қазақ тілінде бұрыннан қалыптасқан сөздерді заңдандырып бұрмалауды (мысалы, «хақым бар», «хақың жоқ» деудің орнына «кұқығым бар», «кұқығың жоқ» деген сияқтыны) тоқтату, тіл бұзарлықтан арылу;

3. Ғылым, білім саласы

Мемлекеттік тіл ғылым саласының көптеген тарауларында өз дәрежесінде қолданылмайды. Бұл - бір; Екіншіден, тілді дамытуды зерттеу ойдағыдай емес. Тілді дамыту үшін оны толық меңгеру шарт. Құдайберген Жұбановтың пайымдауынша, тіл тарихын білу - жалаң мақсат емес, тілді меңгеру мен өзгерту үшін керек. «Тілдің тарихын білу деген сөз - оның еніп-өскен жолын білу деген. Әлбетте, тіліміздің сонау ұзақ жолда қандай өзгерістерге ұшырағанын білу керек. Бұрынғыны білу жай, әшейін мақсат емес, тілді меңгерудің амалы» /11/, - дейді ғалым. Құдекеңнің ойынша: «Біз тілді меңгерсек қана оны дұрыс бағыпта өзгерте аламыз» /11/.

Қазіргі қазақ тілін, әсіресе оның корпусын, яғни ішкі құрылысын (мысалы, термин қоры мен жүйесін), тиісті дәрежеде дамыта алмай келе жатқанымыздың бір белгісі - оны, әлеуметтік қажеттілікке сай, толық меңгере алмағанымыз. Қазақ тілі жүйесін ғылыми тұрғыда толық меңгере алмауымыз мектеп пен жоғары оқу орындарының қазақ тілін оқыту ісін жетілдіруді қажет ететінін аңдатады. Бұл үшін тілді білу шарт. Алайда Қазақстанда қазақ тілі мамандарының әлеуметтік лингвистика мен психолінгвистика, әдіснама мен әдістемеден біліктілігін арттыратын бірде бір орталық жоқ. Осы бір олқылықтың орнын толтыру мақсатында білім және ғылым министрлігі құрамында (не жанынан) әлемдегі қазақ тілі мамандары үшін «Мемлекеттік тілді дамыту тетіктері мен оқыту ғылыми-зерттеу орталығын» (қысқаша «Мемлекеттік тіл орталығы») ашпақ керек.

Мемлекеттік тіл орталығының мақсаты кең: мемлекеттік тілді дамытудың әдіснамалық негізін қалау; білім беру жүйесіндегі қазақ тілінің әлеуметтік қызметін талдай отырып, салаға ақпараттандыру технологиясын енгізу; мемлекеттік тілді оқытып, үйретудің тиімді жолдарын қарастыра отырып, оқытып-үйрету әдістемесін жетілдіру, озық тәжірибелерді тарату; қазақ тілі маманының кәсіби-әдістемелік даярлығын жоғары сапаға көтеруге атсалысу, қолма-қол көмек беру; т.с.с.

Мемлекеттік тіл орталығына Қыздар институтының Тіл теориясы мен оқыту әдістемесі және Қазақстан тілдері кафедрасының социолінгвисті мен психолінгвисті, әдіскерлерін және өзге оқу орындарындағы, шет елдердегі тандаулы мамандарды тартса, оның халықаралық деңгейге көтерілу мүмкіндігі молайар еді.

Министрлік қаражатының негізінде іргесін көтергеннен кейін Мемлекеттік орталық болашақта арнайы курстар мен дәрістер оқу арқылы, конференция, көрмелер ұйымдастыра отырып, одан түскен қаржы негізінде өзін-өзі қаржыландырып, материалдық-техникалық база жинақтау жүйесіне көше алады.

Білім тұжырымдамасында мемлекеттік тілге дұрыс көңіл бөлінбеген.

Қысқасы, қазақ тілінің тауы шағылып, тауаны қайтпауының бір шарты оны оқытуды оңтайлау. Бұл ретте баланы тым жас кезден шет ел тіліне оқыту дұрыс еместігі психолінгвистикада дәлелденілген. Елімізде ғаламдандыру тілі балып танылған ағылшын тіліне оқыту дұрыс ұйымдастырылмайтын түрі байқалады. Бір сөзбен айтқанда, білім саласында шет ел тілін оқыту саясаты жасалуы керек және ол жан-жақты ойластырылып жасалуы тиіс.

Мемлекеттік тілді дамытудың басты кепілі - билікті басқару. Әлемдік игілікті іс біткеннің күллісі әлеуметтік үш алыпқа сүйене отырып жүргізіледі. Даму теориясының үш негізгі ұғымының бірі - басқару, екіншісі - ұйымдастыру, үшіншісі - ақпарат.

Басқару деген не? Басқару деген - даму тетігін табу, қоғамдық қатынастарды үйлестіру, сол үшін шешім қабылдау, қоғамдық қатынасқа түскен адамдарға ықпал ету. Ал бұл ықпал әкімшілік, құқықтық т.б. тұрғыдан жүргізілуі мүмкін. Басқару алдымен әлеуметтік лингвистикаға (социоллингвистикаға), психоллингвистика мен саясаттануға арқа сүйеуі тиіс. Ол үшін еліміз социоллингвист, психоллингвист мамандарын дайындауы керек.

Басқару моделі, мысалы, Қазақстанның тілдік даму стратегиясын жасау ісінен бастау алуы тиіс және ол ғылыми негізделуі қажет. Басқару моделі тілдік даму стратегиясын түзу ісіне белсенді араласып, бұл сипатты дамудың күре тамыры тіл саясаты екенін басшылыққа алуы тиіс, олай болса, мемлекеттің тіл саясаты қазіргідей көмескілей түсуіне жол бергізбеуі керек.

Қазақ тілінің жұмысы өрге баспауының басты себебі - тіл мамандарының тіл саясатымен айналыспауы. Алдымен айқайладық, содан «айқайымнан ойбайым» дегенге салдық. Асылы, тіл саясатын меңгерсек, өркениетті күреске шықсақ, сонда ғана мемлекеттік тілдің мерейі үстем болар еді.

Хош, мемлекеттік тіл деген не? «Қазақстан Республикасы Конституциясының түсіндірме сөздігінде» (Алматы, 1996) былай түсіндіріледі: «Мемлекеттік тіл - тұрғылықты халықтың және Қазақстан Республикасы азаматтарының басым көпшілігінің тілі» (67-бап). Сонда мемлекеттік тіл дегеніміз бар болғаны көпшіліктің тілі болмақ, қала берді, тұрғылықты халықтың тілі екен. Болса-болсын, тіпті байырғы халықтың-ақ тілі болсын. Мұндай мемлекеттік тілдің өзге тілден не айырмасы бар?

Мемлекеттік тілдің айырмасы сол - ол Қазақстанның бүкіл аумағында күллі халқының қоғамдық өмірі саласында міндетті түрде қолданылатын, оның әлеуметтік-коммуникативтік жүйесінде ресми тұрғыда мемлекеттік мәртебе алған тіл. Міне, Тіл заңында «негізгі ұғымдар» санатында осындай анықтама берілуі тиіс.

Тілдерді пайдалануды, әсіресе ресми қолдануды, құқықтық тұрғыдан қамтамасыз ету - әлемдік стандарт және ол тіл теориясы, яғни әлеуметтік лингвистика мен психоллингвистика, құзырындағы мәселе ретінде түбірлі шешімін табуы тиіс.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін өз дәрежесінде жүзеге асыру үшін тіл дамытудың басым бағыты - тіларалық бәсекелестікті реттеу шарт. Сол үшін де Президентке немесе Министрлер кабинеті төрағасына тікелей бағынатын және солардың бірінің атынан тіл құрылысы тізгінін ұстайтын, тіл мәселесіне келгенде күллі министрлік пен комитеттердің, бірлестіктердің үстінен қарайтын Тіл Комитетін құру қажет.

Қазақ тілін тәлкекке салуды қысқартып, жедел дамытамыз десек, Тіл комитетіне социоллингвистикалық, психоллингвистикалық білікті көмек бермек керек.

Социоллингвистика мен психоллингвистика алдымен Қазақстанның тіл құрылысы тізгінін ұстағандар үшін қажет. Бұл екі ғылым күллі оқу орнының кестесінен орын алуы тиіс. Керек болса, оларды оқыту мәселесінде ҚызПИ көмекке келеріне мен кепіл.

Социоллингвистикалық, психоллингвистикалық біліктілік Елбасы тапсырыстарын орындау үшін керек. Мысалы, Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Мемлекеттік тілде әлемдік ғылыми ойдың, мәдениет пен әдебиеттің үздік жетістіктері негізінде гуманитарлық білім берудің толымды қорын» /12/ жасауды талап еткені белгілі. Міне, осы тапсырысты орындау үшін мемлекеттік тілдің жоғары оқу орындарында мамандық игеру тілі қызметін өз дәрежесінде атқаруы шарт. Бұл үшін социоллингвистер мен билік бір-бірін тындауы тиіс, екеуінің арасында нақты қарым-қатынас орнату қажет, сол арқылы мемлекеттік тіл мен

орыс тілінің қоғамдық қызметін, қажеттілікке сай, реттеу керек. Осы бағытқа мынадай ұсыныстар жасаймыз:

1. Қазақ тілінің Қазақстанның мемлекеттік тілі ретінде қоғамдық қызметінің көлемін арттыру мақсатында, қайталап айтайын, бұрынғы заңды қазбалай бермей, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» деп аталатын жаңа заң қабылдамақ керек. Бұл заң бойынша мемлекеттік тіл өзге тілмен салыстырылмай, өзімен-өзі болар еді, сонда заң жүреді (тілдер жөнінде емес, «Мемлекеттік тіл туралы» заң қабылдауды бұрын да айтқанбыз);

2. Елбасы жанынан Мемлекеттік тіл кеңесін құру керек (кеңес мүшелері атағына емес, біліктілігіне қарап таңдалуы шарт);

3. 2007-2017 жылдарға арналған «Қазақ тілі» мемлекеттік бағдарламасын түзу қажет (бұл бағдарламаның социолінгвистикалық зерттеу негізінде жасалуы бірінші талап болуы тиіс).

Міне, осындай жағдайда ғана қазақ тілі Қазақстан мемлекеті дамуының құрамдас бөлігі ретінде қалыптасып, дамиды және дами бермек.

Ендеше, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзімен айтқанда: «Қазақ тілін дамыту дегеніміз - жалпы гуманитарлық тұрғыдағы қуатты қаруды шындау деген сөз, қоршаған ортаны парықтап-бағдарлаудың бір құрамын жетілдіру деген сөз» /13/. Бұл Қазақстанның тілдік егемендігінің бірден-бір талабы, уақыт уағызы.

Қорыта келгенде айтарымыз: көптілді Қазақстанда тілдік жағдаяттың бұдан былай күрделенбеуі үшін қазақ тілі мемлекеттік тіл екенін Конституциялық қағида деп міндетті түрде мойындау, орыс тілін Қазақстан қоғамының бір саласында - мемлекеттік қызмет саласында, қажет болған жағдайда, ресми түрде қолдануға болатын тіл ретінде қабылдау шарт. Өмірдің бір ғана саласында - мемлекеттік бақаруда ресми қолданылатын орыс тілін «ресми тіл» деп, мемлекеттік, қазақ тілімен «тең қолданылады» деу - заң жүзіндегі заңсыздық ретінде түсінбек керек. Сонда ғана Қазақстан Конституциясының тіл жөніндегі баптары әлемдік нормаға сай келмек, бұл жағдай оны мемлекеттің алансыз қолданылуына, халықтың еркін жүзеге асыруына кепілдік береді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні сол - мемлекеттік тілдің Қазақстанның біріктіруші факторына айналуы үшін Конституциямыздың қағидаларын қайта қарап, соның негізінде тіл заңнамасының жүзеге асатындай тетіктерін белгілеген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі» атты жаңа заң қабылдау керек, келесі осы заңға орай, өзге кезекте жергілікті тілдер жөнінде арнайы заң қабылдаса әбден дұрыс болар еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы негізгі заң актілері. Алматы: Юрист, 2003, 40 - бет.
2. Губаева Т.В. Язык и право... М: Норма, 2003.
3. Ивакина Н.Н. Профессиональная речь юриста. Уч.пособие. -М.: Бек, 1997.
4. Александров А. С. Юридическая техника - судебная лингвистика - грамматика права. // Проблемы юридической техники: Сб.статей. Н.Новгород, 2000.
5. Ивакина Н.Н. Русский язык российского права. // Российская юстиция. 2000. №7. 26-28.
6. Мечковская Н.Б. Социальная лингвистика. М., 1996. 187-бет
7. Хомский Н. Аспекты теории синтаксиса. 1972. 11 - бет.
8. Хасанұлы Б. Ана тілі - ата мұра. Алматы: Жазушы, 1992. 175-178- беттер.
9. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы: Жеті жарғы. 1995. 5-бет

10. Мырзалиев Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. 2-том. -Алматы: Жазушы, 1989.
11. Жұбанов Қ. Қазақтілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1999. 119-бет.
12. Назарбаев Н.Ә. Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары. Ақиқат. №5, 2003. 8-бет
13. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 1999. 59-бет.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Тіл туралы конституциялық заңды жүзеге асыру мен Тіл заңын жүзеге асыру ісін білікті басқару мәселесі қозғалған. Мемлекеттік тіл Қазақстанның біріктіруші факторына айналуы үшін Конституцияның қағидаларын қайта қарап, соның негізінде тіл заңнамасын жүзеге асыратын тетіктерін белгілеген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі» атты жаңа заң қабылдау керектігі, осы заңға орай, өзге кезекте жергілікті тілдер жөнінде арнайы заң қабылдау туралы ұсыныстар жасалады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается Закон о языках и проблемы, связанные с внедрением государственного языка, поднимаются вопросы о необходимости нового Закона о языках.